

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Р.Қ. ДЖИЕМБАЕВ, С.С. ТҮСПЕБЕКОВ**

**ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ТЕОРИЯСЫ:  
ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

*Оқу құралы*

**ҚАРАҒАНДЫ  
2017**

**УДК 340(075)**  
**ББК 67. О (5 Каз) я 73**  
**Д 37**

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы Ғылыми Кеңестің шешімімен жарияланды.

**Пікір берушілер:**

**М.Ш. Какимова** - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің құқық және мемлекет теориясы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент.

**А.Б. Айтуарова** - Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі.

**Р.Қ. Джиембаев, С.С. Түсіпбеков**

Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясы: Оқу құралы. - Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017. - 304

**ISBN 978-601-7881-23-8**

Аталмыш оқу құралы «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының докторанттарына, магистранттарына, курсанттарына және білім алушыларына оқу құралы ретінде ұсынылады.

Оқу құралы өзінің қысқа мазмұны бойынша жалпы теориялық әдебиеттердің барлығының орнын толтыра алмағанымен, жалпы теориялық мәселелермен танысуда өзінше бір жол көрсетушінің рөлін атқаруға, әрбір тақырып бойынша зерделеу жүргізу үшін мейлінше маңызды теориялық ережелермен, заң ғылымының ерекше тілімен, арнайы заң түсініктерімен таныстыруға бағытталған.

**УДК 340(075)**  
**ББК 67. О (5 Каз) я 73**  
**Д 37**

**ISBN 978-601-7881-23-8**

© Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017;

© Р.Қ. Джиембаев С.С. Түсіпбеков, 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>1. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі құқық. Құқықтың қайнар көздері және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері</b> .....	<b>6</b>
1.1. Құқық ұғымы және мәні.....	6
1.2. Құқық нормасы.....	22
1.3. Құқық нысандары .....	33
1.4. Құқық жүйесі және құрылымы.....	46
1.5. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты.....	56
1.6. Құқықтық қатынастар.....	64
1.7. Құқықты іске асыру.....	73
1.8. Құқық нормаларын талқылау .....	82
<b>2. Құқықтық сана. Құқық және жеке тұлға</b> .....	<b>86</b>
2.1. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм .....	86
2.2. Заңдылық, құқықтық тәртіп және тәртіп .....	96
2.3. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық .....	102
2.4. Заңды жауаптылық .....	107
2.5. Құқық және жеке тұлға .....	120
2.6. Құқықтық реттеу механизмі.....	129
<b>3. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы мәселеге көп жақты көзқарастар</b> .....	<b>130</b>
3.1. Мемлекеттің пайда болуы.....	130
3.2. Мемлекет пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы.....	137
3.3. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні.....	143
3.4. Мемлекет типологиясына негізгі көзқарастар.....	145
<b>4. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары</b> .....	<b>148</b>
4.1. Мемлекет нысаны .....	148
4.2. Мемлекет функциялары.....	164
4.3. Мемлекет (аппараты) механизмі.....	170
<b>5. Қоғамның саяси жүйесінің генезисі</b> .....	<b>178</b>
5.1. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.....	178
5.2. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.....	185
5.3. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы.....	196
<b>6. Құқықшығармашылық және заңды техника</b> .....	<b>202</b>
6.1. Құқықшығармашылық ұғымы, түрлері және негізгі қағидалары.....	202
6.2. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі.....	205
6.3. Заңды техника.....	208
6.4. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру.....	209
<b>Ұсынылған әдебиеттер тізімі</b> .....	<b>211</b>
Қосымша.....	214
Қазақстан Республикасының Конституциясы.....	214
Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңы.....	256

## КІРІСПЕ

Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясы — құқықтық жүйені және мемлекеттік құрылысты жетілдіруге тікелей ықпал ететін, құқық және мемлекет туралы ілімнің барлық салаларына арналған, әдістемелік маңызы бар іргелі ғылым. Онсыз заң ғылымының салаларын, сондай-ақ, басқарудың кәсіби пәндерін сәтті терең меңгеру мүмкін емес.

Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясының жалпы ғылымдағы мәнді теоритикалық ұғымдарын түсіну, оның негізгі міндеттері болып табылады. Оны зерделеуде бірқатар мақсаттарға қол жеткізу қажет: біріншіден, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы жалпы теориялық ілімдердің кешенін білу, екіншіден, мемлекет және құқықтың заңдылығын айқындайтын, негізгі санаттары туралы ұсыныстар алу, үшіншіден, алдағы тәжірибелік қызметтер үшін жалпы теориялық ілім мәнін анықтау. Әдетте, оның мемлекеттік-құқықтық даму заңдылығы мен қарқынын ашатын сипаты мынадай, нақты юридикалық ғылым мен пән өкілдері «өздерінің» зерттейтін құбылыстарының жаңа жағын және қырын байқауда немесе оны түсіндіруде және талдауда жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігі туындайды. Сонымен қоса, нақты юридикалық ғылымдар өз зерттеу қызметінде құқық және мемлекет теориясының мемлекеттік-құқықтық аясын қамтитын, соның ішінде мысалы:

- мемлекеттік ұйғарымның императивтілігі, олардың билік құрылымының мәжбүрлік күші арқылы нығайтылғандығы және шартсыз міндеттілік сипатының болуы;

- құқықтық актілер иерархиясының сақталу маңыздылығы, соның ішінде конституция ең жоғары күшіне ие сияқты ұғымдық және түсініктемелік аппараттарды кеңінен қолданады.

- мемлекетке тән және оған құқық бұзушылықпен күресуіне кең мүмкіндік беретін құқық қорғау қызметі нысанын бөліп қарастыруы.

Сол сияқты құқық және мемлекет теориясында құзырет, заңдық мәртебе, құқық субъектілік, азаматтылық, иммунитет, депортация, қылмыстылық және құқық бұзушылық, юридикалық (заң шығарушылық) техника, континуитет, легислатура және т.б. ұғымдар қазіргі таңда юриспруденцияның жалпы құндылығы болып табылады. Юриспруденцияда құқық және мемлекет теориясы интегративтік құрылымын құрады, яғни өзіне барлығын шоғырландыратын оның квинтэссенциясы деуге болады.

Жоғарыда айтылғандар, білім алушылардың Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясын оқып үйренуге деген нақты қатынасының маңыздылығының көпе көрнеу үлгісі. Бұл оларға жалпы юриспруденция үшін кейбір іргелі және түйінді сауалдарға зейін аудару мүмкіндігін береді, ондай білімдерге оларсыз көптеген салалық проблемаларды түсінуге жол бермейтін білімдер жатады. Осы ғылымның теориялық-әдістемелік тұғырымен және оның мазмұнымен

таныстығымыздың арқасында білім алушылар юридикалық пәндердің «күпияларын» белсенді және табысты игеру мүмкіндігі бар.

Отандық құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясы өзінің даму кезеңінде көптеген қиындықтарды басынан өткерді, қоғам тұғырын идеалдандырып және саясиландырып терең дағдарыстық күйге түсірген партиялық қағиданы жүктеді, енді соның ықпалынан шығуға тырысып жүрміз. Қазіргі қабылдап жатқан шаралар, әзірше оны толық сауықтыруға жеткіліксіз, оның дәлелі қазіргі қоғам деңгейі. Алдымызда кеңес дәуірінің мұрасынан толық құтылу және қоғамның мемлекеттік-құқықтық өмірінің қазіргі болмысымен сусындалған ережелерімен құқық және мемлекет теориясын байыту міндеті тұр. Бұл ғылыми зерттеу мазмұнымен, әдістері, әдістемесімен және өмірлік процесс нәтижелері және байлам түйіндерімен де жанасады. Құқық және мемлекет теориясын жаңарту мен сауықтыруда қолданып жатқан шараларға білім алушы қауымын кеңінен қатыстырған жөн, оларды жетістіктерге сыни тұрғыдан қарауға жетелеу және дағдарысты жылдам жою жолдарын табуға бағыттау керек. Білім алушылар қауымы ғылымның болашағы: біздің үмітіміз де, келешігіміз де олармен байланысты; олардың еңбегі тезірек дербес ғылыми жұмыс қатарын толтырса, солай олардың көзқарасы белгілі орынға ие болады. Құқықтық мемлекет қалыптастыру жағдайында білім алушылар жалпы және құқықтық мәдениеттің, жаңа заңгерлік ойлаудың, жоғары кәсібишіліктің, заңдылық пен әділеттілік сезімдердің қалыптасуына, дамуына және бекітуіне зор ықпал жасайды.

Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму тенденциясы бойынша бұл оқу құралы өзінің қысқа мазмұны бойынша жалпы теориялық әдебиеттердің барлығының орнын толтыра алмағанымен, жалпы теориялық мәселелермен танысуда өзінше бір жол көрсетушінің рөлін атқаруға, білім алушыларды әрбір тақырып бойынша мейлінше маңызды теориялық ережелермен, заң ғылымының ерекше тілімен, арнайы заң түсініктерімен таныстыруға бағытталған.

Оқу құралын дайындауда А.С. Венгеров, С.С. Алексеев, С.А. Комаров, В.В. Лазарев, Н.И. Матузов, А.В. Малько, А.С. Пиголкин, В.Н. Хропанюк және т.б. сияқты ірі мемлекеттанушы-ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Қараңыз: С.С. Алексеев Теория права. М., 1996; А.С. Венгеров Теория государства и права. М., 1995; Ч.2. М., 1996; С.А. Комаров Общая теория государства и права. Саранск. 1994; Общая теория государства и права / Под ред. В.В. Лазарева. М.. 1996; Марченко М.Н. Теория государства и права. М.. 1996; Теория государства и права / Под ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. М., 1997; Общая теория права / Под ред. А.С.Пиголкина. М.. 1995; Хропанюк В.Н. Теория государства и права. М.. 1993.

# 1. ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫН ТОПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## 1.1. Құқық ұғымы және мәні

Құқық - философиялық категория. Сондықтан, оның мазмұнын, өмірге келуін, дамуын түсінуде әртүрлі пікірлер бар. Бірақ, құқықтық нормаларды пайдалануда сол арқылы қарым-қатынастарды реттеуде, мүдде-мақсаттарды іске асыруда, орындауда адамдардың, бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінде, жұмысында ғажап бірлестік бар. Мұның себебі адамдардың, ұйымдардың іс-әрекетінің, жұмыстарының құқық арқылы басталуы, құқық арқылы дамуы, құқық арқылы орындалуы. Құқықтың мазмұнын түсінуде қоғам көлемінде нақты бірліктің болуы. Бұл бірлестіктің анықтылығы қоғамдық тәртіптің дұрыс қалыптасуы, қарым-қатынастардың жақсы реттеліп, орындалуы. Құқықтың күнделігі қоғамдық салада барлық құбылыстардың шешуші негізі болуында. Бұл ғылыми қорытынды пікірді барлық мемлекеттердің және адам қоғамының миллиондаған жылдар тарихы толық дәлелдеп отыр. Заң ғылымында "құқық" термині бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, "құқық" деген ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың) да құқықтық мүмкіндіктері болады. Бұл көрсетілген жағдайларда "құқық" түсінігі субъективтік мағынада қолданылады. Екіншіден, "құқық" деген - құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, олардың қалыптасуы, жүзеге асырылуы диалектикалық процесс арқылы жүріп жатады. Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік құқығы туралы Конституцияның 4-бабында былай делінген: "Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституциясының, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілері" болып табылады. Үшіншіден, "құқық" термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Мысалы, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы, қылмыстық құқық, отбасы құқығы т.б. Төртіншіден, "құқық" термині субъективтік құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады. Мысалы, құқық жүйелері мен құқықтық жүйе. Сонымен, "құқық" терминінің көптеген мәні бар, оны зерттеушілердің көзқарасы бір жерден шығып, бір текті болады деп айтуға болмайды. Негізінен, құқықты таптық және жалпы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру ғылымда кең орын алып келді. Марксистік ілім: құқықты, оған байланысты құбылыстарды тек таптық тұрғыдан ғана зерттейді. Ал өркениеттік тұрғыдағы ілім бойынша құқық қоғамдағы барлық адамдардың еркін білдіріп мүдделерін қорғайтын құрал болып саналады. Өйткені адам тарихында болған қоғамдардың бәрінде де таптық мүддеге қоса құқық жалпы қоғамдық мүдде-мақсатты да реттеп-басқарып отырады.

Қазіргі замандағы өркениетті мемлекеттерде құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын мойындау керек. Қазақстан мемлекетінде қалыптасып келе жатқан құқыққа да осындай жалпы әлеуметтік тұрғыдан қарау шындыққа сай келеді десек қателеспейміз. Сонымен құқық мемлекетпен бірге пайда болды, онымен үнемі тығыз байланыста болып, оның қызметінің жемісі болып табылды. Мемлекет пайда болғаннан кейін қоғамға бұрын белгісіз жаңа ережелер шыға бастады.

Алғашқы қауымдық құрылыста адамдар арасындағы қарым-қатынасты әдет-ғұрып реттестірді. Әдет-ғұрып — сан мәрте қайталану нәтижесінде әдетке айналған, адамдар арасындағы тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі. Халыққа кеңінен таралған, негізгі қоғамдық қатынастарды реттеуші әдет-ғұрыптар: барлық адамдардың теңдігі (рулық қоғамдағы теңсіздік адамдар арасындағы өзара қатынас нысаны ретінде танылмады), рудың, тайпаның берік мызғымастығын қорғаған, қанды кек, еңбек өнімдерін ұжыммен теңдей бөліп алу, жерге, еңбек құралдарына қоғамдық меншік. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін әдет-ғұрыпта құқық және міндеттілік ұғымдар болған жоқ, оның орнына парыз, борыш, яғни, қоғамдық талап ретінде ұжымның әрбір мүшесі жеке міндеті деп саналды. Жеке және қоғамдық әдет-ғұрып — бірыңғай бүтін болып табылды. Алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдар әдет-ғұрып нормаларын бұзу құдайдың қаһарына ұшырау деп болжам жасады.

Мемлекетпен рұқсат етілген әдет-ғұрып қарапайым құқықтың қалыптасуына негіз болды. Мемлекетпен рұқсат етілген — әдет-ғұрыпқа заңды күш берді, жазбаша және міндетті сипат әкелді. Әдет-ғұрып ертеде өмір сүрген қоғамның барлық құқықтарын көрсетсе, әдет-ғұрып құқығы оны мемлекеттің жазбаша заңдарымен ығыстырды.

Құқық — қоғамнан емес, мемлекеттен шыққан мінез-құлық ережесі, яғни, ол қоғамның барлық мүддесін қорғамайды, тек, адамдардың әлеуметтік теңсіздігін бекітетін, жазбаша нұсқау. Яки, құқық мемлекетпен бірге пайда болады және әдет-ғұрыптан, рулық қауымның әлеуметтік нормаларынан айқын ерекшеленеді.

**Құқық** — бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі.

**Құқықтың белгілері:**

- еріктілік сипаты – халықтың белгілі бір тобының немесе қоғамдағы көпшіліктің еркі мен мүдделерін білдіреді.

- жалпыға міндеттілігі – құқық мемлекет аумағында тұратын барлық тұрғындарға таралады.

- нормативтілігі – заңдық нормалардың – жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығын білдіреді.

- мемлекетпен байланысы – мемлекеттен туындайды және кез-келген бұзушылықтардан мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қорғалады.

- формальды анықталғандығы – арнайы мемлекеттік құжаттарда – нормативтік актілерде көрініс табады.

- жүйелілігі – заңдық нормалардың бірізділігі, салалығы.

**Құқықтың мақсаты** – қоғамдағы бостандықты нормативтік тәртіпте қамтамасыз етуінен және кепілденуінен, әділеттілікті қалыптастыруынан, қоғамдық өмірден қателіктер мен өз бетімен кетушіліктерді жоя отырып, қоғамдағы экономикалық және рухани факторлардың әрекет етуіне мейлінше жағдай жасауынан көрініс табады.

**Құқықтың құндылығы** – бұл азаматтардың және жалпы қоғамның әлеуметтік әділетті қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз ету құралы мен мақсаты ретінде қызмет ете алу қабілеті. Құқықтың әлеуметтік құндылығының төмендегідей негізгі көріністерін атап өтуге болады:

- құқық адамдардың әрекеттеріне ұйымдастырушылықты, тұрақтылықты, үйлесімділікті дарыта отырып, олардың бақылауын қамтамасыз етеді, осы арқылы ол қоғамдық қатынастарға реттеушілік элементін енгізе отырып, оларды өркениетті құбылысқа айналдырады;

- құқық тұлғалардың ерекше мүдделерін үйлестіру арқылы олардың мінез-құлық пен қызметіне әсерін тигізеді, яғни, құқық жеке мүдделерді басып-жаншымайды, керісінше, оны қоғамдық мүддемен үйлестіреді;

- құқық тұлғаның қоғамдағы бостандығын көрсетуші және анықтаушысы болып табылады, осы бостандықтың шегін шамасын анықтайды;

- құқық әділеттілік идеясын көрсету қабілетіне ие, яғни, құқық материалдық игіліктердің дұрыс және әділетті бөлінуінің талаптарын орнықтырады, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін бекітеді;

- құқық қоғамдық дамудың тарихи кезектілігіне сәйкес қоғамның жаңаруының қайнар көзі болып табылады, әсіресе, оның құндылығы тоталитарлық режимдердің құлауы мен жаңа нарықтық механизмдердің бекітілуі жағдайларында өсе түседі;

- құқықтық тәсілдер халықаралық және ұлтаралық сипаттағы мәселерді шешудің негізі және жалғыз құралы болып табылады.

Сонымен құқықсыз қоғам дұрыс, прогрестік жолмен жақсы дами алмайды. Құқық пен мемлекет қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, дұрыс басқарып, дамытып келеді. Бұл объективтік процесс. Құқықтың әлеуметтік құндылығы:

1. Құқық адамдардың іс-әрекетінің, жүйесінің нақты келісімді, тұрақты, жақсы орындалуын қамтамасыз етеді. Құқық қоғамдық тәртіпті дамытып, нығайтып, Қоғамдық мүдде-мақсаттың жақсы орындалуына мүмкіншілік жасайды.

2. Құқық адамдардың өзара қатынасын дұрыс реттеп, дұрыс басқарып олардың мінезінің, тәртібінің, сана-сезімінің, іс-әрекетінің жақсаруына мүмкіншілік жасап, сол арқылы қоғамның дамуын жақсартып отырады.

3. Құқықтың құндылығы адамдардың бостандығын, теңдігін қалыптастырып, қорғауында. Құқық пен бостандық бір-бірімен тығыз байланысты. Құқық бостандықтың, теңдіктің шеңберін, шекарасын үнемі



анық-тап, бақылап отырады.

4. Құқық қоғамдағы әділеттілікті жақтап, бақылап отырады. Сондықтан, халық арасына кең тараған мақал бар: "Құқық қағаз жүзіндегі әділеттілік, бостандық, теңдік". Құқық пен әділеттілік байланысының, бірлігінің тереңдігі сонда, егер қоғамдағы барлық жүйелері әділеттілікке қатаң бақылау жүргізсе.

5. Құқық қоғамдағы барлық прогрестік дамудың негізгі құралы. Азаматтық қоғамды, демократиялық мемлекетті құрудың бірден-бір даңғыл жолы. Бұл дүние жүзінің мемлекеттерінің тәжірибесінен калыптасқан шындық.

6. Құқық халықаралық қатынастың, байланыстың қайнар көзі-бұлағы. Дүниежүзілік экологияны жақсартудың құралы.

Сонымен, құқық қоғамда зор қызмет атқарады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларына, жеке адамның өміріне өзіне тән әдістерімен дұрыс жағымды әсер етеді. Құқықтың саяси қызметі мемлекет органдарының қалыптасу, қызмет істеу, атқару тәртібіне анықтаудан, саяси партиялардың, бірлестіктердің, ұжымдардың ұйымдастырылуына жол ашудан, азаматтардың құқықтарын пайдалануына мүмкіндік туғызудан байқалады. Құқық қоғамдағы барлық кәсіпорындардың жұмысын тікелей реттеп, жөнге салып отырады. Демек, құқық саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тәрбие құбылыстың барлық салаларын реттеп, жөнге салып отыратын құрал болып есептеледі. Құқық мемлекетті, қоғамды, азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады. Сонымен қатар құқық заңды бұзудың алдын-алу қызметін де атқарады.

Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

**Құқықтың мазмұны дегеніміз** - қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын, нормативтік актілердің ішкі құрылысы.

Құқықтың мазмұнының негізгі элементтері:

- қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- қарым-қатынастарды реттеп-басқару;
- қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;
- мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретін, ара қатынасын реттеп-басқарып отыру;
- халықаралық қатынастарды реттеп-басқару.

**Құқықтың мәні** өркениеттілік жағдайында қоғамдық қатынастарды реттеуден, нормативтік негізде қоғамның тұрақты ұйымдастырылуына жете отырып, демократияның, экономикалық бостандықтың, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінеді.

Құқықтың мәнін қарастыруда екі аспектіні ескерудің маңызы зор:

- формальдық - кез-келген құқықтың ең алдымен реттеуші екендігі;
- мазмұндық – осы реттеушінің кімнің мүдделеріне қызмет ететіндігі.

Құқықтың мәнін түсінуде келесі тәсілдерді бөліп атауға болады:

- **таптық** – мұның шегінде құқық экономикалық үстемдік құрушы таптың заңда көрініс тапқан мемлекеттік еркін білдіретін, мемлекетпен кепілденген заң нормаларының жүйесі ретінде анықталады;

- **жалпы әлеуметтік** – мұның шегінде құқық қоғамдағы әртүрлі таптардың, әлеуметтік топтардың арасындағы келісімнің көрінісі ретінде қарастырылады.

Құқықтың объективтік және субъективтік мағынадағы түсінігі.

**Объективтік құқық** – бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі, ол нақты бір мемлекеттің белгілі бір кезеңдегі заңнама, заң әдеттері, заңды прецеденттер және нормативтік шарттарын көрсетеді. Оның объективтілігі жеке тұлғаның еркі мен санасынан тәуелсіз болып, оған тиесілі болмауынан көрініс табады.

**Субъективтік құқық** – бұл тұлғаның жеке мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, заңды мүмкін мінез-құлық шамасын айтамыз. Ол адамдардың нақты құқықтарын (еңбек ету, білім алу және т.б.) атауға болады, олардың субъективтілігі тұлғамен байланыстылығынан, оған тиесілігінен және оның санасы мен еркінен тәуелділігінен көрінеді<sup>1</sup>.

Заңды мағынадағы құқықпен (объективтік және субъективтік) қатар табиғи құқық та болады, ол өмір сүруге, бостандыққа және т.б. құқықтарды қамтиды. Табиғи құқықтың қатарына жататын құқықтар бір жерде бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан өмір сүреді, олар өмірдің өзінен туындайды.

### **Құқық туралы негізгі теориялар**

Қазіргі заманда да құқық мәселесі заң ғылымының күн тәртібінен түскен емес. Бұл мәселемен толып жатқан ғалымдар, теориялар шұғылданауда. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес құқық туралы көзқарас та, пікірлер де әртүрлі болды. Құқық туралы негізгі теориялар: табиғи, тарихи, реалистік, социологиялық, нормативтік, психологиялық, материалистік теориялар.

**Табиғи теория** - бұл теорияның мазмұны көне дәуірде қалыптасқан. Теорияның мазмұны - адамдардың табиғи және мемлекеттің өмірімен байланысты құқықтары мен бостандықтарын ешкім шектей немесе жоя алмайды - деп түсіндірген. **Цицерон** - табиғи бостандыққа, құқыққа қарсы келетін мемлекеттік заң болуға тиіс емес - деген. Табиғи теорияны орта ғасырлардың ғалымдары: Локк, Руссо, Монтескье, Гольбах, Радищев т.б. өте жақсы дамытқан. Дамыған елдерде табиғи әлеуметтік норма мен құқықты бір-біріне қарсы қоюдың негізі жоқ. Олар қоғамды бірігіп басқарады.

**Тарихи теория** - бұл теорияның өкілдері құқық адамдардың рухани сана-сезімнің даму процесінен өмірге келіп, қалыптасады деп түсіндіреді. Оған

---

<sup>1</sup> Матузов Н. И. О праве в объективном и субъективном смысле. Гносеологический аспект // Теория гос. и права: Курс лекций. Саратов 1995. 211-219.

мемлекеттің қатысы жоқ - деп уағыздаған. Адамдар субъективтік жолмен табиғи бостандықтар мен құқықтарды жоя алмайды, тек қоғамның даму процесінен қалыптасқан катынастарды реттейтін, басқаратын нормаларды өзгертуге болады. Бұл теорияның өкілдері: Густав Гуго, Карл Савиньн, Фридрих Пухта, Штиль т.б.

**Реалистік теория** – құқықтың дамуы өзінің эволюциялық ішкі себептері арқылы өзгеріп, ескіріп, жаңарып жатады. Оның дамуына сыртқы жағдайлардың әсері мол болады - деп уағыздаған. Бұл теорияны құқықтың бірлігін, дамуын, оның мемлекетпен байланысын, субъектілердің құқығының міндеттері болатын және мемлекеттің бақылауын қостайды.

**Әлеуметтік теория** - ХХ ғасырда қалыптасқан теория. Бұл теория құқықтық қатынасты адамдардың Құқықтық тәртібін жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеуді жақтайды. Өкілдері Эрлих, Леон Дюги, С.М. Муромцев, Г.Н. Шершеневич, Р. Паунд. Құқықтық әлеуметтік мазмұнын зерттеуге көңіл бөледі, құқықтық мемлекетті жақтайды.

**Нормативтік теория** - құқық әлеуметтік өмірдің сыртқы қарым-қатынасын реттеп, басқарып, адамдардың мүдде-мақсатын орындау деп түсінеді. Заң ғылымы құқықтың жеке өзін саясат пен идеологияға қоспай зерттеуді жақтайды. Құқықтың белгі-нышандарын жақсы зерттеуді, құқықтық мемлекетті жақтады. Нормативтік актілерді жоғарыдан төмен қарай сатылап зерттеуді, бақылауды ұсынады. Бұл теорияның өкілдері: Р. Штаммлер, Г. Кельзен, П.И. Новгородцев.

**Психологиялық теория** - ХХ ғасырдың басында жақсы дамыған теория. Теорияның негізгі мазмұны: құқық адамдардың психикасының ішкі құрылысында қалыптасып олардың сыртқы іс-әрекетіне, жұмысына әсер етуі. Адамның ішкі сана-сезімі мен сыртқы тәртібінің, мінезінің, іс-әрекетінің байланысын Петрижицкий этикалық сана деп атайды. Бұл теория құқықты екі түрге бөледі: жеке тұлғалық (автономдық) және оң жағымды (позитивтік). Жеке тұлғалық құқық - жеке адамның ішкі ұлтынан қалыптасатын елегізу, қатты қиналу. Оң жағымды позитивтік құқық - басқа адамның беделіне, абыройына сенушіліктен қалыптасатын психикалық көзқарас.

**Материалистік теория** - құқық саяси-экономикалық үстемдік жүргізетін таптың мүдде-мақсатын қорғайтын нормативтік актілердің жиынтығы. Құқықтың мазмұны екі элементтен тұрады - деп түсіндіреді: экономикалық базис пен үстем таптың мүддесі.

Бұл теорияның тарихи даму процесін үш кезеңге бөлуге болады: Бірінші кезең - құқықтың мазмұнын түсіну және оның қоғам дамуындағы маңызы; екінші кезең - құқықтың болашағына көзқарасы; үшінші кезең - марксистік көзқарасты бұрмалау.

Бірінші кезеңде ғылымның құқықтың мазмұнын түсінуі дұрыс еді - құқықтың экономикалық және таптық күреспен тығыз байланыста болуы. Екінші кезеңде - буржуазиялық мемлекет пен құқық теориясының мазмұнын біржақты зерттеп, оның прогрестік рөлін, маңызын дұрыс түсінбеді. Қоғамның болашағын құқықтық мемлекетпен байланыстырмады. Үшінші кезеңде кейбір елдердің басшылары марксизмнің мазмұнын

бұрмалап өздерінің әкімшілік-әміршілік, тоталитарлық саясатын қорғау үшін пайдаланды.

Жоғарыда көрсетілген құқық теорияларының жеке алғанда дұрысы да, бұрысы да баршылық. Бірақ барлығының мазмұнын біріктіргенде бірнеше дұрыс қорытынды тұжырымдар шығаруға болады:

- құқық әлеуметтік құбылыс, онсыз дамыған қоғам болашақ емес;
- құқық қоғамдық және жеке адамдардың мүдде-мақсатын қорғайтын негізгі құрал;
- құқық меншіктің барлық түрлерін қорғайтын негізгі күш;
- құқық мемлекетті қалыптастырған және оның бақылауындағы, қоғамдық тәртіпті қорғайтын құрал.

Сонымен, құқық жеке тұлғалардың экономикалық, саяси, әлеуметтік т.б. бостандығын, теңдігін қорғайтын негізгі құрал. Құқық қоғамның объективтік дамуын қамтамасыз етіп, өндіріс пен сұраныстың ара қатынасын реттейтін негізгі күш-құрал.

Құқық әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі болып, мемлекетпен бірге өмірге келіп, қоғамды реттеп-басқарып отырды. Олар қоғамның, объективтік даму процесінің талабына сәйкес қалыптасты. Бірақ әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес құқық пен мемлекеттің нысаны әртүрлі, мазмұны бірдей болды. Бұл жерде қайталап өтейік, - құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары: қосымша өнімнің пайда болуы, жеке меншіктің қалыптасуы, таптардың арасында күрестің басталуы, қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі. Бұл объективтік даму процесі қоғамның алдына бірнеше талаптар қойды:

- қоғамның әкімшілік-территориясында тұрақты тәртіп қалыптастыру қажет болды;
- қоғам бірнеше тапқа, топқа бөлініп, олардың арасында қайшылықтар басталып, оны реттеп, қоғамды басқару керек болды;
- ру мен тайпалардың, мемлекеттік бірлестіктердің арасындағы қайшылықтар күреске айналып, күрес соғысты өмірге әкелді. Міне, бұл күрес-қайшылықтарды бейбітшілік жолмен шешіп, реттеу қажет болды.

Қоғамның объективтік даму процесінің бұл талаптарын іске асыру үшін құқықтық нормаларды қарқынды, сапалы дамытып, қарым-қатынастарды тағы басқа құбылыстарды реттеу жұмыстары басталып, қоғамның жақсы дамуына жағдай жасалды.

Енді құқықтың түсінігіне және мазмұнына келсек, оның санқырлы түсінігі, санқырлы мазмұны бар деуге болады. Ол қоғаммен бірге диалектикалық даму процесінде болғандықтан, оның мазмұны санқырлы бағытта дамып, байып отырды. Ғалымдар құқықты зерттегенде бір-екі қырынан мазмұнын анықтап әр түрлі қорытынды тұжырым жасап отырды. Мысалы, Аристотель құқықты саяси шындық, әділеттік, - деді. Орта ғасырдың ғалымдары - құқық діни норма, Ж.Ж. Руссо - құқық қоғамдық билік - деп түсіндірді. Осы пікірлердің бәрі дұрыс.

Құқық адамдардың өмірімен тығыз байланыста дамиды: олардың бостандығын калыптастырады, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, тәртібіне, сана-сезіміне жан-жақты әсер етеді, мүдде-мақсаттарының іске асуына қолайлы жағдай, қамқорлық жасап қорғайды. Адамдардың жекелік топтық және қоғамдық қарым-қатынастарын реттеп, басқарып отырады. Осы тұрғыдан алсақ, құқықтың мазмұны, түсінігі - адам қоғамын басқарудағы құқықтық нормалардың ішкі тұрақты, сапалы мәні, маңызы. Бұл түсініктемеде құқықтың құндылығын, маңыздылығын айрықша көрсетіп отыр. Бұл түсініктеме дұрыс бірақ жеткіліксіз.

Біз, жоғарыда құқықтың түсінігін және мазмұнын нормативистік тұрғыдан қарастырып келдік. Бұл құқықтың түсінігінің, мазмұнының негізгі бағыты. Өмір тәжірибесінде біраз ғалымдар құқықтың мазмұнын кеңейтілген түрде зерттеп, түсінігін сол көлемде береді. Олардың қосымша зерттеген мәселелері: құқықтық қатынас: құқықтық сана, субъективтік құқық, құқықты қолдану, құқықты бұзушылық және жауапкершілік.

Қоғамның тарихи объективтік даму процесінде құқықтың маңызы туралы екі пікір бар: біріншісі - қоғамның дамуын басқарып, реттеп отырушы негізгі әлеуметтік факторлардың бірі құқық. Онсыз қоғам дағдарысқа ұшырап әлдеқашан ақыр заман болар еді. Бұл пікірді - **занды көзқарас** деп айтады. Екіншісі - бірінші пікірге қарсы пікір. Қоғамның дамуында құқықтың ешқандай рөлі, маңызы жоқ деп түсіндіреді. Бұл пікірді заңды нигилизм деп айтады. Нигилизм қоғамда қабылдаған, бүкіл адамға пайдалы нормаларды, жағымды мұраларды жоққа шығарып мойындамау. Заңды көзқарас көне дәуірден қалыптасып құқықтың қоғам даму процесіндегі рөлін, маңызын жан-жақты зерттеп, бірнеше ғылыми қорытынды тұжырымдар жасалды. Құқық қоғаммен бірге эволюциялық прогрестік жолмен дамып, ХІХ-ХХ ғасырларда өзінің тарихи процесте құндылығын дәлелдеп, қазіргі заманда құқық мемлекетпен бірге қоғам дамуын басқарып, реттеуші негізгі әлеуметтік факторлардың бірі екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Қоғамның объективтік тарихи даму процесі құқықтың маңызы мен рөлі туралы заңды көзқарас пікірінің дұрыс екенін дәлелдеп отыр. Заңды нигилизм пікірін қазір ешкім қолдамайды.

Қоғамның диалектикалық даму процесінде қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, басқарып, дағдарысқа ұшыратпау үшін мемлекет пен құқық объективтік жолмен емірге келді. Бұл қоғамның прогрестік жолмен дамуының нәтижесі. Құқық адамдардың, ұйымдардың іс-әрекетімен тығыз байланысты, олардың бостандығының шеңберін, мүдде-мақсаттарының орындалу шеңберін анықтап, реттеп басқарып отырады. Құқықтық норманың қалыптасуы үш кезеңнен тұрады: мүдде, қатынас, норма. Құқықтың негізгі үш тірегі бар: имандылық, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және мемлекет. Құқық имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абыройы да жоғары болады.

Мемлекеттік құқық арқылы өзінің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесін, құзырын, өзара қарым-қатынастарын бекітпей ішкі және сыртқы міндеттерін іске асыруы мүмкін емес. Міне, осы мәселелерді мемлекет құқық арқылы, нормаға сүйене отырып іске асырады. Мемлекетке қажетті қоғамдық қатынастар құқық негізінде ғана орнай алады. Бұл мемлекетпен құқықтың қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

1. Құқықтық нормаларды мемлекеттік органдар ресми түрде қалыптастырады; әлеуметтік нормалардың басқа түрлерін қоғамдық ұйымдар қабылдайды, мемлекеттің оған қатысы жоқ.

2. Құқықтық нормалардың мемлекеттің барлық аумағына, барлық халықтарына міндетті күші бар басқа нормалардың міндетті күші тек ұйымдардың мүшелерін қамтиды.

3. Құқықтық нормалар жеке адамдардың және қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтиды; басқа нормалар жеке ұйымдардың, бірлестіктердің мақсатын қамтиды.

4. Құқықтық нормалардың орындалуын мемлекеттік органдар бақылап отырады; басқа нормаларға мемлекеттің қатысы жоқ, олардың орындалуын ұйымдар, бірлестіктер бақылайды.

Сонымен, құқық дегеніміз адам мен қоғамның объективтік құрылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, ресми құжаттарда формалды түрде анықталған, мемлекеттік күшімен қамтамасыз етілетін нормалардың жиынтығы.

### **Құқық қағидалары және функциялары**

**Құқықтың қағидалары** – бұл құқықтың ерекше әлеуметтік реттеуші ретіндегі мәнін көрсететін негізгі бастамалар, ережелер, идеялар. Олар құқықтың заңдылығын, табиғатын және әлеуметтік мәнін көрсетеді және заңдардың өзінде тікелей көрініс тапқан немесе олардың мәнінен туындайтын мінез-құлық ережесі болып табылады.

#### **Құқықтың негізгі қағидалары:**

1. Қоғамдағы әртүрлі мүдде-мақсаттарды нормативтік: жүйемен реттеп-басқару;

2. Адамдардың, ұйымдардың бостандығының іс-әрекетінің деңгейін, шеңберін норма арқылы анықтап отыру;

3. Адамдардың, ұйымдардың ара қатынасындағы келіспеушілікті шешудің, реттеудің негізгі түрлерін белгілеп отыру;

4. Мемлекеттік органдардың қабылдаған, бекіткен нормативтік актілерінің орындалуын бақылап отыру.

**Таралу саласына қарай:** жалпы құқықтық, саларалық және салалық қағидаларды бөліп қарастырады.

**Жалпы құқықтық қағидалар** – құқықтық қоғамдық қатынастарды реттеуші ретіндегі ерекшелігін айқындайтын негізгі бастаулар, барлық құқық салаларында маңызды күшке ие болады, олар:

- әділеттілік;
- азаматтардың заң мен сот алдындағы заңды теңдігі;
- ізгілік (гуманизм);
- демократиялық;
- құқықтар мен міндеттердің біртұтастығы;
- сендіру мен мәжбүрлеуді үйлестіру.

**Саларалық қағидалар** – құқықтың бірнеше ұқсас салаларына қатысты жетекші бастаулар, яғни, бірнеше құқық саласының ерекше мәнді белгілерін сипаттайды. Олардың арасынан жарыспалылық және сот өндірісінің жариялылығы және т.б. қағидаларды бөліп атауға болады.

**Салалық қағидалар** - нақты бір саланың ерекшеліктерін сипаттайтын жетекші бастаулар, яғни, тек бір саланың шеңберінде ғана әрекет етеді. Мысалы: азаматтық құқықта – мүліктік қатынастардағы тараптардың теңдігі қағидасы, қылмыстық құқықта – кінәсіздік презумпциясы.

Құқық қағидалары қоғамдық қатынастарды реттеуге қатысады, себебі, олар құқықтық әсер етудің жалпы бағыттарын анықтап ғана қоймай, нақты бір іс бойынша шешімнің негіздемесіне де енуі мүмкін.

**Құқық функциялары** – бұл құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлін көрсететін, құқықтық әсер етудің негізгі бағыттары. Яғни, құқық мемлекеттен бөлінбейтін құрамдас бөлігі ретінде оның функциясымен тығыз байланыста әрекет етеді. Құқық қоғамдық қатынастарда әрекеттесуде, мемлекеттің функцияларына қарама-қайшы келе алмайды. Сондықтан да, құқық функциясын тиісті әлеуметтік-саяси, экономикалық және идеологиялық мазмұнда реттейтін, қоғамдық қатынастардағы мемлекеттің нормативтік-құқықтық әрекет етуінің негізгі бағыты деп анықтама беруге болады<sup>2</sup>.

Сол себепті, құқық және мемлекет адамдарға, қоғамға қызмет етуге және дұрыс өмір сүруді қамтамасыз етуге танылған.

Құқық әлеуметтік ұғымы бойынша:

- қоғамдық қатынастарды реттеуші;
- қоғамдық тәртіпті белгілеу және қорғаушы болып бөлінеді.

Заңды құралдардың (құқықтық нормалар, құқықтық қатынастар, жек актілер және т.б.) көмегімен қоғамдық қатынастарға әрекет ететін құқықтық реттеуші болып табылады.

Құқықтың бұл екі топтағы функциялары мемлекеттің функцияларымен сәйкес келеді. Сонымен бірге құқықтың өзіне тән екі міндеттері болады: қоғамдағы қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, орындалуын тездету және

---

<sup>2</sup> Қараңыз: Теория государства и права / Под ред. Марченко. Т. 2. С. 133.

қатынастардың байланысын бақылап, қорғап отыру. Міне, осы міндеттерге сәйкес құқықтың өзіне тән екі функциясы болады: реттеу және қорғау<sup>3</sup>.

Құқықтың функцияларын түрлерге бөлудің негізінде жатқан екі жақты шартты түрде бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі, сыртқы жағы, бұған сәйкес құқықтың әлеуметтік функциялары анықталады, олар: экономикалық (құқық өндірістік қатынастарды реттейді, меншік нысанын бекітеді және т.б.), саяси (құқық саяси қатынастарды, саяси жүйе субъектілерінің қызметін реттейді және т.б.), тәрбиелік (құқық белгілі бір идеологияны көрсетеді, тұлғаларға арнайы педагогикалық әсер етеді және т.б.) функциялар.

Екіншісі ішкі жағы, бұл құқықтың табиғатынан туындайды, олар – реттеуші және қорғаушы функциялар.

Реттеуші функциялар – бұл позитивтік мінез-құлық ережелерін орнықтырудан, қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне сәйкес қатынастарды дамытуға жәрдем беру мақсатында құқық субъектілеріне субъективтік құқықтар беруден және заңды міндеттер жүктеуден көрініс табатын, құқықтың әсер етудің әлеуметтік мақсатпен байланысты бағыты.

Бұл функцияның шеңберінде оның екі түрін бөліп қарастырады: реттеуші статистикалық және реттеуші динамикалық функциялар.

Реттеуші статистикалық функция құқықтың қоғамдық қатынастарға оларды белгілі бір құқықтық институттарда бекіту жолымен әсер етуінен көрінеді. Статистикалық функцияны жүзеге асыруда конституцияда бекітілген, саяси құқықтар мен бостандықтар институты ерекше мәнге ие.

Реттеуші динамикалық функция құқықтың қоғамдық қатынастарға құқық субъектілерінің белсенді мінез-құлықты қамтамасыз ету жолымен әсер етуінен көрінеді. Ол азаматтық, әкімшілік, еңбек құқығының институттарынан көрініс табады.

Құқықтың реттеу функциясы нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Бұл функция екі әдіс-тәсілмен орындалады: біріншісі - құқықтық нормада қатынастың орындалу жолдарын, бағытын көрсету; екіншісі - нормативтік актіде субъектілерге толық бостандық беру, дұрыс орындалу бағытын көрсету.

Қорғаушы функциялар – бұл ерекше маңызды экономикалық, саяси, ұлттық және жеке қатынастарды қорғауға, заңды қорғау мен заңды жауапкершіліктің шамасын, оларды жүктеу мен орындаудың тәртібін орнықтыруға бағытталған құқықтық әсер етудің әлеуметтік мақсаттылықпен байланысты бағыты.

Құқықтың қорғау функциясы - нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Бұл функцияның әдіс-тәсілдері:

- қоғамдағы қатынастардың дұрыс орындалуын бақылау;
- құқықты нормада тыйым салудың себептерін көрсету;
- жауапкершіліктің түрін көрсету;

---

<sup>3</sup> Теория государства и права: Учебник / Под ред. С. С. Алексеева. — М., 1985. — С. 69.



- жасаған қателіктері үшін субъектілерді жауапқа тарту. Сонымен, құқықтың функциясы дегеніміз - адамдардың іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне нормативтік актілердің жасайтын ықпалы мен әсері, сол арқылы қатынастардың дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

Конституцияда Қазақстан көптеген мемлекеттердің конституциясының үлгісі бойынша адам құқығы және мемлекет құқығы тұжырымдамасы біртұтас мызғымас ретінде іске асырылады. Мұның еш таңданарлығы жоқ, таңқаларлығы сол — жетпіс жылдан астам уақыт бойы әлемдік қоғамдастықта танылған, Адам құқығы, биліктің бөліну және оның заңмен шектелудің ұлы идеялары анафема кеңестік насихатпен жүргізілгендігінде болып отыр.

Қоғамның өмірінде белсенді жұмыс атқаратын құқықтың функциялары. Оның бағыттары толып жатыр. Ең күрделі бағыты мемлекетпен бірлесіп жұмыс жасау. Өйткені, мемлекеттің жұмысының мазмұны, бағыты нормативтік актілерде көрсетіліп, айықталып отырады. Құқықтың негізгі функцияларының түрлері.:

1. Қоғамның әр саласына сәйкес құқықтың экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, тәрбиелік, экологиялық, қаржылық т.б. функциялары болады.

2. Мемлекеттік биліктің үш түріне сәйкес құқықтың да үш функциясы болады: заң шығару, заңды орындау, заңды қорғау.

Құқықтың бұл екі топтағы функциялары мемлекеттің функцияларымен сәйкес келеді. Сонымен бірге құқықтың өзіне тән екі міндеттері болады: қоғамдағы қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, орындалуын тездету және қатынастардың байланысын бақылап, қорғап отыру. Міне, осы міндеттерге сәйкес құқықтың өзіне тән екі функциясы болады: реттеу және қорғау.

Құқықтың реттеу функциясы нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Бұл функция екі әдіс-тәсілмен орындалады: біріншісі - құқықтық нормада қатынастың орындалу жолдарын, бағытын көрсету; екіншісі - нормативтік актіде субъектілерге толық бостандық беру, дұрыс орындалу бағытын көрсету.

Құқықтың қорғау функциясы - нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Бұл функцияның әдіс-тәсілдері;

- қоғамдағы қатынастардың дұрыс орындалуын бақылау;

- құқықтық нормада тыйым салудың себептерін көрсету;

- жауапкершіліктің түрін көрсету;

- жасаған қателіктері үшін субъектілерді жауапқа тарту.

Сонымен, құқықтың функциясы дегеніміз - адамдардың іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне нормативтік актілердің жасайтын ықпалы мен әсері, сол арқылы қатынастардың дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

## Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық

Құқық туралы түрлі көзқарастар тарихтың әр дәуірінде қалыптасты. Сонымен қатар, бірыңғай негіз де қалыптасты: «құқық әр кезде қоғамда белгіленген тәртіпті орнықтырады». Құқықты түсінудің үш кезеңін бөліп қарастыруымызға болады:

- моралдық (құлықтық), яғни, белгіленген, адамгершілік идеялар мен қағидаларды ұсыну құқығы;
- әлеуметтік — заңға сәйкес қоғамдық қатынастарда қалыптасқан құқық;
- нормативтік — адамдардың мінез-құлқын бекітетін, барлық нормативтік актілер құқығы.

Моралдық мектебі түрлі құқықтар мен заңдардан шыққан. Құқық демократиялық дамудың (әділеттілік, теңдік, бостандық) идеяларын топтастырады. Егер заң құқықтық идеяны, құқықтық бастауды негізге алса — бұл құқықтық заң болып табылады. Құқықтық бастау — көпшілік биліктің қызмет етуі үшін, заң шығарушылық үшін өлшем. Аталған теория биліктің бөлінуі, саяси әр алуандылық, соттың жоғары рөлі.

Құқықтың әлеуметтік теориясы — қоғамдық қатынастың бірінші кезекте нақтылығы, шындығы, айқындылығы және құқықтық қатынастың бір бөлігі. Құқық — өмір нақты қалай қалыптасады, әділ сот не істейді, яғни, бұл теория экономикаға, орталықтанған басқаруға мемлекеттің араласуын шектелумен жақсы келісуге болады, бірақ өз кезегінде, ол саяси және құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін болжап біле алады.

Құқықтың нормативтік теориясы — бұл бәрінен де бұрын құқық пен заңның сәйкес келуі. Аталған теория бойынша кез-келген заң құқықтық болып табылады. Заң мемлекетпен шығарылады және шындыққа сай әрі заңды құрылады. Мұндай теория қоғамды нығайтуға, оның құрамдас бөліктерін билеуге аса маңызды рөл атқарады. Бірақ, нормативтік теория мемлекеттік билік қызметінің мазмұнын есепке алмайды. Бұдан шығатын қорытынды, кез-келген заң, оның мазмұнына қарамастан жақсы әрі сенімді болуы мүмкін.

1995ж. ҚР Конституциясында «күшінде бар құқық» заңды ұғымы енгізілген, яғни, нормативтік-құқықтық актілерді анық топтастыруға, мемлекет Конституциясы мен заңдарының алдыңғы қатарлы және негізгі рөлінің күшеюіне және беделінің өсуіне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ, Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады (ҚР Конституциясының 4-бап. 1-тарм.).

«Қолданылатын құқық» заңдық түсінігі категориясы нормативтік-құқықтық актілердің айқын жіктелуіне, Конституция мен мемлекет заңдарының беделінің өсуіне, басым және негізгі реттеу рөлін күшейтуіне

септігін тигізу үшін ҚР Конституциясының айналымына 1995ж. енгізілген. Сонымен бірге, А. Котов пен Д. Котов пікірлері бойынша қолданылатын құқықтағы негізгі элементтерінің констатациясы осы категорияның мазмұнын шын мәнінде қанағаттандырмайды. Олар қолданылатын, нақты актілерін әр топтың ішіндегі құқықтық сатыдағы орнының тәртібі бойынша жіктейді. Қазақстан Республикасында заңдар қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері бойынша айрықша заңдық тәртіпте, мемлекеттің жоғары өкілді органымен немесе референдум жолымен қабылданады, мемлекеттің қандай да бір органы тарапынан бақылауға немесе бекітілуге жатпайды және мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайды. Түрлері бойынша: конституциялық, қарапайым және төтенше заңдар болып бөлінеді.

Заңнамалық актілерге және заңнамаға мыналар жатады:

- 1995ж. ҚР Конституциясы;
- әр палата депутаттарының жалпы санының  $\frac{3}{4}$  даусымен қабылданатын, ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар;
- парламенттің әрбір палата депутаттарының жалпы санының  $\frac{2}{3}$  даусымен Парламенттің бірлескен отырысында, ережеге сәйкес Конституция (оны жалғастырушы ретінде) мәтіннің өзінен туындайтын, конституциялық құрылыс және мемлекет институттары негізіндегі мәселелер бойынша шығарылатын конституциялық заңдар;
- ҚР кодекстері;
- ҚР заңдары;
- ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары;
- ҚР Парламентінің нормативтік қаулылары;
- ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары (ҚР АК 3бап. бойынша).

Қазақстан Республикасында ратификацияланған (бекітілген) және күшіне енген, халықаралық құқықтық актілер деңгейі «оның заңдары алдында» басымдылыққа ие Конституциямен, сондай-ақ, «халықаралық шарттан оның қолданылуы үшін заң шығаруды қажет ететін жағдайды қоспағанда тікелей қолданылатын» (Конст. 4-бап. 3-тарм.), сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» № 54 Заңымен анықталады.

Заңдардың негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын, заңға бағынышты нормативтік-құқықтық актілерге мыналар жатады:

- мемлекет басшысының нормативтік жарлықтары;
- үкіметтің нормативтік қаулылары;
- министрліктер мен ведомствалардың нормативтік актілері;
- жергілікті органдардың нормативтік шешімдері мен қаулылары;
- мекеме, кәсіпорын басшыларының ішкі ұйымдастырушылық заңға тәуелді актілері. Сонымен қатар, қабылданған күннен бастап күшіне енетін, республиканың барлық территориясында жалпыға міндетті, соңғы және шағымдануға жатпайтын – ҚР Конституциялық Кеңестің қорытынды

шешімдері (қаулылары). Олар ҚР Конституциясына негізделеді және барлық өзге нормативтік-құқықтық актілер оларға қайшы бола алмайды.

Азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де соттық істерді қарастыруда заңнаманы қолдану мәселелері бойынша соттарға міндетті түсіндірулер беретін, ҚР Жоғары Сотының нормативтік қаулылары.

Орталық сайлау комиссиясының қаулылары (республикалық референдум өткізу комиссиялары), Қазақстанның барлық территориясында міндетті және мына мәселелер бойынша құзырлы органдармен қабылданған: Парламент Мәжіліс депутаттарының әкімшілік-аймақтық бірліктен сайланушылар санын анықтау; республикалық референдумда сайлау қорытындысы жайлы ресми хабарлама, өйткені референдум арқылы қабылданған акт елдің барлық территориясында міндетті күші болады және мемлекеттік органдар тарапынан әлде кімнің бекітуін қажет етпейді, ол өз күшіне референдум сайлау қорытындысы ресми жариялағаннан бастап енеді.

Нормативтік емес (жеке) заңдық актілер:

- ұйымдастырушылық-жедел сұрақтар және тұлғалардың санының шектеулігі бойынша ҚР Президентінің өкімдері және бұрын (1995ж. 30 тамызына дейін) қабылданған әрекет етуші қаулылар;

- Парламенттің жеке қаулылары мен оның Палаталарының қаулылары;

- Мәжіліс және Сенат төрағаларының өкімдері;

- Конституцияға, заң актілеріне, ҚР Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмейтін, өз құзыреті шегінде оның жеке өзімен қабылданатын, Премьер-Министрдің өкімі;

- Үкімет, Қазақстан кәсіподақ Федерациясы және республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері арасындағы генеральды келісімдер (олар орындалу үшін әлеуметтік достастық (партнерлік) бойынша Республикалық үш жақты комиссияның: региондық органдар мен салалық басқармамен, мемлекеттік ұйымның басшыларымен меншік нысанына қарамастан шаруашылық етуші субъектілерінің жұмыс берушілері үшін міндетті).

- Қазақстанның бүкіл аумағында міндетті соттардың үкімдері мен өзге де қаулылары (Конституцияның 76-бап. 3-тарм.).

- ұйымдардың жарғылары, ережелері. Бұлар тек нақты ұйым шегінде ғана әрекет етеді, міндетті және қалған нормаларға, қолданудағы құқықтың әлдеқайда жоғары актілеріне сәйкес келуі керек.

Қорыта айтқанда, құқық мемлекетпен бірге қоғамның объективтік даму процесінің нәтижесінде өмірге келді. Алғашқы қоғамдағы әлеуметтік нормалар: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни өсиеттер, мемлекеттік жүйеде бірте-бірте екінші қатардағы нормаға айналып, құқық әлеуметтік негізгі нормаға айналды. Адам қоғамы мыңдаған жылдар өмір сүріп келді. Сол көне заманнан ғалымдар құқық пен мемлекет қашан пайда болды, қалай дамып келеді? - деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеулер жасап келді. Өйткені құқықтың мазмұнын, тарихын, белгі-нышандарын жақсы білу қоғамды дұрыс, сапалы реттеп-басқаруға өте қажет.

Қазіргі заманда да бұл мәселе заң ғылымының күн тәртібінен түскен емес. Құқықсыз қоғам дұрыс, прогрестік жолмен жақсы дами алмайды. Құқық пен мемлекет қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, дұрыс басқарып, дамытып келеді. Бұл объективтік процесс.

Құқықтың саяси қызметі мемлекет органдарының қалыптасу, қызмет істеу, атқару тәртібін анықтаудан, саяси партиялардың, бірлестіктердің, ұжымдардың ұйымдастырылуына жол ашудан, азаматтардың құқықтарын пайдалануына мүмкіндік туғызудан байқалады. Құқық қоғамдағы барлық кәсіпорындардың жұмысын тікелей реттеп, жөнге салып отырады. Демек, құқық саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тәрбие құбылыстың барлық салаларын реттеп, жөнге салып отыратын құрал болып есептеледі. Құқық мемлекетті, қоғамды, азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады. Осыларға қоса құқық заңды бұзудың, алдын-алу қызметін де атқарады.

Мемлекеттік құқық арқылы өзінің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесін, құзырын, өзара қарым-қатынастарын бекітпей, ішкі және сыртқы міндеттерін іске асыруы мүмкін емес. Міне, осы мәселелерді мемлекет құқық арқылы, нормаға сүйене отырып іске асырады. Мемлекетке қажетті қоғамдық қатынастар құқық негізінде ғана орнай алады. Бұл мемлекетпен құқықтың қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

Қазақстан Республикасында заңдар қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері бойынша айрықша заңдық тәртіпте, мемлекеттің жоғары өкілді органымен немесе референдум жолымен қабылданады, мемлекеттің қандай да бір органы тарапынан бақылауға немесе бекітілуге жатпайды және мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайды.

Заңдардың негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын, заңға бағынышты нормативтік-құқықтық актілер де мемлекеттің құқығына қызмет етеді.

Міне, осы мәселелердің бәрін олар құқықтың мазмұнына жатқызылса, біздіңше бұл дұрыс пікір. Өйткені осы қатынастардың бәрі де құқықтық нормалармен реттеліп, шешімін тауып жатады. Екінші олардың кеңірек зерттеген мәселесі - құқық пен заңның, бостандық пен құқықтың арақатынасы және айырмашылығы. Құқықтық норма мәселені абстрактік түрде қарастырып іс-әрекетті кеңірек қамтиды, ал заң нақты түрде бір немесе бірнеше мәселені қамтиды. Адамдардың бостандығы мен құқықтарын бөліп қарауға болмайды - деп түсіндіреді. Бұл пікір де дұрыс, бірақ ғылыми зерттеуде оларды жеке бөліп қарастырған жөн - анализ, синтез әдісімен зерттелсе, қорытынды тұжырым дұрыс болады.

## 1.2. ҚҰҚЫҚ НОРМАСЫ

Қоғамда адамдардың тұрмыстағы, өндірістегі, саясаттағы және т.б. мінез-құлықтарын реттейтін, түрлі нормалар қызмет етеді. Барлық жағдайларда нормалар адамдардың мінез-құлқының жалпы ережелерінен тұрады, оның латын тілінен аудармасы «ереже», «нұсқама», «үлгі» деген мағына береді.

Қоғамдағы барлық нормаларды **техникалық және әлеуметтік** деп бөлуге болады. Соның ішінде, техникалық нормалар адамдардың затқа, табиғатқа қатысты мінез-құлық ережелерін реттейді.

Техникалық нормалар — адамдардың табиғи заттарды, еңбек құралдарын және түрлі техникалық құралдарды мақсатты пайдаланудың ережесі болып табылады. Техникалық нормаларды табиғи күштерге дұрыс пайдалану үшін техникалар мейлінше үнемді және экологиялық зиянсыз болуы қажет. Техникалық нормаларға: құрылыс жұмыстарын орындаудың ережесі, машина және механизмдерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, шикізат, жанар-жағар май, электр жарықтарын жұмсаудың нормалары жатады. Техникалық нормалардың ерекшелігі адамдардың техникаларды пайдалануымен байланысты мінез-құлықтарын реттеумен көрінеді. Жалпы техникалық нормалар үшін ең маңыздысы құқықтық нысан реттеліп және оның заңды маңызы болады. Шын мәнісінде, осы нормаларды сақтамау заңды жауапкершілікке алып келеді. Мысалы, ҚР ҚК-нде көзделген, теміржол, әуе немесе су көліктерін пайдалану және қауіпсіздік қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық. Осы себепті, техникалық нормалар адамдардың техникаларды пайдалануымен байланысты мінез-құлық ережесін реттейді екен.

Әлеуметтік нормалар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейді. Әлеуметтік нормалар — адамдардың мінез-құлқын және ұйымдардың қызметін, ондағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін ереже болып табылады.

Әлеуметтік нормалардың мәнін ажырату негізінде екі белгісі:

- оларды қалыптастыру тәсілі;
- оларды қамтамасыз ету шараларының сипаты.

Осы өлшемдер негізінде: моралдық (құлықтық) нормасы, әдет-ғұрып нормасы, қоғамдық бірлестіктер нормасы, діни нормасы, дәстүр нормасы және құқық нормасы.

**Моралдық (құлықтық) нормасы** — адамдардың қайырымдылық пен зұлымдық, әділеттілік пен қиянаттылық, парыз, абырой, адамгершілік туралы моралдық ұсыныстарына сәйкес қоғаммен белгіленетін, сондай-ақ, қоғамдық пікірмен және ішкі сенім күшімен қорғалатын мінез-құлық ережесі. Мысалы, таңертең көршіңмен амандасу, қоғамдық көлікте қарт адамға орын беру, өзіңнен кішіге үлгі көрсету, ата-ананы қадірлеу.

**Әдет-ғұрып нормасы** — бұл адамдардың бір жайды көп қайталану әрекетінен әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Мысалы, ер адамдардың қол беріп амандасуы, құда болған адамдардың төс түйістіруі.

**Қоғамдық бірлестіктер (корпоративтік нормалар) нормасы** — қоғамдық ұйымдардың өздері белгілейтін және сол ұйымның жарғысында көзделген, қоғамдық әрекеттесу шараларының көмегімен қорғалатын, мінез-құлық ережесі болып табылады. Мысалы, композиторлар, жазушылар, суретшілер бақшашылар және т.б. одағының қатынастарын реттейтін нормалар. Басқаша сөзбен айтқанда, қоғамдық бірлестіктер нормасы – қоғамдық ұйымдардағы мүшелердің өзара қарым-қатынастарын және мінез-құлықтарын реттейтін, ішкі тәртіптік ережесі.

**Дәстүр нормасы** – жанұяда, жергілікті жерлерде, халықта және қызмет орындарында тіршілік әрекеті мен қоғамдық тұрмысты қалыпты ұстау мақсатында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мінез-құлық ережесі. Мысалы, жанұя дәстүрі – жаңа жылды жанұямен қарсы алу, туған күнді тойлау, жұмысқа кірісу кеші.

**Діни нормасы** – қасиетті жазбаларда сақталған, наным-сеніммен құрастырылған, діни ғалымдардың белгілеген ережесі.

**Құқық нормасы** – мемлекетпен танылған, бекітілген және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальді анықталған, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған мінез-құлық ережесі. Құқық нормасынан қоғамдық қатынастарға қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туындайды және осы ереже аталған субъектілердің әрекеттерін реттеуге бағыттайды<sup>4</sup>.

Заң нормасы - құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі. Сол себепті бұл нормаға ерекше әлеуметтік құбылыс ретіндегі құқықтың негізгі белгілерінің тән болуы заңды. Алайда, бұл «құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің бір екенін білдірмейді. Олар бір-бірімен бүтін және оның бөлігі ретінде байланысқа түседі.

Құқық нормасының түсінігін (құқықтық норма) заң шығарушы ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бап. 3-тарм. «Нормативтік-құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі» - деп бекітеді.

Құқық нормалары қоғамдық қатынастарға қатысушылардың әрекетіне әртүрлі әсер етеді. Бұл әрекетке міндеттей алады немесе белгілі бір әрекеттерді жасауға өкілеттілік береді ең болмаса әрекет жасауға тыйым салады немесе немесе әрекет жасауды көтермелейді.

**Құқық нормасының белгілері:**

- **жалпыға бірдей міндеттілік** мінез-құлық ережесі (адамдардың мүмкін және міндетті әрекеттеріне қатысты мемлекеттік биліктің нұсқауы (ережесі) ретінде көрініс табады).

- **формальды анықталған** – субъектілер әрекеттерінің шегі анықталатын, жазбаша түрде ресми құжаттармен сипатталатын мінез-құлық ережесі.

- **мемлекетпен байланысы** – мемлекеттік органдар орнықтырады және мемлекеттік әсер ету шараларымен, мәжбүрлеу және ынталандырумен,

<sup>4</sup> Қараңыз: Якушев В. Теория государства и права: Конспект лекций. — М., 1999. — С. 7.

қамтамасыз етіледі, алдын ала қоғамдық қатынасқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері анықталады.

- **ұсынушылық-міндеттемелік** сипаты – ол бір субъектілерге құқықтар берсе, келесі субъектілерге міндеттемелер жүктейді, себебі, құқықты міндетсіз, ал, міндетті құқықсыз жүзеге асыру мүмкін емес, бұл мінез-құлық ережесі бірнеше рет қолдануға және анықталмаған адамдар шеңберінде есептеледі, қоғамдық қатынастарды реттеуге (қорғауға) бағытталады, ереже бұзылған жағдайда ол мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Қорыта келе, осы белгілер негізінде құқық нормасының анықтамасы құрастырылады. Ұсынушылық-міндеттеуші сипат барлық заңдық нормаларда бірдей көріністе емес: - ол ең алдымен реттеуші нормаларда айқын көрінеді (азаматтық, еңбек, неке және жанұя және т.с.с.), онда субъектілердің құқықтарымен қатар міндеттері де бекітілген;

- қорғаушы нормаларда (қылмыстық, әкімшілік және т.б.) тыйымдар мен міндеттерді жүзеге асыруға үлкен назар аударылған;

- декларативті (жариялы) және дефинитивті (баяндайтын) нормаларда ұсынушылық-міндеттеуші сипат әлсіз сипатталған, не олар нақты мінез-құлық ережелері болып табылмайды.

Заңдық нормалардың ұсынушылық-міндеттеуші сипатын қарастырғанда нормативтік актінің бір бабында әрқашанда құқықтар да міндеттерде болуы мүмкін емес екенін ескерген жөн. Құқық бір бапта, ал, міндет осы нормативтік актінің басқа бабында немесе басқа нормативтік актінің бабында бекітілуі сирек емес. Сондай-ақ, заңның бабында нақты тек құқықтар көрсетіліп, ал, міндеттер заң мазмұнынан шығып, туындауы мүмкін. Керісінше де болуы мүмкін, онда тек міндеттер көрсетіліп, ал құқық содан туындайды. Көрсетілген белгі құқықтың құқық және міндет бірлігі қағидасын сипаттау үшін көрініс тауып отыр. Міне, неліктен сәйкесінше тұлғалардың шынайы міндеттерімен қамтамасыз етілмеген құқықтарды мақсаттық тілектер деп атауға болады.

Құқық нормасы - қоғамдық қатынастарды реттеуге және бұзуға жол берілген жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қарастыруға бағытталған мемлекетпен белгіленген немесе бекітілген формальды анықталған жалпыға бірдей мінез-құлық ережелері<sup>5</sup>. Құқық нормасының түсінігін (құқықтық норма) заң шығарушы ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бабының 3-тармағында — нормативтік-құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі — деп бекітеді.

---

<sup>5</sup> Лазарев В. В., Липень С. В. Теория государства и права. Учебник для вузов. — М., 2000. — С. 229-230.



## **Құқық нормасының топталуы (түрлері)**

Құқық нормасының жіктелуі құқықтық реттеу жүйесіндегі заңдық норманың орнын және рөлін нақты анықтайды, оның тағайындалуын және табиғатын терең тануға мүмкіндік береді. Құқық нормасы келесідей негізгі түрлерге бөлінеді:

**1. Құқық жүйесіндегі функционалдық қызметіне байланысты** қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу негізін, мақсатын, міндеттерін, шегін, бағытын анықтайтын, құқықтық нормалар: ұйымдастырушы, реттеуші, қорғаушы, қамтамасыз етуші, декларативті (жариялы), дефинитивные (баяндайтын), коллизиялы (қайшылықты), жедел және т.б. Бұл құқықтық нормалардың топтары мейлінше кеңінен таралған және құқық жүйесінде өзінің орны мен қызметі айқын тұрады.

**Ұйымдастырушы құқықтық нормалар** қағидалы нормалар қызметін орындайды. Аталған нормалар: қоғамдық-саяси құрылымның негізін қалыптастырады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітеді, саяси жүйенің негізін қалайды, құқықтық жүйенің негізін орнықтырады. Көрсетілген норманың үлгісі конституциялық норма болып табылады. («Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — ҚР Конституциясы 1-бап. 1-тарм.).

**Реттеуші нормалар** мінез-құлық ережесінің қызметін орындайды. Реттеуші нормалар құқық субъектілерінің құқықтық қатынастарға қатысушыларды ұсыну және оларға міндеттер жүктеу жолымен жүзеге асырылады. Бұл құқықтық нормалар әдетте адамдардың заңды мінез-құлқына есептеледі.

**Құқыққорғаушы нормалар** керісінше, құқыққа қарама-қайшы мінез-құлықпен есептелген. Олар әркезде санкциядан тұрады, мемлекеттік әрекеттесу шараларын көздейді, қылмыстық және әкімшілік құқық нормаларын табады.

**2. Құқық нормалары құқықтық реттеу пәні** бойынша құқықтық нормалар: конституциялық құқық нормалары, азаматтық құқық нормалары, азаматтық іс жүргізу құқықтық нормалары, қылмыстық құқық нормалары, қылмыстық іс жүргізу құқықтық нормалары, әкімшілік құқық нормалары және т.б.

**Конституциялық құқықтық нормалар**, мысалы, ҚР Конституциясының 23-бап:

«1. ҚР азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқыққорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.»

Азаматтық құқықтық нормалар, мысалы, ҚР АҚ 406-бап. 1-тарм. — сату-сатып алу келісім шарты бойынша бір тарап (сатушы) жеке меншік

мүлкін (тауарын), қолындағы шаруашылығын беру немесе жедел басқару үшін келесі тарапты (сатып алушы) міндеттейді, ал, сатып алушы бұл мүлікті (тауар) қабылдауға және соған белгілі бір ақшалай соманы (құнын) төлеуді міндеттейді.

Азаматтық іс жүргізу құқықтық нормалары (соттық қарау тәртібі).

Қылмыстық құқық нормалары (ҚР ҚК — ұрлық — бөгде мүлікті жасырын қымқыру).

Қылмыстық іс жүргізу құқығы (мысалы, қылмыстық істі қозғау тәртібі немесе іске қатысушының құқықтық мәртебесі).

Әкімшілік құқықтық нормалар (мысалы, ҚР ӘҚТК — сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің, депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттың сенім білдірген адамының, байқаушының құқықтарын бұзу) және өзге де салалық құқықтық нормалар.

**3. Құқықтық реттеу әдістері бойынша құқықтық нормалар:** императивтік, диспозитивтік, марапаттау.

**Императивтік нормалар** қатаң ережелер түрінде көрініс табады және құқық субъектілерінің қалауларынан тәуелсіз түрде әрекет етеді. Олар қоғамдық қатынасқа қатысушылар үшін қатаң міндетті және өзгеріске ұшырай мүмкін емес. Мысалы, ҚР Конституциясының 4-бап. 2-тарм. «Конституция ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» — яғни, бұл ҚР Конституциясына қайшы келетін нормалардың заңды күші болмайды деген қағида.

**Диспозитивтік нормалар** субъектілердің өзіндік қалау бостандығын білдіретін, заңды ережелерге сәйкес оларды қарастыратын мінез-құлық ережесін айтамыз. Әдетте, диспозитивтік нормалар азаматтық құқықта кездеседі. Мысалы, сату-сатып алу келісім шарты.

**Марапаттаушы нормалар** тиісті мемлекеттік органдар белгілі бір әрекеттің айқындалған мақсаттылығына жету үшін ынталандыру шараларын анықтау болып табылады. Мысалы, ақшалай сыйлық көлемінде ынталандыру туралы бұйрық, орденмен марапаттау туралы бұйрық.

**4. Құқық нормаларын шығарған субъектілер бойынша құқықтық нормалар:** мемлекеттен шыққан нормалар, азаматтық қоғамнан шыққан нормалар. Құқықтық белгілерінің сипатына байланысты бұл құқық нормалары: рұқсат беретін, міндеттейтін және тиым салатын.

**Рұқсат беретін нормалар** бұл субъектілерге белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты құқықтарды беретін, берген мінез-құлықты көрсетеді және «құқылы», «мүмкін» деген термин сөздермен айтылады. Мысалы, ҚР Конституциясы 13-бап. 2-тарм. «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар»

**Міндеттеуші нормалар** адамдардың нақты бір әрекетті жасауға міндеттілігін қалыптастырады (салық төлеу міндеті, әскери борышын өтеу, депутат міндетін орындау).

**Тиым салушы нормалар** нақты тиым салумен белгіленетін нормалар — олар қылмыстық құқықтық және әкімшілік құқықтық нормалармен байланысты.

**5. Кеңістіктегі әрекет ету аясына байланысты құқықтық нормалар:** жалпы әрекеттесу, шектеулі әрекеттесу, жергілікті әрекеттесу.

– **жалпы әрекеттесу нормалары** — елдің барлық аймақтарындағы бүкіл азаматтарға қатысты әрекет етеді (мысалы, Конституция нормалары);

– **шектеулі әрекеттесу нормалары** — қандай да бір шектеулі аймақтарда тұратын, азаматтарға қатысты әсер етеді (мысалы, Қарағанды облысы әкімінің «Әлеуметтік көмек көрсету мекен жайына келген адамдардың материалдық жай-күйіне тексеру өткізуге арналаған учаскелік комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» өкімі);

– **жергілікті әрекеттесу нормалары** — жекелеген мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылым мүшелеріне ғана арналған өзіндік әрекеттесу (мысалы, нақты бір министрлік, ведомства, кәсіпорын қызметкерлері үшін).

**6. Уақыт аралығындағы әрекетке байланысты құқықтық нормалар:**

– тұрақты, уақытша.

**Тұрақты нормалар** — нормативтік-құқықтық актілер қашан алынып тасталғанша немесе өзгерістер енгізілгенше шектеусіз мерзіммен жұмыс істейді (мысалы, 1993ж. ҚР Конституциясы 1995ж. Конституция қабылданғанға дейін қызмет етті)

**Уақытша нормалар** — нақты, арнайы көрсетілген уақыт аралығында қызмет етеді (мысалы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы 2016ж. арналған бюджеті туралы»);

**7. Азаматтардың түрлі санаттағы мәртебесінің мінез-құлық реттейтін,** адамдар айналасындағы құқықтық нормалар (мысалы, әскери қызметшілердің мінез-құлқын реттейтін, әскери жарғы нормалары, зейнеткерлерге қатысты бірқатар нормативтік-құқықтық актілер, әуедиспетчерлері, медициналық қызметкерлер және өзге де санаттағы адамдар).

**8. Құқықтық норма элементтерінің айқындалу дәрежесіне қарай:** абсолюттік айқындалған, салыстырмалы айқындалған, баламалы айқындалған.

– **абсолюттік айқындалған** — құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқығы мен міндеттерін, өзінің әрекет жағдайын, жазбаша нормаларды сақтамаудың салдарларын нақты анықтайды (мысалы, V-тарау, әкімшілік жауаптылықты болдырмайтын мән-жайларды белгілейтін, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі);

– **салыстырмалы айқындалған** — мінез-құлықтың мүмкін болатын жағдайларын анықтайды (мысалы, қылмыстық жазалаудың жоғары және төменгі шегін белгілейтін, ҚР Қылмыстық кодексі ерекші бөліміндегі баптардың санкциялары);

- **баламалы айқындалған** — бірнеше мүмкін болатын әрекеттердің нұсқасын бекітеді, оның ішінде, нақты бір жайдың есебінен таңдап алынады (мысалы, ҚР Қылмыстық кодексімен белгіленген нормалар, жазалау түрлері — бас бостандығынан айыру немесе түзету жұмыстары немесе айыппұл).

Міне осындай себептермен, түрлі негіздермен құқық нормасын топтасыруға болады және құқық нормасын тағайындау, оларды тәжірибе қызметінде ісе асыру маңыздылығына көп көңіл бөлу қажет деп ойлаймыз.

### **ҚҰҚЫҚ НОРМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Құқық нормасының құрылымы – бұл оның функционалдық дербестігін қамтамасыз ететін қажетті элементтердің реттелген бірлігі. Берілген құрылым норма қандай бөліктерден тұратынын және олар қалай өзара байланысқанын көрсетеді. Яғни, мұндай бөліктер үшеу: гипотеза (болжау), диспозиция (ұйғарым) және санкция (өтем).

**Құқық нормасының құрылымы** – бұл оның функционалдық дербестігін қамтамасыз ететін қажетті элементтердің реттелген бірлігі. Берілген құрылым норма қандай бөліктерден тұратынын және олар қалай өзара байланысқанын көрсетеді<sup>6</sup>. Қазіргі уақытта ғылымда құқық нормасына сәйкес үш құрылымдық бөліктердегі көзқарастарды ұстанады: гипотеза (болжау), диспозиция (ұйғарым) және санкция (өтем)<sup>7</sup>.

**1) гипотеза** – заңдық фактілерді бекіту жолымен анықталатын, оның әрекетін жағдайын көрсететін, (уақыты, орны, субъектілер құрамы және т.б.) құқық нормасының құрамдас бөлігі. Гипотезаның түрлері:

- **қарапайым гипотеза**, бір жағдайды ғана көрсетеді (мысалы, ҚР азаматтығына төл құжат алу үшін 16-жасқа толу қажет немесе ҚР Конституциясының 11-бап. 1-тарм. «Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды» — бір ғана шарт, 58-бап. 2-тарм. «Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ, олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы» және т.б.);

- **күрделі гипотеза** бір уақытта болуға тиіс екі немесе одан да көп жағдайды көрсетеді (ПО қызметкерлері зейнеткерлікке шығу үшін қызмет атқарылып, белгілі жасқа толу қажет немесе ЖОО орындарына түсу үшін орта білімі туралы куәлігі болып, белгіленген сынақтардан өтуі қажет).

<sup>6</sup> Байтина М.И., Бабаева В.К. нормы советского права. Проблемы теории — М., 2000. — С. 230.

<sup>4</sup> Қараңыз Недбайло П. Е. Применение советских правовых норм. — М., 1960. — С. 67; Мицкевич А. В. Акты высших органов советского государства. — М., С. 39.

- **баламалы гипотеза** жағдайлардың біріне нұсқау жағдайды (алдын алу шарасы қамауды қолданудың төрт жағдайының бірі болғанда мүмкін, мысалы, ҚР АҚ «егер сый алушы сый тартушының өміріне, жанұя мүшелерінің бірінің немесе жақын туыстарының өміріне қауіп тудырған жағдайда, яки, сый тартушыға дене жарақатын қасақана келтірген жағдайда, сый тартушы сыйлығын қайтарып алуға құқылы»).

**2) диспозиция** - гипотезада көрсетілген заңдық фактілерден туындайтын құқықтар мен міндеттерді бекіту көмегімен субъектілердің мінез-құлқын моделін анықтайтын, құқық нормасының құрамдас бөлігі. Диспозицияның түрлері:

- **қарапайым диспозиция** – мінез-құлқын мәнін ашпайтын, тек оның түрін атап көрсететін диспозиция (мысалы, ҚР Конституциясы 20-бап. 1-тарм. «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады»);

- **сипаттаушы диспозиция** – мінез-құлқтың барлық мәнді белгілерін сипаттайтын диспозиция (ҚР Конституциясы 40-бап. «Президент - мемлекет басшысы ең лауазымды тұлға немесе ҚР ҚК 99-бап. «Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру»);

- **сілтемелі диспозиция** - мінез-құлқтың амалы көрсетілмей, басқа нормасына сілтейтін диспозиция (мысалы, ҚР Конституцияның 57-бап. 2-тарм. көзделген, «Конституцияның 47-бап. 1-тарм. көзделген ретте, Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді, немесе ҚР ҚК 118-бап. «тән ауруын келтірген, бірақ осы кодекстің 117 - бабында көзделген зардаптаға әкеп соқпаған, ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттерін жасау»);

- **бланкеттік диспозиция** – заң нормаларына емес нұсқауларға ережелерге және басқаларға сілтеме жасайтын диспозиция (мысалы, ҚР ҚК 269-бап. «Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету).

**Санкция** – құқық нормасының құрылымындағы диспозицияның ережелерін орындамаған (бұзған) жағдайда болуы мүмкін қолайсыз салдарларды көрсетеді, яғни, диспозицияны жүзеге асыратын субъекті үшін салдарды қарастыратын құқық нормасының құрамдас бөлігі. Санкция көлемі мен сипатына (анықтау дәрежесі) қарай үшке бөлінеді:

- **абсолюттік анықталған санкция** — құқық нормасының талаптарын бұзған жағдайлардағы нақты жазалау түрі (мысалы, жұмыстан шығару, шенінен айыру, оқудан шығару және т.б.);

- **салыстырмалы анықталған санкция** — жазалау көлемінің шегін, ең кемі немесе ең жоғары, яки, ең жоғары, көрсетеді (мысалы: екіден бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру), көптеген санкциялар салыстырмалы анықталған болып табылады;

- **баламалы анықталған санкция** — жазаның бірнеше түрі көрсетілген, оның қажеттісін құқыққолданушы таңдауы тиіс (мысалы, бес

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе айыппұл салу); көпнесе санкция біруақытта баламалы және салыстырмалы анықталған бола береді.

**Санкция сипатына байланысты** жағымсыз–қолайсыз жазалау шаралары, сондай-ақ, жағымды – ынталандыру шаралары (мысалы, қызметтік міндеттерін адал нетпен орындағаны үшін қызметкерлерге ақшалай сыйлық беру).

Құқық нормасының әрекеті гипотезадан диспозицияға, диспозициядан санкцияға өтеді, яғни, анықталған гипотеза жағдайларынан шығу, заңды фактілер; диспозицияда мазмұндалған нұсқауларды орындау немесе орындамау; диспозиция талаптарын бұзған жағдайда санкцияда көрсетілген, қолайсыз салдарлардың болуы.

Құқық нормасының құрылым мәселелері даулы болып келеді. Бірқатар авторлар, құқық нормасын екі бөлімнен — гипотеза және диспозиция немесе диспозиция және санкциядан тұрады деген пікірлер айтады. Бірақ, көптеген заңгер-ғалымдар құқық нормасының құрылымын жоғарыда көрсетілген үш буынды (гипотеза, диспозиция, санкция) элементтерден тұратын жақтайды<sup>8</sup>. Құқық нормасының құрылымын қарастырғанда құқық саласына да назар аудару қажет. Егер ол қылмыстық-құқықтық немесе әкімшілік-құқықтық нормалар болған жағдайда, оларда диспозиция, санкция, гипотеза болуы мүмкін. Сонымен гипотеза құқық нормасының элементі ретінде бәрінен де бұрын болжам жасайды (былайша айтқанда ҚР ҚК ерекше бөліміндегі әрбір бап «егер» деген шылау сөзбен басталады — егер жасалған ұрлық — бөтен мүлікті жасырын ұрлау ... (ҚР ҚК 188-бап.); егер кісі өлтіру (ҚР ҚК 99-бап.). Конституциялық-құқықтық нормалардың көпшілігінде санкция болмайды, мысалы, Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығарушы қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. (ҚР Конституциясы 49-бап. 1-тарм.). Қорыта айтқанда, құқық нормасы құрылымының үш бөлігі (гипотеза, диспозиция, санкция) негізгі болып табылады.

Құқық нормасының құрылымындағы аталған элементтердің әрбіреуінің өз орны және ерекше қызметі бар, осылардың нәтижесінде заң нормасында қалыптасқан, әділеттіліктің орнауына әкеледі, сондықтан, гипотезасыз норма мәнсіз, диспозициясыз норма мүмкін емес, санкциясыз норма әлсіз.

---

<sup>8</sup> Қараңыз Недбайло П. Е. Применение советских правовых норм. М., 1960. С. 67; Мицкевич А. В. Акты высших органов советского государства. — М., С. 39.

## **Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы**

Құқық нормалары заң нормалары және заңға бағынышты акт нормалары болып бөлінеді. Заң нормалары өздерінің заңдық күшіне байланысты өзге де нормалардың арасында басты маңызды орынға ие болады, ал заңға бағынышты нормалар заң нормаларына бағынышты солардың негізінде және оларды жүзеге асыру үшін заңдарды орындау үшін шығарылады.

Құқық нормасы нормативтік акті бабының мазмұны болып табылса, бап құқықтық норманың нысаны болып табылады. Олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие. Мінез-құлық ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасын логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бір бабына енгізуі мүмкін, бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізуі мүмкін. Кейбір жағдайда құқық нормасы элементтерін әртүрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсетуі мүмкін.

Құқық нормасы мен нормативтік акті бабы бір ұғымдар емес, көп жағдайларда олар сәйкес келмеуі де мүмкін. Құқық нормасы – бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан құралған мінез-құлық ережесі, ал, заң шығармашылық актісінің бабы – бұл құқық нормасының жүзеге асырылу құралы, мемлекеттің ерік білдіру нысаны. Құқық нормасы баптардан, параграфтардан, тармақтардан, азат жолдардан құрастырылып, нормативтік-құқықтық актілердің мәтіні жасалып бекітіледі. Құқық нормасы нормативтік акті бабының мазмұны болып табылса, бап құқықтық норманың нысаны болып табылады. Олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие. «Бап — бұл нормативтік-құқықтық актінің жекелеген құрылым бөлігі, яғни онда, бір құқық нормасы. Бірнеше құқық нормасы және құқық нормасының бір бөлігі болуы мүмкін»<sup>9</sup>.

Мінез-құлық ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасын логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бір бабына енгізуі мүмкін, бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізуі мүмкін. Кейбір жағдайда құқық нормасы элементтерін әртүрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсетуі мүмкін.

Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының үш түрі болады:

а) тікелей тәсіл – құқық нормасы нормативтік акт бабының өзінде тікелей көрсетіледі;

ә) сілтемелі тәсіл – нормативтік акт бабы норманы толығымен ашпастан, осы актінің басқа бабына сілтеме жасайды;

б) бланкетті тәсіл – нормативтік акт бабы нақты бір бапқа емес, белгілі бір нормативтік акт түріне сілтеме жасайды.

---

<sup>9</sup> Теория государства и права. Учебник для вузов / Под ред. А. Ю. Ларина. — М., 2005. — С. 169.

Құқық нормасы құқық мазмұны ретінде, оның нысаны ретінде нормативтік актінің бабымен әртүрлі қатынастарға түседі:

- құқық нормасы және нормативтік-құқықтық актінің сәйкес келуі мүмкін (басқаша айтқанда бір құқық нормасы – бір бапта ҚР ҚК 106б. Ұрып-соғу. Тән ауруын келтірген, бірақ осы Кодекстің 105 бабында көзделген зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттерін жасау — жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға жазаланады). Құқық нормасы біреу. Диспозиция сілтемелі. Санкция «әкеп соқпаған» деген сөзден кейін басталады;

- нормативтік актінің бір бабында бірнеше құқық нормасы болуы мүмкін (ҚР Конституциясының 61-бап. 7 норма; ҚР ҚК 96-бап 14 құқықтық норма бар);

- құқық нормасының құрамдас бөлігін нормативтік актінің бірнеше баптарында сипаттау (ҚР ҚК 24-бап. 1-тарм. – қылмысқа дайындалу және 96-бап. 1-тарм. – кісі өлтіруге дайындалу).

Аталған жағдай құқық нормасының төмендегідей мән-жайларын анықтайды:

- нормативтік-құқықтық актілердің мақсаттары мен міндеттері;
- нормативтік-құқықтық актілердің логикасы;
- нормативтік-құқықтық актілердің логикасымен нақты құқықтық норманың өзара байланысы;

- құқық материалдарының орналасу сыйымдылығы мен қол жетімділігі;

- сол және өзге де нормалардың орналасу тәсілдерінің қолайлылығы;

- заң шығарушының субъективтік еркінділігі және өзге де факторлар

Нормативтік-құқықтық актілер баптарында құқық нормасының орналасу тәсілдеріне қарамастан, іс жүзінде үш мүшелік құрылымнан (гипотеза, диспозиция, санкция) тұратындығын ескеру қажет. Егер құқықтық актінің бабында норманың қандай да бір элементі мазмұндалмаса (мысалы, гипотеза немесе санкция), олар басқа баптарда мазмұндалуы керек екендігіне назар аудару керек.



### 1.3. ҚҰҚЫҚ НЫСАНДАРЫ

«Құқық нысаны» ұғымы сан ғасырлардан бері өмір сүріп келеді. Барлық елдердің құқықтанушылары сан ғасыр бойы оны талқылайды және қабылдайды. Құқық теориясында мұның бірнеше мағыналық жақтары болады:

- материалдық жағы — мемлекеттік билікті айқындайтын, қоғам өмірінің материалдық жағдайлары;
- формалдық-заңдық жағы — билік басында тұрған, саяси күштердің еркін заңға араласу тәсілдерінің жиынтығы (заңды прецедент, құқықтық әдет-ғұрып, нормативтік-құқықтық акт...);
- таным қайнар көзі ретінде — қазіргі уақытқа дейінгі жеткен, түрлі тарихи құжаттар, діни көзқарастар.

Құқық нысанының формалдық-заңдық жағы туралы айта кетер болсақ, мұнда құқық адамдардың санасында нормативтік бекітулер ретінде қалыптасады, бірақ, ол одан тыс көрініс тауып бекітілуі мүмкін<sup>10</sup>.

Құқық нысаны — халық еркіндігінің бекітілуінің сыртқы тәсілі болып табылады. Құқықтың сипатталуы мен көрініс табу нысанын арнайы құқық термині ретінде құқықтың қайнар көзі деп те атайды. Сондай-ақ, құқық нысаны қоғамдық маңызы бар «қайнар көздер» ретінде шығарылса, құқық саласында құқық шығарушы күш ретінде танылуы әбден мүмкін. Мұндай күш мемлекеттік билік болып табылады, ол қоғамның қажеттілігін, қоғамдық қатынастардың дамуын және тиісті құқықтық шешімдердің қабылдануын қадағалайды. Ал, халықтың еркін қалыптастырудың екі жолы бар: біріншісі, Құқық шығармашылық жолымен, яғни, мемлекеттің және оның органдарының нормативтік-құқықтық актілерді шығару. Сонымен қатар, құқық нысаны мемлекеттің еркімен жасалған нысан ретінде мемлекеттік-құқықтық шешімдерден тұрады.

Құқық нысаны — арнайы заңгерлік термин ретінде үш маңызды мағынадан тұрады<sup>11</sup>:

- құқық нысанын құрайтын күш;
- құқық нысанының пайда болуына ықпал ететін жағдай;
- құқық туралы ілімнің қайнар көздері.

Құқық нысанын құрайтын күш қоғам (халық) мен мемлекет болып табылады. Мемлекеттің де, құқықтың да алғашқы қайнар көздері халық. Қоғам дамуының алғашқы сатысында сол немесе өзге де құқықтық нормалардың қажеттілігіне қарай әлеуметтік нормалары құрылады. Халық — мемлекеттік биліктің қайнар көзі — мемлекеттік органдарды қалыптастырады. Мемлекеттік органдар қоғамның еріктілігін негіздей отырып, нормативтік-құқықтық актілер шығарады және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен бекітеді.

Құқық нысанының пайда болуына ықпал ететін жағдайлар:

- мемлекеттің экономикалық дамуы;

<sup>10</sup> Қараңыз: *Алексеев С.С.* Теория государства и права: Конспект лекций. — М., 1985. — С. 69.

<sup>11</sup> Қараңыз: *Якушев А. В.* Теория государства и права: Конспект лекций. — М., 2001. — С. 101-102.

- меншіктілік қатынастар;
- саяси құрылыс (мемлекеттік билікке байланысты қатынастарды қоса алғанда);
- қоғамның құқықты сезінуі;
- өткен Құқық шығармашылық әдіс-тәсілдер, сондай-ақ, заңгерік және саяси ілім-білімдер және доктриналар.

Құқық нысанының мазмұны ресми мемлекеттік құжат болып табылады. Аталған құжат формалды-заңгерлік ұғымда құқықтың қайнар көзі (құқық нысаны).

Міне осы себептен де, құқықтың қайнар көзі немесе құқық нысаны сол мемлекетте қызмет ететін, құқық нормасын жасайтын және бекітетін (сондай-ақ, өзгертулер мен тоқтатулар) ресми нысан болып табылады<sup>12</sup>. Сонымен қатар, құқық (қайнар көдері) нысаны «заңмен мемлекеттің еріктілігін көрсететін, мемлекеттік қызметпен байланысты» болып келеді<sup>13</sup>.

Позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі болып, оның формальды сипаты табылады. Оны құрайтын нормалар заңдарда немесе мемлекетпен танылатын басқа да қайнар көздерде көрініс тапқан жағдайда заңды, жалпыға міндетті болып танылуы мүмкін.

Құқық нысандары – бұл құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру.

Құқық нысандарына ресми сипат тән, оларды мемлекет таниды, бұлар ондағы нормаларды мемлекеттің қолдауын қамтамасыз етеді. Халықтың еркін қалыптастырудың екі жолы бар:

- Құқық шығармашылық жолы арқылы – бұл жағдайда нормативтік құжаттарды құзіретті мемлекеттік органдар қабылдайды, яғни, тікелей мемлекет шығарады;

- санкциялау жолы арқылы – бұл жағдайда мемлекеттік органдар белгілі бір түрде әлеуметтік нормаларды (әдет-ғұрып, корпоративтік нормалар) қолдап, оларға заңды күш береді.

Құқық нысандарының түрлері:

- санкцияланған әдет-ғұрыптар – бұл адамдардың санасынан орын алған және көп рет қолданылуының нәтижесінде әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережелеріне мемлекеттің жалпыға міндетті мән беріп, оларды орындауды өзінің мәжбүрлеу күші арқылы кепіледенуі. Әдет-ғұрып нормаларына заңды мағына беретін мемлекет санкциясы екі түрлі жолмен беріледі: а) нормативтік актілерде әдет-ғұрып нормаларына сілтеме жасау арқылы; ә) оларды сот шешімдерінде және басқа да мемлекеттік органдар актілерінде іс жүзінде тану арқылы.

Әдет-ғұрып — тарихи қалыптасқан және әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Құқықтық (санкцияланған) әдет-ғұрып, мемлекет заңдық күш, санкция берген, әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі

<sup>12</sup> Қараңыз: Теория государства и права / Под ред. Марченко. Т. 2. С. 133.

<sup>13</sup> Теория государства и права: Учебник / Под ред. С. С. Алексеева. — М., 1985. — С. 69.

ретінде көрініс табады. Санкциялау дегеніміз мемлекетпен бекіту деген сөз. Басқаша айтқанда, құқықтық әдет-ғұрып — мемлекеттен туындамайтын тек онымен танылатын құқықтың қайнар көзі. Құқықтық әдет-ғұрыпқа құлиеленушілік құрылыстағы феодалдық құқықтың ескерткішін жатқызуға болады: Қазақстанда «Жеті Жарғы», Үндістанда «Ману заңы». Германияда «Солистік шындық», Ресейде «Русская правда». Сонымен құқықтық әдет-ғұрып құқықтың әлде қайда ежелгі нысаны, мемлекеттік мәжбүрлеумен бекіген, мемлекетпен санкцияланған, жалпыға міндетті болып жарияланған. В. Н. Хропанюктің<sup>14</sup> пікірімен келісуге болады, қазіргі уақытта құқықтық әдет-ғұрып болып нормативтік актінің тиісті бабында оның мазмұнын көрсетпей сілтеме жасалатын әдет-ғұрып саналады. Егер оның мәтіндік сипаты құқықтық норманың мазмұнына қоса кіретін болса, оны құқықтық әдет-ғұрып деп санауға болмайды: онда әдет-ғұрып мәні бойынша басқа сипатқа ие болады және жаңа құқық нормасына айналады. Әдет-ғұрып бұдан бұрынғыдай әлеуметтік норманың түрі ретінде өзінің мәнін жоғалтпайды және сақтайды. Еш күмәнсіз барлық халықтардың әдет-ғұрыптарының жүйесінде қоғамның ұлттық және өнегелік қабатын көтермелейтін қоғамдық — пайдалы талаптар болғаны белгілі. Ондай әдет-ғұрыптар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде үлесті орынға ие болған. ҚР азаматтық заңнамасының 3-бап. 4-тармақшасы бойынша құқықтық әдет-ғұрыптарды қолдануға жол берілген.

- сот прецедент – бұл ұқсас істерді шешуде басшылыққа алынатын және жалпыға міндетті заңды мағынаны иеленетін нақты бір заңды істі шешудегі соттық немесе әкімшілік шешім.

Сот прецеденті келешекте ұқсас істерге үлгі болатын нақты сот ісі бойынша шешім. Сот прецеденті шешім шығару кезінде заңнамада қажетті норма болмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұдан шығатыны, прецедент кезінде Құқықты қолдану функциясын орындайтын органдар құқық шығармашылық органдарының функцияларын өздері иеленеді. Қазіргі уақытта прецедент англосаксондық құқық жүйесі орнаған елдерде Англияда, Үндістанда, АҚШ-та қолданылады.

Соттың барлық шешімдері мен үкімдері барлық өзге соттар үшін міндетті емес, ал тек, істің мәні, «өзегі» және соттың құқықтық пәзіциясы сот прецедентінің мәні болып табылады. Сот прецедентін кез келген сот құрмайды, ережеге сай сот жүйесінің жоғарғы органы құрады. Мысалы. АҚШ-та әлдеқайда маңызды істерді қарастыратын Жоғарғы Сот. Сондай-ақ, мысалы, АҚШ-та әйел мен ерлердің конституциялық теңдігін қамтамасыз етуде Ролинсон (1977 ж.) ісі бойынша шығарылған сот прецеденті себеп болды. Бұл жерде әйел адамды абақты қадағалаушысы қызметіне қабылдамады, абақты басшысының пікірі бойынша бұл әйел осы жұмысқа дене бітімі бойынша (салмағы шамамен 54 кг, бойы 160 см) сай келмеді. Аймақтық сот абақты басшысына, әйел адам тұтқындалғандардың тән тояттық сезімін қоздырып өзіне бағыттау мүмкіндігі бар деген себеппен

<sup>14</sup> Хропанюк В. Н. Теория государства и права: Уч. поС. — М., 1993. — С. 179-209.

әйелдің талап арызынан бас тартады. Жоғарғы Сот Ролинсонның талап арызын қанағаттандырады және сот жалған пайымға беріліп қателік жасаған — егер тұтқындар тәртіп ережелерін бұзса және қадағалаушыларға шабуыл жасаса, оларды жазалау керек деп көрсетеді<sup>15</sup>. Осылайша әйелдердің құқын кемсітуге болмайды.

Романо-германдық (континентальдық) құқықтық жүйеде, соның ішінде, Қазақстан Республикасында сот прецеденті құқық қайнар көзі ретінде танылмайды. Сот прецедентін құқықтың қайнар көзі деп танушылардың қарсыластары өз пікірлерін әдетте былайша сипаттайды, уақыт өткен сайын сот шешімдері көбейіп жиналып қалады және бұларды бақылап жіктеу қиын, сондықтан соттың адасуына әкеп соғады<sup>16</sup>.

Дегенмен, заң әдебиеттерінде басқа да көзқарастар орын алған. Қазіргі әлемде құқықтық жүйесінде тек ғана сот прецеденті әрекет ететін мемлекеттер жоқ. АҚШ-та және Англияда да сот прецедентімен қатар заңдар әрекет етеді. Тіпті, англо-саксон құқықтық жүйесінде мынадай үрдіс байқалады, яғни, статуттық құқықтың үлес салмағы ұлғайып келеді, ал романдық-құқықтық жүйеде (Франция, Германия және т.б.) прецеденттік құқық салмағы ұлғаяуда»<sup>17</sup>.

- нормативтік шарт – бұл екі немесе одан да көп субъектілердің жалпыға міндетті заң нормаларынан құралған келісімі, халықаралық-құқықтық өмірде ерекше орын алады. Нормативтік шарттардың өзіндік мынадай белгілері бар:

- жалпы сипаттағы норма мазмұндалады;
- келісімдердің еріктілігі;
- тараптардың жалпы мүдделілігі және олардың барлық маңызды аспектілер бойынша келісімі;
- тараптардың теңдігі;
- баламалық және шындығында шығынды өтеушілік;
- қабылданған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін тараптардың өзара жауаптылығы;
- құқықтық қамтамасыз ету.

Нормативтік шарттар мейлінше өте кеңінен конституциялық, еңбек, азаматтық, халықаралық құқықтарда пайдаланылады. Олар: мемлекет ішінде және халықаралық, мекемелік және әдеттегі, тұрпатты және ағымдағы болып бөлінеді. Нормативтік шарттарға мемлекет аралық және халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық шарттарды жатқызуға болады. Мысалы. ТМД елдері бекіткен, азаматтық, жанұялық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция, «азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы» Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы келісім-шарт және т.б.

<sup>15</sup> Қараңыз: Венгер А. С. Теория государства и права. — М., 2000. — С. 351.

<sup>16</sup> Наумов А. Судебный прецедент как источник уголовного права // Российская юстиция. — 1994. — № 1. — С. 8.

<sup>17</sup> Ведель Ж. Административное право Франции. — М., 1973. — С. 57-61 // (Қараңыз Общая теория государства и права. Академический курс / Под ред М. Н. Марченко. Т. 2. С. 137.

Құқықтың қайнар көзі тек нормативтік келісім-шарт болып табылатынын ескеру қажет. Егер келісім-шарт қызметкер мен әкімшілік арасында жасалған болса, онда көрсетілген жағдайда құқықтың қайнар көзі шарттың негізі болатын нормативтік-құқықтық акт болады. Шарт мұндай жағдайда жеке акт деп аталады, ал, нормативтік шартта құқықтың қайнар көзі ретінде әрқашан құқық нормалары болады.

ҚР Конституциясының 4 бабында бекітілген:

«3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару, талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді ресми түрде жариялау, оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады».

- құқықтың жалпы қағидалары – бұл құқықтық жүйенің негізгі бастамалары. Мысалы, заңнамалық норма, міндетті прецедент немесе әдет нормасы болмаған жағдайда заңгерлер әділеттілік, ар-ождан, құқықтың әлеуметтік бағыттылық қағидаларына негізделуі мүмкін (ГрЕңия, Испания, Ауғанстанның азаматтық кодекстері.

- діни мәтіндер – бұлар, әсіресе, мұсылмандық құқыққа тән. Ең алдымен, бұл Құран мен Сүннет.

Құран – бұл діни-моральдық ережелерден құралған, Алланың сөздері, өсиеттері және нақылдарының жиынтығы түріндегі қасиетті кітап;

Сүннет – бұл Мұхаммед Пайғамдар ғ.с. өмірі мен мінез-құлығын сипаттайтын хадистердің жиынтығы;

Иджма – беделді ислам заңгерлерінің шығарған шешімдері, ол жоғарыда аталған қайнар көздер қамтымай өткен мәселелерге қатысты шығарылатын, бұл жағдайда судьялардың дербес қалауы қолданылады;

Фетва – қоғамдық өмірдің жекелеген мәселелеріне қатысты ақсүйектер билігінің шығарған шешімдеріне қатысты беделді жоғарғы дінбасыларының жазбаша қорытындысы.

- нормативтік-құқықтық актілер – бұл құзыретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар. Оларға Конституция, заңдар мен заңға сәйкес актілер жатады. Нормативтік-құқықтық акт — құқық нормасын құрайтын, мемлекеттің Құқық шығармашылық акт болып табылады. Бұл құқықтың қайнар көздерінің арасында ерекше маңызға ие, құқық нысаны әлемде мейлінше кеңінен қолданылатын негізгілердің бірі болып келеді. Бұл туралы кеңінен келесі сұрақты қарастыру барысында тоқталамыз.

## Нормативтік-құқықтық актілер түсінігі және түрлері

Нормативтік-құқықтық акт әлемнің барлық құқықтық жүйесінде басымдылық танытатын құқықтың қайнар көзі. Олармен біз әрқашан кездесеміз, олар бізбен барлық жағдайда бірге болады: жұмыста, демалыста, емделуде. Бұл Конституция, заңдар, нормативтік сипаттағы Президенттің жарлықтары және т.б. нормативтік-құқықтық акт бірқатар даусыз қасиеттерге ие болады<sup>18</sup>:

1. Нормативтік акт жедел түрде шығарылып, өзінің кез-келген бөлігінде өзгеруі мүмкін, бұл әлеуметтік үрдістерге салыстырмалы шапшаң көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

2. Нормативтік актілер, ережеге сәйкес белгілі бір жүйелендірілген, мұны қолдану және жүзеге асыру үшін қажетті құжатты тез арада іздестіруге мүмкіндік береді.

3. Нормативтік актілер құқық нормасының мазмұнын нақты бекітуге мүмкіндік береді, бұл бірыңғай саясатты жүргізуге, ерікті талқылауға және қолдануға жол бермеуге әкеп соқтырады.

4. Нормативтік актілер мемлекеттен қолдау табады, онымен қорғалады. Нормативтік акті талаптары бұзылған жағдайда оны бұзушылар заңның негізінде қудаланады және жазаланады.

Доцент В.Л. Кулапов та нормативтік-құқықтық актінің бірақатар белгілерін бөліп көрсетеді<sup>19</sup>:

- нормативтік акт мемлекеттің құзыретті органдар мен лауазымды тұлғалардың Құқық шығармашылық қызметінің нәтижесі;

- олар жалпыға міндетті мінез-құлық ережесінен тұрады;

- ондағы нұсқаулар мемлекеттік ерікті сипаттау болып табылады;

- негізгі процессуалдық тәртіпте қабылданып, жүзеге асырылады;

- қатаң анықталған құжаттық нысанға (заң, жарлық, қаулы) ие;

- нақты өмірлік жағдайларды (олар персонифицирленбеген субъектілердің анықталмаған санына бағытталады) емес, ұқсас бұқаралық қатынастарды реттеуге бағытталған;

- тұрақты не ұзақ уақытқа есептелген.

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бабында оның түсінігі бекітілген: нормативтік-құқықтық акт референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

Құқықтың барлық қайнар көздері екі топқа жіктелуі мүмкін:

- нормативтік-құқықтық актілер (заңдар, жарлықтар, қаулылар, ережелер, шарттар);

- нормативтік емес сипаттағы басқа құқықтың қайнар көздері (құқықтық әдет-ғұрыптар, сот прецеденттері және шешімдері).

<sup>18</sup> Теория государства и права: Под ред. В.М.Корельского и В.Д.Перевалова. М. 1997., С. 288

<sup>19</sup> Қараңыз Теория государства и права: Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. — М., 1999. — С. 334.

Аталмыш жағдайда нормативтік заңдық актілерді шектеудің өлшемдері ретінде және заңдық құжаттар құқық нормасынан, мемлекетпен бекітілген жалпы мінез-құлық ережелерінен тұрады.

Нормативтік-құқықтық актілер:

- дифференциялады, себебі мемлекет механизмі, заңдық актілерді шығарумен жүзеге асырылатын, белгілі құқық шығармашылық құзыреттері мен маңызды көлемді басқа қызметтері бар тармақталған құрылым болып табылады;

- сатыланған, (мемлекет Конституциясы басты рөлде болғанда), не бұл жүйе түрлі ұлы заңдық актінің күші негізінде құрылады, оның нәтижесінде төменгі тұрған құқықтың қайнар көздері жоғары тұрғандарға қатысты тәуелді болады және оларға қайшы келмеуі керек.

Бұл көрсетілгендерден байқайтынымыз, кез-келген алдыңғы қатарлы мемлекеттерде құқықтың қайнар көздері реттелген, бірақ, сонымен қатар олар қатаң жүйе құруы екіталай, әсіресе, заңға бағынышты Құқық шығармашылық актілері, құқықтық әдет-ғұрыптар және прецеденттер. Бәрінен бұрын бұл белгілі бір құқықтық тәртіпті орнататын нормативтік және өзге заңдық актілердің жиынтығы. Сонымен, нормативтік акт бұл жалпыға міндетті заңдық нормалардан (мінез-құлық ережесі) тұратын және мемлекеттің құзырлы органдарымен құрылған ресми құжат. Өз кезегінде нормативтік-құқықтық актілер мынандай түрлерге бөлінеді:

- құқық теориясының көзқарасынан, заңдық күші бойынша заңдар және заңға бағынышты актілер;

- әрекет ету саласы бойынша тұрақты және уақытша;

- «Құқықтық актілер туралы» заңға сәйкес негізгі және туынды болып бөлінеді;

Нормативтік актілер құқық жүйесінде өзара белгілі бір бағыныштылықта болады және сондықтан да бірдей емес заңдық күшке ие. Нормативтік актінің заңдық күші қандай орган қабылдағанына және бұл орган мемлекет механизм жүйесінде қандай орын алатына байланысты. Мемлекеттік аппарат жүйесінде мемлекеттік органның орны жоғары болған сайын қабылданған нормативтік-құқықтық актінің заңдық күшінің дәрежесі соншалықты жоғары болады. Нормативтік-құқықтық актінің заңдық күшін басқа да нормативтік-құқықтық актілердің мүмкіндігімен салыстырған кезде оның құқықтық мүмкіндігі ретінде түсінуге болады. Нормативтік-құқықтық акт заңдық күші бойынша заңдар және заңға бағынышты актілер деп бөлінеді.

Заң түсінігі Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бап. 1-тарм. былайша бекітілген: «ҚР Парламенті қабылдаған, ҚР Конституциясының 61-бап. 3-тарм. қарастырылған, негізгі қағидалар мен нормаларды белгілейтін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормативтік-құқықтық акт».

Құқық теориясында келесі анықтама берілген: заң мемлекеттің және қоғамдық өмірдің әлдеқайда маңызды саласын реттейтін және ерекше

тәртіппен қабылданатын, жоғары заңдық күшке ие нормативтік-құқықтық акт. Заңға негізделген және оған қайшы келмейтін барлық қалған нормативтік актілер заңға бағынышты деп аталады. Конституцияға қайшы келетін заңға бағынышты актілердің заңдық күші болмайды. Заңға бағынышты актілерге жатады: Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, министрліктердің, ведомствалардың, департаменттердің нұсқаулықтары, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының қаулылары мен шешімдері.

«Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 3 бабына сәйкес нормативтік-құқықтық актілер негізгі және туынды болып бөлінеді.

Нормативтік-құқықтық актілердің **негізгі түрлері**:

- 1) Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар;
- 2) ҚР Президентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлықтары; ҚР Президентінің Заң күші бар жарлықтары; ҚР Президентінің өзге де нормативтік-құқықтық Жарлықтары;
- 3) ҚР Парламенті мен оның палаталарының нормативтік қаулылары;
- 4) ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары;
- 5) ҚР Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының және ҚР Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;
- 6) ҚР министрлері мен өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік бұйрықтары;
- 7) мемлекеттік комитеттердің нормативтік қаулылары, өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары;
- 8) мәслихаттардың нормативтік-құқықтық шешімдері, әкімияттардың нормативтік-құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік-құқықтық шешімдері.

Нормативтік-құқықтық актілердің **туынды түрлері**:

- 1) регламент — қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық акт;
- 2) ереже — қандай да бір мемлекеттік органның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін нормативтік-құқықтық акт;
- 3) қағида — қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік-құқықтық акт;
- 4) нұсқаулық — заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын көрсететін нормативтік-құқықтық акт.

Туынды түрлердегі нормативтік-құқықтық актілер негізгі түрлердегі нормативтік-құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен бір тұтастық құрайды. Туынды түрдегі нормативтік-құқықтық актінің нормативтік-құқықтық актілер сатысында алатын орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен анықталады. Нормативтік-құқықтық актілер сатысы көрсетілген заңның 4 бабында көрсетілген.



## **Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері**

Нормативтік акт құқық жүйесінде өзара белгілі бағыныштылықта болады және сондықтан да біркелкі емес заңдық күшке ие. Нормативтік актінің заңдық күші қандай орган қабылдағанына және бұл орган мемлекет механизмі жүйесінде қандай орын алатына байланысты. Мемлекеттік аппарат жүйесінде мемлекеттік органның орны жоғары болған сайын қабылданған нормативтік-құқықтық актінің заңдық күшінің дәрежесі соншалықты жоғары болады. Нормативтік-құқықтық актінің заңдық күшін басқа да нормативтік-құқықтық актілерді мүмкіндігімен салыстырған кезде оның құқықтық мүмкіндігі ретінде түсінуге болады. Нормативтік-құқықтық акт заңдық күші бойынша заңдар және заңға бағынышты актілер деп бөлінеді.

Заң тек заң шығарушы билік немесе референдум арқылы қабылданады. Заңды әзірлеу және шығару тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда және Парламент палаталарының регламентінде анықталады, оның мазмұнында халықтың еркі мен мүддесін көздеуге тиіс. Жоғарғы заңдық күшке ие болып келеді (барлық заңға бағынышты актілер оған сәйкес келуге тиіс, оның нұсқауы негізінде және нұсқауының орындалу барысында қабылданады, яғни, заңға бағынышты болуы керек). Өте маңызды, іргелі қоғамдық қатынастарды реттейді. Әлбетте, осы мәндегі сипаттары нормативтік-құқықтық актілер жүйесіндегі заңды бөліп көрсетеді және оның үстемділік қасиетін айқындайды. Заңды, қатан келісілген тәртіппен ғана оны қабылдаған орган өзгертуге немесе тоқтатуға құқылы.

Заң түсінігі Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бап. 7-тармағында бекітілген – бұл қоғамдық қатынастарды реттейді, ҚР Конституциясы 61-бап. 3-тарм. көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін - ҚР Парламенті қабылдайтын нормативтік-құқықтық акт.

Құқық теориясында былайша анықтама береді: заң – мемлекеттің және қоғамдық өмірдің әлде қайда маңызды саласын реттейтін және ерекше тәртіппен қабылданатын, жоғары заңдық күшке ие нормативтік-құқықтық акт. Заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

### **Заңның белгілері:**

- заң – бұл құқықтық жүйеге заң нормаларын енгізуге, оларды жоюға немесе өзгертуге байланысты құқық шығармашылық әрекеттер бекітілген заң актісі;

- заң – бұл мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғары органдарының актісі;

- заң – бұл құқықтық жүйеде бұрын болмаған және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты міндетті нормалардан құралған нормативтік акт;

- заң жоғары заң күшіне ие. Бұл мынаны білдіреді:

а) қалған барлық құқықтық актілер заңдарға негізделуі және оларға қарама-қайшы болмауы тиіс. Кез-келген басқа акт заңға қайшы келген жағдайда басымдылық соңғысына беріледі,

ә) заңды кез-келген басқа орган бекіте алмайды,

б) оны қабылдаған органнан басқа ешкім заңды өзгерте немесе оның күшін жоя алмайды.

### **Заңның түрлері:**

- Конституция – бұл басқарудың және мемлекеттік құрылымның нысанын, сот әділдігі жүйесін анықтайтын, конституциялық құрылымды, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі саяси-құқықтық акт;

- конституциялық заңдар - Конституциямен көзделген және онымен байланысты мәселелерге қатысты қабылданады;

- ағымдағы заңдар – бұл қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жақтарына арналған ағымдағы заңнама актілері.

- төтенше заңдар – бұл экономикалық, әлеуметтік себептерден туындаған төтенше жағдайларда қабылданады. Олар уақытша сипатта болады.

Заңдар әрекет ету мерзімі бойынша былайша жіктеледі:

- тұрақты заңдар (ҚР Конституциясы, ҚР Азаматтық туралы заңы);

- уақытша заңдар (ҚР 2015ж. бюджет туралы).

Заң көп бейнелі, сондықтан оны былайша да жіктеуге болады. Әрекет етуші заңнамалар жүйесіндегі мәнділігіне байланысты конституциялық және ағымдағы заңдар.

Конституциялық заңдар қоғамдық және мемлекеттік құрылымның тұғырын қалайды, ал, ағымдағы заңдар үшін базалық қызмет атқарады. Олардың қатарына Конституция. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар және оның мазмұнын нақтылайтын заңдар жатады. Конституция мемлекеттің Ата заңы болып табылады. Оның мәні мұнда, ол қоғамдағы саяси күштің орнын айқындайды. Заңдық және деректік Конституциялар бар. Деректік Конституция қоғамдағы нақты қатынасты бейнелейді, осы қатынастардың құқықтық рәсімделуін заңды елестетеді. Бізде 2017ж. 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген конституциялық заңға мысал бар. Негізгі әрекет етуші заңның толық атауы 1995ж. 30 тамыздағы, 2017ж. 10 наурыздағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасында конституциялық заңдардың тізімі қанағаттанарлықтай деуге болады. Бұл жоғарғы мемлекеттік органдар туралы конституциялық заңдар - ҚР Президенті туралы, ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы, Үкімет туралы, Жоғарғы Сот туралы, Конституциялық Кеңес туралы.

Ағымдағы (кәдімгі) заңдар конституциялық заңдардың негізінде және оларды орындау үшін қабылданады, ағымдағы заңнаманы құрайды және

елдiн түрлi экономикалық саяси, мәдени жақтарын реттейдi. Олардың iшiнен органикалық (жүйеленген) заңдарды және төтенше (ерекше) заңдарды бөлiп көрсетедi. Органикалық жүйеленген заңдар қоғамдық өмiрдiн белгiлi бiр саласын кешендi реттейтiн мақсатты акт ретiнде көрiнiс табады. Мысалы, 2014ж. ҚР Азаматтық кодексi (жалпы бөлiм), 2014ж. ҚР Қылмыстық кодексi, 2015ж. ҚР Еңбек туралы заңы.

Төтенше заңдар экономикалық, әлеуметтiк себептерден туындаған төтенше жағдайларда қабылданады. Олар уақытша сипатта болады.

### **Нормативтiк актiлердiң уақыты, кеңiстiк жағынан және тұлғалар бойынша қолданылуы**

Құқық нормаларын жүзеге асыру барысында бекiтiлген уақыт аралығында белгiлi бiр аймақта белгiлi адамдар тобының мiнез-құлқын реттеу үшiн нормативтiк-құқықтық актiлердiң әрекет ету шегiн бiлу құқық қорғау Құқықты қолданушы органдар үшiн ерекше маңызды.

ҚР «Құқықтық актiлер туралы» заңында нормативтiк-құқықтық актiлердiң әрекет ету шегiн орнату бекiтiлген және VII бөлек бөлiмде көрсетiлген.

Нормативтiк-құқықтық актiнiң уақыт бойынша әрекет етуi екi кезендi қамтиды:

- актiнiң күшiне енуi;
- әрекет етуiн тоқтату уақыты.

Заңның 36-бабы «Нормативтiк-құқықтық актiлердi күшiне енгiзу уақытын» былайша көрсетiп тұр:

1) Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президенттiнiң Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулылары, егер актiлердiң өзiнде немесе оларды күшiне енгiзу туралы актiлерде өзге мерзiмдер көрсетiлмесе, олар алғаш рет ресми жарияланғаннан кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң;

2) Қазақстан Республикасы Парламентiнiң, оның палаталарының қаулылары, егер актiлердiң өзiнде өзге мерзiмдер көрсетiлмесе, алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесiнiң шешiмдерi - олар қабылданған күннен бастап күшiне енедi.

Жеке нормативтiк-құқықтық актiлерде немесе оларды енгiзу актiлерiнде жеке бөлiмдердi, тарауларды, баптарды енгiзу уақыттары көрсетiлуi мүмкiн.

Заңның 37-бабы «Нормативтiк-құқықтық актiнiң керi күшiнiн маңызын - ол оны күшiне енгiзiлгенге дейiн пайда болған қатынастарға қолданылмайды - деп түсiндiредi»

Заңға керi күш беру екi жағдайда мүмкiн:

- егер заңның өзiнде ол туралы айтылса;
- егер заң жауапкершiлiктi жеңiлдетсе немесе тiптен алып тастаса.

Егер де нормативтік-құқықтық актілер керісінше жауапкершілікті күшейтсе, азаматтарға жаңа міндеттер жүктесе немесе олардың жағдайын нашарлатса, онда олар кері күшке ие болмайды.

Заңның 39-бап нормативтік-құқықтық актінің қолданылу мерзімін орнатады. Ол мерзімсіз әрекет етуі мүмкін, егер актінің өзінде өзге көрсетілмесе. Мысалы. «ҚР Президенті туралы» конституциялық заң немесе «ҚР Ішкі істер органдары туралы» ҚР Президентінің заңдық күші бар жарлығы.

Уақытша әрекет ету мерзімі нормативтік-құқықтық актінің өзінде барлығы үшін тұтас немесе оның бөлек баптары үшін орнатылуы мүмкін. Нормативтік-құқықтық актіні шығарған орган оның әрекет ету уақытын ұзартуы мүмкін.

Нормативтік-құқықтық акт мынадай жағдайларда (заңның 40-бап.):

- 1) белгілі көрсетілген мерзім біткенде;
- 2) берілген акті құзырлы мемлекеттік орган шығарған актімен жойылғанда;
- 3) жаңа нормативтік-құқықтық актімен деректі жойылғанда (1993ж. ҚР Конституциясы) өзінің қолданылуын тоқтатады.

Нормативтік-құқықтық актінің кеңістікте әрекет етуі, оның әсер ету саласы қандай территорияға таралатынын білдіреді. Мемлекеттік территория — белгілі мемлекеттің егеменділігінде болатын жер шарының бөлігі. Шөлді, сулы, жер асты және әуе кеңістігі мемлекеттік территорияның құрамдас бөлігі болып табылады.

Түрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің елдің территориясында заңдық күшінің таралу шегі айтылып отырған заңның 41-бабында бекітілген: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы және өзге де орталық уәкілетті органдар қабылдаған, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің қолданылу күші, егер нормативтік-құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды күшіне енгізу туралы актілерде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады (1995ж. ҚР Конституциясы, ҚР 2015ж. 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және т. б.);

1) жергілікті өкілді және атқарушы органдар қабылдаған, нормативтік-құқықтық актілер тиісті аумақтарда қолданылады. Мысалға, Қарағанды облысы әкімінің шешімі. Нормативтік-құқықтық актінің тұлғалар бойынша қолданылуы оның кімге таралатынын білдіреді. Заңның 42 бабында Нормативтік-құқықтық актілер ҚР азаматтарына және заңды тұлғаларына, сондай-ақ оның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады, бұған заң актілерінде және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайлар қосылмайды делінген. Дипломатиялық иммунитетке ие тұлғалар ерекше болып табылады. Сонымен, ҚР Конституциясы - ҚР барлық тұрғындарына, ал, Қарағанды облысы әкімшілігі басшысының шешімі Қарағанды облысы тұрғындарына таралады.

Демек, нормативтік-құқықтық актілердің уақыт, кеңістік жағынан және тұлғалар бойынша әрекет ету шегін орнату теориялық, заңнамада бекітілуі маңызды тәжірибелік мәнге ие екенін анықтады.

Нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістік және субъектілік шектеріне ие: 1. Нормативтік актілердің уақыттағы күші олардың күшіне енген сәтінен бастап күшін жоғалтқан сәтіне дейін таралады. Актілер не оларды қабылдаған сәттен бастап, не нормативтік актінің өзінде немесе оның күшіне енуі туралы арнайы актіде көрсетілген уақыттан бастап немесе оларды жариялаған сәттен бастап белгілі бір мерзім өткеннен кейін күшіне енеді. Актілер оларды қабылдауда көрсетілген әрекет ету уақыты өткеннен кейін не олардың орнына жаңа акт қабылданған жағдайда не нақты бір органның осы актінің күшін жою туралы тікелей нұсқауы негізінде өз күштерін жояды. Нормативтік актілердің уақыттағы күшіне байланысты жалпы ережелердің ішінде екі ерекше ереже бар: а) заңның кері күші – жаңадан қабылданаған нормативтік актінің өз күшін бұл акт заңды күшіне енгенге дейінгі қатынастарға таратуы. Жалпы ереже бойынша заңның кері күші болмайды, алайда, заңның кері күшті иеленуі екі жағдайда мүмкін: егер заңның өзінде бұл аталып өтсе немесе заң жауапкершілікті жеңілдетсе немесе жойса; ә) жаңа заңдағы арнайы көрсету бойынша өз күшін жойған заңның жекелеген мәселелерге қатысты күшін сақтап қалуы.

2. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күші олар таралатын аумақпен анықталады. Мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістіктігі, олардың үстіндегі ауа кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшақтар танылады. Бұл мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: заңның белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумақтық деп аталады.

3. Заңның тұлғалар шеңбері бойынша күші нормативтік талаптардың белгілі бір актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуын білдіреді. Алайда, бұл ережеден де ауытқушылықтар бар:

а) мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, елшілік және консулдық өкілдіктердің қызметкерлері эксаумақтық құқығына ие және оларға қылмыстық заңнаманы және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы бұзғандығы үшін жауапкершілік және мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды; ә) кейбір нормативтік актілер, мысалы, қылмыстық жауапкершілікті көздейтін актілер, азаматтарға, олардың қай жерде жүргеніне және олардың шетелдік заңнама нормаларына сәйкес жазаны өтегеніне қарамастан таралады; б) мемлекет аумағында өмір сүруші шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар құқықтар мен міндеттердің кең шеңберін пайдаланатынына қарамастан, кейбір жағдайларда құқықтар мен міндеттерді иелене алмайды. Мысалы, олар қарулы күштер қатарында борышын өтемейді, мемлекеттік билік органдарына сайлана алмайды, сайлауға қатыса алмайды.

## 1.4. ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Жүйе» термині грек тілінен аударғанда «тұтастық», «бөліктерден тұру» деген мағынаны білдіреді. Құқық жүйесін анықтау үшін төмендегі сұрақтарға жауап іздеуіміз керек:

а) құқық қандай бөліктерден тұрады?

ә) бұл бөліктердің өзара байланысы қандай?

**Құқық жүйесі** – бұл құқықтың ішкі құрылысы, оның салаларға, бағынысты салаларға және құқықтық институттарға бөлінуі.

Құқық жүйесіне мынадай **белгілер** тән:<sup>20</sup>

- оның бастапқы элементі – ірі құрылымдар – институттар, бағынысты сала, салаларға біріктірілетін құқық нормасы болып табылады;

- оның элементтері ішкі үйлесімді, бір-бірімен қайшылыспайды, сондықтан ол біртұтас, бірлікте болады;

- ол әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторларға негізделеді;

- объективтік сипатта болады – бар қоғамдық қатынастарға байланысты және адамдардың субъективтік қалауы бойынша туындамайды.

Жүйе болғандықтан ол өзара байланысты көптеген элементтерден тұрады.

Құқық жүйесінің құрылымдық элементтері:

- құқық нормасы,

- құқықтық институт,

- құқық саласы,

- құқықтың бағынысты саласы болып табылады.

**Құқық нормасы** – бұл мемлекетпен белгіленген немесе мақұлданған және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға міндетті формалді анықталған мінез-құлық ережесі. Құқық жүйесінің бастапқы элементі құқықтық норма реттейтін қатынасқа қатысушыларға субъективтік құқықтар беріп, заңды міндеттер жүктейді.

Құқық нормасының **белгілері**: жалпыға міндетті, формалді анықталған, мемлекетпен байланысқан, ұсынушылық-міндеттемелік сипаты бар.

Құқық және мемлекет теориясы бойынша оқулықтардың авторлары құқықтық институтқа мынадай анықтама береді: құқық институты — қоғамдық қатынастардың нақты бір түрін реттейтін құқықтық нормалардың дербестенген тобы<sup>21</sup>. Құқықтық институт құқық саласының ерекше бөлігі және қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін реттейтін құқық нормалардың дербес кешені. Құқықтық институт дегеніміз құқық саласы шегінде қоғамдық қатынастардың түрін, белгілі бір жағын реттейтін құқықтық нормалар тобы. Мысал ретінде, президенттік институтты, адам және азаматтардың құқықтық жағдайы институты, Конституциялық

<sup>20</sup> Қараңыз: *Комаров С. А., Малько А. В.* Теория государства и права. Учебно-методическое пособие. Краткий учебник для вузов. — М., 1999. — С. 325.

<sup>21</sup> Теория государства и права. Учебник для юридических вузов и факультетов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 1997. — С. 316.

құқықтағы сайлау құқығы институты, азаматтық құқықтағы сатып алу-сату, талап қою мерзімі институттарын атауға болады немесе еңбек қатынасы саласындағы еңбек шартын жасау, еңбек ақыны белгілеп төлеу, еңбек тәртібін бұзушыларды жауапқа тартумен байланысты қатынастарды айтуға болады. Сол себепті еңбек құқығында еңбек шарты, еңбек ақы, еңбек тәртібі институттары қалыптасады.

**Құқықтық институт** – құқық саласының ерекше бөлігі және қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін реттейтін құқықтық нормалардың дербес кешені.

Оларға мынадай **белгілер тән:**

- қоғамдық қатынастың біртекті саласын емес, оның бір жағын қоғамдық қатынастың біртекті тобын реттейді (мысалы, азаматтық құқық саласы сияқты барлық мүліктік қатынастарды емес, оның бір жағын – сатып алу, сату шартын реттейді),

- құқықтық институт нормалардың заңдық бірлігімен (жиынтығымен) ерекшеленеді (мысалы, тек президент мәртебесі ретінде құқықтық нормалар),

- заңдық дербестігі – құқық институты бөлімі, тараулармен дербестендіріледі (мысалы, ҚР Конституциясының бөлімдері жеке құқықтық институттардан тұрады)<sup>22</sup>.

Сонымен, құқықтық институт - бір құқық саласының шегінен аспайтын (ерекшелігі, дербестігі) нормалардың кішігірім тобы. Ресей заңгері В.М.Сырыхтың «жекелеген аралас институттар әртүрлі құқық саласына тән нормаларды құрай алады»<sup>23</sup> деген пікірімен де келісуге болады. Мысалы, еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық белгілейтін институт еңбек құқығы саласына жатады. Институттың негізінде кәсіпорын әкімшілігінің биліктік құзыры, оның кінәлі қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану құқығы жатыр. Алайда, мұндай жаза қолданумен байланысты еңбек даулары азаматтық іс жүргізу ережелері бойынша сот тәртібімен қаралады, яғни басқа құқық саласымен.

Құқық жүйесінің негізгі элементі — бір-біріне неғұрлым жақын құқықтық институттар мен құқықтық институттардан тұратын құқық саласы болып табылады. Құқық саласы - біртекті қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық норма, институттардың дербестенген жиынтығы<sup>24</sup>.

**Құқық саласы** – қоғамдық қатынастың біртекті саласын реттейтін құқықтық нормалар мен институттардың жиынтығы, құқық жүйесінің дербес бөлігі. Қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласының біртектілігі, ерекшелігі өмірге тиісті құқық саласын әкеледі. Құқық жүйесі салалардан тұрса, салалардың өздері **бағынысты сала**, институттар мен құқық нормаларынан құралады. Қалыптасып келе жатқан салалардың арасынан кәсіпкерлік, салық, муниципалдық, космостық құқық салаларын атауға болады. Құқықтың негізгі салаларына сипаттама беру – конституциялық,

<sup>22</sup> Хропанюк В. Н. Теория государства и права. Уч. поС. — М., 1993. — С. 213.

<sup>23</sup> Қараңыз: Сырых В. М. Теория государства и права. Учебник для вузов. — М., 1998. — С. 209.

<sup>24</sup> Теория государства и права. Учебник для юридических вузов и факультетов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 1997. — С. 317.

әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және т.б. құқықтың нақты пәні мен құқықтың реттеу әдістерін қарастыруды білдіреді<sup>25</sup>.

Сала – құқық жүйесінің мейлінше ірі бөлігі болып табылады. Қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласының біртектілігі, ерекшелігі өмірге тиісті құқық саласын әкеледі. Мәселен, адамдардың объективтік еңбек қатынасы еңбек құқығын басқару қатынасы-әкімшілік құқықтарының қажеттілігін тудырады.

Құқық жүйесі салалардан тұрса, салалардың өздері бағынысты сала, институттар мен құқық нормаларынан құралады.

Құқықтың төмендегідей салаларын бөліп қарастыруға болады:

- конституциялық (мемлекеттік) құқық;
- азаматтық;
- әкімшілік;
- қылмыстық;
- жер;
- еңбек;
- жанұя;
- қылмыстық атқару;
- ауылшаруашылық;
- экологиялық;
- қаржы;
- қылмыстық іс жүргізу;
- азаматтық іс жүргізу.

Осыған қоса, қазіргі қалыптасып келе жатқан салалардың арасынан кәсіпкерлік, салық, муниципалдық, космостық құқық салаларын атауға болады.

Құқық және мемлекет теориясы курсына құқықтың бағынысты саласын неғұрлым ірі құқық саласының аясында ғана ажыратып қарастырады. Бағынысты сала белгілі бір саланың бірнеше институттарын біріктіреді. Бағынысты саланың сырқы көрінісі — онда қандай да бір саланың бірнеше институттарына тән жалпы қағидалық белгілері бар нормалар тобының болуы<sup>26</sup>. Мысалы, жер құқығының бағынысты салалары — орман, тау, су құқықтары, азаматтық құқықтағы — авторлық құқық.

Қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты құқықтың бағынысты саласы болашаққа дербес мәнге ие болып, құқық саласынан бөлініп шығу мүмкіндігіне ие болып отыр. Мәселен, қылмыстық құқықтың қылмыстық атқару құқығы бөлініп шығып отыр. Бүгінде, экологиялық құқық, банк құқықтары жеке зерттелуде. Құқықтық институттан айырмашылығы бағынысты сала әрбір құқық саласының міндетті элементі болып табылмайды. Кішігірім құқық салаларында (мысалы, қылмыстық-процессуалдық, азаматтық іс жүргізу құқық) бағынысты сала мүлдем болмайды. Сонымен,

<sup>25</sup> Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. Т. 2. Теория права. — М., 1998. — С. 232.

<sup>26</sup> Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. Т. 2. Теория права. — М., 1998. — С. 232.



құқық — біртұтас құрылым, жүйені білдіреді. Құқық жүйесі — реттейтін қоғамдық қатынастардың сипаты мен ерекшелігіне сәйкес институттар, бағынысты сала және салалар бойынша біріктірілген құқық нормаларының жиынтығын білдіреді.

### **Құқықтық реттеу пәні мен әдістері**

Құқықты салаға бөлу үшін екі өлшем қолданылады: құқықтың реттеу пәні мен әдісі.

**Құқықты реттеудің пәні** – бұл әрқашанда құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қоғамдық қатынастардың көп түрлілігі осы қатынастарды реттейтін құқық нормалардың әртүрін, жиынтығын анықтайды. Яғни қоғамдық қатынастар өзінің түрлеріне сәйкес қандай да бір белгілері бойынша салаларға немесе топтарға бөлініп, тиісті білгілі бір құқық нормаларының жиынтығымен, тобымен реттеледі. Мысалы, еңбек қатынасы – белгілі бір құқық нормаларының жиынтығымен реттелетін қоғамдық қатынастың бір саласы. Сол сияқты жанұя қатынастары, мүліктік қатынастар бөлек құқық нормаларының жиынтығымен реттеледі. Сонымен құқықтық реттеудің пәні – құқықпен не реттеледі? – деген сұраққа жауап береді. Бұл құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар. Құқықтық реттеудің пәні құқық салаларын бір-бірінен айыратын негізгі критерия, негіз болып табылады.

Құқықтық реттеудің пәні «құқық нені реттейді?» деген сұраққа жауап берсе, әдіс «қалай реттейді?» деген сұраққа жауап іздейді. Егер құқықтық реттеу пәні материалдық критерия болса, әдіс – формалды – заңи болып табылады.

**Құқықтық реттеудің әдісі** – біртекті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қолданылатын заңи құралдардың жиынтығы.

Құқықтық реттеудің мынадай негізгі әдістері бар:

1) императивтік – тыйым салу, жазалауға негізделген биліктік өкім ету, субординация әдісі, императивтік әдіс құқықтық өкімдерден бас тартуға жол бермейді. Мұнда құқықтық қатынастың пайда болу негізі мемлекеттік – биліктік бұйрық болып табылады, соттық үкім, қылмыстық істі көзғау туралы қаулы, ол көбінесе әкімшілік және қылмыстық құқыққа тән болады.

2) диспозитивтік – ерік беруге негізделген, тараптардың теңдігі кодификация әдісі. Бұл әдіс құқықтық қатынасқа қатысушыларға өзара қатынастарын өз қалауларына реттеуге құқық бере отырып, белгілі дәрежеде дербестік береді. Бұл әдіс азаматтық, жанұялық құқықтарға тән. Оған «егер заңда өзгеше көзделмесе» деген қаратпа сөз тіркесі тән болып келеді.

3) қолдау әдісі – қандай да бір лайықты мінез-құлығы үшін мадақтау әдісі, ол көбінесе еңбек құқығында кездеседі.

4) ұсынбалы әдіс – қоғам мен мемлекет үшін нақты пайдалы кеңес беру әдісі. Ол кәсіпкерлік құқыққа тән.

Құқықтық реттеудің әдісі оның пәнімен анықталады. Мәселен, әкімшілік құқықтағы императивтік әдіс мемлекет басқару саласындағы субъектілерде болатын билік және бағыну қатынастарының сипатынан туындайды. Егер әр құқық саласында өзінің реттеу пәні болса, онда құқықтық реттеу әдісі бірнеше құқық саласына тән болуы мүмкін.

М.Д. Шаргородский және О.С. Иоффең құқықтық реттеу әдісі туралы түсінігінше «құқық нормаларының аталған жиынтық негізінде мемлекет көмегімен арнайы тәсілдер адамдарға, құқықтық қатынастарға қатысушы ретінде мінез-құлықпен қамтамасыз етіледі. Ол жазбаша өкім, тиым салу, рұқсат ету және т.б.»<sup>27</sup> - деп атап өтсе, ал, профессор В.К. Бабаев қоғамдық қатынастарға әрекеттесудің бес түрлі тәсілін айқындайды: байланыстыру, тиым салу, рұқсат ету, марапаттау және ұсыным жасау<sup>28</sup>.

Құқық саласы — құқық жүйесінің негізгі бөлімі ретінде дербес элемент болып табылады. Сондықтан да құқық құрылымының дербес элементі ретінде құқық салаларын сипаттау үшін заңи өзіне тән өлшемдері мен белгілерін профессор. С.С. Алексеев былайша сипаттап береді<sup>29</sup>:

- бұл топтардың заңдық тұтастығы, яғни, аталған топтағы нормалар «бөлінбес» бүтіндей құқықтың барлық салаларының алдында өзін көрсететін, ішкі ортақтықтың ішкі ұйымдастыру дәрежесі;

- екінші құрылымдық белгі — бірыңғай жүйе элементі ретінде басқа салалармен аталған топ нормаларының өзара әрекеттесуі қабілеті.

Көрсетілген құрылымдық белгілер құқық саласындағы заңи пікірді қалыптастыруға және бірінші кезекте салалардың өзіндік қасиеттерін шешуге мүмкіндік алады — құқықтық реттеу әдісі.

### **Құқық салаларына сипаттама**

Құқық саласы құқық жүйесінде біркелкі ережеге бағынбайды. Сипатына қарай салалық белгілері бойынша (құрылымдық, пәндік және арнайы құқықтық) түрлі салалармен көрінеді.

Барлық салалар **негізгі және кешенді** болып бөлінуі мүмкін. Сонымен қатар, ерекше топ түріндегі негізгі салалардан кәсіби (дәстүрлі) салалар бөлініп шығуы тиіс. Кәсіби — құқық жүйесінің негізгі ұйытқысы болып табылатын негізгі сала. Оның жалпы негізі — конституциялық құқық — барлық өзге салалардың «тамыры» болып табылады.

**Конституциялық құқық** — бұл еліміздегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың негізін, адам және азаматтардың құқықтық ережелерінің негізін, мемлекет органдарының құқықтық мәртебесін бекітетін, құқық саласы. Басты салалық нормативтік акті Конституция болып табылады. «конституциялық құқық саласының әдісі бұзушылықтар жасағаны үшін нақты санкция белгілемей жалпы үйлестіруге құрылтайшы —

<sup>27</sup> Шаргородский М. Д., Иоффе О. С. О системе советского права // Сов. государство и право. — 1957. — № 6. — С. 108.

<sup>28</sup> Бабаев В. К. Теория современного советского права. Н.Новгород, С. 91;

<sup>29</sup> Алексеев С. С. Государство и права. Начальный курс. М., 1994. С. 78.

бекітушілікпен шығады»<sup>30</sup>. Конституциялық құқықта императивтік және диспозитивтік құқықтық реттеу әдістері кездеседі.

**Әкімшілік құқық** — мемлекет органдарының атқарушы-басқарушы қызметтерін іске асыруда жинақталған қоғамдық қатынастарды реттейді. Өзінің жедел функцияларын іске асыруда оның барлық субъектілері (үкімет, министрлік, агенттік, депатрамент, лауазымды тұлға) қажетті өкілеттіктерге бөлінеді. Денсаулықсақтау, қорғаныс, құқықтық тәртіп, азаматтардың құқықтарын қорғау және т.б.

Негізгі нормативтік акт — Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс — императивтік — әдіс.

**Азаматтық құқық** — түрлі мүліктік және онымен байланысты мүліктік емес (аты-жөні, абыройы, қадыр-қасиеті, авторлықтығы) қатынастарды реттейтін, құқық жүйесінің ең үлкен саласы болып табылады. Азаматтық құқық нормасы: меншіктіліктің түрлі нысандарын бекітеді және қорғайды, мүліктік қатынастағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды, өнер туындысы, әдебиет және т.б. құрумен байланысты қатынастарды регламенттейді. Бірақ, азаматтық құқықта барлық мүліктік қатынастарды реттей бермейді, тек заңдық жағынан тең (талапкер — жауап беруші, қарыз алушы — несие беруші, тапсырыс беруші — мердігер) және билік пен бағыну қағидалары бойынша сай келмейтін тұлғаларға қатысты болады.

Азаматтық құқық өзінің құзыреті және аясы шегінде көптеген бағынысты салаларға бөлінеді: мұрагерлік, өнертапқыш, авторлық, патенттік, тұрғын үй, көліктік құқықтар.

Негізгі нормативтік акт — ҚР Азаматтық кодекс (Жалпы және Ерекше бөлім). Бірқатар бағынысты салалар жеке саранған (Саудалық теңізде жүзу кодексі, Темір жол кодексі). Қазақстан Республикасы нарықтық қатынастарға көшкелі бері азаматтық құқықтың рөлі өсіп келеді. Басты реттеу әдісі — диспозитивтік.

**Қылмыстық құқық** қандай да бір қоғамға қауіпті мінез-құлық қылмыс болып табылатын және оны жасағаны үшін қандай жаза қолдану керектігін белгілейтін, өзіндік нормалар кешені болып табылады. Қылмыстық құқықтың нормасы: қылмыс және оның түрлерінің ұғымын айқындайтын, жазалаудың түрлері мен мөлшерін белгілейтін, қылмыстық жауаптылыққа тарту және одан босату негіздері.

Негізгі нормативтік акт — ҚР Қылмыстық кодекс. Құқықтық реттеу әдісі — императивтік (императивтік-бекітуші).

**Қаржы құқығы** — қаржы қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы болып табылады.

**Еңбек құқығы** — адамның еңбек қызметі үрдісіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы. Еңбек құқығы нормасы: жұмысқа қабылдау шарттарын анықтайды, жұмыс уақытын, демалыс уақытын

---

<sup>30</sup> Теория государства и права. Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова, А. В. Малько. М., 1999. С. 362.

белгілейді. Нормативтік-құқықтық акт — ҚР 2015ж. 18 қарашадағы «Еңбек туралы» заңы. Құқықтық реттеу әдісі — марапаттаушы, императивтік.

**Іс жүргізу салалары** — заңи істерді шешудің тәртібін белгілейтін, материалдық құқықты іске асыру үрдісін айқындайтын сала. Олар істің мәнді шешуін көрсететін, құқық нормасынан тұрмайды, тек оларды шешу қандай тәртіппен жүзеге асырылатынын қарастырады<sup>31</sup>. Іс жүргізу салалары: азаматтық іс жүргізу және қылмыстық іс жүргізулер жатады.

**Азаматтық іс жүргізу құқығы** — азаматтық, еңбек, және жанұялық дауларды сотпен қарау үрдісінде туындаған, қатынастарды реттейді. Азаматтық іс жүргізу құқығының нормасы: әділсотты жүзеге асыруда соттың мақсаттары, міндеттері, құқықтары мен талаптарын анықтайды, соттық талқылау барысы, соттық шешім шығару және шағымдану тәртібін регламенттейді. Басты нормативтік акті — Азаматтық іс жүргізу құқығы кодексі. Құқықтық реттеу әдісі — императивтік және диспозитивтік.

**Қылмыстық іс жүргізу құқығы** — қылмыстық істер бойынша өндіріс тәртібін реттейтін сала, сот, прокуратура, алдын ала тергеу және алдын ала анықтау органдардың қызметі, процеске қатысушылардың (тергеуге алынғандар, сотталушылар, куәгерлер, жәбірленушілер, сарапшылар, айыпталушы мен қорғаушының өкілдері) құқықтары мен міндеттері. Басты нормативтік акті — қылмыстық іс жүргізу кодексі. Құқықтық реттеу әдісі — императивтік әдіс және тараптардың теңдік әдісі.

Құқықтық материалдық салалар — әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқық және т.б. Материалдық нормалар қоғамдық қатынастарды тікелей реттейді: азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сату-сатып алудың түрлі келісім-шарттарын, меншіктіліктің түрлерін бекітеді, мемлекеттік орандардың құрылымын бекітеді.

**Кешенді салалар** — кәсіби және арнайы салалардағы біртектес институттарды біріктіру сипатымен ерекшеленеді, олар: шаруашылық құқығы, сауда құқығы, прокурорлық қадағалау, теңіз құқығы.

Мына жайды да атап өткен жөн, кез-келген мемлекеттің құқық жүйесінде халықаралық құқық маңызды орын алады. Ол ұлттық құқық жүйесінің ешқайсысына да жатпайды, себебі ол жекелеген мемлекеттің құқық жүйесін емес, теңдес мемлекеттердің келісімдерін анықтайды және олардың арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейді. Қазіргі халықаралық құқық: халықаралық жария және меншік құқық болып бөлінеді. Халықаралық жария құқығы мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді, ал, меншік құқығы — шетел немесе заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық-құқықтық қатынастарды немесе шекарада қалған мүлікпен байланысты қатынастарды реттейді. Халықаралық құқықтың нормативтік-құқықтық негізі: халықаралық келісім-шарттар, әдет-ғұрыптар, халықаралық ұйымдардың жарғылары және т.б. болып табылады.

Халықаралық жария құқығының белгілері:

<sup>31</sup> Бабаев В. К. Теория современного советского права. — Н. Новгород, С. 80.

- мемлекетті басқару аясындағы қоғамдық қатынастардың реттеу пәні сапасында болуы; - құқықтық реттеудің императивтік (субординациялық) әдісіне сүйенуі; - субъектілер арасындағы вертикалдық, биліктік байланыстың болуы; - конституциялық, әкімшілік, қаржы, қылмыстық және өзге де салаларды өзіне біріктіру.

Меншік құқығы: - жеке тұлғалар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейді; - құқықтық реттеудің диспозитивтік (координациялық) әдісіне сүйенеді; - теңдей субъектілердің горизонталдық байланыстардың болуы; - азаматтық, кәсіпкерлік, жанұя және өзге де құқық салалары.

### **Құқық жүйесі және заңнама жүйесі**

Құқық жүйесі объективтік құбылыс. Ол қоғамның диалектикалық даму процесінің объективтік заңдылықтары арқылы өмірге келеді. Бір жағынан құқықтық нормалар субъективтік жолмен қалыптасады. Екінші жағынан құқықтық нормалар қоғамның объективтік табиғи даму процесінің тілегіне сәйкес қалыптасып, елдегі әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп басқарады. Сондықтан мемлекеттік органдар құқықтық нормаларды өз бетімен қалай болса солай қабылдай салмайды. Қоғамның әлеуметтік қарым-қатынастарының даму процесіне сәйкес құқықтық нормалар жан-жақты талқыланып, бекітіледі. Қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару процесінде нормативтік актілер сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлініп дамып жатады. Сөйтіп құқық жүйесі қалыптасады.

Құқық жүйесі және заңнама жүйесі арасында органикалық байланыс әрекет етеді, олар мазмұн мен нысан ретінде өзара қатынас жасайды.

Құқық жүйесі — бұл ішкі құрылым құқығы, құқықтық институттар, бағынышты салалық және салалық құқықтарға біріктірілген, құқықтық нормалардың жүйесі.

Заңнама жүйесінің өмірге келу жолы басқа. Бұл жүйе басым түрде субъективтік процесс арқылы қалыптасады. Қоғамдағы қарым-қатынастарды жақсы дамыту үшін нормативтік актілерді дер кезінде қабылдап, елді, мемлекетті дағдарысқа ұшыратпай басқару керек. Міне, бұл мәселемен мемлекеттің заң шығару бағытындағы аппараттары шұғылданады. Осылай қоғамда заң жүйесі қалыптасады.

Заңнама жүйесі дегеніміз – Парламент арқылы құқықты құрастыратын (қалыптастыратын) нормативтік актілердің жиынтығы (негіздері). Нормативтік актілерсіз, заңсыз құқық болмайды. Заңнама жүйесі мен құқық жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты<sup>32</sup>.

Заң шығару жүйесінің негізгі салалары:

- бір салалық қатынастарды реттейтін заңнама жүйесі. Бұл құқық жүйесімен ұқсас. Мысалы, азаматтық құқық, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық т.б.

<sup>32</sup> Комаров С. А., Малько А. В. Теория государства и права. Учебно-методическое пособие. Краткий учебник для вузов. М., 1999. — С. 331.

- саланың өз ішіндегі қатынастарды реттейтін заңдар. Мысалы: азаматтық құқықтың ішіндегі авторлық құқық; жер-су заңдарының ішіндегі тау-кен, экология туралы заңдар т.б.

- кешенді заңнама жүйесі (бірнеше салаларды қамтитын заңдар). Мысалы, шаруашылық, транспорттық т.б. заңдар. Бұл заңнама жүйелері қоғамның бірнеше салаларының ұқсас қатынастарын реттеп отырады.

- қорғаныс-әскери заңнама жүйелері. Бұл жүйе құқық жүйесінің басым көпшілігін біріктіреді. Мысалы, мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, жер, қылмыстық т.б. құқық салаларын біріктіреді.

Әскери заңнама жүйесі арнаулы, ерекше заң саласы болғанымен қоғамдағы құқықтың негізгі қағидаларын қатаң сақтайды.

Құқық және заңнама жүйелерінің даму бағыттары құқық пен заңның дамуы қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларға тікелей байланысты. Олар: - қоғамдағы диалектикалық құбылыстардың құқық пен заңды объективтік тұрғыдан дамытуы; - құқық жүйесінің дамуы; - заң шығармашылық процесінің сапасының жақсаруы.

Құқық заңнамадан тыс өмір сүрмейді, ал, заңнаманың ұғымы кең және ол құқық болып табылады. Сонымен қатар, олар өзара айқын ұғымда болады:

- біріншіден, егер құқық жүйесінің алғашқы элементі құқық нормасы болса, заңнама жүйесінің алғашқы элементі — нормативтік акт;

- екіншіден, біз айтып өткендей, құқық жүйесі заңнама жүйесінің мазмұны ретінде танылады;

- үшіншіден, егер құқық жүйесі қазіргі қоғамдық қатынастарға сәйкес объективті түрде қалыптасса, онда заңнама жүйесі айрықша субъективті түрде көрінеді, яки, оның жоғары дәрежесі заң шығарушыға байланысты болып келеді;

- төртіншіден, құқық жүйесі заңнама жүйесіне қатынасы бойынша алғашқы сипатта болады.

- бесіншіден, жалпы құқық теориясы көзқарасы бойынша, егер құқық жүйесі тек горизанталдық (салалық) құрылымда болса, заңнама жүйесі вертикалдық (иерархиялық: федеративтік – РФ, республикалық және жергілікті – Қазақстан) бола алады.

- алтыншыдан, құқық жүйесі және заңнама жүйесі көлемі бойынша ерекшеленеді: заңнама бір жағынан барлық нормативтерді қамтымайды (заңнамалардан басқа, заңды әдет-ғұрыптар, нормативтік келісім-шарттар, заңды прецеденттер), ал, екінші жағынан құқық нормаларына және өзге элементтерге — преамбула, бөлім, тарау, бап және т.б. тұжырымдама жасайды.

Құқықты дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары елімізде болып жатқан, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларымен байланысты. Біруақытта құқықтың өзіне түбегейлі өзгерістер енгізіліп, заңнама жаңартылып, қоғам өмірінде адам өмірінің құқықтық құбылыстарының

жаңаша рөлдері құрылады. Осыған қатысты мынадай тенденцияларды айтуға болады.<sup>33</sup>

- бүтіндей құқық, оның ішінде, біртұтас құбылыстың екі жағы ретінде құқық жүйесі және заңнама жүйесін қоса алғандағы, жалпы сипаты;
- құқық құрылымының (жүйесі) даму тенденциясы;
- заңнаманы жетілдіру тенденциясы.

Жалпы тенденцияларға мына төмендегілерді жатқызуға болады:

1. «Адам және құқықтың» арақатынасына біртіндеп өзгерістер енгізіле бастады. Бұл бір жағынан, адам, оның құқығы мен бостандықтары әрқашанда қоғамның ыстық ықыласында болатындығы көрсетіп, «адам санатына қосу» туралы әңгіме болып отыр. Осы бағыттарда қолданыстағы ҚР Конституциясында, ҚР Азаматтық кодексінде және меншік құқық әрекеті аясын кеңейтетін, өзгеде нормативтік актілерде нақты қадам жасалған. Келесі бір жағы, қисынсыз бос әурешілікке дейін жеткен бұрынғы уақыттардағы жариялы-құқықтық реттеулерді айқын шектеулер болғандығын байқауға болады (оның куәсі ретінде — шектеулі мөлшерлерде бау-бақшалар, қоймалардың салынуы). Қазіргі уақытта мемлекет пен жеке адам арасындағы құқықтары мен міндеттері, оларды іске асырудың кепілдіктері тұрғысынан қарым-қатынастарды теңестіру жүргізіліп жатыр.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы сәйкес 2001ж. 24 қаңтарда қабылданған «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң қабылданды.

Нақты жағдайларда қазақстандық заңнамадағы интеграциялар жалпы танылған қағидалар мен халықаралық құқық нормалары және Қазақстан Республикасының отандық келісім-шарттарынан айқындалады (ҚР Конституциясы 4-бап.). Ресей ғалымдары<sup>34</sup> «ТМД қатысушы елдердің экономикалық, кеңістіктегі ақпараттық, қылмыспен күрес аясындағы заңнамаларда интеграциялық тенденциялар туралы» өз ойларын айтады.

Құқық (жүйесі) құрылымын дамыту тенденциясы қатарына жаңадан құрылған институттар мен салаларды, сондай-ақ, қолданыстағы құрылымдық бөлімшелерді (жанұя құқығы, қылмыстық атқару құқығы) атауға болады.

Заңнаманы жетілдіру тенденциясы қолданыстағы заңнамаларды қайта қарау, ескі заңнамаларды алып тастау және жаңа заңдар қабылдауды көздейді.

<sup>33</sup> Қараңыз: Теория государства и права. Учебник для вузов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 2000. — С. 3.

<sup>34</sup> Қараңыз: Теория государства и права. Учебник для вузов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 2000. — С. 329-330.

## 1.5. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты

Өткен тақырыптарымызда біз «құқық нормасы», «құқықтық норма» және «заңды норма» терминдерін синоним сөздер ретінде қарастырып немесе «құқық институты» және «құқықтық институт» терминдер арасындағы теңдік белгілерін қойсақ, онда «құқық жүйесі» және «құқықтық жүйе» ұғымдарын теңдестірудің ешқандай қажеттілігі болмайды.

Құқық жүйесі көлемі жағынан өте кең және сонымен қатар, өзімен бірге заңды тәжірибе мен құқықтық идеологияны да қосады. Басқаша сөзбен айтқанда, құқықтық жүйе мен құқық жүйесі бүтіндей бір жүйе ретінде өзара байланысады.

Құқықтық жүйе – бұл құқықтық шынайылықтың басқа белсенді элементтерімен – құқықтық идеологиямен және сот тәжірибесімен біртұтас қарастырылатын құқық. Осы үш элемент: заңдар мен басқа да мемлекетпен танылған қайнар көздерден көрініс тапқан жалпыға міндетті нормалар жүйесі ретіндегі құқық, құқықтық сананың белсенді жағы – құқықтық идеология және сот тәжірибесі құқықтық жүйені құрайды.

Құқықтық жанұя — олардын көмегімен қоғамдық қатынастар реттелетін өзара байланысқан, келісілген және өзара әрекет етуші заңдық құралдардың жиынтығы.

Құқықтық жүйе түсінігінің белгілі бір мемлекеттегі құқыққа сипаттама берудегі маңызы зор. Бұл жағдайда ұлттық құқықтық жөнінде сөз болып отыр. Құқықтық жүйенің құқықпен қатар қай элементінің – не сот тәжірибесінің, не құқықтық идеологияның – ерекше рөлге ие болуына сол мемлекеттегі барлық құқықтық құбылыстар тәуелді болып келеді. Осы белгілері бойынша құқықтық жүйенің келесі жанұяларын (құқықтың қайнар көздерінің ортақтығы негізінде бөлінген құқықтық жүйелердің жиынтығы) бөліп қарастырады:

1. Континенталдық Еуропаның нормативтік-заңнамалық жүйелер жанұя – бұл романдық-германдық құқық. Бұл құқықтық жүйелерде бірінші орынға заң қойылған (Италия, Франция, Германия, Португалия және т.б.).

2. Нормативтік-соттық, ағылшын-саксондық құқықтық жүйелер жанұясы. Бұл құқықтық жүйелерде басты орынды сот тәжірибесі, заңды прецедент иеленген (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия және т.б.).

3. Діни-дәстүрлі, идеологиялық құқықтық жүйелер жанұясы – мұсылман құқығы және кеңестік құқық. Бұл құқықтық жүйелерде ерекше рөлді дін мен партиялық идеология иеленген (Иран, Ирак, Пәкістан, Судан және т.б.)

«Құқықтық жүйе» түсінігі нақты елдің құқығын сипаттауда мәнді маңыздылыққа ие. Әдетте бұл жағдайда «ұлттық құқықтық жүйе» түсінігі қолданылады. Мысалы. Ұлыбританияның ұлттық құқықтық жүйесі. Қытайдың ұлттық құқықтық жүйесі, Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесі. Құқықтық жүйелер генезис (пайда болуы), қайнар көздер сатысы, құқық жүйесі, соттың рөлі және т.б. сияқты негізгі белгілері бойынша



құқықтық жанұяға біріктіріледі. Атақты компаративист Давид Рене келесідегідей негізгі құқықтық жанұяларды бөліп көрсетеді:

- романо-германдық құқықтық жанұя (бастаулары римдік жеке құқықта жатыр, құқықтың негізгі кайнар көзі - заң). Қазақстанның құқықтық жүйесі нақ осы жүйеге жатады:

- англо-саксондық құқықтық жанұя (бұл жүйелерде соттық тәжірибе, прецедент басымдылық танытады);

- діни-дәстүрлі құқықтық жүйе жанұясы - мұсылман құқығы, индуc құқығы, Африка елдерінің (бұл жүйелерде дін мен әдет-ғұрып анықтаушы рөл ойнайды) кәдімгі (дәстүрді) құқығы.

Құқықтық жүйе түсінігі теориясын заң ғылымында тек ХХ ғасырдың 80-ші жылдары ғана қарастыра бастады. Оның маңызы мынада: ол адамның мінез-құлқына әсер ететін барлық өзара байланысқан заңдық блоктарды біріктіреді, сондай-ақ, құқықты қолданушылық және құқық қорғаушылық сұрақтарын нақты шешуді көздейді. Құқықтық жүйе құқыққа негізделеді, бірақ одан әлде қайда кең, «құқық» және «құқықтық жүйе» түсініктері тұтас және бөлік ретіндегі қатынаста болады. Егер құқық мемлекетпен бекітілетін және қамтамасыз етілетін формальді анықталған, жалпыға міндетті заң нормаларының жүйесі ретінде түсіндірілсе, ал, құқықтық жүйені ресми биліктің, адамдардың мінез-құлқына құқықтық әсерін тигізетін қоғамның барлық құқықтық ұйымын, тұтастай құқықтық нақтылықты, заңдық құралдардың жүйесін бейнелейтін құбылыс деп түсіндіріледі.

«Құқықтық жүйе» түсінігі нақты қоғам өмірінің заңдық саласын кешендік бағалау ретінде сипатталады.

Заң әдебиеттерінде оның құрылымына бірнеше көзқарастар бар. Сонымен В.К. Бабаев<sup>35</sup> оған мыналарды жатқызады:

- құқық және оны сипаттайтын заңнама;
- құқықтық түсініктер;
- құқықтық қағидалар;
- құқықтық қатынастар;
- құқықтық рәміздер;
- құқықтық идеология; құқықтық мәдениет;
- құқықтық саясатты жүзеге асыратын. құқық шығармашылық, құқық қолда-нушылық немесе Құқықты қолданушылық қызметпен айналысатын құқықтық институттар мен құқықтық мекемелер; заңдық тәжірибе.

С.С. Алексеев<sup>36</sup> құқықтық жүйеге белсенді, өзара тығыз байланысқан элементтерді жатқызады:

- заңда, өзге мемлекетпен танылған қайнар көздерде көрініс тапқан, міндетті нормалардың жүйесі ретіндегі құқық;
- құқықтық идеология - құқықтық сананың белсенді жағы;
- соттық (заңдық) тәжірибе.

<sup>35</sup> Бабаев В. К. Теория современного советского права. — Н. Новгород, 1994. — С. 5-14.

<sup>36</sup> Алексеев С. С. Государство и права. Начальный курс. — М., 1994. — С. 80.

Құқықтық ұғым — бұл заң ғылымы, заңнама, құқықтық қолдану тәжірибесі сүйенетін ұғым. Бұл ұғымсыз адамдар арасында қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Мысалы, атап айтсақ, біз мемлекет, мемлекет функциясы, мемлекет механизмі ұғымдарына. Оларға тиісті мазмұнды толықтыра отырып сүйенеміз. Мейлінше жалпы, өз шегінде кең құқықтық ұғым құқықтық санаттар деп аталады. Олар — қолданыстағы заңды ұғымдардың жинақталған нәтижесі. Мысалы, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де жауаптылықтарды анықтай отырып, біз заңды жауаптылықтың жалпы ұғымын шығарамыз.

Құқықтық рәміздер — айқындалған заңды мазмұнды жасау үшін заңнамада бекітілген, шартты үлгілер. Мысалы, мемлекет рәміздері: елтаңба, ту, әнұран. Халыққа қызмет ету рәзімі — Президентке ант беру.

Құқықтық саясат — бұл қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бағыттары мен міндеттерінің қағидалар, сондай-ақ, оларды іске асырудың стратегиясы мен тактикасының негізі. Атап айтсақ, біздің құқықтық саясат экономиканың дамуына жәрдемдесетін, құқық тәртібін және халықаралық келісімдерді қамтамасыз ететін, мұндай заңнамалардың қабылдануына бағытталған болып табылады.

Заңды тәжірибе — бұл заңды нормаларды шығару және іске асыру жөнінде құзыретті органдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың әдіс-тәсілдерінің жинақталған қызметтері.

Құқық қағидалары — құқық мәнін жасайтын, негізін қалайтын идеялар мен бастау. Құқықтың әрбір тарихи тұрпатына нақты қағидалардың сәйкес келуі. Атап айтсақ, құлиеленушілік құқықтық қағидада құқық субъектісінің құқығы танылмады, феодалдық құқықта үстемдік күш қағидасы жүргізілді, ал, буржуазиялық құқықта — кәсіпорын мен жұмысшылар арасындағы келісім-шарттар бостандық қағидасы болды. Қазақстан Республикасында демократиялық, заңдылық, азаматтардың заң алдындағы теңдік, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауаптылығы.

Міне, осындай жағдайларға байланысты, құқық жүйесі — қоғамдық қатынастарды реттеу көмегімен өзара байланысқан, келісілген және өзара әрекеттесуші заңды құралдардың жиынтығы.

### **Англо-саксондық құқықтық жанұя**

Бұл құқықтық жанұя дүние жүзінде мейлінше кеңінен танылғандардың бірі болып табылады. Ол: Англия, АҚШ, Канада, Солтүстік Ирландия, Жаңа Зеландия және тағы да басқа көптеген мемлекеттердің аймағын қамтыған. Қазіргі уақытта жер шары халқының төрттен үш бөлігінде аталған құқықтық жанұяның қалыптастырған қағидалары бойынша өмір сүріп жатыр. Мұның негізгі ұйытқысы — ағылшын құқығы.

Англо-саксондық құқықтық жанұян көпнесе жалпы құқықтық жанұя деп те атайды. Басқа құқықтық жанұядан ерекшелігі сол бұл құқықтың негізгі қайнар көзі сот прецеденті болып табылады. Қызмет етуші ережелерге

сәйкес сот қандай да болсын бір шешімді орындауда, жоғарыда тұрған соттың немесе соған сәйкес инстанциядағы соттар шығарған, ұқсас мәселелер бойынша формалды байланысты шешімдер болып табылады. Бірақ, тиісті прецедент таңдау барысында нақты оны талқылау, қабылдау немесе бұрын қаралған және тұрған прецеденттен жаңадан қарастырылатын істердің айтарлықтай ерекшелігін ескере отырып, бүтіндей сот және жекелеген судьялар мейлінше еркін шешім шығара алады. Құқықтың қайнар көзі ретінде прецедентті мойындау соттың нақты құқық шығару мүмкіндігін береді. Англияда прецеденттерді тек жоғары сот инстанциялары: Лордтар палатасы, Соттық комитеттің Құпия Кеңесі (мемлекеттік істер-достастық мүшелері бойынша), Апелляциялық сот және Жоғары сот құрастырады. Төменде тұрған соттар прецеденттер шығармайды. Англияда «бұрын шешкендей шешу керек» деген қанатты құқықтық прецедент ережесі бар. Мұның өзінің императивтік сипаты бар, өйткені әрбір соттық инстанция жоғарыда тұрған соттың дайындаған прецедентіне жүгінуге міндетті.

Англо-саксондық құқықтық жанұяның ерекшеліктері:

- заңды прецеденттер жеке (казустикалық) сипатта болады;
- бірінші орында міндеттер емес, сотпен қорғалатын адам және азаматтардың құқықтары тұрады;
- материалдық құқыққа ықпал ететін, процессуалдық (дәлелдеуші) құқық басты рөл атқарады;
- құқықты жеке және жариялық бөліністердің болмауы;
- салалық кодекстердің болмауы;
- статуттық құқық (заңнама) және заңдық әдет-ғұрып көмекші, толықтырушы қайнар көзі ретінде болады.

Англо-саксондық құқықтық жанұядағы ағылшындық құқықпен қатар, ерекше көзге түсетін, американдық құқық — АҚШ-тың құқықтық жүйесі. Бұл құқықтық жүйенің негізгі өзіндік сипаты, сонау XVII-XVIIIғ.ғ. колониализм жағдайында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін өзінің алғашқы құқықтық мұраларын сақтап қалған.

АҚШ құқықтық жүйесінің ерекшеліктері<sup>37</sup>:

- құқықтың негізгі қайнар көзі прецедент және заң;
- АҚШ-тың «жазылған» Конституциясы (1787ж.) және штаттардың конституциялары;
- жалпы федералдық құқық жүйесінің қызмет етуі және әрбір 50 штаттардың өзіндік прецеденттер мен заңдар жүйесінің болуы;
- жүйеленген заң шығарушы актілерінің әрекет етуі (азаматтық, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық және басқа да кодекстер);
- жоғары сот инстанциясы Конституцияға сәйкес қабылданған заңдар мен құқыққолдану актілеріне бақылауды жүзеге асырады.

---

<sup>37</sup> Қараңыз: Теория государства и права / Под ред. Л.В.Смирнова. С. 291.

## **Романо-германдық (құрылықтық) құқықтық жанұя**

Романо-германдық құқықтық жанұя — Еуропа құрылығындағы: Солтүстік Африка, Оңтүстік Америка, Жапония, Ресей, құқықтық жүйелердің жиынтығы болып табылады. Бірқатар өзге мемлекеттерде айрықша өзіндік ерекшеліктерімен белгіленеді, аталған құқықтық жанұядағы құқықтың негізгі қайнар көзі бірыңғай иерархиялық жүйенің нормативтік актілерін құрайтын, нормативтік-құқықтық акті болып табылады.

Романо-германдық құқықтық жанұяның пайда болуына негізінен рим құқығы себеп болды.

Романо-германдық құқықтық жанұя өзінің қалыптасуында үш негізгі кезеңнен өтеді:

- Рим империясы дәуірі — б.э. ХІІғ. — рим құқығының пайда болуы және оның құлдырауы Рим империясының (б.э. 476ж.) құлауымен тікелей байланысты, Еуропада үстемдік еткен, көнерген тәсілдермен даулы мәселелерді құқықсыз шешіп отырды — жекпе-жек, ордалия (сынау), сиқырлау және т.б.;

- ХІІІ-ХVІІғ.ғ. — рим құқығының (ренессанс) қайта өрлеу дәуірі, оның Еуропаға кеңінен жайылуы және жаңа жетістіктерге қол жеткізу, королдық биліктен құқықтың егемендікке жетуі;

- ХVІІІғ. қазіргі кезде — құқықты жіктеу, конституцияның пайда болуы (негізгі заңдар) — алғаш — АҚШ (1787), Польша (1791), Франция (1791) және салалық кодекстер — алғаш — Францияның Азаматтық кодексі 1804ж. (Наполеон кодексі), Германияның Азаматтық жинақтары 1896ж., ұлттық құқықтық жүйенің құрылуы.

Романо-германдық құқықтық жүйе төмендегідей ерекшеліктерімен айрықшаланады:

- нормативтік-құқықтық акті құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады;

- нормативтік-құқықтық акті иерархиялық жүйені;

- иерархиялық жүйедегі нормативтік актілердің «бастауы» - Конституция (негізгі заң) — әдетте парламент немесе референдум жолымен халық (яки, шығаратын монарх) қабылдаған, жоғары заңды күші бар құжат болып табылады;

- құқық жүйесі екі үлкен бөлікке бөлінеді — жариялық құқығы (билікті жүзеге асырумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді) және меншік құқығы (азаматтардың жеке өміріндегі мәселелерді реттейді);

- жариялық және меншік құқығы мамандандырылған құқық салаларына бөлінеді (мысалы, азаматтық, жанұя, қылмыстық, конституциялық және т.б.);

- саланың «бастауы» ретінде аталған құқық саласының негізгі ережесінен тұратын және тікелей қабылданатын, кешенді тұрақты акт — кодекс болып табылады;

- құқықтың негізгі ұйытқысы судьялар емес, заң шығарушылар болып табылады, олар заңға бағынышты актілерге (жарғы, ереже, нұсқау және т.б.),

сондай-ақ, университеттер мен ғылыми мекемелерде дайындалған, құқықтық доктринаға (теорияға) көп көңіл бөледі;

- судья құқық құраушы емес, құқықты қолданушы болып табылады.

### **Мұсылмандық (діни) құқықтық жанұя**

Мұсылман құқықтық жанұя<sup>38</sup> — мұсылман діни күшті ықпал ететін, елдердегі құқықтық жүйенің жиынтығы — Иран, Сауда Арабиясы, Ирак, Пакистан және т.б. мұсылман мемлекеттер. Мұсылман құқықтық жанұяның негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- құқықтың негізгі қайнар көздерінің бірі мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құран, Сунна, Иджма, Қияс;

- мұсылман елдері қатарындағы құқық жүйесінде дуализм орын алған, жүйеленген құқық жүйесі мен мұсылмандық діни-адамгершілік қағидалардың өмір сүруі.

Берілген құқықтық жанұяның белгілерінің ішінен құқықтың пайда болуы қоғам мен мемлекеттен емес, ал, Құдайдан деп тануын бөліп көрсетуге болады, сондықтан да заңдық нұсқаулар бірден мәңгілікке берілген, оларға сеніп және сәйкесінше қатаң сақтау керек.

Мұсылман елдерінің құқықтық жүйелердің белгілі бір айырмашылықтары бар, бірақ, олардың барлығы ислам дінінің негізінде қалыптасқан және қызмет етеді.

Осы сұрақты қарастыруда көбісі мұсылман құқығын (исламдық) шариатпен шатастырып қателеседі.

Шариат үш саладағы құдіретті бағыттарды ұстанады:

- жалпы ережелер - исламдық дүниетану. Олар ұстанымдар (көзқарастар) мен мінез-құлықты анықтайды, индивидтің барлық әрекеттеріне ойластырылғандық және мақсатқа бағытталғандық сипат береді;

- адамның ішкі мінез-құлқын анықтайтын ережелер, яғни сезім мен рухани қызмет әлемі;

- жекелік, жанұялық, қоғамдық, экономикалық және өмірдің басқа да салаларындағы азаматтың тәжірибелік мінез-құлқының кодексі. Шариаттың фикх деп аталатын нақ осы бөлігі ислам құқығы ретінде анықталады.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген белгілермен қоса, мұсылман құқықтық жанұядағы елдердің құқық жүйесінің ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- құқықтың шығуы Алланың жолымен екендігін, оның міндеттері мен беріктігін тану;

- діни, философиялық, адамгершілік, сондай-ақ, әдет-ғұрып қайнар көздермен заң нормаларын толықтыру;

- нормативтік-құқықтық актілерге екінші мағына беру, сот тәжірибесінің азын-аулақ рөлі;

- доктринаның үлкен беделге ие болуы (заңгер-ғалымдар және мұсылман қайраткерлердің шығармасы);

<sup>38</sup> Қараңыз: Якушев В. Указ. рас. — С. 172.

- құқықты тікелей қолдану, процес мәнінің аздығы және әлсіз формализм;

- алдыңғы қатарда адам құқық мен бостандығы емес, міндеттер мен тиым салынғандарды сақтау<sup>39</sup>.

Мұсылмандардың киелі кітаптары — Құранда, Суннада, Иджмада көрсетілген діни-құқықтық қағидалар құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады. Құран мұсылман құқығының тұғыры болып табылады. Басқа қайнар көзіне Сунна (әрекеттердің, мінез-құлықтардың сипатталуы), Мұхаммедтің айтқан пікірлері, оның мінез-құлықтары, жасаған әрекеттерінің сипаттамасы, егер, Құран 114 сүреден тұрса, ал Сунна канондық жинақтардан тұрады. Құранда, Суннада құқыққа сенушілердің өмірі мен мінез-құлқын реттейтін ережелер көрсетілген, әділеттілік мәселесіне көп көңіл бөлінген. Мұсылман құқығының үшінші қайнар көзі - Иджма, яғни барлық мұсылмандардың бірлесуімен қол жеткізген құқықтық өлшемдердің міндеттері туралы келісім. Ол, Құран мен Сунна негізінде қағида, норманы орнатқан ислам білгірлерінің, құқықтанушы ғалымдардың бір топтам пікірлері ретінде көрініс табады. Төртінші қайнар көзі Қияс болады, яғни ұқсастық бойынша ақыл тоқтату.

Құқықтың қайнар көздері жүйесінде бастапқы қайнар көздерді нақтылайтын және талқылайтын, нақты шешімдер негізінде жатқан заңгер ғалымдардың еңбектері (доктриналар) ерекше орынға ие.

Мұсылман құқық танушылары ислам құқығының мазмұнын келесі салаларға бөледі:

- Аллаға бас июге қатысы бар ереже мен нормалар;
- исламның жанұя құқығы;
- азаматтық құқық;
- исламның әкімшілік және конституциялық құқығы;
- қылмыстық құқық;
- процессуалдық құқық;
- халықаралық құқық;
- мұсылмандардың әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын ережелер.

Сонымен мұсылман құқығы заңдық жағдайлардың діни, философиялық және моральдық постулаттармен (сипаттауды керек етпейтін жорамал), сондай-ақ бірыңғай мінез-құлық ережелерін жасай отырып, жергілікті әдет-ғұрыптармен тығыз байласқанын көрсетеді.

Осыған ұқсас құқықтық жүйе ерекшелігімен діни мұсылмандық құқықта емес мемлекеттер бар (мысалы: индуисттік — Бангладеш, Непал, Гайана), бірақ, мұсылман құқығы ең көп таралған діни құқық болып табылады.

---

<sup>39</sup> *Ипатов Н. А.* Сравнительное правоведение. Краткий курс лекций. Учебно-методическое пособие. — Алматы, 2004. — С. 38-39, 42-43.

## Дәстүрлі (әдет-ғұрып) құқықтық жанұя

Дәстүрлі құқықтық жанұя — өмір сүріп жатқан құқық жүйесіндегі көнеден келе жатқандардың бірі. Аталған жанұядағы басты ерекшелік, құқықтың негізгі қайнар көзі әдет-ғұрып (дәстүр) болып табылады<sup>40</sup>.

Мұндай құқықтық жүйе Африка мемлекеттерінің қатарын, Оңтүстік Америка, Индонезия және Папуа-Жаңа Гвинея, Мұхит аралдарында мемлекетке дейін өмір сүрген тайпалардың аймақтарын жатқызуымызға болады.

Аталған құқықтық жанұяның ерекшеліктері мынадай:

- құқықтың жазылмаған (жіктелмеген) сипаты;
- әдет-ғұрыптың негізін: моралдық, философиялық, заңды нормалар, сондай-ақ, мифология құрайды;
- «өркениеттік» құқықтық жүйе мен дәстүрлі құқықтық жанұяның бір-бірінен жеке алшақ өмір сүруі (Индонезия, Бразилия), мемлекет өміріне араласпай, тайпалардың мемлекетті тануы, әділсот өзінің әдет-ғұрыптарына сүйене отырып, құқығын шығарады;
- әдет-ғұрыптарды реттеу, шындығында, жеке адамның емес, ұжымның мінез-құлқын қалыптастыру;
- ұжым мүшесі жасаған, құқық бұзушылыққа топтың (тайпа, жанұя) ұжымдық жауаптылығы;
- әділсотты іске асыруда жәбірленуші, яки, сол тайпаның данышпаны, абызы, көсемдерінің тікелей қатысуы;
- көне көптеген әдет-ғұрыптар;
- тараптарды азын-аулақ құқық бұзушылықтары үшін жазалау емес, бітістіруге бейімдеу;
- ауыр қылмыстары үшін — кек («қанға қан, жанға жан»).

Құқықтық әдет-ғұрып – мемлекет міндетті мән берген және олардың сақталуын өзінің мәжбүрлеу күшімен кепілдік ететін дәстүр. Әдет-ғұрып — тарихи қалыптасқан және әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Құқықтық (санкцияланған) әдет-ғұрып, мемлекет заңдық күш, санкция берген, әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі ретінде көрініс табады. Санкциялау дегеніміз мемлекетпен бекіту деген сөз. Басқаша айтқанда, құқықтық әдет-ғұрып - мемлекеттен туындамайтын, тек онымен танылатын құқықтың қайнар көзі. Құқықтық әдет-ғұрыпқа құл иеленушілік құрылыстағы феодалдық құқықтың ескерткішін жатқызуға болады: Қазақстанда «Жеті Жарғы», Үндістанда «Ману заңы», Германияда «Солистік шындық», Ресейде «Русская правда».

Сонымен құқықтық әдет-ғұрып құқықтың әлде қайда ежелгі нысаны. Мемлекеттік мәжбүрлеумен бекіген, мемлекетпен санкцияланған, жалпыға міндетті болып жарияланған. Қазіргі уақытта құқықтық әдет-ғұрып болып нормативтік актінің тиісті бабында оның мазмұнын көрсетпей сілтеме жасалатын әдет-ғұрып саналады. Егер оның мәтіндік сипаты құқықтық норманың мазмұнына қоса кіретін болса, оны құқықтық әдет-ғұрып деп

<sup>40</sup> Қараңыз: Якушев В. Указ. рас. — С. 173.

санауға болмайды, онда әдет-ғұрып мәні бойынша басқа сипатқа ие болады және жаңа құқық нормасына айналады. Әдет-ғұрып бұдан бұрынғыдай әлеуметтік норманың түрі ретінде өзінің мәнін жоғалтпайды және сақтайды. Еш күмәнсіз барлық халықтардың әдет-ғұрыптарының жүйесінде қоғамның ұлттық және өнегелік қабатын көтермелейтін қоғамдық - пайдалы талаптар болғаны белгілі. Ондай әдет-ғұрыптар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде үлесті орынға ие болған. ҚР азаматтық заңнамасының 3 бабының 4 тармақшасы бойынша құқықтық әдет-ғұрыптарды қолдануға жол берілген.

## **1.6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

Қоғамдық қатынастар белгілі бір өндіріс тәсілі негізінде өндірісте және өмірде адамдар арасында қалыптасатын күрделі де сан қилы қатынастар. Философия тарихты материалистік тұрғыдан қоғамдық қатынастарды материалдық және идеологиялық деп екіге жіктеді. Материалдық қоғамдық қатынас объективті, адамдардың санасы мен еркіне байланысты емес. Материалдық қоғамдық қатынас ішіндегі ең бастысы әрі айқындаушысы адамдардың өндірістік қатынастары болып табылады. Өндірістік қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы материалдық экономикалық қатынастардың жиынтығы. Өндірістік қатынас — қоғамдық өндірістің қажетті жағы. Жеке адам материалдық игіліктерді өндіре алмайды. Өндіру үшін адамдар белгілі байланыстар мен қатынастар жасайды, сөйтіп осы қоғамдық байланыстар мен қатынастар арқылы ғана олардың табиғатқа қатынасы болады, өндіріс орын алады.

**Қоғамдық қатынастар** — бұл адамдар арасындағы ертеден қалыптасқан әлеуметтік байланыс болып табылады. Әрбір адам басқа адамдармен мыңдаған рет байланысқа түседі, яғни, бұл адамның өмір сүруінің бір белгісі болып табылады (оқу, еңбек, демалыс, жанұя, достық және т.б.). Бірақ мұндай қоғамдық қатынастардың барлығын құқық реттей бермейді. Махаббат, достық, қастық, өшпенділік, әрекетке қабілетсіз деп танылғандар және т.б. қатынастарды құқық реттемейді. Қоғамдық қатынас құқықтық реттеудің пәніндегі қағидалар негізінде жасалуы мүмкін.

**Идеологиялық қатынастар** адамның санасына байланысты болады. Оның ең маңыздылары — саяси, құқықтық, моралдық, ұлттық, діни т.б. қатынастар. Қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы — өзара заңды байланыста реттелген бұлжымас бірізді жүйе. Қоғамдық қатынастардың жиынтығынан белгілі бірізділікті табу, оның ең басты, негізін анықтау. Қоғамдық қатынастардың өзара байланысын сипаттайтын заңдылықтарды ашу — ғылымның зор еңбегі. Қоғамдық өмірде қарым-қатынастар әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар ретінде және сол ұжым ішіндегі қатынастар ретінде де өмір сүреді. Қоғамдық қатынастардың жиынтығы адамдар ұжымдары үшін олардың өмір сүретін белгілі бір әлеуметтік ортасы болып табылады.



Қоғамдық қатынас антагонистік және антагонистік емес болып екіге бөлінеді. Қоғамдық қатынастар жеке меншікке және адамды қанауға негізделген қоғамдық-экономикалық формацияда болады. Қоғамда қанаушылық бірте-бірте азаяды. Антагонистік мемлекет либеральды-демократиялық мемлекетке айналады. XXғ. аяғында дамыған капиталистік елдер осы бағытқа көшті.

Қоғамдық қатынастардың басым көпшілігі әлеуметтік нормалар арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Қоғамның мүдде-мақсаттары, саясат, мемлекеттік билік т.б. күрделі мәселелер құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылады. Өйткені бұл бағытта қоғамдық қатынастардың ең маңыздысы, ең күрделі түрлері топтасып мемлекет пен құқықтың ең жауапты қызметіне айналады. Адамдар өмір сүру үшін, ұрпақты жалғастыру үшін т.б. басқа себептермен бір-бірімен қарым-қатынаста болады. Бұл объективтік процесс. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес қарым-қатынастар да ескіріп, жаңарып жатады. Бұл процесс әртүрлі жолмен дамиды, адамдардың бостандығының, іс-әрекетінің шеңбері кеңиді. Ғылым мен техниканың дамуы қоғамдағы қарым-қатынастардың түрін шексіз көбейтіп, қарқынды деңгейде дамытты. Бірақ бұл қарқынды даму процесі адамды қоршаған ортаның экологиясын нашарлатты, табиғи ресурстарды, байлықтарды азайтты. Сондықтан, адамдардың және қоғамның мүдде-мақсаттары тұрғысынан бостандықты дамыта отырып кейбір қарым-қатынастарға шектеу қойылды.

Қоғамдық қатынастар әртүрлі болады: саяси, моральдық, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, діни т.б. байланыстар. Бұл байланыс — қатынастар моральдық, әдет-ғұрып, діни, құқықтық нормалармен реттеледі. Мысалы, жанұя қатынастарының көпшілігі дәстүр, діни нормалармен реттеліп жатады. Сонымен қоғамдағы барлық қатынастар құқықтық нормалармен реттелмейді, тек әлеуметтік, қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтитын қатынастарды реттеп, басқарып отырады.

Құқықтық реттеу — құқық және өзге де заңды құралдардың көмегімен іске асырылады, қоғамдық қатынастарға әрекет етеді.

Құқықтық реттеу пәні — құқықтық реттеуге тартылған, қоғамдық қатынастар. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу — бұл құқықтық реттеу механизмі деп аталатын, заңды құралдар жиынтығының көмегімен іске асырылады. Құқықтық реттеу механизмінің негізгі элементтері:

- заңды нормалар;
- құқықтық қатынас;
- құқықты іске асыру актілері;
- құқықтық қағидалар;
- құқықтық мәдениет.

Соңғы екі элемент құқықтық реттеу механизмін түгел дерлік қамтиды.

Құқықтық реттеу — ұзақ үрдіс болып табылады және екі сатыдан тұрады:

- қоғамдық қатынастарды регламенттеу;
- заңды нормалардың әрекеті.

Қоғамдық қатынастарды регламенттеу — қоғамдық қатынастар аясында айқындалған әлеуметтік нормалардың көмегімен реттеу.

Құқықтық регламенттеу — бұл қоғамдық қатынастар құқығындағы мінез-құлық.

Құқықтық әрекет (құқықтық норма) — адамдардың өмірге, нақты мінез-құлыққа құқықты іске асыру, яғни, құқықтық әрекет құқықты іске асыру болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, құқықтық қатынас туындау үшін құқық нормасы болуы қажет — бұл құқықтық қатынастардың туындау шарты болып табылады. Құқық нормасында құқықтық қатынастардың субъектілері, олардың құқықтары мен міндеттері, құқықтық қатынастардың туындау фактілері анықталады.

Құқықтық қатынас материалдық, ықтиярлық және заңдық мазмұнға ие. Қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастың материалдық мазмұнын құрайды; ықтиярлық құқықтық норма-да сіңіскен мемлекеттік ықтияр (ерік); субъективті құқықтар мен заңды міндеттер — заңды мазмұнын білдіреді.

Құқықтық қатынас — құқық нормасын реттейтін, қоғамдық байланыс құқық нормасы негізінде туындайтын, мемлекетпен қамтамасыз етілген, субъективтік құқықтар мен заңды міндеттері бар қоғамдық қатынастарды айтуға болады.

#### **Құқықтық қатынастардың нышан-белгілері:**

Бірінші — құқықтық қатынастар тек нормативтік актілер арқылы реттеліп отыратын қарым-қатынастарды біріктіреді. Нормативтік актілерде қатынастың мазмұны, субъектілердің құқықтары мен міндеттері, дұрыс орындалмаса жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастар арқылы нормативтік актілер іске асады, орындалады.

Екінші - қатынастың субъектілерінің екі жақты құқықтары мен міндеттерінің толық көрсетілуі. Бір жағының құқығы екінші жағының міндеттеріне сәйкес, тең келеді. Субъектілердің бостандығы тең болады.

Үшінші - субъектілер өз еріктерімен, өз мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін құқықтық қатынас жасайды.

Төртінші - егер қатынаста нормативтік актінің мазмұны бұзылса немесе субъектілер өз міндеттерін дұрыс, толық орындамаса, мемлекеттің қатынасуымен бұл кемшіліктер түзетіліп, жауапкершіліктің түрін анықтауға тиіс.

Құқықтық қатынастар дегеніміз — мемлекеттік кепілдіктегі екі жақты құқықтары мен міндеттері бар қоғамдық қатынас.

Құқықтық қатынастардың алғы шарттары.

Шын мәнісінде, құқықтық қатынастар (құқықтық қатынастардың әртүрлілігі ретінде) материалдық және рухани сипаттағы мүдделермен және қажеттіліктермен келісілген. Ғылымда құқықтық қатынастардың пайда болған алғы шарттарын материалдық (жалпы) және заңды (арнайы) деп бөлу қалыптасқан.

1. Жалпы алғы шарттар кез-келген қатынастардың пайда болуына және қызмет етуіне қажетті. Басқаша сөзбен айтқанда — бұл құқықтық реттеуді объективті түрде қажет ететін, нақты әлеуметтік қатынас. Оларға жататындар:

- кемінде екі субъектінің қатынаста (адам жалғыз өзі қоғамдық қатынасқа түсе алмайды) болуы;

- қатынасқа түсетін себептер бойынша адамның қажеттілік мүдделері.

Қажеттілік материалдық, рухани және физиологиялық болуы мүмкін. Бұл қажеттіліктер олардың қоғамдық қатынастарымен байланысты құқықтық реттеу қажеттілігімен келісіледі.

2. Заңды алғы шарттар — бұл туындауы мүмкін емес құқықтық қатынастарсыз, құқықтық құбылыстардың жиынтығы. Оларға жататындар:

- құқық нормасы;

- құқық субъектілігі (субъектілердің құқыққа қабілеттілігі және іс-әрекетке қабілеттілігі);

- заңды факт.

Құқық нормасының бар болуы автоматты түрде құқықтық қатынастарды тудырмайды. Оның шығуы үшін қажетті тиісті негіздер қажет. Құқықтық қатынастың негізі заңды факт болып табылады.

Заңды факт — нақты заңды салдарлардың туындауымен құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуымен байланысты құқықтық норма болып табылатын, нақты өмірлік жағдайлар.

Өмірлік жағдайлар өзінен-өзі құқықтық қатынас тудырмайды. Атап айтсақ, адам — заңды факт жағынан болуы мүмкін немесе мүмкін емес, өмірлік жағдай. Бірақ, оның жасында белгілі бір заңды салдарлар болуы мүмкін, мысалы, некеге тұру, зейнеткерлікке шығу, заңды жауаптылыққа тартылу. Мұндай жағдайларда адам жасы өмірлік жағдай ретінде заңды факт сапасында шығуы мүмкін.

Заңды фактінің мынадай белгілері бар:

- көзделген нормативтік-құқықтық актілер;

- айқын құқықтық салдарларды шақырады (құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі, тоқтатылуы, өзге заңды фактілердің күшін жою);

- шындықтың үстінде болуы (яғни, барлығы нақты өмір шындығына сәйкес болуы тиіс);

- құжатпен расталған (жалпыға белгілі және айқын фактілері үшін анықтамалар, өзге де құжаттар);

- сол немесе өзге де құбылыстардың, жағдайлардың, әрекеттердің болмауымен сипатталады;

- нақты кеңістікте және нақты уақытта орын алады;

- нақты және жеке.

Қазіргі уақытта заң ғылымында заңды фактілерді дәстүрлі топтастыру қалыптасты.

### **Құқықтық қатынастарға қатысушылардың еркіне байланысты:**

– **оқиға** — құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін, адамдардың еркінен тыс өтетін заңды факт. Оған баланың туылуы, төтенше оқиғалар: өрт, зілзала, сел нәтижесінде адамдардың қатерге ұшырауы, мүлкіне зиян келуі және т.б. жатады.

– **әрекет** — құқыққа қатынасқа түсуші субъектінің еркіне байланысты болады және ол екіге бөлінеді: құқықтық әрекет (жұмысқа орналасу, зейнеткер демалысына шығу, некеге тұру) және құқыққа қарсы әрекет (құқық бұзушылықтың барлық түрлері).

Құқықтық әрекеттің өзі екіге бөлінеді: заңды актілер және заңды әрекет.

Заңды акт – белгілі бір заңды нәтижелерге (мәмілелер, мұралық, сот шешімдері және т.б.) жетуге бағытталған әрекет.

Заңды әрекет – адамның ой-пиғылынан тыс заңды нәтижелердің (көркем өнер туындылары және т.б.) пайда болуына әкелетін әрекеттер.

Құқыққа қарсы әрекеттер: қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, тәртіптік болады.

Туындайтын нәтижелерінің сипатына байланысты:

- құқық қалыптастырушы (ЖОО-на түсу);
- құқық өзгертуші (күндізгі оқу бөлімнен сырттайға ауысу);
- құқық тоқтатушы (ЖОО тәмамдау).

Кейде осы құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе жойылуына бір факті аздық етеді, мұндайда заңдық құрам әрекет етеді. Мысалы, зейнет демалысына шығу үшін зейнеткерлік жасқа жету, қажетті еңбек стажының болуы, содан зейнеткерлікке шыққаны туралы шешім керек.

### **Құқықтық қатынастар құрамы**

Құқықтық қатынастар құрамы былайша бөлінеді:

- құқықтық қатынас субъектілері;
- құқықтық қатынас объектілері;
- құқық субъектісі және заңды міндет (құқықтық қатынастың заңды мазмұны).

Құқықтық қатынастар субъектілері

Құқықтық қатынас субъектілерін қоғамдық қатынасқа қатысушылардың құқығына айналдырады. «құқық субъектілері» және «құқықтық қатынас субъектілері» ұғымдары бір-біріне ұқсас болғамнымен, айырмасы да бар. Атап айтсақ, мысалы, жаңа туылған бала немесе кішкентай бұлдіршін, есі дұрыс емес адам құқық субъектісі болып табылады, бірақ ол ешуақытта құқықтық қатынастың субъектісі болып табылмайды.

Құқық субъектісі деп — заңдық нормалар негізінде жеке құқықтық қатынастарға түсетін, жеке құқықтар мен заңды міндеттерге ие болатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды айтамыз. Құқықтық қатынас субъектілері құқықтарға және айқындалған міндеттерге ие болатын құқықтық қатынасқа

қатысушылар. Құқықтық қатынас субъектілері өзінің құқық әрекет қабілеттілігін пайдаланған құқық субъектісі.

Құқықтық қатынас субъектілері екі топқа жіктеледі: жеке және ұжымдық. Жеке субъектілерге мыналар жатады:

- азаматтар;
- азаматтығы жоқ адамдар;
- шет ел азаматтары.

Азаматтығы жоқ адамдар мен шетел азаматтары ҚР азаматтары сияқты заңнамада корсетілген кейбір шектеулерден басқа жағдайда Қазақстан аумағында құқықтық қатынасқа түсуге болады: жекелеп айтқанда, олар ҚР өкілетті органдарға сайлануға және сайлауға, мемлекеттік аппаратта белгілі лауазым иеленуіне. Қарулы Күштеріне борыш өтеуге және т.с.с. болмайды.

Ұжымдық субъектілерге мыналар жатады:

- мемлекет толығымен (мысалы, мемлекет басқа мемлекеттермен халықаралық қатынасқа түссе, мемлекеттік меншік бойынша азаматтық-құқықтық қатынасқа түссе және т. б.);
- мемлекеттік ұйымдар;
- мемлекеттік емес ұйымдар (жеке фирмалар, коммерциялық банктер және т. б.);
- қоғамдық бірлестіктер.

Жеке құқықтық қатынастар аймағындағы ұжымдық субъектілер заңды тұлға белгісіне ие. ҚР АҚ 33 бабының 1-тармақшасына сәйкес, заңды ұйым дегеніміз меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес, жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымды айтамыз.

Құқықтық қатынас субъектілері мәселесін көтергенде құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік туралы ерекше тоқталу қажет.

**Құқықтық қатынастың субъектілігі** - мемлекетпен танылған құқық, құқықтық қатынас субъектісі болу қабілеті (құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің бірлігі).

**Құқық қабілеттілік** - азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті. Құқық қабілеттілік адамға тумысынан беріледі, өлгенде жойылады (ҚР АҚ 13 бабын қараңыз).

Кейбір жағдайда анасының құрсағындағы тіршілік белгісін берген балалардың да құқыққа қабілеттілігі танылады. Мысалы, мұрагерлік құқық.

Құқық қабілеттілікті жалпы, салалық және арнайы деп қарастырады.

Жалпы – тұлғаның қолданыстағы заңнамада көзделген құқықтар мен міндеттердің ішінен кез-келгеніне ие болу мүмкіндігі.

Салалық – кез-келген құқық саласында құқыққа ие болу мүмкіндігін иеленеді.

Арнайы құқық қабілеттілік – арнайы таным немесе талантты қажет етеді. Мысалы, сот, дәрігер, ғалым және артист.

**Әрекет қабілеттілік** - құқық субъектілерінің өз әрекетімен құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігін айтамыз. Әрекет қабілеттілік субъектінің психикалық және жастық қасиеттеріне байланысты (ҚР АҚ қараңыз).

Әрекет қабілеттіліктің бірнеше түрі кездеседі:

- толық әрекет қабілеттілік (18 жастан басталады);
- жартылай әрекет қабілеттілік (14 пен 18 жас аралығында);
- шектелген әрекет қабілеттілік (ішімдікке немесе нашақорлыққа салынуына байланысты жанұян ауыр материалдық жағдайға әкелетін болса, жақын туыстарының өтінішімен немесе прокурордың талабымен сот арқылы шектеу). Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін (ҚР Конституциясының 39 бабы);

- әрекет қабілеттілігінің болмауы, жүйке ауруларымен ауруына байланысты кәмелетке толған субъект өз әрекетіне жауап бере алмайтын жағдайда болса, сот органының шешімімен әрекет қабілетсіз деп танылады.

Қазіргі кезде азаматтық құқықта 16 жасқа толған жасөспірімдер еңбек шарты бойынша еңбек ететін болса немесе ата-анасының немесе қамқоршыларының келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, толық әрекетке қабілетті деп сот арқылы тануға рұқсат етіледі.

Құқықтық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік өзара бөлінбейді. Азаматтық қатынастан басқа салаларда көбінесе, бұл екі қабілеттілік бірге болады. Олардың арасындағы айырмашылықтарды былайша түсіндіруге болады:

- мүліктік құқық – жасына, ерік-ықтиярына, тұрмысына қарамастан барлық азаматтарға қажет;

- мүліктік құқық – құқықтық қатынас саласында құқық қабілетті адамның және әрекет қабілеттілігі жоқ адамның орнына оның заңды өкілі қатыса алады.

**Құқықтық қатынастың объектісі деп** - құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің жеке құқықтары мен заңды міндеттерін жүзеге асыру арқылы өз қажеттіліктерін (рухани, мүліктік, әлеуметтік игіліктер) мүдделерін қанағаттандыруын айтамыз.

Адамдар құқықтық қатынасқа өз мүддесін қанағаттандыру үшін түседі. Бұл мақсатқа белгілі игіліктің алуын қамтамасыз етуші құқықтар мен міндеттер арқылы жетеді.

Құқықтық қатынастың пәні деп материалдық немесе рухани құндылықтарды, сондай-ақ, құқықтық қатынастың пайда болуына себеп болатын адам әрекетін айтамыз.

Объектіні түсінудің екі түрлі жағы танылған:

- құқықтық қатынастың объектісі болып тек адам әрекеті танылады;
- құқықтық қатынастың объектілері сан қырлы, олардың қатарына:

- материалдық құндылықтар (мүлік, зат, құндылықтар т. б.);
- материалдық емес құндылықтар (адам өмірі, денсаулығы, намысы, ар-ұяты);
- рухани шығармашылық туындылары (әдебиет, өнер, музыка, ғылым, компьютер бағдарламалары және т. б.);
- құқықтық қатынасқа қатысушылардың әрекетінің нәтижесі (тасымал шарт негізінде туындаған құқықтық қатынастар, құрылысқа жалдану шарты және т. б.);
- бағалы қағаздар мен құжаттар (ақша, акциялар, дипломдар, аттестаттар және т. б.).

**Құқықтық қатынастың мазмұны** - субъективтік құқық пен заңды міндеттер. Құқықтар мен міндеттер арқылы құқықтық қатынасқа қатысушылардың заңды байланысы жүзеге асырылады.

**Субъективті құқық** - субъектіге жеке мүддесін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін болатын әрекет мөлшері. Оның негізгі рөлі, маңызы субъектіге өз мүддесін қанағаттандыруға белгілі бір құндылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады.

Субъективті құқықтың құрылымы:

- өкілді жанның белгілі бір әрекетке мүмкіндігі бар мінез-құлық;
- міндетті жаннан әрекеттің белгілі бір түрін талап ету мүмкіндігі;
- құқығын қорғау үшін құзіретті мемлекеттік органға қайтарылу мүмкіндігі;
- белгілі бір әлеуметтік құндылықты пайдалану мүмкіндігі.

**Заңды міндет дегеніміз** - өкілді жанның мүддесін қанағаттандыру үшін тағайындалған заңды қажетті әрекет өлшемі. Міндеттілік субъективті құқықты жүзеге асыру кепілі. Субъективті құқықсыз бұл фикцияға айналады.

Заңды міндеттілік құрылымына мыналар кіреді:

- белгілі бір әрекеттерді жасау немесе олардан бас тарту міндеті;
  - өкілді жанның талаптарына бет бұру қажеттілігі;
  - аталған талаптарды орындамаған жағдайда заңды жауапкершілікке тартылу қажеттілігі;
  - контрагентке құндылықтарды пайдалану құқығына кедергі келтірмеу.
- Субъективті құқық пен заңды міндеттер арасындағы айырмашылықтар:
- егер субъективті құқық өз мүддесін қанағаттандыруға бағытталса;
  - заңды міндет өзгенің мүддесін қанағаттандыруға бағытталған;
  - субъективті құқық мүмкін болатын мінез-құлық мөлшері болса, заңды міндет тиісті әрекет мөлшерін көрсетеді деген күннің өзінде мүмкін болатын мінез-құлық (субъективті құқық) пен қажетті мінез-құлық (заңды міндет) ара жігі (өлшемі) заңнамада нақты анықталуға тиісті.

### **Құқықтық қатынас түрлері**

Құқықтық қатынастарды жіктеуде түрлі негіздерді алуға болады:

1. Құқықтық қатынас заңды норма ретінде осының негізінде туындауы мүмкін, құқықтық реттеу пәні бойынша (салалық белгілері) саралауға да болады. Сондықтан да, құқықтық қатынас негізі бойынша конституциялық-

құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және т.б.

2. Функционалдық рөлі бойынша — реттеуші (реттеуші нормалар немесе келісім-шарт) және қорғаушы (мемлекеттік мәжбүрлеу және заңды жауаптылық).

3. Құқық нормасы мазмұнындағы нақтылық дәрежесіне қарай жалпы және нақты құқықтық қатынастар деп айыруға болады.

Жалпы құқықтық қатынастар адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары негізінде (табиғи, ажырамайтын), құқықтық қағидалар, бастапқы (құрылтайшылық) нормалар.

Мұндай құқықтық қатынастардың ерекшелігі, мысалы, әрбір адамға қандай да бір құқық беріледі, ал, мемлекет осы құқықты ешқандай шарттарсыз міндетіне кепілдікке алады. Мысалы, қандай құқықтық қатынас, қандай өзара байланыс мына төмендегі нормалар негізінде туындауы мүмкін: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тиым салынады» (ҚР Конст. 20-бап. 1-тарм.). Бұл жалпы өзара байланыс — жалпы құқықтық қатынас.

Нақты құқықтық қатынас заңды фактілердің негізінде туындайды (өмірде болатын оқиғалар немесе нақты құқықтар мен міндеттер және нақты құқықтық нәтиже көрсететін қылықтар — сату-сатып алу, қарыз алу, жалға алу және т.б. келісім шарттарды іске асыру және келісім жасау).

4. Құқықтық қатынас субъектілерін айқындау дәрежесі бойынша абсолюттік және қатысты.

Абсолюттік құқықтық қатынаста нақ белгілі бір ғана өкілетті тарап — субъективтік құқықты жеткізуші, ал қалған құқықтық қатынастың субъектілері бұл тараптың міндеті болып табылатын, субъективтік құқықты бұзбауға міндетті.

Авторлық құқықты іске асырумен байланысты туындаған құқықтық қатынас оның үлгісі болып табылады. Авторға туындыдағы барлық құқықтар тиесілі, ал қалған тұлғалар осы құқықты бұзбауға міндетті.

Қатысты құқықтық қатынастар бір-біріне қатынасу бойынша құқықтар мен міндеттерді жеткізуші болып табылатын, барлық тараптарға белгілі. Мысалы, сату-сатып алу келісім-шартында: сатушы және сатып алушы.

5. Табиғатына қарай заңды міндеттер — тиымдарды сақтаумен байланысты баяу, баяу міндеттер (құқықтық қатынастың меншіктілігі) және нақты қанағаттанарлық әрекеттерді іске асырумен байланысты белсенді (құқықтық қатынас заемы).

6. Субъектілер саны бойынша жай (екі субъекті арасында туындайды) және күрделі (екі немесе одан да көп қатысушылар арасында қалыптасқан) құқықтық қатынастар.

7. Әрекет ету ұзақтығына қарай — қысқа уақытқа (мысалы, айырбас құқықтық қатынастар) және ұзақ уақытқа (мысалы, азаматтық құқықтық қатынастар) құқықтық қатынастар.



## 1.7. ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Құқықтық нормалар адамдардын санасы мен еркіне мақсатты түрде әсер ете отырып, оларды заңнамаға сәйкес жүріп-тұруға итермелеу үшін қажет. Қоғамдық қатынастардың қатысушыларының мінез-құлықтары арқылы кез-келген заң шығарушы қалайтын нәтижелерге жетуге болады. Нормативтік-құқықтық актілерде мазмұндалған құқық нормалары өмірге ену, іске асырылу үшін шығарылады.

Құқықты іске асыру дегеніміз құқықты өмірге енгізу, заңды нормаларды субъектілердің нақты әрекетіне енгізу болып табылады. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру - құқықтық нормалардың ережелері көрініс тапқан адамдардың мінез-құлқы, олардың құқықтарды жүзеге асыру мен заңды міндеттерді орындаумен байланысты тәжірибелік қызметі<sup>41</sup>. Субъектілердің әрекеттерінің сипатына қарай құқықты жүзеге асырудың төрт нысанын бөліп қарастырады:

- сақтау - тыйым салушы нормалар іске асырылады, бұл нысанның мәні - субъект тыйым салынған әрекетті жасаудан бас тарту болып табылады. Ережеге сай, құқықты іске асырудың бұл нысанында тыйым салушы нормалар қатысады. Мысалы, ұрлық жасауға, қызмет бабын асыра пайдалануға және қызыл шамға жүруге болмайды, сақтау әрекеттің бәсең (мінез-құлықтың) нысаны, сақтау қолданыстағы құқықпен тыйым салынған әрекеттерден бас тарту;

- орындау — субъектіден міндеттеуші құқықтық нұсқауларды жүзеге асырумен байланысты болатын белсенді әрекеттерді талап ететін іске асыру нысаны болып табылады. Мұнда субъект өзіне жүктелген белсенді әрекетке деген міндеттілікті атқарады. Яғни, орындау оң мазмұнды заңды міндеттерді орындауға байланысты белсенді әрекеттерді жүзеге асыру. Мысалы, әскер борышын өтеу, парызын орындау, салық төлеу, балалар өсіріп тәрбиелеу және т.б.;

- пайдалану - субъект заңды норма арқылы өз мүмкіндігін, яғни, өз құқықтарын жүзеге асырады. Пайдалану арқылы өкілетті нормалар жүзеге асырылады. Пайдалану құқықты іске асырудың нысаны ретінде жеке тұлғаның есебінде заңнамада көрсетілген міндеттермен емес, құқықтармен тығыз байланысты.

Яғни, пайдалану - олар арқылы тұлғаның өз мүддесін қанағаттандырылатын субъективтік құқықтарды жүзеге асыру. Адамдар өздерінің құқықтарын пайдалана отырып, мүдделерін қанағаттандырады: еңбек ету бостандығына (ҚР Конституциясы 24-бап. 1-тарм.), некеге тұру (неке және жанұя туралы заң), заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстау (ҚР Конституциясы 26-бап. 1-тарм.), бірлесу бостандығына құқығы (ҚР Конституциясы 23-бап. 1-тарм.). Сақтау, орындау және пайдалану сипаты бойынша бір негізде — оларды құқықты іске асырудың тікелей нысаны деп те атайды, яғни оларды іске асыратын,

<sup>41</sup> Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. Т. 2. Теория права. — М., 1998. — С. 312.

қоғамдық қатынастарға қатысушылардың өздері, азаматтар — құқық пен міндеттердің субъектілері. Құқықты іске асырудың мейлінше күрделі нысаны құқықты қолдану болып табылады.

### **ҚҰҚЫҚТЫ ҚОЛДАНУ — ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ НЫСАНЫ**

Құқықты қолдану - субъектілер билік органдарының көмегінсіз өздері іске асыра алмайтын, құқықтар мен міндеттер, яғни, мемлекеттің мәжбүрлеу қажеттілігі туындайды және т.б.

Мысалы, қылмыс жасалды (кісі өлтіру) — бұл заңды айғақ, қылмыскердің еркімен емес, санкцияны іске асырумен байланысты қылмыстық құқық нормасы қолданылады. Санкцияны қолдану мұндай жағдайда тек ғана мемлекеттің айрықша құзыреті болып табылады. Құқықты қолдану қызметі — бұл мемлекеттің тек құқық бұзушылықтарға ғана емес, сонымен бірге азаматтық істерді сотпен шешуде, студентті ЖОО-на қабылдау туралы бұйрық шығару немесе мемлекеттік марапаттау туралы елбасы жарлығын шығаруда үлкен маңызға ие.

**Құқықты қолдану** - құзіретті органдардың нақты өмірлік жағдайларға қатысты құқық нормаларын жүзеге асыруындағы мемлекеттік-биліктік ұйымдастырушы әрекеті, соңында осыған сәйкес жеке дара акт қабылданады.

Құқықты қолдану құқығы — заңды нормалар негізінде қабылданып, жеке шешім болып шығатын, заңды істерді рұқсат ету жөніндегі билік қызметі<sup>42</sup>.

Құқықты қолдану - бұл құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны. Ол субъектілердің билік органдарының көмегінсіз өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алмауы жағдайында қажет<sup>43</sup>.

Құқықты қолданудың ерекше белгілері:

- өкілетті және құзіретті субъектілермен (мемлекеттік органдар) қолданылады;
- биліктік сипатта болады;
- сатылардан (істің фактілі және заңды негізін табу, шешім қабылдау) тұрады;
- процессуалдық нысанда (істің шешілуінің әділетті және заңды кепілін күшейту мақсатында бұл қызмет құқық нормасымен қатаң реттелген) жүзеге асырылады;
- тиісті жеке биліктік (құқықты қолдану) акт қабылдаумен байланысты.

Құқықты қолдану, субъектілері билік органдарының көмегісіз құқықтары мен міндеттерін іске асыра алмаған жағдайда, яғни заңды факт

<sup>42</sup> Спиридонов Л. И. Общая теория государства и права. — М., 1996. — С. 229.

<sup>43</sup> Қараңыз: Спиридонов Л. И. Теория государства и права. — М., 1996. — С. 226; Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. Т. 2. Теория права. — М., 1998. — С. 316-317; Бабаев В. К. Теория современного советского права. — Н. Новгород, 1994.

және т. б. бойынша дау туындаған оған мемлекеттік мәжбүрлеу қажеттілігі туындаған жағдайда қажет.

Құқықты қолдану қызметін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар барлық елдердегі жалпыға танылған: заңдылық, әлеуметтік әділеттілік, мақсаттылық және негіздемелік қағидалар бойынша жүзеге асырады.

Заңдылық қағидасы мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар құқыққолдану қызметі барысында заңды қатаң әрі сөзсіз орындау — бұл құқыққолдану органдары мен лауазымды тұлғаларға берілген өкілеттілік шегіндегі әрекеті; белгіленген рәсімдерді қатаң әрі сөзсіз сақтау, белгіленген нысандағы (жарлық, бұйрық, қаулы) заңды актілерді құқыққолдану қызметі нәтижесінде қабылдау.

Құқық нормасын қолдану туралы Г. Ф. Шершеневич былай деп жазады: «сол немесе өзге де нақты жағдайлардағы құқыққолдану нәтижесін бөліп-жармай, оның дәл мәнін табу», бұл заңдылық қағидасының құқықтық тәртіптегі жағдайын құрайды<sup>44</sup>.

Әлеуметтік әділеттілік қағидасы бірінші кезекте құқықты қолдану органдары мен лауазымды тұлғалардың қызметінде жекелеген азаматтар немесе топтардың емес, бүкіл қоғамның мүддесі жатады.

Мақсаттылық қағидасы құқыққолдану қызметінде сол немесе өзге де нормативтік-құқықтық актіні нақты қолдану жағдайы, шешім шығарған сәттегі қалыптасқан жағдайдың ерекшелігін назарға алу болып табылады.

Негіздемелік қағидасы іске қатысты барлық материалдарды толық айқындау, мұқият зерделеу және пайдалану, жеткілікті, жақсы тексерілген, күмән тудырмайтын айғақтар негізінде шешім шығару.

Құқықты қолдану нысанында төрт жағдайда іске асырылады:

- құқықтық қатынас мемлекет органдарының немесе лауазымды тұлғалардың билік өкімі (азаматты нақты қызметке шақыру, ЖОО-на түсу) туындамаған жағдайда;

- қоғамдық қатынас өзінің мәнділігін (сауда-саттық мәмілесін нотариус арқылы аяқтау) заңдылық тұрғысынан бақылау қажеттілігі туындағанда;

- құқық туралы дау немесе субъективтік құқықты (жұбайлардың мүлкін сот арқылы бөлсе, ата-аналық құқығынан айыру) жүзеге асыруға бөгет жасағанда;

- тұлға құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілікке тартылғанда.

Құқықты қолдану – күрделі салдарлы қызмет, өз үрдісінде негізгі бірнеше кезеңге және сатыларға бөлуге болады:

- істің іс жүзіндегі негізін анықтау, бұл кезде іс бойынша объективтік шындық анықталып, барлық заңды маңызы бар ақпараттарды жинау жүзеге асырылады:

- істің заңды негізін анықтау, бұл кезде құқыққолданушы осы

<sup>44</sup> Шершеневич Г. Ф. Общая теория права. — М., 1912. — Вып. 4. — С. 705.

қоғамдық қатынасты реттейтін құқықтың саласын, институттың және нормасын таңдайды;

- істі шешу, бұл кезде құқық нормасының негізінде ресми мағынадағы биліктік сипаттағы жеке акт қабылданады. Шешім қабылдау қорытынды әрі негізгі кезең болып табылады. Бұдан кейін шешім орындалуы және нақты қоғамдық қатынас іс жүзінде реттелуі тиіс.

Бірінші сатысында істің объективтік ақиқаттылығы ашылады. Құқықты қолдану фактілі жағдайларды жеткілікті толық және сенімді талдаған кезде ғана негізді болып табылады. Мәніне келсек, нақты іске қатысты мәліметтердің заңды мәнділігі бойынша жинағандығы туралы сөз болады. Мысалы, құқық бұзушылық жасаған уақыты мен орны, жасау тәсілі, келтірген залалы, куәгерлер, айыпкерлер көрсетулері — қылмыстық құқықта; келісім жасау жағдайлары, тараптар мен үшінші тұлғаның түсініктемелері, куәгерлер көрсетулері, сараптама қорытындысы — азаматтық құқықта; еңбек қақтығысы, оған қатысушылар ұғымы — еңбек құқығында). Көріп отырғанымыздай, нақты жағдайлардың уақыты өтіп кеткен, оларды растау дәлелдемелер көмегімен жүзеге асырылады. Дәледеме — бұл нақты іс бойынша заңды мәні бар жағдайларды белгілейтін көмекші шындықтағы мәліметтер. Басқаша айтқанда, бұл барлық мүмкін болатын материалдар мен материал емес «іздер» құқықтық қатынас (заттар, құжаттар, басы-қасында болғандардың куәлары). Дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау бойынша құзыретті орган қызметін дәлелдеуші деп атайды. Ал, дәлелдемелердің көмегімен қажетті анықтайтын айғақ – дәлелдеу пәнін құрайды. Дәлелдеме мынадай түрлерге бөлінеді:<sup>45</sup>

1. Алғашқы және туынды дәлелдеме. Алғашқы дәлелдемеге жататындар: куәгерлер, айыпталушы көрсетулері, құжаттардың түпнұсқалығы, затты айғақтар, яғни, бұл алғашқы түпнегізден алынған дәлелдемелер. Туынды дәлелдемелер «екінші қолдан» алынған айғақтарды құрайды — басқа адамнан есту бойынша білген куәгерлердің көрсетулері, құжат көшірмесі және т.б.

2. Айыптаушы және ақтаушы. Айыптаушы — сезікті немесе айыпталушының айыбын ашу үшін дәлелдемелер. Ақтаушы дәлелдеме алиби (айыпталушының немесе күдікті кісінің қылмысқа қатыссыздығын дәлелдейтін даусыз дерек) — оқиға болған жерге айыпталушының (сезіктінің) келуінен шыққан қылмыстық процестегі жағдай.

3. Тікелей және жанама. Тікелей дәлелдемелер дәлелдеуші затты тікелей көрсетеді (қылмыс болған жерден жүзін жасыру). Жанама дәлелдемелер дәлелдеуші затты тікелей көрсетпей, заңды маңызы бар айғақтар туралы қорытындылар жиынтығы, мұнда ұқсас жағдайларды ғана анықтайды.

4. Жеке және заттай. Жеке дәлелдемелерге жататындар: адамдардың қабылдаған ақпараттары, басқа адамдардың жеткізген және өңделген мәліметтер. Заттай дәлелдемелер қылмыс қаруы болып табылатын немесе

<sup>45</sup> Қараңыз: *Бабаев В. К.* Теория современного советского права. — Н. Новгород, 1994. — С. 99-100.

оның өзінде іздері сақталған немесе айыпталушының қылмыстық әрекеттерінің бұрынғы объектісі, сондай-ақ, қылмыстық жолмен табылған ақша және өзге де құнды заттар.

Екінші сатысында Құқықты қолданушы белгілі қоғамдық қатынасты реттеуші саланы, институтты және құқық нормаларын тандап алып. Олардың құқық нормасы мәтінінің түп нұсқаға сәйкестігін, олардың кеңістікте, уақытта және адамдар арасында әрекет ету шеңберін, заңды нұсқаулардың мазмұнын және мағынасын түсіндіреді, іс-әрекетін саралайды. Осындай жағдайлармен құқыққолданушы құқық нормасын тандауда оның мәтінінің түпнұсқалығын анықтауы тиіс — құқық нормасы ресми басылымда жарияланып, онда өзгерістер мен толықтырулар бар болып, олар заңға қарама-қайшы келмейтін және жоғарыда тұрған органдардың жазбаша нұсқауларына сәйкес келуі тиіс.

Таңдап алған құқық нормасының әрекетін уақытпен, кеңістікте және адамдар айналасында айқындалуын тексеру қажет:

- бұл норма қазіргі уақытта қызмет етеді ме;
- аталған аймақта ол әрекет етеді ме;
- құқыққолданушы тұлғаға қатысты аталған құқық нормасының әрекеті келеді ме.

Құқық нормасын таңдау әрқашанда ыңғайлы бола бермейді. Бірнеше құқық нормалары реттелетін жағдайларда сәйкес келмейтін немесе бір-біріне өзара қарама-қайшы келетін сәттер де кездеседі. Мұндай жағдайлар коллизиялы деп аталып, оларды мынадай ережелер арқылы шешуге болады:

- егер түрлі органдардан шыққан, құқық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтар болған жағдайда, онда заңды күш жоғарыда тұрған органның шығарған, құқық нормасына тиісті болады (мысалы, Парламент қабылдаған заң мен Үкімет қаулысы арасында);

- егер коллизия бір органның нормалары арасында болса, онда кейінірек қабылданған, құқық нормасы қолданылады (әр түрлі уақытта қабылданған, бір сұрақ бойынша әкім шешімі);

- егер жалпы және арнайы нормалар арасында қарама-қайшылық орын алған жағдайда, арнайы нормалар қолданылады;

Құқыққолдану сатысы ретінде заңды топтастыру қажеттілігі тек құқық бұзушылыққа ғана емес, сонымен бірге, заңды бағалауды талап ететін, кез-келген мінез-құлықта сараланады. Атап айтсақ, егер неке қию керек болса, «Жанұя және неке туралы» заң нормасы, ал, сыйға тарту керек болса, Азаматтық кодекстің баптарына сілтеме жасалады.

Үшінші сатысында шешім қабылданады және Құқықты қолдану актісі шығарылады. Расымен Құқықты қолдану үрдісінің осы кезеңінде дәл осы істің тағдыры шешіледі, яғни істі карау барысында қандай түйінге келеді, құқықтық қатынастың келешек жалғасы осыған байланысты.

Істің фактілік және заңды негізін анықтау құқық нормасын қолданудың әзірленген сатысы сияқты болып көрінеді. Шешім қабылдау тәмәмдаушы

және сонымен коса негізгі саты болып табылады. Осыдан кейін шешім орындалады және нақты қоғамдық қатынас реттеледі.

Құқықты қолдану қызметінде сақтау, орындау және пайдалану құқықты іске асыру нысандары пайдаланылады. Мысалы, тергеуші өзінің өкілеттігін іске асыруда тиым салушы, міндеттеуші және өкілдік етуші заң нормаларын пайдаланады.

Оған кәметке толмағандарды ата-анасы немесе қамқоршынсыз жауап алуға тиым салады, оқиға болған жерге барып, ол оқиға орнын қарау хаттамасын жазуға міндетті, ал, тергеуші куәларды, сезіктілерді және т.б. жауап алу үшін шақыруға құқылы.

Сонымен қатар, заңгерлік әдебиеттерде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілеттігін пайдалануда және азаматтардың құқықтарын іске асыруда айрықша ерекшеліктер көрсетіліп негізделген.

Азаматтар өздерінің субъективтік құқықтарын пайдалану немесе пайдаланбау ерікті-ықтиярлы істері болып табылады. Бұл әрбір азаматтың өз құқығы, өз меншігін сыйлауға немесе сатуға, басқаша сөзбен айтқанда, мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар өз өкілеттігін іске асыру болып табылады. Мұнда құқықты іске асыру тек ғана құқық емес, сонымен бірге олардың міндеті болып табылады.

Конституциялық Кеңес тек Конституция нормаларын (Конст. 72-бап. 4-тарм.) ресми түсіндірме құқымен ғана емес, сонымен бірге, Конституцияның 78-бап. көзделген жағдайларда соттардың өтініштерін қарауға міндетті.

### **Құқық нормаларын қолдану актілері**

Құқықты қолдану актісі құзіретті субъектінің құқықтар мен заңды міндеттердің бар-жоқтығын және тиісті норманың негізінде олардың мөлшерін анықтау мақсатымен жасалатын мемлекеттік-өкілді жеке анықталған акт.

Құқықты қолдану акт Құқықты қолдану әрекетінің соңғы нәтижесі ретінде орындалады және келесі ерекшеліктерге ие:

- өкілеті органдар қабылдайды;
- мемлекеттік-биліктік сипатқа ие;
- жекеленген сипатта, ал нормативтік сипаты жоқ, демек, нақты субъектіге арналған, осы жағдайда кім кандай субъективтік құқыққа және заңды міндеттерге ие екені көрсетіледі;
- заңмен анықталған нысаны бар.

Сонымен қатар, қолдану актісін әрекет (іс-әрекет) ретінде және акт-құжат ретінде айыра білген дұрыс. Соңғысы, кіріспеден, сипаттаушы, негіздемелік және резолютивтік бөлімдерден, яғни белгілі құрылымнан тұрады.

Құқықты қолдану актілерін келесі негіздер бойынша жіктейді:

- нысаны бойынша - жарлық, үкім, шешім, бұйрық және т.б.;
- шығаратын субъектісі бойынша — мемлекеттік және мемлекеттік

емес өкілетті органдар актілері;

- құқық функциясы бойынша — реттеуші (қызметін жоғарлату бұйрық) және қорғаушы (қылмыстық іс қозғау туралы қаулы);

- заңды табиғаты бойынша — негізгі (заңдық істің соңғы шешімін көрсетеді, мысалы үкім) және көмекші (негізгі актіні шығаруға көмектеседі, жекелеп келсек, тұлғаны айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулысы);

- құқықтық реттеу пәні бойынша — қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т. б. актілер;

- сипаты бойынша — материалдық және процессуалдық.

Аталған актілердің арасындағы ортақ белгілеріне мыналар жатады:

- олар құқықтық актілер, құзыретті мемлекеттік органдармен қабылданады және қамта-масыз етіледі;

- сипаты бойынша өкімдік болып табылады. нормативтік актіге қарағанда құқықты қолдану актісі:

- нормативті акті негізінде қолданылады;

- нормативтік актіде мазмұндалған құқық нормаларын нақты жағдайларға, қатынастарға қатысты нақтыландырады; жекеленген (индивидуалды-анықталған) сипаты бар;

- құқық нысаны болып табылмайды және бір мәрте қолдануға ғана арналған;

- тиісті қоғамдық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына негіз болатын заңдық факт қызметін атқарады.

### **Құқықтағы олқылық және оның орнын толтыру тәсілдері**

Қоғамдық қатынастарды реттеу үшін заңнамада қажетті құқық нормасының болмауын құқықтағы олқылық деп атайды.

Құқықтағы олқылық — заңды құбылыс. Өмір бір орында тұрған жоқ, қоғамдық қатынас үздіксіз құқықтық реттеуді талап етеді. Ақаулық екі себептен туындайды:

- 1) егер де заң шығарушы құқықтық реттеуге мүмкіндігі бар барлық қоғамдық қатынасты алдын-ала көре алмаса;

- 2) қоғамдық қатынастың күнделікті дамуы нәтижесінде.

Олқылықтың орнын толтыратын бірнеше әдістер бар:

- 1) жаңа құқық нормасын қабылдау жолымен құқық шығармашылық үрдіс арқылы құқықтағы ақаулықты жояды.

- 2) Құқықты қолданушы заң ұқсастығы және құқық ұқсастығы арқылы олқылықтан құтыла алады.

**Құқықтағы олқылықтар** - бұл қолданыстағы заңнамада қажетті заң нормаларының толығымен немесе жартылай болмауы.

Олқылықты жаңа құқық нормасын қабылдау арқылы құқық-шығармашылық процесінің көмегімен жоюға болады.

Олқылықтарды құқыққолдану процесі арқылы жеңуге болады себебі, бұл кезде ешбір жана нормалар қабылданбайды, не құқық ұқсастығы, не заң ұқсастығы қолданылады.

**Заң ұқсастығы** - бұл жағдайға емес басқа оқиғаға арналған құқықтық нормаға негізделген нақты юридикалық істің шешімі. Басқаша айтқанда, заң ұқсастығын қолдану дегеніміз қажетті норма жоқ, бірақ, осы істі шешуге мүмкіндігі бар ұқсас норма бар.

Заң ұқсастығы нақты бір заңды істі осыған ұқсас істі шешуге бағытталған құқықтық норманың негізінде шешу.

Құқық ұқсастығы бұл нақты заңды істі құқықтың жалпы қағидалары мен мәні негізінде шешу. Құқықтағы олқылықтарды жеңудің бұл әдісі ұқсас істі шешуге байланысты осы құқық саласында, ұқсас құқық саласында да нақты нормалар болмаған жағдайда ғана қолданылады.

**Құқық ұқсастығы** - бұл жалпы қағидалар және құқық мағынасына негізделіп отырып нақты юридикалық істің шешімі. Бұл осыған ұқсас норма кездеспеген жағдайда олқылықты жою әдіс болып табылады. Демек бұндай норма осы салада да және аралас салада да жоқ болған жағдайда. Мұндайда Конституцияда бекітілген құқық қағидаларын (әділеттілік, заң және сот алдындағы теңдік және т. б.) қолдану маңызды. Сондықтан құқыққолданушы құқықтың жалпы қағидаларын бағытқа ұстанады және іс бойынша негізделген шешім қабылдайды. Тәжірибеде құқық ұқсастығы өте сирек қолданылады. ҚР АҚ 5-бабында заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығы түсінігі берілген.

Жалпы ереже бойынша, Құқықты қолданушы заң ұқсастығын қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана құқық ұқсастығын қолдануға құқылы.

Қылмыстық заңнамада конституция арқылы ұқсастықты қолдануға тыйым салынған (ҚР Конституциясы 77-бап., 3б. 10-тарм.).

**Заңды қарама-қайшылықтар.** Екінші кезеңде, яғни, нақты құқық нормасын тандауда, нормалардың қарама-қайшылығы және құқықтағы олқылықтар сияқты кұбылыстарды кездестіруге болады. Заңды қарама-қайшылықтар бұл бір қоғамдық қатынастарды реттеуші құқықтық актілер арасындағы қарама-қайшылықтар. Олар құқықтық жүйеге келіспеушіліктерді, кемшіліктерді әкеледі, құқыққолдану тәжірибесінде ыңғайсыздықтар туғызады, заңнаманы қолдануды қиындатады.

Қарама-қайшылықтардың түрлері: 1) Конституция мен басқа барлық актілер арасындағы: басымдылық Конституцияға беріледі;

2) заңдар мен заңға сәйкес актілер арасындағы: заңдарға басымдылық беріледі; 3) бір органның актілері арасындағы: уақыты бойынша кейін қабылданған актіге басымдылық беріледі; 4) әр түрлі органдар қабылдаған актілер арасындағы: жоғары тұрған органның актісіне басымдылық беріледі.

### **Құқықтағы мирасқорлық және жаңару**

Құқықтағы мирасқорлық дегеніміз бұрынғы немесе қазіргі құқық жүйесінің жағдайын құқықтық ауыстыру. Құқықтағы мирасқорлыққа диалектика заңының бірі тән, яғни, екі өзара байланыстағы аспектіні қамтитын қарым-қатынас, өзгерген жағдайға сай келмейтін ескіні жою және сонымен қоса, құқықтың прогресті дамуына қажет және құнды, ескінің жақсылықтарын сақтау. Кез келген соңғы құқықтық жүйе өткен құқықтық



жағдаяттарды қабылдап және оны өз міндеттерін шешуге жұмсайды. Ең көрнекті құқықтық жүйелердің өзара мирасқорлығы мысалдардың бірі. Еуропа елдеріндегі XII ғасырда бастау алған рим құқық рЕнепциясы. Рим құқығының көптеген институттары өз ерекшелігі бар алғашқы қайнар көзі ретінде қолданылған және әлі де романо-германдық құқық жүйесіндегі мемлекеттердің азаматтық кодексіне және басқа да нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеу барысында қолданылуда. Көптеген елдердің құқықтық жүйесіне деген Рим құқығының осындай ықпалын, осы жүйенің мазмұнына және сипатына елеулі көлемде сіңіскен, ал, құқық ұғымы туралы анықтамасына әсерін тигізген, әлде қайда маңызды институттары мен оның қағидаларын заң әдебиеттерінде рим құқығының рецепциясы деп атайды. Өткен жүз жылдықтың өкілі неміс заңгер-ғалымы Р. Иеринг былай деп айтуға негіз бар. Оның айтқан сөзі қанатты сөздердің біріне айналды: Рим үш рет бүкіл әлемді жаулап алды: біріншісінде — қарудың күшімен, екіншісінде — діннің күшімен, үшіншісінде — құқық көмегімен.

Құқық адамзат өркениетінің жетістіктерінің бірі. Оның мұрасын пайдаланбау дегеніміз құқықтық қозғалыста кері қарай қадам жасаумен тең. Кеңестік құқық жүйесінің үлкен қателігі мынада, әлемдік қауымдастықта мойындалған адам құқығы, мемлекеттік биліктің бөлінуі және оның заңмен шектелетіндігі жайлы анафемді сатқандығы. Бұл саясат кеңес халқына каторгтік лагерлер және геноцид, азық-түліктің созылмалы дефициті, идеологиялық тұйықтық және ұлттың жеке потенциалына қысым көрсету сияқты жағымсыз құбылыстарды әкелді. Құқықтағы мирасқорлық және жаңару мынадай жағдайларда болуы мүмкін:

- құқық мазмұнында - бұл жерде құқықтық норманын немесе құқықтық институттың прогрессивті мазмұны, жалпы демократиясы туралы сөз көзғалады; құқық нысанында - бұрынғы немесе қазіргі құқық жүйесінің құқықтық қайнар көздері сияқты қайнар көздермен салыстыру: «заң», «қаулы», «жарлық» сияқты құқық қайнар көздерінің құқықтық мәртебесін және атауын айырбастау; заңды техника саласында — нормативтік актілердегі құқық нормасын сипаттау және көрініс табу нысандары, заңға ерік енгізу тәсілдер мен ережелерді пайдалану. Сонымен қатар, заңды терминдерді жаңа мазмұнмен толықтыру немесе интерпретациялау мүмкіндігінен айырылмайды. Егер кейбір заңды терминдер бұрынғы мағынасын сақтаған болса, мысалы. «казус», «арбитр», «презумпция», ал кейбір терминдер басқа мағына білдіреді, мысалы «алимент» деген ұғым бұрын римляндарда тамақ, үй жай, киім деген ұтымдарды біл-дірген болса, қазіргі заңнамада алимент дегеніміз асырау қаражаты деген мағынаға ие.

Басқа елдердің конституцияларындай ҚР Конституциясында қазақ болмысын есепке ала отырып, адамның ажырамайтын құқығы және құқықтық мемлекет тұжырымдамасы, биліктің бөлінуінің француз моделі және Конституциялық Кеңес мәртебесі ауыстырылған.

## 1.8. ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАУ

Құқық нормасын талқылау құқық шығармашылық үрдісінде, құқықты жүйелеуде және тіпті құқықты қолдануда маңызды орынға ие. Құқықты қолданудан бұрын оның мағынасын ұғыну керек, ал кей жағдайда талқылау қажет.

**Құқық нормаларын талқылау** — барлық құқық субъектілері (мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру.

Құқықты талқылаудың қажеттілігі неде деген сұрақ туындайды.

1. Заңды нормалардың абстрактісімен байланысты. Құқық нормасы жалпы сипатта. Сондықтан нақты оқиға осы норманың әрекетіне сәйкес келе ме, жоқ па дегенді нақты түсіндірген жөн.

2. Құқық шығармашылық үрдісінің жеткіліксіздігі. Заң шығарушы барлық құқық нормаларды нақты және ұтымды құрастыра алмайды. Құқық нормасының мағынасын нақты ұғыну қажет.

3. Арнайы терминдерді түсіндіру қажеттілігі.

4. Құқық нормасы қоғамдық қатынастардың бір-бірімен өзара байланысын реттейді. Сондықтан шынайы құқық нормасының ұғымын түсіну үшін онымен бірге қолданылатын, басқа нормаларды да іздестіру қажет;

5. Құқық нормасы біреуге түсінікті, енді біреуге мүлдем түсініксіз. Кейде осы талқылаудың жоқтығынан түсіну теріске шығатын жайлар да аз емес. Тәжірибелі заңгер мейлінше жиі тез әрі оңай құқық нормасының абстрақтылы мағынасын «қағып алып», нақты жағдайларға қолданады.

Құқық нормасын талқылау үрдісі өзі екі жеке дара сатыдан тұрады: ұғыну және түсіндіру. Ұғыну — норманың мазмұнын «өзі үшін» сезіну, түсіну үрдісі. Түсіндіру — игерген құқық норма мазмұнын басқаларға жеткізу, түсіндіру үрдісі. Түсіндіру тек қарапайым таным үшін емес құқық нормасын зерттеу және құқық нормасын іске асыру мақсатын көздейді. Құқық нормасының мағынасын әдістер (тәсілдер) мен талқылау көлемі арқылы ұғынады. Сонымен талқылаудың түсінігі, құқық нормаларын талқылау бұл мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқық нормаларының мазмұнын түсіндіруге, оларда көрініс тапқан билік басында тұрған әлеуметтік күштердің еркін ашуға бағытталған қызметі. Талқылау процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т.б. анықталады.

**Құқық нормаларын талқылау мақсаты** - заң шығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Талқылау екі жақтан кұралады:

- норманың мәні мен оны талқылауды түсіну (өзі үшін);
- норманың мазмұнын түсіндіру (өзгелер үшін).

Талқылау қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді талқылауға және нақтылауға бағытталған. Талқылау кез-келген ойлау процесі ретінде заңдар мен ережелерге бағынады. Әрбір талқылау ережесі негізделген әрі дәлелді болуы тиіс. Бірқатар авторлардың диалектикалық талқылауы формалды логикаға қарама-қайшы келіп, жағдайды өзгерту арқылы норманы өз әрекетіне икемдеуге апарады. Сондықтан талқылау диалектикасын талқылау тәсілдері мен ережелерінің жиынтығы түрінде қарастырған жөн.

Тану процесі ретінде талқылау — бұл тек объективтік ғана емес (объектіні тану субъектіні танумен байланысты емес), сонымен бірге субъективтік процесс болып табылады. Ол нақты субъектімен іске асырылады, ал, оның нәтижесі ойлаудың субъективтік нысандарынан көрініс береді. Талқылауды іске асыратын субъектілер тек ойлау қабілетімен ғана емес, сонымен бірге, кәсіби дайындық деңгейі, жекелей тәжірибесімен және т.б., әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Бірақ бұл қасиеттер өзінше адастыруларға, біржақтылыққа, құқық нормасын дұрыс түсінбеушілікке әкелуі де мүмкін.

### **Талқылау әдістері (тәсілдері)**

**Талқылау әдісі** - дегеніміз құқық нормасының мазмұнын анықтауға бағытталған амал, құрал, тәсілдердің жиынтығы. Келесі әдістерді бөліп көрсетеді:

- кез келген құқықтық акт заң шығарушының ойын сөзбен өрнектейді. Грамматикалық (тілдік) әдісі — тіл заңдылықтары, грамматика ережелері, орфография көмегімен түсіндіру;

- логикалық — логика заңдылықтар мен ережелердің көмегімен түсіндіру, мысалы, «суық қару» дейтін болсақ, ол оның температурасын көрсетіп тұрған жоқ, яғни, қарудың не пышақ не қанжар екендігін айтып тұр. Бірақ бұл қарудың атыс немесе газды түріне жататын тапанша немесе мылтық емес; - жүйелік — құқық нормасының өзге нормалармен жүйелік байланысын анықтай отырып, оның нақты орнын ескере отырып шешу;

- тарихи-саяси — нақты құқықтық норманы қабылдаудың саяси және нақты тарихи астарын анықтай отырып түсіндіру; - арнаулы заңдық — заңнамада қолданылатын заңдық терминдердің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру. - телеологиялық (мақсатты) — нормативтік актіні қабылдау мақсаттарын анықтаудың көмегімен түсіндіру.

Талқылаудың нәтижесі мәтін мен заңды нормалардың нақты мазмұны қатынастарына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Осы қатынастан шыға келе, көлемі бойынша талқылаудың үш түрі бар:

1) сөзбе-сөз — құқық нормасының мағынасымен оның мәтіндік көрінісінің мағынасы дәлме-дәл сәйкес келуі; мысалы. Парламент Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді органы;

2) шектеулі — құқық нормасының нақты мағынасы оның мәтіндік көрінісі болып табылған кезде ғана қолданылады; мысалы, «Балаларына

камқорлық жасау — ата-анасының парызы» деген конституциялық нормада кәмететке толмаған балалар туралы айтылуда;

3) таралушы — құқық нормасының нақты мағынасы оның мәтіндік көрінісінен кең мағынаға ие болған жағдайда, мысалы, Сот тәуелсіз және заңға ғана бағынады — деген жерде «заң» терминіне тек заңды ғана емес басқа да сот жетекшілік ететін құқықтық-нормативтік актілерді (Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары) түсіну керек.

### **Субъектілер бойынша талқылау түрлері**

**Құқық нормаларын талқылау** - барлық құқық субъектілері (мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру.

Құқық нормасын талқылау үрдісі өзі екі жеке дара сатыдан тұрады: ұғыну және түсіндіру. Ұғыну — норманың мазмұнын «өзі үшін» сезіну, түсіну үрдісі. Түсіндіру — игерген құқық норма мазмұнын басқаларға жеткізу, түсіндіру үрдісі. Талқылау тек қарапайым таным үшін емес құқық нормасын зерттеу және құқық нормасын іске асыру мақсатын көздейді.

Талқылау субъектілеріне байланысты **ресми және бейресми**:

**1. Ресми талқылау**— құқық нормаларының мазмұнын Құқықты қолданушы барлық субъектілер үшін міндетті және заңды салдар туғызатын актілерде арнаулы мемлекеттік органдардың түсіндіруі; мысалы, заңға тәуелді актілердің ресми түсіндірмесін оларды қабылдаған (шығарған) органдар немесе лауазымды адамдар береді («Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 45 бабының 2 тармақшасы);

Ресми талқылау **нормативті және казуалды** болып бөлінеді. **Нормативті** талқылау біртектес барлық істерді шешу барысында міндетті болатын, жалпы сипаттағы түсіндірме.

Оның өзі екіге бөлінеді: **аутентикалық және легалдық**.

**Аутентикалық талқылау** деп нормативті актілерді қабылдаған органның өзінің түсіндірме беруін айтамыз. **Легалдық талқылау** — басқа органдар қабылдаған құқықтық актілерді заңмен рұқсат етілген, соған өкілетті мемлекет органдарының түсіндіруі.

**Казуалды талқылау** - нақты істі қарау кезінде міндетті болатын түсіндірме. Қазақстан Республикасында заң актілерін талқылау құқығы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне және сот органдарына берілген.

**2. Биресми талқылау** деп заңды міндеттілік күші болмайтын, талдау тереңдігімен, сенімділігімен және негізделгендігімен сипатталатын құқық нормаларын талқылаудың бір түрін айтамыз; мысалы, Қ. зейнеткерге зейнет ақы туралы заң нормаларының мазмұнын түсіндіреді.

Ол үшке бөлінеді: **доктриналды, кәсіби және кәдімгі талқылау**.

**Кәдімгі талқылау** - құқықтық нормаларды әрбір жеке азаматтың өзінің білім деңгейіне және жеке сенімдеріне сәйкес түсіндіру.

**Кәсіби талқылау** деп құқықтық арнаулы білімі бар мамандардың өз қызметін жүзеге асыру барысында беретін құқық нормаларына түсіндірмесін айтамыз.

**Доктриналды талқылау** монографияларда, ғылыми еңбектерде және тағы басқа құқық нормаларын ғылыми саралау кезінде жүргізілетін түсіндіру.

**Құқықты талқылау актілері.**

Құқықты талқылау актісі – бұл заң нормаларының мағынасын талқылауға бағытталған құқықтық акт. Құқықты талқылау актілерінің ерекшеліктері:

- заң нормаларының мағынасын талқылауға бағытталған;
- нормативтік емес, нақтылаушы ережелерден құралған;
- дербес сипатқа ие емес және өзі түсіндіріп отырған нормалармен бірге әрекет етеді;

- құқықтың қайнар көзі болып табылмайды.

Құқықты талқылау актілерінің төмендегідей түрлері болады:

1) ресми талқылаудың түрлеріне қарай олар нормативтік (аутентикалық және легалды) және казуалды талқылау актілері болып бөлінеді;

2) талқылауды жүзеге асырып отырған органдарға қарай мемлекеттік билік органдарының, басқару органдарының, сот, прокуратура органдарының талқылау актілері:

3) құқықтық реттеу пәніне қарай қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және т.б. құқықты талқылау актілері:

4) сипатына қарай - материалдық және іс жүргізушілік талқылау актілері;

5) нысанына қарай – жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулар және т.б.

## 2. ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒА

### 2.1. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм

Сана — адам ойлау қабілетінің шындыққа сай, идеалды туындысын айқындайтын философия, әлеуметтану және психология ғымының негізі. Сана — бұл қоғам дамуындағы адамның ойлаумен, сөйлеумен және мақсатты еңбек қызметімен байланысты психикалық көріністің жоғары нысаны. Ол қоғамдық тәжірибенің негізінде және үрдісінде қалыптасты. Оның екі нысаны бар: жеке (тұлға) нысан және қоғамдық<sup>46</sup>.

Адамдарды қоршаған табиғат, қоғам көмегімен сезілетін, қоғамдық сананың түрлі нысандары қызмет етеді. Осыдан саяси, моралдық, діни, құқықтық сана бөлініп шығады.

Қоғам өмірінің ұйымдарына құқықтық сананың ықпал етуі мейлінше мәнді әрі маңызды. Ол Құқық шығармашылықтың пайда болуына, құқықты іске асырудың кезеңдеріндегі ерекше құқықтық нормалар, құқықтық қатынастар, құқықты қолдануға тікелей әсер етеді. Адам өмірі сана, ойлау, образдауды айқын көрсетеді, еріктілік күшімен адамдардың мінез-құлқын нақты басқарады, олардың қылықтарын реттеп отырады.

Құқықтық сана ғымының деңгейі, сапасы, сипатынан қоғамдағы адам мінез-құлқы қандай болады — заңды ма, әлеуметтік пайдалы ма немесе заңсыз, әлеуметтік зиянды және қауіпті ме?

Құқықтық сана - бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны. Құқықтық сана адамдардың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасы<sup>47</sup>.

Құқықтық сана — қолданыстағы және қалаған (тілеген) құқыққа деген адамдардың қатынасын көрсететін сезімдері мен елестері, көзқарастары мен эмоцияларының, бағары мен бағалауының жиынтығы<sup>48</sup>.

Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылдаған заңдарға, нақты бір нормативтік-құқықтық актінің жобасы және т.б. қалаған (қолдаған) немесе бас тартқан реакциясы<sup>49</sup>.

#### **Құқықтық сана белгілері:**

- қоғамдық сана нысандарының бірі;
- құқықтың қажеттігін түсіну, сезіну және бағалау: құқық жүйесі, заңнама, заңды қызмет (Құқық шығармашылық, Құқықты қолдану, талқылау және т.б.) және өзге де құқықтық материяның болмыс нысандары;
- идея, теория, ұсыныс, сезім, эмоция, көңілкүй, дағды, іскерлік және басқа да элементтерді өзіне қосады;

<sup>46</sup> Большая Советская Энциклопедия. — М., 1989. — С. 1245.

<sup>47</sup> Ларин А. Ю. Теория государства и права. Учебник для ВУЗов. — М., 2005. — С. 289.

<sup>48</sup> Якушев А. В. Теория государства и права. — М., 2001. — С. 159.

<sup>49</sup> Теория государства и права. Учебное пособие. Конспект лекций в схемах и определениях / Под ред. Л. В. Смирнова. — М., 2004. — С. 265.

- құқықты сананы жеткізуші субъектілер: жеке тұлға, әлеуметтік тап, бүкіл қоғам және т.б.;

- қоғам дамуының жекелеген кезеңдерінде құқық нысанымен шығуға болады;

- заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсінеді;

- қолданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізудің қажеттігін түсінеді;

- құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдайды;

- адамдардың бағдарлы әрекеттеріне ықпал жасайды, әрекет түрлерінің бірін (заңды, заңсыз) саналы түрде таңдап алуына мүмкіндік жасайды.

**Құқықтық сананың ерекшеліктері мыналардан көрінеді:**

а) ол өмірдің шындықтарын әділеттілік, құқықтық, еркіндік тұрғысынан қабылдайды;

ә) жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін орнықтыруды талап етеді;

б) құқықтық пен құқықтық еместіктің, құқыққа сәйкестік пен құқыққа сәйкессіздіктің шектерін көрсетеді;

в) құқықты қамтамасыз ету үшін заңды шараларды талап етеді.

Құқықтық сананы құраушы құрылымы негізінен заңгерлік әдебиеттерде екі элементтен тұрады: **құқықтық идеология және құқықтық психология:**

Құқықтық идеология қолданыстағы және қалаған (тілеген) құқыққа деген адамдардың қатынасын көрсететін түсінік, қағидалар, сендіру; бұл құқықтық бағалаудың әлде қайда ұтымды деңгейін сипаттайтын құқықтық құбылыс субъектілерінің терең ойлауы. Құқықтық идеология құқықтық сана құрылымының басты элементтерінің бірі. Саяси-құқықтық идеологиясыз қазіргі өркениетті қоғамды түсіну мүмкін емес. Қазақстанның болашағы үшін басты сұрақтардың бірі Қазақстан үшін, оның мәніне, рухани даму келешегіне қандай идеология қолайлы. Сондықтан құқықтық идеология – бүтіндей құқыққа қоғамның қарым-қатынасы (доктрина, ұғымы, қағидалары, заң ғылымының даму деңгейі). Құқықтық идеология жекелеген тұлғалардың құқықтық санасы қалыптасқан ортада құрылады.

Құқықтық психология құқыққа деген қатынастың нәтижесінде адамдардың сезінетін күйзелісі, көңіл-күйі, сезім деңгейі, құқық субъектілерінің эмоциялық бағалауы. Құқықтық психология барлық қоғамдық қатынастарға белгілі көлемде тән, құқықты ұғынудың әлде қайда тараған нысаны.

Құқықтық психология - бұл, ең алдымен құқыққа қатысты сезімдердің, көңіл-күйдің, эмоциялардың, көзқарастардың, армандардың жиынтығы. Бұл жерде құқықтық құбылыстарға деген қатынас ерекше деңгейде пайда болып, белгілі бір сезімдер мен эмоцияларды қалыптастыруға тырысады. Құқықтық психология арқылы мыналар жүзеге асырылады:

а) құқықтық мәдениетке тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, тұлғаның мәдениетіне, күнделікті өміріне, әдетіне еніп кеткен барлық элементтер;

ә) тұлғаның өзін-өзі бағалауы, яғни, өз мінез-құлқын құқық нормаларына сәйкестігі тұрғысынан сындарлы түрде бағалай білу қабілеті.

Құқықтық сананың бұл элементтері бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Бір жағынан адамның құқықтық ілімі сипаты мен деңгейіне байланысты эмоциясын бақылай біліп, өзінің мінез-құлқын қажетті құқықтық бағыттарға жұмсай білу керек. Екінші жағынан әділеттілік пен күйзеліс сезімі құқықтық ілімді одан әрі қарай ұлғайтуға және ізденуге алып келеді.

### **Құқықтық сананың рөлі оның функцияларынан көрініс табады:**

1) танымдық - бұған «құқықтық дайындық» түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығы, құқықтық білімді, тәжірибелік іскерлік пен дағдыларды меңгеру тән болып келеді;

2) бағалаушылық - бұл тұлғаның құқықтық өмірдің әр түрлі жақтары мен көріністеріне өтіл мен құқықтық тәжірибе негізінде белгілі бір эмоционалдық қатынасын тудырады;

3) реттеуші - ол құқықтық көзқарастар мен құндылық-құқықтық бағыттылық арқылы жүзеге асырылады. Көзқарас дегеніміз тұлғаның белгілі бір түрде ақпараттарды, процестерді, құбылыстарды қабылдауға және бағалауға бейімділігін және осы бағалауға сәйкес әрекет етуге дайындығын білдіреді.

Құқықтық бағыттылық - бұл тұлғаның заңды мәні бар жағдайларда әрекет ету бағдарламасын тікелей қалыптастыратын құқықтық көзқарастарының жиынтығы.

### **Құқықтық сананың түрлері.**

Құқықтық сананың субъектілер айналасы немесе оны жеткізушілер бойынша қоғамдық, топтық және жеке болып жіктеледі.

**Қоғамдық құқықтық сана** қоғамдағы құқықтың рөлі мен құндылығы туралы қоғамдық пікірмен айқындалады және барлық қоғам ұстанатын, құқықтық көзқарастар, идеялар және ұсыныстармен көрініс табады. Яғни, көпшілік — адамдардың көптеген топтарымен жасалған құқықтық сана, қоғамдық — барлық қоғамдық құқықтық сана.

**Топтық құқықтық сана** нақты әлеуметтік топтар: педагогтар, дәрігерлер, полиция қызметкерлері және өзге де жергілікті халықтың бірқатарымен құқықтық сана ерекшеленуі. Яғни, топтық — құқыққа топтың, ұжымның және т.б. қатысы, корпоративтік — түрлі кәсіп өкілдері (мысалы, физиктер, химиктер, саудагерлер, жұмысшылар, шахтерлер), әлеуметтік топтар мен жетекшілер (бизнесмен, интеллигенция, бас бостандығынан айрылғандар), партия мүшелері (коммунистер, христиан демократтар, радикалдар, мұсылман қауымы), жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері (банк, зауыт, фабрика, өндіріс және т.б.) құқықтық санасы.

**Жеке құқықтық сана** құқыққа және құқықтық құбылыстарға нақты жеке тұлғаның қатынасымен сипатталады. Яғни, жеке – құқыққа адамның жеке қатынасы.

Құқықтық сана мазмұны бойынша үш түрге бөлінеді: эмпирикалық (қарапайым), кәсіби (заңгерлік) және доктриналды (ғылыми).



**Қарапайым құқықтық сана** — өмірлік тәжірибе ықпалында туындаған құқық пен заңдылық туралы адамдардың көпшілік түсінігі, олардың эмоциялары мен көңіл-күйлері. Яғни, құқық негізгі кәсібі болып табылмайтын, жергілікті тұрғын немесе мамандардың құқыққа деген қатынасы. Бұл құқықтық санада жеке әдіс-тәсіл мен тұрғылықты қондырғылар шектелген. Мұндағы адамдардың құқыққа қатынасы тұрмыстағы жағдайға немесе көңіл-күйге, құқықты қабылдауларға байланысты тез өзгеріп отырады.

**Кәсіби құқықтық сана** — арнайы дайындықтар нәтижесінде қалыптасқан құқықтық сана (мысалы, судья, прокурор, салық инспекция қызметкерлері, адвокаттардың құқықтық санасы). Кәсіби құқықтық сана заңгерлік оқыту және кәсіби тәжірибе барысында туындайды және бағдарламалы заңгерлік білім мен құқыққа пәндік-іскерлік қатынасы, құқық нормаларын сауатты қолдана білу әрі құқықтық білімді сапалы пайдалану.

**Ғылыми құқықтық сана** — құқық ғылымы саласындағы құқық танушы ғалымдар, мамандардың құқықтық санасы. Құқықтық жинақтаулар, құқықтық идеялар мен теориялар игеруін көрсететін тұжырымдар. Құқықтық сананың айрықша қасиеттерінің бірі болжамға толыққандылық, жүйелілік және қабілеттілік. Құқықтық қатынас пен құқықтық құбылыстарды жеткізушілердің жеке көзқарастарымен ғылыми құқықтық сана өзара келіседі.

Қазіргі қоғамда ғылыми құқықтық сана саяси-конституциялық қатынастар, заңнама, құқық даму жолын көрсететін жетекші рөлге ие. Бұл бір жағынан алғанда, құқықтық сана дамуы белгілі деңгейде қолданыстағы құқықпен негізделеді, екінші жағынан, құқық өзі құқық шығармашылық (заң шығарушы нормативтік акт қабылдау кезінде қоғамның және тұрғындардың кейбір топтарының құқықтық сана деңгейін есепке алуға тиіс) деңгейде және құқық іске асыру деңгейде де (құқықтық сана құқық нормасын өз еркімен сақтауды қамтамасыз етеді және құқықты қолдануға көмектеседі, ол құқықтық нұсқауларды талқылауға, дәлелдемені бағалауға, ақаулықтарды жоюға қажет) құқықтық санаға тәуелді.

Сонымен қатар, құқықтық сана барлық құқықтық реттеу механизміне көмектеседі, заңды нормалардың шығарылуын алдын-ала болжайды және олардың барлық әрекетін қадағалайды.

### **Құқықтық мәдениет және оның құқықтық санамен ара қатынасы**

Құқықтық сана — бұл адамдардың құқыққа қатынасы болса, онда құқықтық мәдениет — бұл заңнаманың жалпы жай-күйі, сот, басқа да құқыққорғау органдарының жұмысы, құқықтың даму деңгейін жасайтын, елдегі жергілікті барлық халықтың құқықтық санасы және қоғамдық өмірдегі құқықтық сананың орны, құқықтық құндылықтарды меңгеру, оларды тәжірибеде іске асыру, жоғарыда тұрған заң талаптарын іске асыру. Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрып, оған сүйенеді. Алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда

кең, себебі, ол психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар мінез-құлықты да қамтиды.

Құқықтық мәдениет — бұл адам құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттік және қоғамдық кепілділік дәрежесі және қоғамның құқықтық өмірінің сапасы, сондай-ақ, қоғамның әрбір жекелеген мүшелерінің құқықтарын білу, ұғыну және сақтау. Яғни, қоғам өміріне құқықтың әлеуметтік-пайдалы қасиеттерін жүзеге асыру.

Құқықтық мәдениет — бұл құқықты терең түсіну әрі білу, қажетінше жете түсінген және ішкі қажеттілік ретінде оның өкімдерін саналы түрде орындау.

Құқықтық мәдениет мыналарды білдіреді:

1) құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бір деңгейі;

2) халықтың заңдарды білуінің тиісті дәрежесі;

3) құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі;

4) құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру процесстерінің сапалық жағдайы;

5) құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері (құқыққорғау органдарының жұмысы, конституциялық бақылау және т.б.);

б) құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері (заңдар, сот тәжірибесі, заңнама жүйесі және т.б.).

Бұлардың барлығы жекелік және қоғамдық тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Тұлғаның құқықтық мәдениеті - бұл құқықты білу және түсіну, соған сәйкес әрекет ету. Тұлғаның құқықтық мәдениеті тұлғаның құқықтық білімділігін білдіреді, оған құқықтық сана, құқықты қолданудың дағдылары мен қабілеті, өз мінез-құлқын заң нормаларына бағындыру жатады. Тұлғаның құқықтық мәдениетінің құрылымы мына элементтерден құралады:

1) психологиялық элемент - құқықтық психология;

2) идеологиялық элемент - құқықтық идеология;

3) мінез-құлықтық элемент - заңды мәні бар мінез-құлық.

Қоғамның құқықтық мәдениеті - бұл қоғамның құқықтық санасының және құқықтық белсенділігінің деңгейі, заң нормалар мен заң қызметінің дамуының дәрежесі. Қоғамның құқықтық мәдениеті оның жалпы мәдениетінің бөлігі болып табылады және келесі факторлармен сипатталады:

- құқықты шын мәнінде қажетсіну;

- елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы;

- қоғамдағы заң ғылымы мен заң білімінің даму дәрежесі. Қоғамның құқықтық мәдениетінің құрылымы келесі элементтерден құралады:

1) қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі;

2) заң нормаларының даму дәрежесі (құқықтың даму деңгейі, заң мәтіндерінің мәдениеті және т.б.);

3) заң қызметінің даму дәрежесі (құқықшығарушы, құқыққолданушы және құқыққорғаушы қызметтің мәдениеті).

**Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті** — құқықты білу және түсіну, сонымен қоса, әрекеттің оларға сәйкес келуі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен тығыз байланыста, соған әкеп тірейді. Бірақ ол құқықтық санаға қарағанда кең немесе өзіне оның психологиялық және идеологиялық элементтерін ғана емес, заңды мәні бар мінез-құлықтарды да қамтиды.

Заңды нормаларды білетін және түсінетін барлық адамдарды құқықтық мәдениетті адам деп санауға болмайды. Құқықтық мәдениетті адам заңды ережелерді біле отырып, оның нұсқауларын сақтау қажеттілігімен үйлестіріп және өз қызметінде оларға жүгінеді.

Сондай-ақ, жеке адамның құқықтық мәдениеті келесі құрамдас элементтерден тұрады:

- психологиялық элемент (құқықтық психология);
- идеологиялық элемент (құқықтық идеология);
- мінез-құлыққа байланысты элемент (заңды мәні бар мінез-құлықтар).

Жеке адамның құқықтық мәдениеті адамның құқықтық сауаттылығын, құқықты пайдалана білу икемділігін және дағдысын, өз мінез-құлығының заңды норма талаптарына бағындыруын қамтиды.

Қоғамның құқықтық мәдениеті – Қоғамның құқықтық сана және құқықтық белсенділік деңгейі, заңды нормалар мен заңды қызметтердің ілгерлеу деңгейі.

Қоғамның құқықтық мәдениеті құрылымы келесі элементтерден тұрады:

- қоғамның құқықтық сана және құқықтық белсенділік деңгейі;
- заңды нормалардың (құқықтың даму деңгейі, заңды мәтіндердің мәдениеті және т.б.) ілгерлеу деңгейі;
- заңды қызметтердің (Құқық шығармашылық, құқыққолданушылық және құқыққорғау қызметтерінің мәдениеті) ілгерлеу деңгейі.

Қоғамның құқықтық мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, келесі факторлармен сипатталады:

- құқықтағы нақты қажеттілік;
- елдегі заңдылық және құқықтық тәртіп жағдайы;
- қоғамдағы білімнің және заң ғылымының даму деңгейі.

### **Құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы құқықтық тәрбие**

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің деңгейін арттырудың негізгі құралы құқықтық тәрбие болып табылады.

Құқықтық тәрбие — бұл құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті азаматтарға және қоғамға қалыптастыру.

Аталған үрдісті мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, оқу орындары, бүтіндей қоғам жізеге асырады.

Сонымен, құқықтық тәрбие — адамның құқықтық мәдениетін қалыптастыру және оны белсенді заңды мінез-құлыққа жұмылдыру жөнінде мақсатты бағытталған тұрақты әрекеттесу болып табылады.

Құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты — адам өміріне қажетті заңды білім беру және оның заңдары мен заңнамалық актілерін құрметтеу және сыйлау, сонымен қатар, құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін жеткілікті түрде қалыптастыру. Бұл қоғам мен мемлекет үшін қажетті, яғни, құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді және құқық бұзушылық санын мейлінше азайтады. Бұл өзінің құқықтары мен міндеттерін айқын білетін, жеке тұлға, яки, адам үшін басқалардың, оның ішінде лауазымды тұлғалардың, заңсыз әрекеттерден өзін заңды сауатты қорғауға болады.

Құқықтық тәрбиенің негізгі бағыттары:

- жанұяда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- мектепте құқық негіздері мен құқықтық мәдениетке тәрбиелеуге оқыту;
- заңгерлік (салалық) кәсіби жоғары оқу орындарында кәсіби құқықтыққа дайындау
  - өзін-өзі тәрбиелеу — құқыққа және танылған қажеттілікті қатты құрметтеу, өзін-өзі оқыту, құқықтық құбылыстарды дербес талдау жасау жолымен құқықтық анықтауларды сақтау үшін тәрбиелеу;
  - бұқаралық ақпарат құралдарымен құқықтық білімді тарату;
  - түрлі заңгерлік әдебиеттерді шығару және сауда жолдары арқылы тарату;
  - мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларымен құқықтық насихаттауды іске асыру;
  - компьютерлік мәліметтер («Гарант», «Консультант-плюс», «Кодекс») құру, Интернет арқылы құқықтық ақпарат тарату;
  - барлық құқыққорғау, сот органдары қызметінде көрсетілген, заңды тәжірибе.

Құқықтық тәрбие:

- ҚР Конституция нормаларын білу;
- мейлінше маңызды заңдардың (оның ішінде, салалық кодекстердің негізгі қағидалары) мазмұнын білу;
- құқықтық оқу-жаттығулар, доктриналар мәнін ұғыну;
- нормативтік-құқықтық актілер иерархиясын бағдарлау;
- заң шығарушы органдар қызметін зерделеу және жаңа нормативтік-құқықтық актілерді есепке алу;
- өзге де ақпараттарды өзіне қосады.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралы жалпыға міндетті құқықтық оқыту болып табылады. ҚР Президентінің 1995ж. 21 маусымдағы қаулысымен бекітілген, ҚР-ндағы жалпыға міндетті құқықтық оқыту туралы ережесі. Жалпыға міндетті құқықтық оқыту — бұл азаматтарды жаппай құқықтық насихаттау және құқықтық тәрбиелеу жүйесі. Жалпыға міндетті құқықтық оқыту — азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және заңды сыйлау дәстүрін қалыптастыру.

Негізгі қағидалары:

- жалпылық;
- жүйелілік;
- толассыздық;
- мүдделілік;
- міндеттілік;
- жеке даралық.

Құқықтық тәрбиенің негізгі тәсілдері:

- сендіру;
- ескерту;
- марапаттау;
- көндіру;
- жазалау.

### **Құқықтық нигилизм ұғымы және оның нысандары**

Құқықтық тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі — құқыққа жауапсыз қарау, оны жете бағаламау, құқықтық өкімдерді бұзу және т.б.с.с. құқықтық нигилизмді бөліп шығару. Осыдай себептермен құқықтық сана жекелеген индивид немесе тіпті әлеуметтік топтардың өзінде түрлі ақаулар мен бұрмалаулар болады.

Құқықтық санадағы ақаулықтар — бұл құқықтық санадағы кемістіктер, оның қалыптаспаушылығы және біржақтылығы туралы айғақтайды.

Құқықтық санадағы бұрмалаулар — бұл жағымсыз, әлеуметке қарсы бағыттылықтың жоғары немесе төменгі шамасын көрсететін, құқықтық қатынас.

Құқықтық санадағы ақаулықтардың мейлінше көп тараған түрлері: құқықтық нигилизм, құқықтық идеализм, құқықтық релятивизм, құқықтық субъективизм және құқықтық инфантилизм.

Құқықтық нигилизм — әлеуметтік нигилизмнің бір түрі, жалпы алғанда құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз - қарсы, сыйламаушылық қатынас. Себеп — тұрғындардың көпшілігінің заңды қадірлемеушілігі, құқықтық тәрбиесіздігі. Тұғырында қоғамға деген құқықтың қажетсіздігі жатыр.

Құқықтық нигилизм — әлеуметтік қатынас өнімі, ол көп себептер және салдармен негізделген. Жекелеп алғанда, мемлекеттік қызметкерлердің құзыретсіздігі, саясаттылық және шенеуніктердің популизмі сияқты қазіргі таңдағы келеңсіз жағдайлармен тығыз байланысты. Нигилизм субъектінің өз әлеуметтік-құқықтық мәртебесімен қанағаттанбауының, оның пікірі бойынша өзінің потенциалды мүмкіндігін дұрыс бағаламауының нәтижесі.

Оның көрінісінің саналуан қыры, жақтары, нысандары бар:

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын тікелей және біле тұра бұзу.

2. Құқықтық нұсқауларды жергілікті көпшіліктің орындамауы және сақтамауы, яғни субъектілер (азаматтар, лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдар, қоғамдық мекемелер) өз мінез-құлықтарын құқықтық норма

талантарына сай орындамауы, ал «өз ережелерімен» өмір сүруге және әрекет етуге ұмтылу.

3. Бір-бірін теңдестіруге тиісті нормативтік-құқықтық актілердегі коллизиялар (дау-таластар), қарама-қайшылықтар және бәсекелестер. Кей кезде заңға тәуелді актілер заңдардан жоғары тұратыны бар. Оның себептерінің бірі қабылданатын көптеген құқықтық нормалар өзара сәйкеспейді, нашар синхрондалады, соның нәтижесінде коллизияға (дауға) ұшырайды.

4. Саяси, идеологиялық заңдылықты алмастыру немесе прагматикалық мақсаттағы құқықтық емес алаңдардағы органдардың және әр-түрлі лауазымда адамдардың әрекеті, ҚР әрекет етуші құқық шеңберінен тыс өз мүдделерін іске асыруға ұмтылуы. Өздерінің істері үшін немесе ісмер ойлары үшін заңдарды айтуға болады деген бағдар жоғары қызметтегі шенеуніктердің көбісінің ақылына сыйымды. Сондықтан бізде соңғы жылдары мақсаттылық, күш көрсету тәсілдері, авторитарлық ықтиярлық, зорлық-зомбылық, негізделмеген (ниеті анықталмаған) қызметтен кетулер және қызметке тағайындаулар және т. б. келеңсіз құбылыстар үстемдік етуде.

5. Әртүрлі мемлекеттік органдардың және де өкілетті және атқарушы құрылымдардың конфронтациясы. Бұндай құбылыстың бірден-бір себебі нақты бағынушылық пен өзара қарым-қатынастың болмауы. Келесі себебі, біз әлі күнге дейін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құзыреттерін бөлмегендікке байланысты.

6. Құқықтық нигилизмнің көрініс табатын нысаны мен нақты кайнар көздерінің бірі адамдардың құқықтарының, соның ішінде өмір сүруге, ар-намыс. абырой, жеке меншікке, қауіпсіздікке деген құқықтардың бұзылуы.

7. Соңында, құқықтық нигилизмнің кейбір ғылыми ұстанымдардан туындайтын теориялық нысанын бөліп көрсетуге болады. Құқық бұрын да қазір де прагматикалық түйінде, мәдени және әлеуметтік құндылық ретінде емес, яғни саяси шешімді шешу әдіс, құрал ретінде түсіндірілген.

Құқықтық нигилизмді жою жолдары: тұрғындардың жалпы құқықтық мәдениетін және құқықтық санасын жоғарлату, құқық бұзушылықтың және соның ішінде қылмыстың алдын-алу; мемлекеттік тәртіпті, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту; жеке тұлға құқығын қадірлеу және жалпы әлемдік деңгейде қорғау: тұрғындарды құқықтық жалпыға оқыту және құқықтық мәдениетті көтеру шараларын ұйымдастыру; жоғары дайындалған заң мамандарын және т. б. әзірлеу.

**Құқықтық идеализм** — құқықты және оның мүмкіндіктерін асыра бағалау. Құқықтық идеализм көрінісінің негізгі нысандары:

- заңгер-ғалымдар жағынан шындыққа сай емес құқықтық қатынасы, өмірден үзілген абстракті ретінде құқықты қабылдау;
- өмірді тез өзгертуге қабілетті, «жақсы заңдарға» азаматтардың соқыр сенімі;

– қоғамдық қатынастарды реттеу құралы ретінде құқықты тура мағынада қабылдау, нақ шындықтағы қоғамдық қатынастарды реттеу тек құқықпен ғана емес болатын әрекеттерді елемеу;

– заң шығарушылар жағынан құқыққа идеалистік қатынас (мысалы, заң шығарушылар нормативтік-құқықтық актілерді өңдеу мен қабылдауда нақты шындықтағы жағдайларды есепке алмау, шынайы өмірді аз білу, нормативтік-құқықтық акті мен халық мүддесі арасындағы байланысты ұғынбау, құқықтық акті нормасын іске асыру механизмін жете қарастырмау, қабылданған заң өмірдегі мәселелерді автоматты түрде шешеді деген сенім болу);

– құқықтың формалды жақтарының көп болуы (мысалы, көптеген сот істерін қарастыруда).

Қоғамдағы құқықтық идеализмнің болу себептеріне мыналар жатады:

– тарихи даму ерекшеліктері, билігі шектелмеген деспотиялық билік сипаты, дамыған демократиялық дәстүрдің болмауы;

– тарихи билігі күшті мемлекет (сондай-ақ, құқықтың оған бағынуы);

– батыстағы құқықтық мемлекеттердің өмірімен жасандылау, олардың дәстүрлерін отандық жерлерге механикалық түрде енгізу;

– дамымаған және қалыс қалған құқықтық сана;

– заңды қараңғылық;

– құқықтық-саяси мәдениеттің жоқтығы.

Құқықтық идеализммен күресудің негізгі жолдары:

– елдегі заңдылық режимін нығайту;

– азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болу;

– нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаудың санын азайтып, сапасын көбейту;

– қабылданған актілердің өмірдегі шынайылыққа жақындасуына заң шығарушылардың көңіл бөлуі;

– нақты заң ғылымын күшейту;

– заңдар мен заңға бағынышты актілерді іске асырудың сенімді механизмін құру; құқықтық тәрбиелеу.

Сонымен, құқықтық идеализм — заңды соқыр сеніммен мадақтау, құқық үшін күресуден бас тарту. Идеалисттер құқықтық қатынастардың мүдделі тараптардың араласуынсыз автоматты түрде заңды мүдделерін құқық қорғайды деген қате пікір қабылдайды.

Құқықтық идеализм мен құқықтық нигилизм — туыстық, өзара байланысқан құбылыс. Ерте ме кеш пе құқықтық идеализм құқықтық нигилизмге айналары сөзсіз. Сондықтан да екеуімен де қабат күресу қажет.

Құқықтық релятивизм осыған қатысты заң қызмет етеді деп сендірумен көрініс береді. Жоғарыда тұрған адамдарға арналған заң, соларға қызмет етуі тиіс деп ойлайды. Құқықтық субъективизм — бұл құқықтық ұйғарымдарға жеке тұлғаның бір жақтылық қатынасы, өзінің құқықтарын мойындау және өзінің міндеттерін теріске шығару. Мұндай құқықтық сананы жеткізушілер

өзінің құзыретін оңай асыра пайдалана отырып, өзгенің құқықтарын бұзады. Құқықтық инфантилизм — бұл құқықты нашар білу, оған бөтен және алыс құбылыс ретінде соқыр қатынас. Құқықтық санадағы бұрмалау — бұл терең өзгерістермен айқындалып, кәсіби қалыптасқан сананы түрліше бұрмалау. Мұның кәсіби құқықтық санадан айрықша ерекшелігі кәсіби бұрмалау түрінде болуы мүмкін. Құқыққа және құқықтық әрекеттерге заңгерлердің бұрмаланған ұсыныстары мен көзқарастары. Бұрмалау сипатына қарай екіге бөлуге болады: жазалау және криминалды. Құқықтық санадағы жазалаушы бұрмалау, мысалы, құқыққорғау органдарының кейбір қызметкерлері адамдарды құқық бұзушылар ретінде қабылдап, оларды әшкерлеу үшін кез-келген шараларды, оның ішінде, күштеу, қолданады. Құқықтық санадағы криминалды бұрмалау, мұнда заңгер-тәжірибе қызметкерлері (бірінші кезекте, тағы да құқыққорғау органдарының қызметкерлері) қылмыстың қайта туындайтынын айғақтайтын қылмыстық элементтермен байланысты баяндама жасайды.

## **2.2. Заңдылық, құқықтық тәртіп және тәртіп**

Заңдылық — барлық азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және барлық заңды тұлғалардың құқық нормаларын қатаң және бас иіп сақтауы. Заңдылық талаптардың субъектілері, оның адрессаттары — барлық азаматтар, олардың мекемелері. лауазымды адамдар, мемлекеттік органдар. Дегенмен, әдебиеттерде мынадай пікір кездеседі, заңдылық қағидасы мемлекеттік органдар мен лауазым тұлғаларының қызметіне қатыстылығы басым, осында ғана заңдылықтың нақты мағынасы анықталады<sup>50</sup>. Заңдылықтың субъектілері болып қоғамдық қатынастардың барлық қатысушылары табылады, нақты айтқанда: мемлекет және оның органдары; қоғамдық және басқа да ұйымдар: еңбек ұжымдары; лауазымды тұлғалар; азаматтар. Заңдылықтың объектісі болып заңды міндетті тұлғалардың мінез-құлық, олардың санасы. еркі мен әрекеттері табылады.

Заңдылық теориясында даулы мәселелер көп кездеседі. Заңдылық анықтамасы біршама пікірталас тудырады. Ғылыми әдебиеттерде объективтік (қарастырып отырған құбылыстың абстрактілігі және күрделілігі) және сол сияқты кейбір субъективтік себептерге негізделіп келе, заңдылық анықтамасының оншақты нұскасы берілген<sup>51</sup>. Заңдылық идея ретінде және құқықтық жалпыға міндетті талабы ретінде, сол сияқты қағида (мемлекеттік аппарат қызметі мен ұйымдастырылуының негізгі қағидаларының бірі) ретінде және заң қызметінің құқық нормасымен сәйкес келуін көрсететін қасиет ретінде және қоғамды мемлекеттік басқару (мемлекет әртүрлі нормативтік-құқықтық актілер қабылдау жолымен қоғамды басқарады, осы құқық нормаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді) әдісі ретінде, сол сияқты қоғам өмірінің режимі ретінде де түсіндіріледі.

Заңдылыққа екі шарт қажет:

<sup>50</sup> Бабаев В. К. Теория современного советского права. — Н. Новгород, 1994. — С. 109.

<sup>51</sup> Якушев А. В. Теория государства и права. — М., 2001. — С. 124.



1) құқықтық әділ, ғылыми негізделген заңдардың болуы (мазмұндық жағы);

2) олардың орындалуы (формальды жағы).

Заңдылық пен олардың принциптерінің ара қатынасына құқық теориясында методологиялық аксиома қалыптасқан: принцип - мазмұн, заңдылық категориясы - олардың көрінісі болып табылады<sup>52</sup>.

Заңдылықтың қағидалары - бұл заңдылықтың мазмұнын ашатын негізгі идеялар, бастамалар.

Заңдылық қағидалары:

- біртұтастық (мемлекеттің барлық аумағында нормативтік актілер бірдей түсініледі және бірдей қолданылады):

- конституцияның және заңның жоғарлылығы (Конституцияға және заңға барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің бағыныштылығы; қандай орган қабылдаса да заңға қайшы келетін құқықтық акт заңдылықты бұзады);

- адам және азаматтардың құқық және бостандықтарының кепілдігі (бір жағынан, заңдылықсыз азаматтардың құқықтары мен бостандықтары іске аспайды немесе заңдылық олардың маңызды кепілі болып табылады; екінші жағынан, құқықтар мен бостандықтардың өзі, олардың жүзеге асырылуы қоғамдағы демократия мен заңдылықтың көрсеткіші болып табылады);

- заңдылықтың мәдениетпен ара байланысы (қоғамның және лауазымды адамның мәдени деңгейінен заңдылық жағдайы байқалады және керісінше, заңнаманы сақтау қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткіші және мәнді шарттарының бірі);

- заңдылық пен мақсатқа лайықтылықтың ара байланысы (мақсатқа лайықтылықты көздеп заңды аттап, пайда, кіріс табуға болмайды; мақсатқа лайықтылық заң шеңберінде болуға тиісті);

- кінәсіздік презумпция қағидасы 1995ж. ҚР Конституциясының 77 бабының 3 тармақшасында көзделген, келесідей редакцияда берілген: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі», заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі Құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заңдардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкестілікті карама-қарсы қоюды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсатқа сәйкестіліктегі себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді;

- заңдылықтың шынайылығы құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде іс жүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді.

Қорыта айтқанда, заңдылық – бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының құқық нормаларын қатаң түрде сақтауы. Заңдылық үшін екі жак тән: а) мазмұнды жағы – бұл құқықтық, әділ, ғылыми негізделген

<sup>52</sup> Общая теория государства и права / Под ред. М. Н. Марченко. — М., 1998. — С. 20.

заңдардың болуы; ә) формальды жағы – бұл оларды орындау, себебі, орындаусыз ең кемшіліксіз заңдардың болуының өзі де жеткіліксіз.

Заңдылықтың кепілденуі бұл заңдар мен заңға сәйкес актілердің орындалуын, азаматтардың құқықтарының, қоғам мен мемлекет мүдделерінің ешбір кедергісіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құралдар мен жағдайлар заңдылықтың кепілденуінің келесі түрлерін бөліп қарастырады:

1) әлеуметтік-экономикалық – бұл қоғамның экономикалық дамуының дәрежесі, оның жағдайының деңгейі, меншік нысандарының алуан түрлілігі, экономикалық бостандық және т.б.;

2) саяси – бұл конституциялық құрылымның қоғамның саяси жүйесінің демократиялылығының дәрежесі, саяси плюрализм, көппартиялық, биліктің тармақтарға бөлінуі және т.б.;

3) ұйымдастырушылық - бұл заңдар мен заңға сәйкес актілердің орындалуын бақылайтын арнайы органдардың (прокуратура, сот, полиция және т.б.) қызметі;

4) қоғамдық - бұл заңнаманы бұзумен күресу мақсатында қолданылатын алдын алу және басқа да шараларының мемлекетте қалыптасқан кешені;

5) идеологиялық – бұл құқықтық сананың дамуының азаматтар арасында заң білімдерінің таралуының, заң талаптарын орындаудың дәрежесі, қоғамдағы адамгершілік тәрбиелеудің деңгейі;

б) арнайы-заңды – бұл құқықтық талаптарды бұзудың алдын алу, болдырмау және қудалау мақсатында қолданыстағы заңнамада бекітілген тәсілдер мен құралдар.

Заңдылық жағдайына әсер етуші факторлар, заңдылықты қамтамасыз ету қоғамдық қатынас субъектілерінің мінез-құлқына (іс-әрекетіне) нақты бағытталған әрекетті талап етеді. Бұл үрдіске тиімді әсер ету үшін құқық нормасын іске асыру тетігін, мінез-құлыққа әсер етуші факторларды, олардың құқықтылығын және құқықсыздығын анықтай білу және мінез-құлықты басқаруға көмектесетін құралдарды білу қажет. Заң әдебиеттерінде заңдылықты қамтамасыз ету жағдайы, дәстүрлі түрде заңдылық кепілінің әсер ету нәтижесі ретінде қарастырылады: жалпы (экономикалық, саяси, идеологиялық) және арнайы (нормативтік және ұйымдастырушылық-құқықтық). Сонымен қоса, шынайы өмірдегі толып жатқан жағымсыз әсер етуші әрекеттер, бұзушылықтар және жетіспеушіліктер есептелмейді.

Адамдардың құқықтық мінез-құлқына, осыған орай, заңдылық жағдайына әртүрлі факторлар әсер етеді: экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық, психологиялық, құқықтық, ұйымдастырушылық және т.б. Бұл әсерлер құқықтық мінез-құлыққа ықпалын жүргізетін және заңдылықты нығайтатын жағымды және адамдарды құқыққа қарсы қылықтарға итермелейтін, заңдылық режимді бұзатын жағымсыз болуы да мүмкін. Осы факторлар жүйесінің негізгі төрт деңгейін бөліп көрсетуге болады: жалпы әлеуметтік, аймақтық (облыс, аудан және с.с), топтық (ұжым, жанұя және

с.с.) және жеке. Факторлар арасынан заңдылық жағдайына мәнді әсер етушілерді бөліп көрсету дұрыс:

1. Жеке тұлғаға қатысты факторлар. Бәрінен де бұрын бұл құқықтық сана деңгейі. Адамгершілік сана үлкен рөл атқарады. Әлбетте осыған негізделе отырып, құқықтық құндылыққа деген қатынас қалыптасады және осыған сәйкес мінез-құлық нұсқасын таңдау жүзеге асырылады. Сол сияқты жеке тұлғаның жалпы мәдениеті деңгейі, саяси санасы және интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік—психологиялық қасиеттері де біршама әсер ететіні ықтимал.

2. Сыртқы орта факторлары:

- әлеуметтік-экономикалық (қоғамның экономикалық даму деңгейі, меншік нысанының көптүрлілігі, экономикалық бостандық және т. б.);

- саяси (конституциялық құрылыс демократиялылығының деңгейі, қоғамның саяси жүйесі, саяси жариялылық, көп партиялылық, биліктің тармақталуы және т.б.);

- қоғамдық (заңнамалардың бұзылуымен күресу мақсатта қоғамдылықпен қолданылатын елде қалыптасқан алдын-алу және басқа да шаралар кешені);

- идеологиялық (құқықтық сана намысының деңгейі, азаматтар арасында заң білімдерінің таралғандығы, құқық талаптарын қадірлеушілік, қоғамдағы адамгершілік тәрбие деңгейі);

- арнаулы-зәңи (алдын-алу мақсатта қолданыстағы заңнамада бекітілген әдістер мен құралдар, құқықтық талаптарды бұзуды тыю, жою);

- арнаулы-зәңи кепілдіктерге жекелеп айтқанда, заңнамада бекітілген арнайы қағидаларды (мысалы, кінәсіздік презумпциясы), институттарды (қылмыстық істі қозғау), процедураларды (қылмыстық және азаматтық істі қарау тәртібі), құралдарды (көтермелеу және жазалау және т. б.) жатқызады.

### **Құқықтық тәртіп, қоғамдық тәртіп, олардың ара қатынасы**

**Құқықтық тәртіп** дегеніміз құқық нормасын іске асыру нәтижесінде жинақталатын қоғамдық қатынастар жүйесі.

Құқықтық тәртіп қоғамдық қатынастың барлық субъектілеріне (азаматтар, мемлекеттік органдар, мекемелер, кәсіпорындар және т.б.) берілген құқықтарды кедергісіз пайдаланады және заңды міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін, заңдылық жағдайда құқық нормаларының нақты жүзеге асырылу нәтижесі болып табылады. Құқықтық тәртіп қоғамдық тәртіптің маңызды, қомақты бөлігін құрайды, жалпы әлеуметтік басқару салаларымен барлық нормалардың қызмет атқару нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастардың реттелген күйі.

**Құқықтық тәртіптің негізгі қасиеттері:** құқықпен реттелетін қатынастар саласында заңның үстемдігі, барлық субъектілердің өз міндеттерін уақытылы сақтау және нақты орындау, қазақ қоғамдық тәртіп, құқықты пайдалану үшін өте қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету, барлық заң

органдарының тиянақты және тиімді жұмыс жасауы, әрбір жасалған құқық бұзушылық үшін заңды жауапкершіліктің жүктелуі.

Құқықтық тәртіп - бұл субъектілердің құқықтық мінез-құлығымен сипатталатын қоғамдық қатынастар жүйесі; бұл әлеуметтік байланыстардың реттелу жағдайы, заңдылықтың шынайы қоғамдық қатынастарға айналуының нәтижесі.

**Құқықтық тәртіптің ерекшеліктері:**

- а) ол құқық нормаларында жоспарланған;
- ә) осы нормаларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайды;
- б) мемлекетпен қамтамасыз етіледі;
- в) қоғамдық қатынастардың ұйымдастырылуына жағдай жасайды;
- г) заңдылықтың нәтижесі болып табылады.

Құқықтық реттеудің тікелей нәтижесі, құқық әрекетінің шыңы қоғамдық тәртіп болып табылады. Құқықтық тәртіптен қоғамдық тәртіпті ажырата білген жөн. Қазақстан Республикасының және басқа да ТМД елдерінің заңнамаларында «қоғамдық тәртіп» ұғымына анықтама берілмеген, ал осы мемлекеттердің заң ғылымдары мен тәжірибелерінде онын мазмұны туралы ортақ пікір жоқ. Көптеген авторлар қоғамдық тәртіп ұғымын кең және тар мағынасында талқылайды.

Ғылымда қалыптасқан қоғамдық тәртіп ұғымы сөздің кең мағынасында, қоғамға тән барлық әлеуметтік нормалардың іске асуы нәтижесінде қалыптасқан, қоғамның қажетті болмысының нысанын объективті сипаттайтын және онын материалдық негізін қысқартқан қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде берілген. Орыс тілінде «тәртіп» деген сөздің білдіретін мағынасынан шыға келе, қоғамдық тәртіп дегеніміз әлеуметтік нормалармен реттелген қоғамдық қатынастың белгілі күйі деп түсінген дұрыс. Осыған байланысты тек құқық нормасымен реттелетін қатынастарды қамтитын құқықтық тәртіп пен қоғамдық тәртіпті ажырата білген дұрыс демекпіз. Қоғамдық тәртіптің кең мағынасына келсек, құқықтық тәртіпке қарағанда, терең категория және өзіне құқықтық тәртіпті де қамтиды. Қоғамдық тәртіп кең мағынасындағы түсінікке қарағанда қоғамдық тәртіптің тар мағынасындағы түсінігі құқықтық тәртіпке қарағанда өте тар. Оны қолдаумен мемлекеттік, соның ішінде мемлекет тікелей қорғау функциясын жүктеген құқыққорғау органы шұғылданады.

Ғалымдардың көпшілігі қоғамдық тәртіп тар (арнайы) мағынада, былай – заң әдебиеттерінде әртүрлі өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатымен адамдар қатынасатын жер деп атайтын, яғни қоғамдық жерлерде туындайтын және дамитын, құқыққорғау органы арқылы мемлекеттің қорғауындағы құқықтық қатынастар жүйесі.

Қоғамдық тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілік бекітетін қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы талдай отырып, жоғарғыдай түйін жасауға болады.

Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы мыналардан көрінеді.

- 1) құқықтық тәртіп құқықтық тәртіптің мақсаты болып табылады;

құқықтық тәртіпке жету үшін заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылданады, заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылады, заңдылықты нығайтуға байланысты шаралар қолданылады;

2) құқықтық реттеуді жетілдіру мен заңдылықты қамтамасыз етуден басқа тәсілдермен құқықтық тәртіпке жету мүмкін емес;

3) заңдылықты нығайту құқықтық тәртіпті нығайтуға алып келеді;

4) құқықтық тәртіптің нақты мазмұны заңдылықтың мазмұнына байланысты болады.

### **Тәртіп ұғымы және оның түрлері**

«Заңдылық», «құқықтық тәртіп», «қоғамдық тәртіп» санаттарымен «тәртіп» ұғымы өзара әрекет етеді.

Тәртіп дегеніміз — қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормаларға сәйкес келетін адамдардың мінез-құлқына қойылатын белгілі талаптар. Тәртіп бәрінен бұрын мінез-құлықпен, іс-әрекетпен байланысты ұғым<sup>53</sup>. Онда:

- біріншіден, қоғамның жеке адамдарға және ұжымдарға деген талаптары,

- екіншіден, адамдардың мінез-құлқының қоғам мүддесіне сәйкес келуі тұрғысынан бағаланатын әлеуметтік бағасы және ішкі мәдениет көрініс тапқан.

Белгілері:

- тәртіп субъективті әлеуметтік байланысы нысаны, ол бірлескен әрекет үрдісінде жасалады және жүзеге асырылады;

- ол бір субъектінің өзгеге бағынуымен байланысты, ол белгілі бір биліктік немесе беделді талаптарды бағытты анықтайды:

- заңдық және өзге әлеуметтік міндеттердің болуымен байланысты;

- бұл нормативті сипаттағы құқықтық актілерде ғана емес, сондай-ақ Құқықты қолдану, интерпретациялық, келісімдік, нормативті және жеке заңдық емес нұсқауларда мазмұндалатын міндеттерді орындау. Көбінесе құжат - актіні емес, әрекет актіні (бұйрық, тапсырма, бастық өкімі) орындау түрінде кездеседі;

- тәртіп мақсаты әлеуметтік байланыстарды ретке келтіру жағдайы. Оның нәтижесі қоғамдық тәртіп.

**Тәртіп түрлері:**

- мемлекеттік — мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардың орындалуымен байланысты туындайтын тәртіптің бір түрі;

- еңбектік — бұл еңбек үрдісінде оның қатысушылары белгілі тәртіпке міндетті бағынатын адамдардың ара байланысының қоғамдық түрі:

- әскери — заңда, жарлықта, бұйрықта және т.б. бекітілген әскери-қызмет ережелерін сақтау.

- келісілген — шаруашылық келісімдерінде көзделген, міндеттемелерді субъектілердің сақтау талаптары;

- қаржылық — бюджеттік, салықтық және өзге де қаржылық

<sup>53</sup> Рассказов Л. П. Теория государства и права: Учебник. — М., 2008. — С. 446.

нұсқаулықтарды субъектілердің сақтау талаптары;

- технологиялық — өндіріс барысында технологиялық нұсқаулықтарды субъектілердің сақтау талаптары;

- экологиялық — шаруашылық және өзге де қызметтердегі табиғатты қорғау ережелерін субъектілердің сақтау талаптары.

Қызметтік тәртіп – Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңына сәйкес қызметкерлердің мінез-құлқын, қоғамдағы құқық пен морал нормасын, сондай-ақ, ішкі істер органдары басшыларының белгіленген бұйрықтар мен нұсқаулық (өкімдері) талаптарын айқындайтын тәртіп болып табылады.

Қызметтік тәртіп Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілер және бастық бұйрықтары, ант талаптарын орындау, моралдық-психологиялық және іскерлік сапаға тәрбиелеу, қызметкерлердің қызметтік борыштарын адал ниетпен орындау, жеке басының жауаптылығы, заңдылық қағидаларын сақтауға негізделеді.

Заңдылық тәртіпке қарағанда тар мағынада, яки, егер біріншіден, сақтау құқық норманы ғана болса, екіншіден, сақтау — барлық әлеуметтік нормаларды, оның ішінде, құқықтық, адамгершілік және т.б., сақтау болып табылады, заңдылық нәтижесінде құқықтық тәртіп, ал, тәртіп нәтижесінде — қоғамдық тәртіп туындайды. Міне, осы себепті де тәртіп пен заңдылық бүтіндей бір бөлік ретінде өзара байланысады, заңдылық тәртіпке қарағанда мағынасы тар болып келеді.

Тәртіп пен заңдылық арақатынасы:

- мақсаты бір болғандықтан өзара әрекеттестікте болады;
- тәртіпті нығайту заңдылықты нығайтуға әсер етеді;
- тәртіп көлемі бойынша заңдылық түсінігінен кең болады.

Тәртіп нормативтік-құқықтық талаптарды ғана емес, жеке-құқықтық Құқықты қолдану талаптарын орындауды білдіреді.

### **2.3. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық**

Адам әлеуметтік қоғамдық тұлға. Өз қажеттілігін өтеу үшін адамдармен күнделікті жүздеген қарым-қатынастарға түседі. Адам әрекеті заң тұрғысынан үш түрлі болуы мүмкін: құқықтық құқыққа қарсы, заңды бей-жай құқықтық салдары болмайды, құқық тұрғысынан бағаланбайды.

Құқықтық мінез-құлық құқық нормасында көрсетілген, мемлекетпен кепілдендірілетін және қорғалатын, қоғам мүддесі тұрғысынан қажетті және мүмкін болатын құқық субъектілерінің әрекеті. Құқықтық мінез-құлық белгілері:

- әлеуметтік маңыздылығының болуы, қоғамдық мақсат, мүдделерге сай келеді (мазмұндық жағы);

- жеке тұлғаның санасы мен еркіне бағынышты (субъектілік жақ); заңмен белгіленген көлемде болады (формалды жағы);

- мемлекетпен қорғалады;

- заңдық салдар туындатады.

Құқықтық мінез-құлық әлеуметтік мәнділігі деңгейіне қарай бөлінеді:

- қажетті (әскерге бару);
- тілеген (ғылыми және көркем өнер шығармашылық);
- мүмкіндігі бар (діни культті жіберу).

Құқықтық мінез-құлықтың ниетіне (субъективтік жағына) байланысты жіктелуі өте кең тараған:

- әлеуметтік белсенді (құқықтық сана мен мәдениеттің, жауапкершіліктің және еріктіліктің ең жоғарғы дәрежеде болуы. Бұл жерде субъект жазадан қорыққаннан емес және мадақтауды күткеннен емес құқықтық мінез-құлықтың мақсаттылығы мен қажеттілігін сезіне отырып әрекет етеді. Мінез-құлықтың бұл түрі әлеуметтік тұрғыда өте маңызды, тек жеке ғана емес қоғамдық мүддені жүзеге асырумен, өмірдегі құқықтық қағидалардың шынайы бекітілуі үшін күреспен тығыз байланысты);

- конформистік (тұлғаның сыртқы жағдайлар мен өзгелерге бейімделуінің нәтижесі; терең және жан-жақты сезінусіз орындау);

- маргиналды (қорқынышқа немесе жеке есепке негізделген әрекет).

Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі және белгілері.

Құқықтық мінез-құлық - бұл субъектілердің құқық нормаларына және әлеуметтік маңызды мақсаттарға сай келетін мінез-құлығы.

Құқықтық мінез-құлық келесі белгілермен сипатталады:

- заңмен орнықтырылған шекте болады (формальды аспект);
- әлеуметтік пайдалы, қоғамдық мақсаттар мен мүдделерге қайшы келмейді, бұлар оның объективтік жағын құрайды (мазмұнды аспект);
- саналы сипатқа ие, бұл оның субъективтік жағын құрайды.

Құқықтық мінез-құлықтың түрлері. Құқықтық мінез-құлық мына негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

- әлеуметтік маңыздылығы дәрежесіне қарай: қажетті (мысалы, әскери борышты өтеу); қалаулы (мысалы, ғылыми және көркем шығармашылық); рұқсат етілген (мысалы, діни рәсімдерді орындау).

- себептеріне, яғни, субъективтік жағына, байланысты: әлеуметтік белсенді; конформистік; әдетті; маргиналды.

Әлеуметтік белсенді мінез-құлық - бұл құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің, жауапкершілік пен еріктіліктің жоғары деңгейімен сипатталатын мінез-құлықтың жоғарғы нысаны. Бұл жерде субъект жазадан қорықанынан немесе марапаттауды күткенінен емес, құқықтық мінез-құлықтың қажеттігіне сенуінің негізінде әрекет етеді.

Әлеуметтік белсенді мінез-құлық мынадай элементтерден құралады:

а) қызметтің мемлекеттік ұйымдастырылған түрлеріндегі, Құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру салаларындағы белсенділік;

ә) ерікті ұйымдардың қызметіндегі белсенділік;

б) қоғамдық және қоғамдық-мемлекеттік құрылымдарды құрудағы және олардың қызметіндегі белсенділік;

в) тұлғаның құқық саласындағы дербес белсенділігі.

Конформисттік мінез-құлық - бұл құқықтық ережелерге оларды терең әрі жан-жақты түсінбестен, жоғары құқықтық белсенділіксіз бағынумен сипатталатын әрекет. Басқаша айтқанда, адам басқалардың да осындай мінез-құлқын көргендіктен құқықтық мінез-құлықты таңдайды.

Әдетті мінез-құлық - бұл құқық нормаларының орындалуы әдетке айналып кеткен жағдайда көрініс табатын мінез-құлық. Әдет әрекеттердің бірнеше рет таныс жағдайда қайталануының нәтижесінде қалыптасады.

Маргиналды мінез-құлық - бұл мемлекеттің мәжбүрлеуінің, жазадан қорқудың нәтижесінде жүзеге асырылатын құқықтық мінез-құлық.

### **Құқық бұзушылық**

Кез келген қоғамда құқықтық норма нұсқауларын бұзу жалпылама сипатта және қоғамға мәнді, сезілетін материалдық және моральдық зиян келтіреді. Құқық бұзушылық құқықтық мінез-құлыққа қарсы әрекет.

**Құқық бұзушылық** - бұл қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне нұқсан келтіруші, тұлғаның кінәлі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Құқық бұзушылық заңды жауапкершілік тудыратын деликт қабілетті адамдардың кінәлі, құқыққа қарсы әрекеті. Құқық бұзушылықтың белгілері:

- іс-қимыл (әрекет немесе әрекетсіздік);
- кінә;
- құқыққа қарсылық;
- қоғамға зияндылық зиянды нәтиже;
- іс-қимыл мен зиянды нәтиженің арасындағы себепті байланыс;
- заңды жауапкершілік.

Құқық бұзушылық әлеуметтік қауіптілігі (зияндылығына) байланысты **қылмыс және теріс қылық** болып бөлінеді.

Қылмыс (қылмыстық құқық бұзушылық) қоғамға зияндылығының ең үлкен дәрежесімен, қауіп-қатерден қылмыстық заңнамалармен қорғалғандығымен, әлеуметтік елеулі мәнді мүдделерге бағытталғандығымен ерекшеленеді. Құқық бұзушылықтың басқа түрлеріне қарағанда, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық әрекеттер тізімі толық түрде беріледі. кеңейте талқылауға болмайды.

Қылмыс - бұл қоғамға ерекше қауіптілікпен ерекшеленетін, әлеуметтік маңызды мүдделерге нұқсан келтіретін, нұқсан келтірушіліктен қылмыстық заңнамамен қорғалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қылмысты жасау жазалауды көздейді.

Теріс қылық азаматтық мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар аймағында жасалатын, ұйымдар мен жеке азаматтарға мүліктік зиян келтірудегі т. б. көрінетін әрекет.

Теріс қылықтар әлеуметтік қауіптіліктің, қылмысқа қарағанда, аз дәрежесімен ерекшеленеді, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында жүзеге асырылуы мүмкін, әр түрлі нұқсан келтіру объектілері мен заңды салдарға ие. Олар үшін жаза емес, әр түрлі шаралар көзделген.



Өз кезегінде теріс қылықтар келесідей жіктеледі:

1. Азаматтық бұл мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар саласында жасалатын, ұйымдарға немесе жеке азаматтарға мүліктік зиян келтіруден көрініс табатын, шарт бойынша міндеттемелерді орындауды, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуды және т.б. білдіретін құқық бұзушылықтар. Олар үшін зиянды өтеу, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіру, орындалмаған міндетті мәжбүрлі түрде орындату сияқты санкциялар және басқа да құқықты қалпына келтіруші санкциялар көзделген.

2. Әкімшілік бұл заңмен орнықтырылған қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқарушылық-өкімдік қызметі саласындағы қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес қатынастарға нұқсан келтіруші құқық бұзушылықтар. Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан айыру (мысалы, көлік құралын айдау құқығы) және әкімшілік заңнамамен көзделген басқа да санкциялар көзделген.

3. Тәртіптік - бұл еңбек қатынастары саласында жүзеге асырылатын, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметінің ішкі тәртібіне нұқсан келтіретін құқық бұзушылықтар. Тәртіптік шаралар еңбек туралы заңда, әскерилер үшін – тәртіп туралы жарғыда, лауазымды тұлғалардың кейбір санаттары үшін - арнайы ережелерде қарастырылған. Бұл шараларды кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерін ынталандыру және тәртіптік жазалар беру тәртібі туралы нұсқаулықтарында тәртіптік қылық ұғымына анықтама берген.

Тәртіптік қылық — қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы орындау немесе тиісті дәрежеде орындамау, қызмет өкілеттігін асыра пайдалану, қызмет тәртібін бұзу, ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнамыс кодексін бұзу (ҚР ІІО қызметкерлерінің қызметтік этикасы), сыбайластық жағдайын туғызатын құқық бұзушылықтар мен сыбайластық құқық бұзушылықтар жасау болып табылады.

Теріс қылықтар жасаған әрекеттің келтірген зияндылығына қарай: жеңіл, орташа және ауыр болып бөлінеді.

Жеңіл теріс қылықтар — бұл қызметкердің алғаш жасаған немесе бұрын салынған жазалары алынғаннан кейінгі теріс қылық, яғни бұл ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі шаралармен шектеледі.

Орташа теріс қылық — бұл қызметкердің бұрын салынған ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі жазалары алынбастан алты ай ішінде қайталап жасаған теріс қылық, яғни қызметіне сай емес туралы ескерту түріндегі жаза тағайындау немесе шұғылданған қызметінен босату, қызметін немесе арнайы шенін төмендетумен шектеледі.

Ауыр теріс қылық — қолданыстағы заңнамаларға сәйкес негізде қызметтен шығару көзделген теріс қылық. Ауыр теріс қылыққа осы әрекетті жасағаны үшін қызметкер ІІО-нан босатылуы тиісті қылықтар деп түсіндіріледі. Оның ішінде қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты

емес, бірақ, азаматтардың алдында ПО беделіне және абыройына нұқсан келтіретін әрекеттер болуы мүмкін:

- қызметтік тәртіпті дөрекі бұзу;
- мас күйінде қоғамдық орындарда көріну;
- тергеуде, қамауда жатқан адамдармен рұқсат етілмеген байланыс жасау;
- тергеуге зиян келтіретін, жедел сипаттағы ақпараттарды тарату;
- заңсыз әрекеттер жасаған азаматтармен сыбайласу;
- жеке мақсаттарға қызметтік жағдайларын пайдалану;
- қызметкерлер, оқу орындарының білім алушылары мен курсанттары арасындағы жарғысыз өзара қарым-қатынастар.
- кез-келген кәсіпкерлік қызмет түрлерімен, оның ішінде, комерциялық делдалдықпен айналысу, сондай-ақ, қызметтік жағдайын пайдаланып, қызмет көрсету және жұмыстарды орындау.

Жоғарыда келтірілген негіздер бойынша босатылған қызметкерлер ПО-нда қызметке қабылдануға жатпайды<sup>54</sup>.

Құқық бұзушылықтардың барлық түрлері үшін санкциялар көзделген. Санкциялар құқықты қалпына келтіруші және айып-пұлдық болып бөлінеді. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар міндетті мәжбүрлі түрде орындатуға, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіруге бағытталған, ал айыппұлдық санкциялар құқық бұзушының белгілі бір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттерді жүктеуді немесе оны ресми түрде сынға алуды көздейді.

### **Құқық бұзушылық құрамы**

**Құқық бұзушылық құрамы** дегеніміз заңды жауапкершілікті жүктеуге жеткілікті және қажетті құқық бұзушылық белгілерінің жүйесі. Бұлардың бірі болмаған жағдайда тұлға жауапкершілікке тартылмайды. Құқық бұзушылықтың заңды құрамына мыналар жатады:

- **құқық бұзушылық субъектісі** (осы әрекетті немесе әрекетсіздікті жасаған құқықтық әрекет қабілеттілігі бар жеке немесе заңды тұлға);

- **құқық бұзушылық объектісі** (құқық бұзушылық бағытталған қатынас). Құқық бұзушылықтың объектісі - бұл осы құқық бұзушылықтың неге бағытталғанын көрсетеді. Объектінің түрлік және тектік түрлерін бөліп қарастырады. Тектік объект ретінде қоғамдық қатынастар орын алса, түрлік объектіге өмір, денсаулық, абырой, мүлік және т.б. жатады;

- **құқық бұзушылықтың субъективті жағы** (тұлғаның өз әрекетіне және оның салдарына деген субъективтік қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Бұл жерде негізгі өлшем кінә (ҚР ҚК).

Кінә деп тұлғаның құқыққа қарсы жасаған әрекетіне деген психикалық қатынасын айтамыз. Кінә екі нысанға бөлінеді қасақана (ҚР ҚК) және абайсыз (ҚР ҚК). Қасақана тікелей кінә тұлға өз әрекетінің қоғамға

<sup>54</sup> ҚР ПО қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жаза тағайындау тәртібі туралы Нұсқаулық. ҚР ПМ 2006ж. 23.06. № 304 бұйрығы. Т. 21.

қауіптілігін біледі, зиянды нәтиже туындау мүмкіндігін немесе тиістілігін көре біледі, соны қажет етеді. Жанама қасақана кінә субъект өз әрекетінің қоғамға қауіпті сипатын алдын ала біледі. зиянды нәтиже болу мүмкіндігін көре біледі, тілемейді, бірақ заңда көрсетілген зиянды нәтиже туындауын саналы түрде мүмкін етеді немесе оған бейжай қарайды. Абайсыздықтың да екі нысаны бар: менмендік және немқұрайдылық. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екендігін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған деп танылады. Егер тұлға қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады); азаматтық заңнамада кінәнің дәрежі және жеңіл абайсыздық нысаны берілген. Субъективтік жақтың қосымша белгілері мақсат және ниет.

**Құқық бұзушылықтың объективті жағы** осы құқық бұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілерінің жиынтығы, бұларға мыналар жатады:

- әрекет (қоғамға қауіпті, кінәлі, құқыққа қарсы, жазаланатын);
- зиянды нәтиже (мазмұнды аспектісі);
- әрекет (әрекетсіздік) пен зиянды нәтиже арасындағы себепті байланыстар (нәтиже салдар болуға тиіс, ал сол мінез-құлық осы нәтиженің себебі болмақ).

#### **2.4. ЗАҢДЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ**

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздерінің арнайы міндеттері: қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, нақты бір аймақта болуы мүмкін қылмыстармен күресу үшін заңды жауаптылықтың мәнін, оның айрықша белгілерін, қағидаларын, сондай-ақ, одан босатудың негіздерін немесе кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту талаптарын білуі керек.

«Жауаптылық» термині әртүрлі мағынада қолдана беріледі. Мейлінше жиі «қарыз», «міндет» немесе «жаза» сөздердің қатарына қоямыз. Бұл сөз философиялық тұрғыдан «тұлғалардың қоғамға, мемлекетке және өзге де жеке тұлғаларға қатысты айқындалған талаптарды орындау, өзінің азаматтық міндетін, парызын дұрыс түсіне білу»<sup>55</sup>.

Заңды жауаптылық — күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Әлеуметтік және заңды жауаптылықтар бір-біріне туыс әрі тектес болып келеді<sup>56</sup>.

Әлеуметтік жауаптылық әлеуметтік нормаларды регламенттейтін, қоғамдық қатынастар аясында жүреді. Біздің білетініміз, құқық нормасы әлеуметтік норманың бір түрі болып табылады. Сондықтан да құқық

<sup>55</sup> Общая теория государства и права / Под ред. В. В. Лазарева. — М., 1994. — С. 240-241.

<sup>56</sup> Қараңыз: Спиридонов Л. И. Теория государства и права. — М., 1996. — С. 278-279.

нормасындағы өкімдерді орындамау заңды және әлеуметтік жауаптылыққа да тартылады.

Бұл заңды жауаптылықты зерттеуге көптеген заңгер ғалымдар: С.Н.Братуся, О.Э. Лейста, Ю.А. Денисова, М.Х. Фарукшина, С.Т. Базылева, И. С.Самощенко және т.б. атсалысқан. Солардың ішінде мейлінше кеңінен танымал болған И.С. Самощенко мен М.Х. Фарукшин еңбектерінде «заңды жауаптылық бәрінен де бұрын құқық талаптарын орындамағаны үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады»<sup>57</sup>.

Сонымен заңды жауаптылық ұғымына былайша анықтауымызға болады: «заңды жауаптылық – құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы»

**Заңды жауаптылықтың белгілері:**

- оны мемлекет құқықтық нормалар арқылы орнықтырады;
- мемлекеттік мәжбүрлеуге негізделеді;
- арнайы өкілетті мемлекеттік органдар қолданады;
- жаңа қосымша міндетті жүктеумен байланысты;
- жеке, мүлктік және ұйымдастырушылық сипаттағы белгілі бір теріс салдардан көрініс табады;
- іс жүргізушілік нысанда жүктеледі;
- тек жасалған құқық бұзушылық үшін ғана туындайды.

Егер заңды жауаптылықтың іс жүзіндегі негізі болып, оның құрамын құрайтын белгілердің жиынтығымен сипатталатын құқық бұзушылық табылса, оның заңды негізі болып құқық нормасы мен сәйкес құқыққолданушы акт болып табылады. Құқыққолдану актісінде күзіретті орган нақты бір құқық бұзушыға қатысты мәжбүрлеу шараларының нақты көлемі мен нысанын анықтайды. Мұндай құқыққолдану актісі ретінде әкімшілік бұйрығын, сот үкімін немесе шешімін және т.б. атауға болады.

Заңды жауаптылық тікелей мемлекетпен және оның шығарған құқық нормаларымен байланыста. Мемлекет ғана заңды жауаптылық субъектілерінің еркі мен қалауына қарамастан нормативтік-құқықтық актілермен анықтайды. Мысалы, ҚР ҚК, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі немесе «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңының баптарында кездеседі. Екінші белгісі — заңды жауаптылық мемлекеттік мәжбүрлеумен әркезде байланыста болады. Мемлекеттік мәжбүрлеу адамдардың мінез-құлқына, оның ұйымдастырған күшіне және құқық нормасын орындауды мәжбүрлеуге арналған арнайы әрекеттесу болып табылады.

Мәжбүрлеу қызметін мемлекет заңмен регламенттейді және өзінің құқық шегінде жүзеге асырады. Оны іске асыру субъектілері сот, прокуратура, полиция, құқық бұзушылық туралы істерді қарастырумен арнайы айналысатын, мемлекеттік түрлі мекемелердегі әкімшілік.

Заңды жауаптылық - бұл құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану.

<sup>57</sup> Самощенко И. С., Фарукшин М. Х. Сущность юридической ответственности в советском обществе. — М., 1974. — С. 6.

Құқық бұзушыны бас бостандығынан айыру жауаптылықтың объективті белгісі болып табылады. Бас бостандығынан айыру құқық бұзушының қоғамға немесе жеке тұлғаға келтірген, зияндылығына мемлекеттің шынайы реакциясы. Бас бостандығынан айыру ерекшелігі құқық бұзушылық жасағаны үшін қосымша қолайсыз жағдай ретінде көрінеді. Тұлға оған зиян келтірмегенде, бәрі де заңды болар еді. Бас бостандығынан айыру — бұл субъектінің орындауы тиіс міндет емес. Міндетті орындау — жауаптылық емес. Жауаптылық өзіндік қосымша міндетті орындайтын қолайсыз жағдай. Мысалы, А фирмасы Б фирмасымен келісім шартта көрсетілген мерзімде келісілген өнімін әкеліп берген жоқ. Б фирмасының талабы бойынша сот А фирмасына келісілген өнімді әкеліп беруге міндеттейді және Б фирмасының ұпайына айтарлықтай ақшалай айыппұл салады. Бұл әрине құқық бұзушылық, келеісім-шарттың бұзылуына әкеліп соғады. Осы үшін де сот екі шара әрекетін қолданып отыр: өнімді әкеліп беру және айыппұл төлеттіру. Бірінші шара мемлекеттік-құқықтық әрекеттесу болып табылады, бірақ мұнда құқық бұзушы үшін жағымсыз салдар деп есептемейді. Бұл тек қорғау шарасы деп қарайды. Оны тағайындау — құқық бұзушыдан жәбірленушінің мүддесін қорғау болып табылады. Соттың өнімді жеткізіп беру туралы талабын А фирмасы орындаған жағдайда, Б фирмасының мүддесі қорғалып, қайта қалпына келтірілді деп есептеледі. Бірақ мұнда А фирмасының бұл әрекеттерінде ешқандай жауаптылық жоқ. Жауаптылық құқық бұзушының айыппұлды төлеумен шектеледі.

Жауаптылық шаралары мынадай сипатта болуы мүмкін:

а) жеке сипаттағы (мысалы, бас бостандығынан айыру, нақты бір қызметті шұғылдану құқығынан айыру, түзеу жұмыстары — қылмыстық құқықта, бөтен адам туралы жалған масқаралау мәліметтер тартқаны үшін құқық бұзушы көпшілік алдында кешірім сұрау міндеті — азаматтық құқықта, сөгіс беру — еңбек құқығында, ескерту жасау — әкімшілік құқықта кездеседі)

б) мүлікті сипаттағы (мүлкін тәркілеу, айыппұл салу — әкімшілік және қылмыстық құқықта, төлем, өсімпұл өндіру — азаматтық құқықта, материалдық жауаптылық — еңбек құқығы).

Міне осындай жағдайлармен, заңды жауаптылық құқық бұзушыны қандай да бір құқығынан айыру, бостандығын шектеу, абыройы кеміту, мүліктік сипаттағы шығындарды өндіру. Яғни, заңды жауаптылық — бұл жазаның бір түрі болып табылады. Ол құқық бұзушы үшін жаңа заңды міндет, яғни, мұндай құқық бұзушылық жасамағанға дейін ол болмаған. Сонымен қатар, бұл жаза — өзіндік мақсат-ниет емес, құқық бұзушыны қайта тәрбиелеу. Заңды жауаптылық жазалаумен қатар ол құқықты қалпына келтіру қызметін орындайды, сондай-ақ, жеке тұлғаға немесе мемлекетке құқық бұзушылықтарды қайта қалпына келтіру үшін қызмет етеді.

Осы жайында ғалым Л.И. Спиридонов былай дейді «...мемлекеттік мәжбүрлеу — өте қажет, бірақ ол заңды жауаптылықтың жеткіліксіз жағдайы. Ол құқықтық негізде қолдануы мүмкін, бірақ, бұл заңды

жауаптылықтың нысаны болып табылмайды»<sup>58</sup>. Бұдан шығатын қорытынды, табиғи апат немесе әскери жағдайлар болғанда да елді көшіру жүргізіледі, яғни, бұл да мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады.

Осы келтірілген мысалдармен қатар, мемлекеттік мәжбүрлеу алдын-ала ескерту сипатында және құқық бұзушылықты тойтару үшін де қолданылады.

Профессор С.С. Алексеев<sup>59</sup> заңды жауаптылықтан бұзылған субъективтік құқықтарды қайта қалпына келтіруді қамтамасыз ететін, қорғау шараларын айырып береді. Мысалы, қарызды төлеттіру, борышкерден қайтарып алу, жеке нақты заттарды несие берушіге беру, алимент өндіру — жанұя құқығы.

Заңды жауаптылықтың мәні оның қағидаларымен анықталады. Заңғылымында заңды жауаптылықтың мынадай қағидалары қарастырылады:

1) заңдылық - жауаптылықтың тек құқық бұзушылық (яғни, құқықәрекетқабилетті тұлға жасаған кінәлі, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік) үшін ғана қолданылатынын білдіреді;

2) әділеттілік - жазаның кінәға сәйкестігін, теріс қылықтар үшін қылмыстық санкцияларды белгілеуге жол берілмейтіндігін, кінәліге бір құқық бұзушылық үшін тек бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді;

3) негізділік - істің жағдайларын объективтік түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді;

4) ізгілік (гуманизм) адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салуды білдіреді;

5) жауаптылық міндетті түрде болатындығы - жасалған қылмыс үшін заңды жауаптылықтың міндетті түрде туындайтынын білдіреді;

6) мақсаттылық құқық бұзушыға қатысты таңдаған жазаның заңды жауаптылықтың мақсаттарына сәйкестігін білдіреді.

Мына жайды айта кетуге болады, яғни, заңгерлік әдебиеттерде заңды жауаптылықтың бұдан да басқа түрлеріне анықтама жасалып негізделген<sup>60</sup>.

Міне осы себептермен де заңды жауаптылық мемлекетпен, құқық нормасымен, құқыққа қарсы әрекетпен және міндеттермен тығыз байланыста. Мемлекет құқық нормасын қабылдай отырып, субъектілердің ықтияр-тілегінен тыс заңды жауаптылықты бекітеді, ол мемлекеттік-мәжбүрлеу сипатта.

Заңды жауаптылық сипаттайтын негізгі белгілері:

- мемлекет құқық нормаларында белгіленген;
- мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенеді;
- арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар іс жүргізу гәртiбiмен қолданады;
- құқық бұзушы үшін нақты теріс зардаптардан көрінеді және қосымша міндеттер жүкгеумен байланысты;

<sup>58</sup> Спиридонов Л. И. Теория государства и права. — М., 1996. — С. 285.

<sup>59</sup> Алексеев С. С. Теория государства и права. — М., 1995. — С. 426.

<sup>60</sup> Қараңыз: Теория государства и права. Учебник для юрид. вузов и ф-тов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 1997. — С. 422-426; Теория государства и права: Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова, А. В. Малько. — М., 1997. — С. 543-544; Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. — М., 1998. — Т. 2. — С. 612-621.

- тек қана жасалған құқық бұзушылық үшін туады және қоғамдық жазаны бетіне басумен байланысты;
- процессуалдық нысанда жасалады;
- тек жасалған құқық бұзушылық үшін тағайындалады.

Егер заңды жауаптылықтың фактілік негізі құқық бұзушылық оның құрамын құрайтын сипаттамалық белгілердің жиынтығы болса, заңды негізі болып құзыретті орган нақты құқық бұзушыға бекіткен мәжбүрлеу шарасының нақты көлемін және нысанын белгілейтін тиісті құқыққолдану актісі мен құқық нормалар болып табылады. Мұндай құқыққолдану актілердің қатарына әкімшілік бұйрығы, соттың үкімі және шешімі және т.б. жатады.

Заңды жауаптылықтың мақсаты заңды жауаптылықтың мәнін терең тануға мүмкіндік береді, осы құқықтық құралдың көмегімен жететін нәтижелерді көрсетеді. Заңды жауаптылықтың негізгі мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Құқық субъектілерінің мүддесін қанағаттандыру, әлеуметтік байланыстарды әділ реттеу үшін осы құқықтық аспапты бекітеді. Заңды жауаптылықтың функциялары мақсатты анықтайды және осыдан туындайды. Оларды былайша бөлуге болады:

- 1) айыптаушы, құқық бұзушыға және кінәлі тұлғаға мемлекет тарапынан қолданатын жазасы (жазалау міндеті);
- 2) құқықты қалпына келтіру және келтірілген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу (қалпына келтіру міндеті);
- 3) құқықтық санада заңды мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де (жеке ескерту), құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де (жалпы ескерту) жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Заңды жауаптылық негізі — бұл заңды жауаптылық мүмкіндігін немесе қажеттілігін, ал, олар болмағанда оның өзі де болмайтындығын көрсететін жағдайлар. Заңды жауаптылықтың жоғарыда көрсетілген белгілерінің күшімен құқыққолдану органдарының шешімі негізінде құқықтық нормалардың жазбаша өкімдері туындайды. Тұлғаны заңды жауаптылыққа тартудың нақты негізін, оның құқық бұзушылық құрамындағы әрекетінің болуынан көрінеді.

Заңды жауаптылықтың пайда болуы уақыты туралы даулы пікірлер көп. Мысалы, А.А. Пионтковский мен С.С. Алексеевтер оларды құқық бұзушылық жасаған және осыған байланысты тиісті материалдық құқықтық қатынастың көріну сәтімен байланыстырады. Басқа да ғалымдар заңды жауаптылықты құқыққолдану қызметінің түрлі кезеңдерімен қатынастырады:

- тиісті құзыретті органдар немесе лауазымды тұлғалармен жасалған құқық бұзушылықтың объективтік фактісін белгілеу;
- нақты бір тұлғаны жауаптылыққа тарту;
- соттық шешімдер немесе үкімдер шығару;

- тиісті құқық нормаларында көзделген, санкция түрінде мемлекеттік мәжбүрлеуді іске асыру<sup>61</sup>.

Соңғы кездері заң ғылымында ретроспективтік (өткенді шолатын) және перспективтік жауаптылықтар ажыратылып қарастырылуда.

Ретроспективтік — жасалынған құқық бұзушылық үшін қоғам мен мемлекеттің теріс реакциясы ретінде жауаптылық.

Перспективтік - бұл құқық субъектілерінің заң талаптарына сәйкес әрекет ету міндеті ретіндегі болашақ әрекеттері үшін жауаптылықтары.

Заңды жауаптылық түрлерін жіктеу түрлі негіздер бойынша жүргізуге болады: мысалы, жауаптылықты іске асыратын органдар бойынша, санкция сипаты бойынша, қызметтері бойынша және т.б. бізге мейлінше кеңінен танымал болған, салалық белгілері бойынша жауаптылықтың түрлері. Нақтырақ айтар болсақ, құқық бұзушылықтың түрлеріне байланысты заңды жауаптылықта туындайды: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік. Заңды жауаптылықтың әрбір түрлерінің өзіндік арнайы жазалау шаралары және оларды қолданудың ерекше тәртібі болады.

Құқық бұзушылықтың түрлеріне сәйкес заңды жауаптылық былайша жіктеледі, заңды жауаптылықтың төмендегідей түрлері болады:

- қылмыстық - тек қылмыстар үшін қолданылады; ешкім де сот шешімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы және қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Қылмыстық жазалау шаралары кінәлінің тұлғасына бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң нысандары - бас бостандығынан айыру, өлім жазасы және т.б. Қылмыстық жауаптылық (тек ғана қылмысы үшін қолданылады: ешкімді соттың үкімінсіз жасалған қылмысқа кінәлі деп танылмайды және қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңдарына сәйкес ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады; қылмыстық жазалау шаралары бас бостандығынан айыру т. б.).

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық жауаптылықтың жеке сипаты және тізімі ҚР Қылмыстық кодексінің 39-бап. бекітілген:

- негізгі — қылмыстық жауаптылық: айыппұл, нақты қызметімен немесе нақты кәсібімен шұғылдану құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, әскери қызметті шектеу, бас бостандығын шектеу, қамауға алу, тәртіптік әскери бөлімшеде ұстау, бас бостандығынан айыру, өлім жазасы.

- қосымша — арнайы, әскери немесе құрмет атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық рангтан, біліктілік сыныптан және мемлекеттік наградалардан айыру, мүлкінен тәркілеу.

Айыппұл мен айыру құқығы негізгі және қосымша жазаның түрі ретінде нақты қызметпен немесе кәсіппен айналысуға қатар қолдануы мүмкін. Тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың тәртібі ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексімен регламенттеледі.

- әкімшілік - әкімшілік теріс қылықтарды жасағаны үшін туындайды және айыппұл, арнайы құқығынан айыру және т.б. сияқты шаралардан көрініс

<sup>61</sup> Қараңыз: *Комаров С. А.* Общая теория государства и права. Курс лекций. — Саранск, 1994. — С. 260.



табады. Әкімшілік жауаптылық (әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың негізінде әкімшіліктік теріс қылықтар жасалуына байланысты туындайды және ескерту, айыппұл, арнайы құқықтан айыру, әкімшіліктік қамау және т.б. қолдануда көрінеді). Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген келесідей әкімшілік жазалаудың түрлері: ескерту, айыппұл, затын тәркілеу, азаматқа ұсынылған, арнайы құқығынан айыру, (мысалы, аңшылық құқығы, көлік басқару құқығы), әкімшілік қамау. Әкімшілік жаза - лауазымды адамдардың қызметіне бағынбаған құқық бұзушылықтарға қолданылатын өкілеттіктер, сондай-ақ, олар ішкі істер органдарымен, мемлекеттік инспекциялармен соттық тәртіпте жаза қолдануы мүмкін. Әкімшілік жауаптылық институты арқылы құқықтың түрлі салалық: әкімшілік, еңбек, шаруашылық, қаржы және т.б. нормалары іске асырылады.

- азаматтық - мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелерді бұзу және шарттан тыс мүліктік зиян келтіру үшін туындайды. Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негізгі қағидасы - зиянды толығымен өтеу. Азаматтық жауаптылық мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелердің бұзылуынан туындайды. Келтірілген залалды толық өтеу азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негізгі қағидасы, залалдарды өтеу кей жағдайда айып төлеу санкциясымен толықтырылады, тәртіптік жауаптылық (еңбек, оқу, қызметтік, әскери) тәртіптерді бұзғаны үшін қолданылады.

Сонымен, азаматтық-құқықтық жауаптылық – азаматтық құқықта көзделген, жеке немесе заңды тұлғалардың міндеттерінің орындалмауы нәтижесінде, яки, қандай да бір тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде туындайды. Олар аталған саланың және оны реттеу пәнінің ерекшелігін айқындайтын, өзіндік сипатқа ие болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негізгі мәні — келтірген шығынды толтыру, бұзылған мүліктік құқықты қайта қалпына келтіру.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың екі түрі болады:

- келісім шарттағы тараптардың келісілген шарттарының бұзылуынан туындаған келісімді;

- мүліктік зияндылықпен азаматтық құқық нормаларын бұзған жағдайда туындайтын келісімнен тыс.

Келісімнен тыс жауаптылыққа келтірілген зияндылық салдарынан туындаған міндеттемелер, есептен шығарылған мүліктің салдарынан туындаған міндеттемелер, негізсіз сатып алу немесе мүлікті ұқыпты ұстамау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің жауаптылықтары жатады. Азаматтық-құқықтық жауаптылық соттық, арбитраждық және әкімшілік тәртіпте іске асырылады.

- тәртіптік – еңбек, оқу, қызметтік, әскери тәртіпті бұзу үшін қолданылады; тәртіптік жауаптылық шаралары сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан шығару және т.б. тәртіптік жаза тағайындау үшін тәртіп бұзушыдан түсініктеме талап етілуі тиіс, кәсіпорын, мекеме, ұйымның әкімшілігімен, қызметкерлердің жекелеген санаттарына тәртіптік алқамен қолданылады, тәртіптік жауаптылық шаралары ескерту, сөгіс, жұмыстан шығару);

Нақтырақ айтар болсақ, тәртіптік жауаптылық заңды жауаптылықтың бір түрі болып табылады, яғни, қызметкерлер қызметтік міндеттерін орындауда тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жауаптылық артуын айтады<sup>62</sup>.

Тәртіптік жауаптылыққа тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны үшін ғана жазаланады. Тәртіптік жауаптылықтың ерекшелігі сол, лауазымды тұлға қызметі бойынша бағынышты құқық бұзушыға қолданады. Мысалы, кәсіпорын директоры, курс бастығы, ПД бастығы, ЖЖО ректоры және т.б.

Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бар «Мемлекеттік қызметі туралы» жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметкерге мынадай тәртіптік жазалар қолдануы мүмкін: сөгіс; қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту; кезекті сыныпты беруге немесе жоғары қызметке тағайындауға бір жылға кешіктіру.

Тәртіптік жазаны қызметтік өкілеттігіне сәйкес құқығы бар тұлғалар қолданады. Теріс әрекеттері үшін заңда көзделген өзге де жауаптылықтарға тартуға жол берілмейді. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы тәртіптік жаза қолдану тәртібі ҚР заңнамаларымен анықталады.

Тәртіптік жаза (ары қарай - жаза) – лауазымдық өкілеттігіне сәйкес құқығы бар тұлғалардың қолдануы мүмкін, тәртіптік жауаптылық шарасын айтады. Жасалған теріс қылықтың ауырлығына және кінәнің дәрежесіне байланысты қызметкерлерге төмендегіше тәртіптік жаза қолдануы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) толықтай қызметіне лайықты еместігі туралы ескерту;
- 5) атқаратын қызметінен босатылды;
- 6) арнайы атағын бір дәрежеге төмендету;
- 7) ішкі істер органдарынан босату.

Ішкі істер органдарының кеуде белгісімен наградталған қызметкерлері кеуде белгісін айыру түрінде тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарындағы курсанттарға аталған тармақтағы тізілген, тәртіптік жазалардан басқа, оқу орны жайынан кезекті босатудан айыру, сондай-ақ, 2 нарядқа дейін жұмысқа тағайындау және әскери есепке тіркеп, оқу орнынан шығару түріндегі қосымша жазалар қолданылады.

Тәртіптік жаза қолданғанда, ол жаза қызметкердің тәртібін және тәрбиесін нығайту шарасы ретінде ескеріліп, тексерілген қызметтік тергеу нәтижесінде анықталған кінә түрі мен дәрежесі, жасалған теріс қылықтың жасалған ауырлығына сәйкес қолдануы тиіс<sup>63</sup>.

<sup>62</sup> ҚР ІІО қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жаза тағайындау тәртібі туралы Нұсқаулық. ҚР ІІМ 2006ж. 23.06. № 304 бұйрығы.

<sup>63</sup> Көрсетілген Нұсқаулық. Т. 20.

Тәртіптік жаза тұлғаның сырқаттану уақытында, яки, демалыс немесе іссапарда жүргенде, сондай-ақ, егер теріс қылық жасаған күннен бастап 6 ай уақыт өтіп кеткеннен кейін қолдануға болмайды.

Егер қызметкер бір жылға дейінгі уақытта жаңа тәртіптік жазалауға тартылмаса тәртіптік жазадан босатылды деп есептеледі.

Жарғы қатынастар шегінен тыс және адамның жеке басының абыройы мен құқына нұқсан келтіретін, бастықтардың заңсыз әрекеттеріне қызметкер соттық тәртіпте шағымдануға құқылы.

Белгіленген заңнамалардағы негіздемелер мен тәртіп бойынша тиісті қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауаптылыққа қылмыс және өзге де құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер тартылуы мүмкін<sup>64</sup>.

Жазалау түрін анықтауда мынадай жиынтықтар ескеріледі:<sup>65</sup>

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) ол жасаған әрекеттегі жағдай;
- 3) теріс қылыққа әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағымсыз жағдай;
- 4) оны жасаған тұлғаның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) қызмет стажы;
- 6) қызметкердің жеке басын сипаттайтын. өзге де жағдайлар.

Барлық жағдайларда да жазбаша түсіндірмені қажет етеді. Егер қызметкер жасалған теріс қылық фактісімен келісіп отырса, онда бастығы оған қызметтік тексеру жүргізусіз ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде жаза қолдануға құқылы.

Егер қызметкер өзінің жазбаша түсінігінде жасаған теріс қылық фактісімен келіспейтіндігін көрсетсе, онда бастығы бұйрық бойынша белгіленген нұсқау және өзге де ведомствалық бұйрықтардағы тәртіпке сәйкес қызметтік тексеру жүргізілуі тиіс.

Жүргізілген қызметтік тексеру нәтижесі және Тәртіптік комиссияның тиісті қорытындысы бойынша толық қызметіне лайықты еместігі туралы немесе атқаратын қызметінен босату түрінде жаза қолданылады.

Бір құқық бұзушылық үшін заңды жауаптылықтың бірнеше түрі қолдануы мүмкін (мысалы, тәртіптік жаза және келтірген шығынды өтеу). Осы жерде бір және тағы да сол құқық бұзушылығына қайталап бірнеше жазалар қолдануға жол берілмейді. Мысалы, қызмет куәлігін жоғалтқаны үшін сөгіс жариялап, арнайы атағынан бір дәрежеге төмендету. Жаза тек біреу ғана болуы тиіс.

Әдебиеттерде заңды жауаптылықтың дербес түріндегі заңсыз актілер мен мемлекеттік органдар шешімдерді шығаруды алып тастау ұсынылады<sup>66</sup>.

Аталған жауаптылықтың негізі – заңсыз актілер шығару болып табылады, заңға қайшы құқықтық шешімдер немесе өзге нормативтік-құқықтық актіге одан жоғары заңды күші бар актілер шығару.

<sup>64</sup> ҚР Үкіметінің 1996ж. 27 желтоқсандағы № 1644 Қаулысымен бекітілген, ҚР ІІО қатардағы және басшы құрам тұлғаларының қызмет өткеру туралы ережесі.

<sup>65</sup> Көрсетілген Нұсқаулық. Тарм. 22, 23, 24.

<sup>66</sup> Қараңыз, напр.: Лейст О. Э. Указ. рас. — С. 129-130; Фаруқшин М. Х., Самошенко И. С. Указ. рас. — С. 212-215.

- материалдық - қызметкерлер мен жұмысшылардың өз қызметтік міндеттерін орындау барысында кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға келтірген зияны үшін туындайды. Материалдық жауаптылық (жұмысшылар мен қызметкерлер өздерінің еңбектік міндеттерін орындау кезінде кәсіпорын, мекеме, ұйымдарға залал келтірумен байланысты туындайды).

Қорыта айтқанда, заңды жауаптылық құқыққолдану органдарының шешімдері негізінде құқықтық нормалардың жазбаша өкімі күшінде ғана туындайды екен. Заңды жауаптылыққа тартылған тұлғалардың айғақты негізі - оның құқық бұзушылық құрамындағы әрекеттердің болуы.

Заңды жауаптылықты топтастыру түрлері әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі: жауаптылықты іске асыратын органдар бойынша, санкция сипаты бойынша, функциялар бойынша және т. б. Бізге мейлінше кеңінен танымал салалық белгілері бойынша жауаптылық түрлеріне бөліну болып табылады. Нақтырақ айтқанда, құқық бұзушылық түрлерінен заңды жауаптылықтың түрлері шығады: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік. Заңды жауаптылықтың әрбір түрінің өзіндік арнайы жазалау шарасы және оларды қолдану ерекше тәртібі бар.

### **Заңды жауаптылықтан босату негіздері**

Кез-келген заңға қайшы іс-әрекет заңды жауаптылықты туғызады. Бірақ мән-жайлар жауаптылықты тудырмайтындығы заңдарда арнайы қарастырылған.

Заңды жауаптылықтан босату – тұлғаларды соттаудан мемлекеттік бас тарту, яғни, әрекеті үшін мемлекет алдындағы міндетті жауаптылықтан кінәліні босату.

Заңды жауаптылықтан босату институты қоғам мен мемлекет тарапынан құқық бұзушыларға ізгілік және адамгершілік қасиеттерді көрсету болып табылады және құқық бұзушылармен күресуде, тек мемлекеттік ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық әрекеттесу шараларын қолдануды ұсынады.

Әкімшілік жауаптылық шараларын қоғамдық әрекеттесулермен, ал, қылмыстық жауаптылықты — әкімшілік қоғамдық шаралармен алмастыру, бұл жаза қолданбай-ақ, жазалаудың мақсатына жеткен жағдайлар ретінде заңнамаларда қарастыруы мүмкін. Яғни, мұнда жауаптылық орын алған, бірақ, мұнда сөз болып отырған жай, жауаптылықтан босатудың мүмкін болатын құқықтық негіздері туралы. Мұндай негіздер төмендегідей болуы мүмкін:

1. Сотта істі қарастыру уақытында жағдайдың өзгеруі, яғни, әрекет қоғамға қауіпті болмаған жағдайда. Жағдайдың өзгеруі дегеніміз құқық бұзушылық жасаған уақытта болған жағдайларды салыстыру бойынша өмірлік жағдайларға айтарлықтай өзгерістер енгізу болып табылады. Бұл ел аумағындағы саяси, экономикалық, шаруашылық-ұйымдастырушылық өзгерістермен байланысты болуы мүмкін (соғыс және бейбіт уақытта).

2. Құқық бұзушылық жасаған тұлғаның қоғамға қауіптілігі болмауы. Тұлғаның өзі мінсіз мінез-құлқымен және еңбекке адал ниетпен қарайтындығынан қоғамға қауіптілік әрекетінің болмауы. Мінсіз мінез-құлық - құқық нормаларының тиісті талаптарының мінез-құлқымен көрінеді.

3. Мерзімінің өтіп кетуі, яғни, егер тұлға құқық бұзушылық жасаған күннен бастап нақты бір мерзімдері өтіп кетсе, заңды жауаптылыққа тартылмауы мүмкін.

Мына жайды да айта кеткен жөн, 1997 ж. ҚР ҚК-нде қылмыстық жауаптылықтан босатуға бес тарау арнаған. Сонымен қатар, қылмыстық жауаптылықтан босатудың төмендегідей негіздері берілген:

4. Жасаған әрекетіне өкіну.

5. Қажетті қорғану шегінен асыру.

6. Тараптардың бейбіт келісімі.

7. Мерзімінен бұрын шартты түрде босану.

8. Жазаның өтелмеген бөлігін мейлінше жазаның жеңіл түріне алмастыру.

9. Жүкті әйелдер мен жас балалары бар, әйелдерге жазаны өтеуді кейінге қалдыру.

10. Сырқаттануына байланысты, мысалы, психикасының бұзылуы, өзін-өзі танымау және өзінің әрекетімен (әрекетсіздігімен) қоғамға қауіптілік туғызатын адам. Мұндай тұлғаларға сот ҚК көздлеген, медициналық көндіру шараларын тағайындайды.

11. Жазалаудан босату және төтенше жағдайлар салдарынан жаза өтемін кейінге шегеру.

12. Айыптау үкімі мерзімінің ескіруімен байланысты жаза өтеуден босатылу.

13. Амнистия (рақымшылық) — грек тілінен аударғанда, «естен шығару», «кешірім» деген мағына береді — қылмыс жасаған тұлғаларды жазадан толықтай немесе жартылай босату, яки, бұл тұлғаларға сотпен тағайындалған жазаны мейлінше жеңіл түріне ауыстыру. Рақымшылық бұрын жазасын өтеп жүрген тұлғалардың соттылығын шешу көзделеді. Әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Рақымшылық жалпы сипатта болып келеді, елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі жетістіктері, тарихи маңызды оқиғалармен байланысты заң түрінде шығады<sup>67</sup>. Мысалы, 1945ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы декларацияны қабылдаумен және т.б. байланысты.

Рақымшылық қылмыстың бірқатар санаттарына ғана қатысты, рақымшылық акт күшіне енгенге дейін жасаған құқық бұзушылықтарға қолданылады. Шын мәнісінде, рақымшылық қылмыстың ерекше ауыр түрлерін жасаған тұлғаларға қолданылмайды.

14. Кешірім жасау — мемлекет басшысының актісі, сотталушының толықтай немесе жартылай жазадан босатылуы, яки, оған тағылған жазаны жеңіл түріне ауыстыру, сондай-ақ, жазаның өтейтін бөлігін шектеу. Кешірім

<sup>67</sup> Қараңыз: П. 6 ст. 54 Конституции РК 1995 г.

жасау ҚР Президентіне ғана тиесілі. Кешірім жасау нақты бір адамға қатысты, сотталушының немесе оның туысқандарының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Әдетте, кешірім жасау өлім жазасын өмір бойғы бас бостандығынан айыруға ауыстырумен байланысты. Кешірім жасау жеке сипатта болып келеді.

15. Қылмыстық жазаны басқаға (әкімшілік, тәртіптік) алмастыру немесе уақытша басқаруға беру. Қылмыстық емес өзге жауаптылық түрлерінен босатудың негіздері оны жасаған адамның әрекетіне байланысты болады:

а) қоғамға қауіптілігі онша үлкен емес қылмыстар;

б) қылмыстық жаза қолданбай түзеуге және қайта тәрбиелеуге болады.

Заңды жауаптылықтан босату институтымен қатар, құқыққа қайшы әрекеттен туындаған жағдайлар құқықтық институт, шын мәнісінде, заңды жауаптылық қызмет етеді.

Құқық және мемлекет теориясында іс-әрекеті заңды қайшылығын жоққа шығаратын жалпылыма түрде қарастырылатын жағдайлар:

- физикалық және психологиялық мәжбүр ету (егер тұлғаның заңды мүддесіне зиян келтіру салдарынан ол өзін-өзі билей алмаса жол беріледі);

- орынды тәуекел (қоғамдық пайдалы мақсат үшін заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілген жағдайда жол беріледі); бұйрық немесе өкімдерді орындау (заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда (тұлға өзіне міндетті болып табылатын бұйрықты орындау кезінде) жол беріледі): қоғамға қауіп төндірмейтін елеусіз құқық бұзушылықтар; казус (оқиға) және т. б.

Казус — күтпеген жағдай. Қоғамдық қатынастардың көп түрлілігіне байланысты олардың көбісін алдына-ала қарастырып, заңмен бекіту, әрине, қиындық туғызары сөзсіз, сондықтан да олардың кейбіреулері құқық әрекеттеріне кірмей қалатындары болады. Мемлекет бұлардың тек бүгінгі күнде маңызды әрі көкейкестісін ғана таңдап алады, яғни, құқықтық шешімдерді әлі де талап етеді.

- есі дұрыс еместік - тұлғаның психикалық жүйке ауруына ұшырауы немесе өз іс-әрекеттеріне есеп бере алмауы. Осы есі дұрыс емес жағдайда қылмыс жасаған адамдарды жазалауға жатпайды, олар емдеуге жіберіледі.

- қажетті қорғаныс – мемлекеттің, қоғамның тұлғаның мүдделерін қоғамға қауіпті нұқсан келтіруден қорғау барысында нұқсан келтіруші тұлғаға зиян келтірумен сипатталады, алайда, қажетті қорғаныс шегінен асып кетпеуі тиіс, яғни, қорғанудың нұқсан келтірушіліктің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне айқын түрде сәйкес келмеуі орын алмауы тиіс, қоғамға аса қауіптілігі жоқ құқық бұзушылық; казус (жағдай) және т.б., қажетті қорғану (қорғанушы немесе басқа тұлғалардың жеке басы мен құқығын, қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті әрекеттерден нұқсан келтірушіге (қажетті қорғану шегінен аспай) зиян келтіру жолымен қорғау кезінде болады. Мұндай әрекеттер қылмыс немесе құқыққайшы деп саналмайды.

Қажетті қорғануды қолдану үшін қажетті жағдайлар:

- өзін және кез-келген өзге адамдарды қорғаған құқықтар мен мүдделерге қауіп тудыратын, кез-келген қоғамға қауіпті әрекетте қажетті қорғануға жол беріледі;

- тек нақты және шындықтағы шабуылдың болуы қажет (шабуыл жасалуы керек немесе шабуыл жасауға нақты қоқан-лоқының болуы тиіс);

- қорғану әрекеттері шабуыл жасалған сәттен бастап жүзеге асырылуы тиіс;

- қажетті қорғану шегінен шықпауы тиіс, яғни, қорғану сипатына сәйкес келмейтін және қолсұғушылық қауіптілігін тудыратын жағдайлардың болмауы;

- зияндылық бірінші кезекте тікелей шабуыл жасаушыға келтірілуі тиіс.

Сонымен қажетті қорғану құқыққайшы қолсұғушылық жасаған адамдарға қарсы қолданылады. Қажетті қорғану — қылмыспен күресуде азаматтардың белсенділігін арттыруға, қылмыстардың алдын-алуға және тойтаруға жұмылдырылған, маңызды әлеуметтік-құқықтық институт болып табылады. Қажетті қорғану құқығы ҚР Конституциясында (13-бап.), әкімшілік және қылмыстық заңнамаларда бекітілген.

- қылмыс жасаған тұлғаны ұстау (билік органына жеткізу үшін және қылмыс жасаушыны ұстау басқадай жолдармен мүмкін болмаса оған зиян келтіре отырып, жаңадан қылмыс жасау ықтималдығын болдырмау мақсатында жол беріледі);

- аса қажеттілік - мемлекеттің қоғамның, тұлғаның мүдделеріне қауіп төндіруші әрекетті жою жағдайында мүмкін, қойылатын шарт бұл қауіп басқа құралдармен жойыла алмауы қажет және аса қажеттіліктен туындаған зиян алдын алған зияннан аз болуы тиіс (аса қажеттілікке - егер тұлғалардың жеке бастары мен құқықтарына, қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне төнген қауіпті басқадай жолдармен жою мүмкін болмаса және келтірілген зиян тойтарылған зияннан аз болған жағдайда жол беріледі).

Аса қажеттілікте екі жағдай сақталады:

1. Мемлекет, қоғам және жеке тұлға мүдделеріне қауіп тудыратын жағдайдың болуы. Қауіптіліктің шығар көзі: табиғи апат күші, жануарлар, механизм түрлері, адам және т.б. болуы мүмкін.

2. Құқыққорғау мүдделеріне болуы ақиқат қауіптілік туғызатын, нақты жағдайлардың туындауы немесе зиян келтіру түрінде әрекеттілікке айнала бастаған қауіптіліктің болуы.

Осындай себептермен, заңды жауаптылықтан босату сотталушы тұлғадан мемлекет бас тарту, анығында, әрекеті үшін мемлекет алдында жауап беру міндетінен кінәліні босату болып табылады.

## 2.5. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

Құқықтық мәртебе - бұл субъектінің қоғамдағы заңды бекітілген жағдайы. Құқықтық мәртебе тұлғаның іс жүзіндегі (әлеуметтік) мәртебесін, оның қоғамдағы нақты жағдайын белгілейді. Бұл адамның Конституцияда баянды етілген мемлекеттегі рөлі мен орны.

Құқықтық мәртебе субъектілердің Конституция және заңдармен танылған құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Сол сияқты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өз әлеуметтік рөлдерін атқаруда пайдаланатын өкілеттіктері.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы мемлекеттің ең қымбат қазынасы «адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» дей отырып, мемлекеттің адам алдындағы жауапкершілігі қағидасына назар аударады. Тұлғаның құқықтық мәртебесі төмендегідей элементтерден тұрады:

- құқықтар мен міндеттер, заңды мүдделер, құқық субъектілігі, азаматтық, заңды жауапкершілік, құқықғық қағидалар және т. б.

Конституцияның II бөлімі «Адам мен азаматтың жеке, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтары мен міндеттерін бекітеді. Адам құқығы — адамның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ықтимал мінез-құлық өлшемі. Тұлғаның бостандығы - бұл да адамның ешқандай да бөгеті жоқ құқығы. Адамның жеке құқықтарының баянды етілуі (өмір сүру құқығы, жеке бас бостандығы, қадір-қасиетіне құқығы т.б.) Қазақстан Республикасында тұлғаның Конституциялық мәртебесінің өзгергенін білдіреді — адам алдымен өз мүддесі бар тұлға ретінде, содан кейін қоғамның мүшесі және мемлекеттің азаматы ретінде қарастырылады. Мәселен, әркімнің өмір сүруге құқығы бар — бұл адамның табиғи құқығы. Ешкімнің адам өмірін өз бетінше қиюға хакысы жоқ. Өлім жазасы аса ауыр қылмыстар үшін сотталушыға кешірім сұрау құқығын бере отырып қолданылатын айрықша жазалау шарасы (Конституцияның 15-бабы). Міндет — адамның қоғамдағы міндеті, қажетті мінез-құлқының өлшемі. Мәселен, әркім Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын сақтауға, басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, қадір-қасиеттерін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті, заңмен белгіленген алым-салықтарды төлеуге міндетті, Қазақстан Республикасын қорғау оның әр азаматының қасиетті борышы әрі міндеті.

Құқықтар мен міндеттерді мазмұндарына байланысты былайша бөлуге болады:

- азаматтық немесе жеке (өмір сүру құқығы, ар-намысын қорғау, жеке бас құпиясына қол сұқпаушылық құқығы және т. б.);

- саяси (билік органдарына сайлау және сайлану құқығы, мемлекеттік қызметке кіруге тен құқықтары, бірлесу құқығы, бейбіт жиналуға, митинг, демонстрацияларға құқықтары т. б.).

Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтары:



- сөз және шығармашылық бостандығы (Конституция 20-бабы);
- ақпарат алуға құқығы (Конституция 20-бап 2-тар.);
- бірлесуге құқығы (23-бап);
- ҚР азаматтарының ашық шаралар өткізуге құқығы (32-бап);
- мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы (33-бап).

Экономикалық құқықтарға жеке меншікке құқығы, кәсіпкерлікпен айналысу құқығы, еңбек ету, демалу құқықтары жатады.

Әлеуметтік құқықтарға — жанұяның қорғалуына, денсаулығын қорғау құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру және т. б. құқықтар жатады.

Мәдени құқықтарға — білім алу, мәдени өмірге қатысу құқығы, ғылыми және мәдени прогресс нәтижелерін пайдалану құқығы, әдеби, көркем, ғылыми. техникалық шығармашылықтар бостандығы т. б. жатады.

Құқықтық мәртебе жалпы, арнайы және жеке болады.

Жалпы мәртебе - бұл тұлғаның мемлекет азаматы ретінде Конституцияда бекітілген мәртебесі. Ол барлық азаматтар үшін бірдей болып табылады.

Арнайы мәртебе - азаматтардың белгілі бір санаттары жағдайының ерекшеліктерін белгілейді (студенттердің, соғыс ардагерлерінің, кәсіпкерлердің, т.о.), олардың арнайы қызметтер атқаруларына мүмкіндік береді.

Жеке мәртебе - жекелеген тұлғалардың ерекшеліктерімен анықталады (жасы, жынысы, жанұя жағдайы, қызметі және т.б.) және тұлғаның жекелеген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді.

Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы – сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келеді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға сөзылген тарихы және мол тәжірибесі бар.

Біз осы тарихқа, осы мол тәжірибеге сүйене отырып, әлеуметтік нормалардың диалектикалық объективтік даму процесімен танысамыз. Адам қоғамының әр формациясында азаматтардың қандай құқығы, қандай бостандығы болғанын білеміз.

Адам құқығы – тарихи, объективтік құбылыс. Сондықтан, әлеуметтік норма әр уақытта даму процесінде болады. әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өзгеріп келеді. Қоғамдағы жүздеген, мыңдаған қарым-қатынасты реттейтін, басқаратын әлеуметтік норма. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді.

Жеке адамның құқығы қоғамдағы құқықпен тығыз байланысты. Бірі болса екіншісі де болады. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды.

Сонымен адамның құқығы, бостандығы олардың мазмұндық дәрежесі қоғамның даму деңгейімен байланысты.

Мысалы: Алғашқы қоғамдағы бостандық: құлиелену қоғамдағы бостандық пен шектеулер; феодалдық қоғамдағы бостандық пен шектеулер; буржуазиялық қоғамдағы бостандық пен шектеулер; қазіргі замандағы бостандық түсінігі мен мазмұны.

Құқық пен жеке тұлғаның өзара байланысын тек құқықтық мәртебе арқылы толық түсінуге, білуге болады. Онда олардың санқырлы байланысының түсінігі, мазмұны, құрылымы, мақсаты, талаптары, мемлекет пен қоғамдық ұйымдармен арақатынасы көрсетіледі.

**Құқықтық мәртебе** – жеке тұлғаның қоғамда заңды түрде қалыптасқан бостандығы, табиғи және саяси құқықтары, әлеуметтік кемеліне келген жағдайы, рухани, мәдени білімі. Бұл мәртебегінің мазмұны адамның қоғамның әлеуметтік құрылысындағы алатын орны, ал мәртебегінің нысаны - сол адамның қоғамдағы алатын орнын заңды түрде сипаттауы. “Мәртебе” латын тілінен аударғанда “положение-жағдай” – деген ұғымды көрсетеді.

**Сонымен, құқықтық мәртебе** – “құқықтық жағдай” – бір мағынадағы ұғым. Оның негізгі мазмұны мемлекеттің Конституциясында бекетілген жеке тұлғаның бостандығы, құқықтары мен міндеттері.

Құқықтық мәртебе объективтік тұрғыдан бостандықтың, демократияның жетістіктері мен кемшілігінің көрінісінің айнасы деуге болады. Адам қоғамның көне дәуірден даму кезеңдерінде құқықтық мәртебе әр түрлі болды. Бірақ бұл процесс үнемі прогрестік жолмен дамыды.

Сонымен құқықтық мәртебе – кешенді, интеграциялық категория. Ол адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, жеке тұлға мен еңбе ұжымының ара байланысының көрінісі – айнасы.

#### **Құқықтық мәртебенің негізгі түрлері:**

1. Жалпылама құқықтық мәртебе – бұл азаматтық мәртебе қоғамның мүшесі, Конституциялық мәртебе.

2. Арнаулы құқықтық мәртебе – студенттер, зейнеткерлер, шахтерлер т.б. мәртебе.

3. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі – бір адамның өмірбаянының реквизиттері:білімі, қызметі, жанұя, аты-жөні т.б. Олардың қоғамның қай саласында қызмет атқаруы, соған сәйкес саяси және арнаулы жеңілдіктер болуы.

4. Жеке тұлға және заңды тұлғалар мәртебесі.

5. Шет елдердің азаматтарының мәртебесі.

6. Қазақстан Республикасының шет елдердегі азаматтарының мәртебесі.

7. Жүйелік мәртебе: азаматтық, әкімшілік т.б.

8. Кәсіпқойлық, лауазымды тұлғалар мәртебесі.

9. Мәртебе – қиын жағдайда жұмыс атқаратын адамдар (солтүстікте, қиыр –шығыста, қорғаныс өндірісінде, құпия өндірісте т.б )

Сонымен, адам құқығы - жеке тұлғаның табиға мүмкіншіліктері арқылы қоғамның барлық саласында іс-әрекет жасап өздерінің қадір-

қасиетін, ар-намысын, абырой, беделін қорғап, жақсы өмір сүруін қамтамасыз етуі.

Заң ғылымында адам құқығы, азамат құқығы, жеке тұлға құқығы жеген ұғым бар. Оларға қысқаша түсінік берейік.

Адам құқығы – табиғи құқық, табиғи бостандықтар субъектілері оған мемлекеттің ешқандай қатысы жоқ. Егер де ол табиғи құқықтарды мемлекет бекітсе онда ол адам сол мемлекеттің адамы болады.

Азамат құқығы – табиғи құқықтар жинақталып, жүйеге келтіріліп мемлекеттің заңдарында, нормативтік актілерде көрсетіліп, мемлекеттің қорғауында болып, адамдар сол қоғамның азаматы болу.

Жеке тұлғаның құқығы – жеке адамның құзыреті, іс-әрекет жасау мүмкіншілігі. Оның шеңбері жеке тұлғаның саяси – қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық мәртебесінің шеңберіне байланысты. Жеке тұлғаға жататындар: адам, азамат, шет елдердің азаматы, азаматтығы жоқ адамдар, саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан қашқындар.

Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігі бұл 3 ұғымды бір мағынада қолданыла береді. Жеке адамдардың құқықтарында объективтік және субъективтік деген түсініктер бер. Енді солардың мазмұнына тоқтайық.

Объективтік құқық - заңды нормалардың бір жүйесі, оның мазмұны, нормалардың өмірге келуі жеке адамдармен қатысы жоқ.

Субъективтік құқық – субъектілердің бостандығы мен құқықтары объективтік құқықтағы іс-әрекеттерді орындауға байланысты.

Азаматтардың, адамдардың негізгі құқықтары мен бостандығы халықаралық актіде және әр мемлекеттің Конституциясында толық көрсетіледі. Оны түрлері: азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, ақпараттық құқықтар. Енді оларға қысқаша түсінік берейік.

Азаматтық құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандығы. Адам не істесе де ерікті. Тек қоғамға, жеке азаматтарға зиян келтірмеге міндетті.

Экономикалық құқық – табиғи бостандық пен құқықтың экономикалық талаптары – жеке меншік құқығы кооперацияға мүше болу, акционерлік ұйымдаға қатысу, жұмыс істеу, бизнеске қатысу т.б.

Саяси құқық – қоғамды, мемлекетті, өндірісті, шаруашылықты басқару қоғамдық ұйымдар, партия құру, жиналыс, митинг, демонстрация өткізу, сайлауға қатысу, сайлану т.б.

Әлеуметтік құқық – қоғамның экономикалық, материалдық дамуы сол арқылы адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбек, үй құқығы, денсаулықты жақсарту т.б.

Мәдени құқық – білім алу, рухани сананы жақсарту, әдебиет, өнермен шұғылдану, тіл, дін құқықтары т.б.

Экологиялық құқық – адамды қоршаған ортаны, табиғатты жақсарту, ол туралы мәліметтер алу, зиянға ұшыра төлеттіру т.б.

Ақпараттық құқық – ойлау, сөйлеу бостандығы, газет-журнал шығару, мақалалар жазу т.б.

Халықаралық құқық – жоғарыда көрсетілген құқықтардың көпшілігі адамдар басқа елдерге барғанда да пайдаланады. Адамдардың саяхат жасауына, жүріп-тұруына шектеу қойылмайды.

Адамдардың негізгі міндеттері – адамдардың құқықтары мен міндеттері тығыз байланыста болады. Мысалы, сөз, ойлау бостандығы мен қате, бұрыс ойламау, сөйлемей міндеттері. Адамдардың міндеттерін екі топқа бөледі: табиғи және заңды міндеттер.

Табиғи міндеттер табиғи құқықтар мен табиғи бостандықтарға сәйкес болады, заңды міндеттер – нормативтік актілер арқылы қалыптасқан міндеттер. Мысалы, азаматтардың табиғатты жақсартуы, қоғамдық тәртіпті сақтау.

Қазіргі заманда жеке тұлғаның құқықтық статусы заң ғылымының бір саласына айналды және жалпы теорияның жеке тақырыбы болып отыр.

### **Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтардың құқықтық мәртебесі**

Адамдар тек құқықтық жүйедегі қоғамда өмір сүре алады. Бұл объективтік тұжырымға адамдар мыңдаған жылдар өмір тәжірибесінен сезініп білді. Біздің заманымыздан бұрынғы 5-4 мыңжылдықтан бастап адам қоғамы әлеуметтік нормасыз өмір сүре алмайды. Норма объективтік тұрғыдан қоғамның өмір сүруінің ең қажетті құралы болды. Осы тәжірибеге сүйене отырып гректің ойшыл ғалымдары Ликофрон, Антифон (5-4 мыңжылдықта) адамның табиғи бостандығы, құқықтары бар, оны ешкім жоя алмайды – деген. Бұл пікірді кейін Аристотель, Локк, Монтескье, Руссо, Канттар да қостаған. Сөйтіп, “Табиғи құқықтық теория” өмірге келеген. Бұл теория Англияның 1215ж. бостандық партиясында, 1689ж. құқық петициясында; АҚШ 1776ж. декларациясында, 1791ж. Конституциясында, Францияның 1789ж. Конституциясында мемлекеттік заңға айналды. БҰҰ 1948ж. – Декларациясында адамның “Табиғи құқық теориясы” қабылданып, әр мемлекеттің құқығының негізі болсын деп қаулы қабылданды. 1966ж. БҰҰ Халықаралық пакт атты қаулы қабылдап, онда адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын әлем көлемінде дамытуда, жақсартуды міндеттеді.

Қазіргі заманда адамдардың бостандығы мен құқықтары барлық мемлекеттердің Конституциясына, Декларациясына енгізіліп, ең негізгі ресми саясатқа айналды. Қазақстан Республикасының 1993-1995жж. Конституциялары адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім беріліп, бұл мәселені жағн-жақты дамыту, жақсарту өзінің мемлекеттік міндеті деп жариялады. Сонымен, адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік және құқықтық нормлар арқылы басқарылып келеді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға сөзылған тарихы және мол тәжірибесі бер. Оның даму мазмұны, шеңбері қоғамның даму деңгейімен

байланысты. Әр формацияда адам бостандығы мен құқығы әр түрлі болады. Бірақ оның дамуы объективтік прогрестік жолмен дамыды. Қоғам дамып, нығайып жақсарған сайын құқық та, бостандық та нығайып жақсарады, оның әділеттік, демократиялық мазмұны да, кеңістігі де күрделенеді, жақсарады. Егер де бұл бостандыққа, құқыққа шектеу қойылса оны іске асыруға кедергілер жасалса, адамдардың табиғи бостандықтарына мән берілмесе ондай қоамда антидемократиялық (фашизм, тоталитаризм, деспотизм) мемлекет орнап саяси, экономикалық дағдарысқа ұшырайды. Адам қоғамның тарихында бұған мысал жеткілікті. Осы ХХ ғасырдың өзінде ондай дағдарыс екі дүниежүзілік соғыс өмірге әкелді.

Азаматтардың негізгі міндеттерінің көпшілігі Конституцияда көрсетіледі. Адамдар құқықты қалай талап етсе, олар сол дәрежеде міндеттерді орындауы қажет. Құқық пен міндет бірге қалыптасады, бірге өмір сүреді, бірге дамиды. Бұл объективтік процесс. Адамдар өз міндеттерін дұрыс, уақытында жақсы орындаса, құқықтары да кедергісіз орындалуыға тиісті.

Қазіргі заманда өркениеттің басты жетістігі адам құқығы мен бостандығын нақты қалыптастыру болып табылса, барлық мемлекет оны қорғап, оған кепіл болуы тиіс. Осындай ізгілікті үрдістен тәуелсіз Қазақстан да шет қалып отырған жоқ. Қазақстан Ата заңының бірінші бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп атап көрсетілген. Осы заң сөздері Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моралдық құқық береді.

Адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады, соның бір айғағы, ҚР Президентінің жарлығымен Президент жанында елдегі адам құқығы мен бостандығын сақтауға бақылау жасайтын, өкілеттік қызмет жөніндегі комиссияның құрылуы. Қоғамның өтпелі кезеңінде еліміздегі адам құқықтары жөніндегі заңдар қызметін үйлестіріп, олардың осал тұстарын ретке келтіріп, қалпына келтіруде, қазақстандықтар комиссияға зор үміт артады. Бұрынғы кеңестік дәуірде азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін жоғары билік органдарын, тіпті Коммунистік партияның бас хатшысына жүгінетін.

Қазіргі уақытта адамдар өздерінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін құқық қорғау органдарына, сотқа, Адам құқығы жөніндегі комиссияға шағымданатын болды. Бұл біздің қоғамның құқықтық мемлекет құруға бет бұрғандығымызды көрсетеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік қауымдастық қатарына қосылғаннан бері адам құқығына қатысты бірнеше халықаралық конвенцияларға қосылды. Қазақстан ең алдымен 1949ж. қабылданған Женева конвенциясына (Конвенцияға қосылу ҚР Жоғары Кеңесінің 1993ж. 31.03 қаулысымен бекітілді), 1989ж. қабылданған Бала құқығы туралы конвенцияға (ҚР Жоғары Кеңесінің 1994ж. 08.03 қаулысы) қосылды. Осы халықаралық конвенцияларға қосылып,

Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтары басты қазынасы болып саналатын, демократиялық ел болуға деген ұмтылысын бекіте түсті. Адам құқығын қорғау бүгінгімізге ғана емес, өткенімізге де қатысты. Халқымыздың басынан өткен саяси қуғын-сүргіндер, ашаршылық, зұлмат жылдары тек қазақстандықтардың ғана емес, республиканың басқа да ұлт өкілдеріне қиянат, қайғы-қасірет әкелгені белгілі. 1993ж. 14.04 осындай келеңсіз жағдайлардың салдарына душар болған азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған, ҚР «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы қабылданды. Бұл заң кезінде мемлекет саясатының нәтижесінде құқығы бұзылған азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге, оларды ақтауға кепілдік беретін құжат болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанға жер аударылған және одан қуылған бір миллионнан астам қазақстандықтарды ақтау әлі жүзеге асырылмады. Бұған құқылық негіздердің жеткілікті дәрежеде қалыптастырылмауы өзіндік қиындықтар туғызып отыр. 1992 ж. тәуелсіздіктің аспан түстес көк туын көтеріп, өзге мемлекеттері мен терезеі тең мүше ретінде табалдырығың аттаған Қазақстан БҰҰ жарғылық қағидасындағы адам құқығы адамзаттың басты игілігі екендігін дәлелдеді. ҚР Әділет министрлігінде әйелдер мен балалар мәселелерімен айнасалатын 30-дан астам әр – түрлі Республикалық ұйым тіркелген. БҰҰ – ның бала құқықтары туралы конвенциясын іске асыру үшін мемлекет бірқатар заңды құжаттар қабылдады: ҚР еңбекті қорғау (1993ж), ҚР халқының денсаулық қорғау туралы (1997ж), Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы (1997ж).

Қазақстан Республикасындағы барлық қоғамдық өмір салаларын жаһандандыруды жүргізу бағытының маңыздылығы жеке тұлғаның жан-жақты дамыту жағдайын жасау болып табылады. Бұл еліміздің қалыпты экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуын, демократиялық үрдістерді одан әрі жетілдіру және қоғамның тұрақтылығын, қазіргі заманғы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуын талап етеді.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттің зор мүдделік білдіруімен сипатталады, мемлекеттің осы маңызды міндетті тиімді шешуі үшін арнайы мемлекеттік-құқықтық механизмін қалыптастыруы арқылы ғана мүмкін болады. Тек халықпен құрылатын және бақыланатын демократиялық қоғам адамды, азаматты нағыз бағалай алады жән адамның мүддесіне өз саясатын жүргізеді.

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу жылдарындағы конституциялық теорияның негізіне қойылған ең басты идеялардың бірі, Қазақстан Республикасындағы жоғары құндылық болып адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары танылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өз жұмысында «Қоғамның идеялық нығаюы Қазақстанның өрлеу шарты ретінде» атап өтті: «Біз құрып жатқан қоғамның жоғарғы құндылығы адам болып табылады. Сондықтан, адамға байланысты қайта құру басталды»<sup>68</sup>.

<sup>68</sup> Назарбаев Н. А. Идейная консолидация общества — как условие прогресса Казахстана. — Алматы, 1993. — 5-бет.

Сонымен қатар, біздің республикамызда жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету, мәселелерін түсіну, құқықтың үстемдігі мен адам бостандығы құқықтық мемлекеттің негізі ретіндегі түсініктің мүмкіншілігін қалыптастырады. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жария етті. Сондай-ақ, оларды тану, сақтау және қорғау бойынша өзіне міндет алады. Аталған ереже Қазақстан Республикасының Конституциясының негізін құрайды.

Демократиялық қоғамды дамыту деңгейі адам құқығы саласындағы халықаралық құқық принциптері мен жалпы танылған нормаларды жариялау ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық заңнамада бекітілуімен анықталады. Қоғамымызда жеке тұлғаның қолданыстағы құқықтары мен ұйымдастырушылық үрдістері өзінің құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асыру мақсатында пайдалануына мүмкіндік туғызатын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, жүзеге асыруға байланысты тиімді әрекет ететін мемлекеттік-құқықтық механизм болуы қажет.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі орталық орынды арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар алады — ішкі істер органдары, олардың қызметі осы құқықтар мен бостандықтарды тікелей қамтамасыз етуге және қорғауға бағытталған. Өкінішке орай, тәжірибелік қызметте ішкі істер органдарының өз өкілеттіктерін пайдалануы заңдылық, негізділік және сай келушілік сияқты принциптермен үйлеспейді, сондықтанда бұл жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының бұзылу жолына алып келеді. Осыған орай, ішкі істер органдарының жеке құрамын кәсіби даярлауда ПО-ның қызметкерлерінде теориялық және тәжірибелік білім мен іскерлік жүйесін, сонымен бірге адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары құндылықтарын негізге ала отырып, адамгершілік көзқарастар мен қатынастарды қалыптастыруға тікелей бағытталған маңызды рөл атқару қажет.

Әлемдік қауымдастық аталмыш мәселеге барлық жауапкершілікпен қарайды және осы мәселе бойынша бірталай халықаралық құжаттарда өз ұстанымын қалыптастырды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлауға адам құқығы саласындағы халықаралық, сондай-ақ ұлттық деңгейде де білім беру бағдарламасында зор назар аударылады.

Сонымен қатар адамның қоғамдағы ережесі, оның құқықтары мен бостандықтары әлі де жетілмеген деуге тұрарлық. Құқыққолдану тәжірибесінің ақсақтығы (дефект) құқықтық нигилизм, азаматтардың мемлекеттік билікке сенбеушілігі, сот көмегінің қол жетпестігі туралы айта кетпеске болмайды.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және адам құқықтарын құрметтеу — аса қиын міндет және оның шешілуі ондаған жылдар бойы барлық қоғам күшінің нәтижесінде ғана шешіледі.

Қоғам өміріндегі адам құқығының ерекше маңыздылығы, қалыпты байланыс дамытуда және индивидтермен әлеуметтік топтар арасындағы, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара іс-әрекеттестікті, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды үйлестіруге және ретке келтіруге ат салысатын осы құбылыстардың жалпы заңдылығын белгілеуді талап етеді<sup>69</sup>.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету позициясы жағынан Қазақстан Республикасы полициясы қызметінің тәжірибесі және әрекеттегі заңнаманың талдауы белгілі бір жетістіктер, сондай-ақ осы саладағы кемшіліктер туралы куәландырады.

Аталмыш саладағы жаңару мен жетілдіру үрдісіндегі нақты позитивтік ілгерілеулер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы, сонымен бірге полицияның құқық қолдану қызметіндегі көптеген факторларға байланысты, оның ішінде жалпы алғанда барлық құқықтық өмір мен мемлекеттік-құқықтық тәжірибе: құқықшығармашылығы, құқыққорғау және құқыққолдану қызметі ретінде юриспруденция аса маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік құқыққорғау жүйесінен оңтайлы нәтижені күту гуманизмнің принциптеріне жауап бермейді, себебі мәселелерді қысқа мерзімде шешуге кепілдік бермейді. Ал осыған қарамастан азаматтың құқықтары мен бостандықтары қалдырусыз және тұрақты қорғалуын талап етеді.

Осы жағдайда құқықтық ортаны қалыптастырған жөн, яғни азамат өз құқықтары мен бостандықтарын тиімді іске асыруы, сонымен бірге лауазымды тұлғалар тарапынан құқыққа қайшы болатын әрекеттерден қорғалуы қажет.

Қойылған міндеттің шешілімі, ең алдымен азамат пен полицияның лауазымды тұлғаларының өзаралық қатынастарында жеткілікті келісімді және тиімді құқықтық базаны қалыптастыруды көздейді.

Тағы бір ауқымды мәселе бұл азаматтардың полиция мен олардың лауазымды тұлғаларының өзаралық қатынасындағы тепе-теңдік жүйесінің болуын айта кетуге болады.

Осыған байланысты адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша полиция қызметінің құқықтық негізін зерделеуде Қазақстан Республикасының конституциясында бекітілген бостандық құндылықтарын, тұлғаның құқыққа сай пайдалану механизмін жетілдіру керек. Сонымен қатар, оларды іске асыру бойынша полиция қызметін жетілдірудің негізгі бағытын нақтылап белгілеу қажет.

---

<sup>69</sup> Права человека: Учебник для вузов / Отв. ред. Е. А. Лукашева. — М.: НОРМА, 2002. — С. 5.



## 2.6. ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ

Құқықтық реттеу механизмі - бұл құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсаттарында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты - субъектілердің мүдделерінің құндылықтарға кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету (мазмұнды белгісі). Құқықтық реттеу механизмі - бұл табиғаты және функциялары бойынша әр түрлі заңды құралдардың жүйесі (формальды белгісі).

Құқықтық реттеу механизмінің келесі элементтерін бөліп қарастыруға болады: - құқық нормалар - мұнда мүдделерді қанағаттандыру үлгісі қалыптасады; - ұйымдастырушылық - атқарушы акт сияқты шешуші фактімен бірлескен заңды факт немесе фактілік құрам; - құқықтық қатынастар - бұл жердегі нормативтік талаптарға сәйкес субъектілерге қатысты нақтыланады; - құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері - субъектілердің сақтау, атқару және пайдалану нысанындағы әрекеттері; - қорғаушы, құқыққолданушы акт - құқық бұзушылық жағдайында қолданылады.

Құқықтық реттеу механизмі – бұл заңдық құралдардың жүйесі, олардың көмегімен қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету жүзеге асырылады, құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаттары:

- өркениетті қоғамның қалыпты өмірінің негізі және сөзсіз талабы ретіндегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау; - мемлекеттік құрылымдарды оңтайлы құру, олардың нәтижелі қызмет етуі; - адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру, адамның өз міндеттерін орындауы; - азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын тиімді қорғау; - қоғам мүшелерінде прогрессивтік құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Құқықтық реттеудің тиімділігі - бұл құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсаттың арасындағы арақатынас.

Құқықтық реттеудің тиімділігін көтерудің төмендегідей жолдарын атап өтуге болады:

1. Құқық шығармашылықты жетілдіру: мұның нәтижесінде заңшығармашылық техниканың жоғары деңгейіне сәйкес құқық нормаларында қоғамдық мүдделер мен заңдылықтар мейлінше анық көрініс табады. Бұл кезде заңды және ақпараттық құралдардың көмегімен заңды сақтау, оны бұзудан пайдалы болатындай жағдай жасау керек.

2. Құқықты қолдануды жетілдіру нормативтік реттеудің нәтижелерін толықтырады. Құқықты қолдану әрбір заңды жағдайдың нақты жағдайларын, өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Құқықшығармашылық пен құқыққолдануды дұрыс үйлестіру құқықтық реттеуде икемділік пен кешенділікті береді.

3. Құқық субъектілерінің құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру де құқықтық реттеудің сапасына, заңдылық пен құқықтың тәртіпті нығайту процесіне әсерін тигізеді.

### **3. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ КӨПЖАҚТЫ КӨЗҚАРАСТАР**

#### **3.1. Мемлекеттің пайда болуы**

Алғашқы қауымдық қоғам, оның дамуы және ыдырауы. Алғашқы қауымдық қоғам. Адамдардың пайда болып, жер жүзінде өмір сүре бастағанына екі миллиондай жыл болды. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес адамдардың өздерінің дене құрылысы да, тәжірибесі де, пайдаланатын құралдары да дамып отырды. Соның нәтижесінде шамамен осыдан 40 мың жыл бұрын қазіргі типті адамдар (хомо сапиенс) қалыптасты. Адамдардың дене құрылысының өзгеруі тоқтап, оның орнына олардың қауымдық құрылысы, тәжірибесі басында бәсең, кейін қарқынды түрде дами бастады. Бұл процесс бірте-бірте алғашқы қауымдық қоғамды өмірге әкелді. Қоғамның дамуы екі бағытта жүріп отырды: адамдардың өмірлік тәжірибесінің дамуы және соған сәйкес пайдаланатын құралдардың өзгеріп, прогрестің жаңаруы. Бірақ бұл процесс басында өте бәсең дамыды.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы екі кезеңге бөлінеді:

**1. Жабайы адам дәуірі** - 40-12 мыңжылдықтар арасы. Адамдар табиғаттың дайын заттарын қоректенген, қарулары дайын: тас, сүйек, ағаш. Жабайы аңшылық, балықшылық қалыптасып қоғамның негізгі сипаты табиғаттың қоршаған ортаның адамдардың күн көрісіне қолайлы жақтарын пайдалана отырып, экономикалық, әлеуметтік жағдайды жақсарту. Қысқаша айтқанда, дайынды игерушілік дәуірі. Бұл кезеңде қиыншылық, ашаршылық жиі болды.

**2. Экономиканың қолдан жасау дәуірі** 12-4 мыңжылдықтар арасы. Бұл кезеңде адамдардың тәжірибесі, пайдаланатын қаруы дамыды. Рухани сана-сезімі, білімі жоғарлады. Экономиканы қолдан жасауға мүмкіншілік қалыптасты. Металлургия, керамика өмірге келді. Малшылық-егіншілік арқылы сертификациялық қоғам, рулық, тайпалық бірлестіктер, әлеуметтік нормалар өмірге келді.

Алғашқы қауымдық құрылысқа келесі сипаттар тән болды: қарапайым қарудың (құралдардың) ғана болуы және адамның тайпаның көмегінсіз өзін тамақпен, киіммен, үй-жаймен қамтамасыз ете алмауы. Бірақ, адамдар біріге, ұжымдаса еңбектенгенмен, өздері тұтынғаннан артық өндіре алмады. Сондықтан мұндай қоғамда өнімдердің артықшылығы, жеке меншік және соған сәйкес кедейлер мен байлар болмады. Экономикалық тұрғыдан барлығы тең болды. Экономикалық теңдік саяси теңдікті туындатты. Топтың барлық ересек адамдары - еркектер де, әйелдер де топтың қызметімен байланысты қандай да болсын сұрақты талдауға және оны шешуге қатысуға құқылы болды. Қоғамдық (әлеуметтік) билік өзіндік сипатта болды:

- біріншіден жанұялық қатынастарға негізделді, себебі, қоғамның ұйымдастырылуының негізі ру (рулық қоғам) болды, яғни адамдардың туыстығы бойынша бірігуі, сондай-ақ, мүлік пен еңбектің бәріне

жалпылылығы. Ру ешқандай тәртіпсіз жыныстық байланыстардың орнына ұжымдық, содан соң жұптық некеге негізделген жанұя келген кезеңде қалыптасты. Әрбір ру шаруашылық бірлік, өндіріс құралдарының меншік иегері. жалпы еңбек үрдісін ұйымдастырушы ретінде болды. Рулар ірірек қауымдастықтарды (фратриялар, тайпалар, тайпалардың одақтары) құрады. Ру (рулық қоғам) алғашқы қауымдық қоғамның өмірінде шешуші роль атқарғандықтан, бұл кезең «алғашқы қауымдық құрылыс» деп, ал оның әлеуметтік ұйымы — рулы тайпалық атала бастады. Әдетте, әлеуметтік билік ру көлемінде шектеліп, оның еркін білдірді және қандас-туыстық байланыстарға негізделді;

- тікелей қоғамдық болды, алғашқы демократияның бастауынан, өзін-өзі басқарудан құрылды (яғни, биліктің субъектісі мен объектісі сәйкес келді);

- ру мүшелерінің беделіне, қадіріне, салт-дәстүріне сүйенеді;

- билік органдары тұтастай қоғамның өзі (рулық жиналыстар, жиналулар) және алғашқы қауымдық қоғамның өмір сүруге байланысты қандай да болсын сұрақтарын шешетін оның өкілдері (тайпа ақсақалдары, ақсақалдар кеңесі, әскери қолбасшылар, көсемдер, абыздар) болды.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикасы мен құрылымы - экономиканың негізгі сипаты; қоғамдық, еңбек, қоғамдық меншік, қоғамдық бөліс, қоғамдық өмір сүру. Қоғамның құрылысы: туысқандық ру, тайпа, одақ, бірлестіктер. Бұл құрылымдарды құруды, дамытуды қоғамның экономикасының, тәжірибесінің, құралдарының даму деңгейіне сәйкес жасап отырған.

Алғашқы қоғамды басқару және әлеуметтік нормалар - қоғамдық күрделі мәселелерді жалпы халықтық жиналыста талқылап, шешімдер қабылдап отырған. Күнделікті мәселелерді шешіп басқару үшін ру басшылары сайланып отырған. Тайпа, одақ, бірлестіктерді, ру басшыларының кеңесі басқарған. Тайпа, одақ, бірлестіктерді күнделікті басқару үшін Кеңестің мәжілісінде тайпа, одақ, бірлестіктердің басшылары сайланып отырған. Олар жұртпен бірдей еңбектеніп, қоғамдық жұмыстарын атқарып жүрген. Алғашқы қоғамның даму процесінде әлеуметтік мононормалар (бірігу-бірлесу) қалыптасып, сол арқылы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырған. Мононорманың негіздері мен түрлері: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалар. Алғашқы қоғамның дамуы барлық региондарда, барлық континенттерде бірдей болды. Тек мемлекет пен құқықтың пайда болуы кезеңінен бастап айырмашылықтар, ерекшеліктер молая бастады. Мысалы, шығыс елдерінде (Араб, Үнді, Иран, Қытай) мемлекет пен құқықтың дамуы бір-біріне ұқсас; Афин, Рим, Спартада мемлекет пен құқықтың дамуы басқа түрде болды. Еуропаның, Азияның басқа елдерінде - үшінші түрде дамыды. Бұл елдер алғашқы қоғамнан феодалдық формацияға - қоғамға көшті.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, оның объективтік заңдар алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құрылымдық,

басқарушылық салаларындағы объективтік даму процестері бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл объективтік даму процестің күрделі сатысы элеуметтік революциялық төңкеріс б.з.д. X-XV мыңжылдықтарда болған. Ол төңкеріс кезінде малшылық пен егіншілік қалыптасты, ажарланған тастан жасалған қарулар өмірге келді, адамның тәжірибесі өсіп, молайды. Қоғамдық еңбек төрт күрделі тарауға бөлінді: малшылық, жер игеру, өндірістік және саудагерлер тобы. Бұның бәрі еңбектің өнімділігін арттырды, қоғамның шығысынан кірісін асырды. Сөйтіп, қоғамдық байлық қалыптаса бастады, оны иемденетін топтар, таптар пайда болды. Экономикалық өзгерістер элеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. V-IV мыңжылдықтарда сол қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекет пайда болды. Мемлекет және құқық тарихы қоғамның антогонистік тапқа бөлінуінің нәтижесі болып табылады.

Сонымен, құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары:

- қосымша өнімнің пайда болуы;
- жеке меншіктің қалыптасуы;
- таптар мен топтардың арасында күрестің басталуы;
- қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі<sup>70</sup>.

**Құқықтың дамуы** - адам қоғамының дұрыс өмір сүруінің негізгі объективтік заңдылықтарының бірі, элеуметтік нормалардың қалыптасып қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп, басқаруы: Элеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалары) қоғамның даму процесінде бірте-бірте құқықтық нормаларға айналуы. Сондықтан, құқық мемлекеттен аз да болса бұрын қалыптасты деуге болады. Алғашқы қоғамда мемлекеттік кезеңнің басталуынан бері қарай құқық қарым-қатынастардың басым көпшілігін реттеп, басқаратын нормаға айналды. Қоғамда мемлекеттің өзі қабылдаған, бекіткен құқықтың жаңа түрлері пайда болды: заң, заңға тәуелді актілер, шарттық нормалар, заң күші бар соттың шешімдері.

Құқық екі жолмен дамыды. Біріншісі — мемлекеттік қоғамдық меншікті реттеу моральдық-діни нормаларға сүйенді. Мысалы, Индияда Ману заңы, мұсылман елдеріндегі Құран заңы; екіншісі — жеке меншік бағытындағы қатынастарды мемлекеттік органның өзі бекіткен нормалар арқылы реттеп-басқару.

Таптық қоғамда, қанаушылық, әділетсіздік басым болған мемлекетте құқық - үстем таптың заңға айналдырған мүддесі болады. Бұл мүддені заңға айналдырушы және заңдардың орындалуын ұдайы қадағалап отырушы - үстем тап қолындағы мемлекеттік аппарат. Құқық үстем таптың мүддесін қорғаумен бірге қоғамдық мақсатты да реттеп-басқарып отырады.

Құқықтың таптық мәні, қоғамдағы рөлі, мазмұны мен нысаны, сайып келгенде қоғамның экономикалық саяси, элеуметтік сипатына және мәдени өсу

<sup>70</sup> Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства // К. Маркс, Ф. Энгельс. Соч. Т. 21; Ленин В. И. О государстве. Полн. собр. соч. Т. 33.

дәрежесіне байланысты. Мысалы, К.Маркс "Гота программасына сын" еңбегінде: "Құқық еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес", - деген. Құқықтың нормалары қоғам дамуының саяси, әлеуметтік, мәдени т.б. мұқтаждарына неғұрлым сай келсе, соғұрлым пайдалы әсері мол болмақ<sup>71</sup>.

Сонымен құқық - мемлекет шығарған немесе бекіткен, мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

**Мемлекеттің дамуы** - мемлекет қоғамдық еңбек бөлісінің, жеке меншіктің пайда болуы нәтижесінде алғашқы қауымдық құрылыс тапқа бөлінуінің туындысы. Мемлекет жария өкіметтің пайда болуы мен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі<sup>72</sup>.

**1. Шығыс елдерінде** (Иран, Индия, Қытай, Араб елдерінде) мемлекеттің қалыптасуы басым түрде қоғамдық меншікті қорғауға байланысты. Себебі, бұл елдерде алғашқы қоғам ыдырау кезінде күрделі құрылыстар болды: ірі су каналдарын жасау, суармалы ирригациялық жүйелер қалыптастыру, құрғақшылықпен күресу. Міне, осы күрделі жұмыстарды жақсы жүргізу үшін қоғамдық мемлекеттік меншік қалыптасты. Сол меншіктің иелері: мемлекеттің басшылары, чиновниктер, ру, тайпа басшылары, король, императорлар болды. Король-императорлар жердегі Құдай дәрежесінде болды. Сөйтіп, бұл елдерде, көбінесе мемлекетте деспотизм орнады. Бұл елдердің экономикасы, әлеуметтік жағдайы, демократиясы өте бәсең дамыды. Мемлекеттік биліктің, қоғамдық меншіктің басында - абсолюттік монархия болды, одан төменгі - екінші дәрежедегі билік уәзір министрлердің қолында, одан төменгі билік - чиновниктерде. Осы сатылық биліктер – бәрі бірігіп қалың бұқараны қанауда болды. Қоғамдық меншікпен қатар жеке меншік те дамыды. Шығыс типті (азия типті) мемлекеттер кейінгі

ғасырларда Шығыс Европа, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде де қалыптасты. Сонымен Азия типті мемлекеттердің қалыптасу себептері:

- ірі ирригациялық жүйелерді жасау;
- оны іске асыру үшін құлдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру-біріктіру;
- барлық жұмысты бір орталықтан басқару.

Мемлекеттік басқару аппараты бұрынғы ру-тайпаны басқарған аппараттан өсіп қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсті"

<sup>71</sup> Малько В. В. Экзамен по теории государства и права: 100 ответов на 100 возможных вопросов. — М. 1996. — С. 27.

<sup>1</sup> Қараңыз: Спиридонов Л. И. Теория государства и права. — М., 1996. — С. 17-18; Теория государства и права / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Первалова. — М., 1997. — С. 38-39.

әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті. Азия типті мемлекеттер өте бәсең дамып, XIX-XX ғасырларға дейін көп өзгермей сақталып келді (Қытай, Иран т.б.).

**Европалық** елдерде мемлекет жеке меншіктің, күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты.

Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекетті өз колдарына алып, өз мүдде-мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер көбінесе демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты. Спарта аристократиялық республика болып қалыптасты. Мұнда құлдардың саны жергілікті халықтан бірнеше есе көп болып, жаңа мемлекеттік басқару аппараты құрылды. Жергілікті халықтың арасында қайшылыққа жол бермеу саясаты қалыптасты. Республикада қатаң заңдылық, құқықтықтәртіп орпалды.

Германияда мемлекеттің қалыптасуы басқаша болды. Мұнда құл иелену көп дамымады. Қалың бұқара байларға тәуелді болды, феодалдық қатынастар дами бастады. Рим империясының біраз жерін Германия өзіне қаратып феодалдық мемлекеттің дамуын тездетті. Осы типті мемлекеттер Европаның бірнеше елдерінде, Ресейде, Ирландияда, Азияда, Орта Азия елдерінде қалыптасты.

Мемлекеттің алғашқы қоғамдағы биліктен айырмашылығы:

1. Халықты туысқандығына қарамай, территориясына сәйкес біріктіру, басқару.

2. Қоғамдағы басқаратын арнаулы аппараттың құрылуы. Бұл аппарат үстемдік топтың мүдде-мақсатын орындау үшін қалыптасты.

3. Салық жүйесінің болуы. Арнаулы мемлекетті басқаратын аппаратта қызмет жасайтын адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін салық қалыптасты.

Мемлекеттің пайда болу, даму себептері:

- Қоғамды басқаруды, жақсарту, дамыту: қоғамның жұмысының көлемі де, шеңбері де молайып, кеңейіп ескі басқару аппараты тиісті дәрежеде жұмыс жасай алмады. Жаңа мемлекеттік аппарат қажет болды;

- Қалың бұқараның, қаналушы таптың үстемдік тапқа, топқа қарсы іс-әрекетін әлсірету, жою үшін күшті мемлекеттік аппарат керек болды;

- Қоғамды, экономиканы дамыту үшін, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін басқарушы аппаратты нығайту керек болды;

- Қоғамның қорғанысын күшейту үшін, заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау үшін мемлекет керек болды.

Мемлекеттік билікке сипаттама бермес бұрын әлеуметтік билікке анықтама беріп алу қажет. **Әлеуметтік билік** – бұл адамдардың кез-келген бірігуіне тән үстемдік пен бағынушылық қатынастары. Бұл жерде бір тұлғалардың – билік құрушылардың – еркі мен әрекеттері басқа тұлғалардың – бағынушылардың - еркі мен әрекетіне үстемдік етеді. Әлеуметтік билік кез-

келген ұйымдасқан, белгілі бір дәрежеде тұрақты адамдар тобына – руға, тайпаға, жанұяға, қоғамдық ұйымға, партияға, мемлекетке, қоғамға және т.б. тән.

Қоғамда билік әрқалай түрде болуы мүмкін: партиялық, жанұялық, діни және т.б. Алайда шешімі барлық азаматтар, ұйымдар және мекемелер үшін міндетті болатын жоғары билікке тек мемлекет ғана ие.

**Мемлекеттік билік** – мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенген, субъектілер арасындағы үстемдік және бағынушылық сипаттағы бұқаралық саяси қатынас. Мемлекеттік биліктің үстемділігі:

1. Бұқаралық билік – бүкіл қоғамның, халықтың атынан қызмет етеді, өз қызметінде бұқаралық негізге – қазына мүлкіне, өз кірістеріне, салықтарға ие.

2. Аппараттық билік – аппаратқа, мемлекеттік органдар жүйесіне сүйенеді және солар арқылы жүзеге асырады.

3. Заң қолдайтын билік – аппарат пен заң нормаларының көмегімен елдегі барлық халық үшін міндетті сипатты иеленеді.

4. Егеменді билік – кез-келген биліктен дербес және тәуелсіз.

5. Заңдастырылған билік – заңды негізгі және қоғамдық тануды иеленген.

**Мемлекеттің әлеуметтік мақсаттары:**

1. Құқықтық тәртіпті, адам бостандықтары мен құқықтарын қорғау;

2. Қоғамның әртүрлі таптары тарапынан қолдау тапқан шешімдерді жүзеге асыру;

3. Әлеуметтік қарама-қайшылықтарды жою;

4. Бейбітшілікті сақтау, қарулы қақтығыстардың алдын алу;

5. Әлеуметтік тіл табысушылыққа қол жеткізу, халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін ескеру мен үйестіру

Мемлекетті рулық құрылымдағы әлеуметтік биліктен ажырататын төмендегідей белгілері болады:

1. Бұқаралық биліктің болуы. Міндетті түрде мемлекеттің басқару және мәжбүрлеу аппараты болуы тиіс, себебі, бұқаралық билік – бұл шенеуніктер, әскер, полиция, түрме мен басқа да мекемелер.

2. Аумақтық бөлініс. Мемлекет өз аумағында өмір сүруші барлық адамдарды өз билігімен және қорғау арқылы біріктіреді.

3. Салықтар жүйесі. Олар мемлекеттік аппараттың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет.

4. Егемендік. Бұл мемлекетке тән өз аумағындағы үстемдік пен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.

5. Құқықтың болуы. Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі, құқық мемлекеттік билікті заңдастырады.

Мемлекетті рулық құрылыстың әлеуметтік билігінен айыруға мүмкіндік беретін келесі белгілермен сипапалады:

- қоғамнан бөлініп алынған және елдің халқымен сәйкес келмейтін (яғни, саяси билікті орындау мемлекеттік қызметкерлердің ерекше аппаратымен жүзеге асырылады) жария биліктің болуы;

- мемлекет міндетті түрде мәжбүрлеу және күштеу аппаратына ие болады (саяси билікті шешуді қамтамасыз ету үшін әскер, полиция, сондай-ақ, түрмелер мен басқа да мекемелер);

- салық жүйесі, төлемдер, алымдар (мемлекеттік аппаратты, материалдық құндылықтарды өндірмейтін және тек билік ету қызметімен ғана айналысатын адамдарды қамтамасыз етуге қажет);

- тұрғылықты халықты аумақтық белгісі бойынша бөлу (мемлекет өзінің билігімен және қорғауымен оның территориясын жайлаған барлық халықтарды олардың қандай да бір руға немесе тайпаға жататындығына қарамастан біріктіреді);

- егемендік (өзінің аумағында мемлекетке тән үстемділігі және халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі);

- құқық (мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі соңғысы мемлекеттік билікті заңды түрде жабдықтайды және сол арқылы оны легитимді (заңды) қылады, мемлекет функцияларының жүзеге асырылуының заңды шектері мен нысандарын белгілейді және т.б).

Қоғамда билік әрқалай түрде болуы мүмкін: партиялық, жанұялық, діни және т.б. Алайда, шешімі барлық азаматтар, ұйымдар және мекемелер үшін міндетті болатын жоғарғы билікке тек мемлекет қана ие.

Мемлекет жоғары билікті өзінің шекарасының шегінде жүзеге асырады. Басқа мемлекеттермен қарым-қатынастары қандай болатынын ол өзі шешеді, ал, соңғыларының оның ішкі жұмыстарына араласуына құқығы жоқ. Территориясының үлкендігіне, халқының санына, саяси режиміне тәуелсіз түрде мемлекет егемендікке ие болады.

Мемлекеттік биліктің үстемділігі:

- оның барлық тұрғылықты халыққа және қоғамның барлық әлеуметтік құрылымына еш күмәнсіз таралуын;

- саясаттың басқа субъектілерінің қолында жоқ әсер ету құралдарын қолданудың монополистік мүмкіндігін (мәжбүрлеу, күштеу тәсілдері, тіпті өлім жазасына дейін);

- билік өкілеттіктерін өзіне тән нысандарда, ең алдымен заңдық нысанда жүзеге асыруын (Құқық шығармашылық, құқыққолдану және құқыққорғау);

- егер де мемлекеттің нұсқауларына сәйкес келмесе, мемлекеттің бастамасын жоққа шығарып, саясаттың басқа субъектілерінің түкке тұрғысыз актілерін тануын білдіреді.



### 3.2. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы

Адам қоғамы мыңдаған жылдар өмір сүріп келеді. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болып, сол мемлекеттің билігіне, құқықтық тәртібіне бағынып, өзінің іс-әрекетін, мінезін, тәртібін қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға жұмсап келеді. Көне заманнан адамдар мемлекет пен құқық қашан пайда болды, қалай дамып келеді? — деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеу жасап келді<sup>73</sup>. Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселе даулы болып табылады, себебі, этнография және тарих ғылымдары оның пайда болуы туралы күннен-күнге жаңа мәліметтер беруде. Мемлекет пен құқықтың пайда болуының көптеген теориялары бар ғылыми көзқарастардың мұндай плюрализмі қоғам дамуының тарихи ерекшеліктерімен түсіндіріледі, көбірек танымалдарына келесілер жатады.

Мемлекеттің пайда болуының **теологиялық теориясы** орта ғасырда Фома Аквинскийдің еңбектерінде өз таралуын тапты; қазіргі кезде оны ислам дінінің, католиктер шіркеуінің (Маритен, Мерсье және т.б.) идеологтары әрі қарай дамытты. Осы доктринаның өкілдерінің пікірі бойынша, мемлекет — құдай еркінің өнімі және осыған байланысты мемлекеттік билік мәңгілік және тұңғыықсыз, ол ең бастысы діни ұйымдар мен қызметкерлеріне тәуелді болады. Сондықтан, әрбір адам мемлекет басшысына барлық жағынан да тәуелді болуға тиісті. Адамдардың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теңсіздігі де сол құдай еркімен шешілген, ол жағдайға көніп, Құдай билігінің жердегі жалғастырушысына қарсылық көрсетпеу керек. Яғни, мемлекеттік билікті тыңдамау Құдайды тыңдамау ретінде бағалануы мүмкін<sup>74</sup>.

Мемлекетті және мемлекет басшыларын (құдайдың бұйрықтарын білдірушілер және өкілдері ретінде) қасиеттілік дәрежесіне ие қыла отырып, осы теорияның идеологтары олардың келешегін көтерген және көтеруде, қоғамда тәртіптің, келісімнің, руханилықтың бекуіне септігін тигізген және тигізуде. Бұл жерде Құдай мен мемлекеттік биліктің арасындағы «делдалдарға» шіркеуге және діни ұйымдарға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бұл доктрина әлеуметтік-экономикалық және өзге де қатынастардың мемлекетке әсер етуін өтінеді және мемлекеттің нысанын қалай дамытуды, мемлекеттік құрылысты қалай жақсартуды анықтауға мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, теологиялық теория жалпы алғанда дәлелденбейді жатады, себебі көбіне сенімнің негізінде құрылған.

Теологиялық (діни) теория – мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуының құдайлық бастамасын негізге алады, „барлық билік құдайдан“ деген тұжырымдаманы бекітіп, жақтайды. Өзінің діни мазмұнына

<sup>73</sup> Бутенко А. П. Государство: его вчерашние и сегодняшние трактовки // Государство и право. — 1993. — № 7. — С. 16.

<sup>77</sup> Қараңыз: Малько А. В. Экзамен по теории государства и права: 100 ответов на 100 возможных вопросов. — М., 1996. — С. 31.

карамастан, бұл теория бірқатар шынайы жағдайларды нақты айтқанда, алғашқы мемлекеттердің теократиялық нысандарын – абыздар билігін, шіркеудің рөлін, діни және әкімшілік орталықтар арасындағы билік бөлінісін көрсетеді.

Мемлекеттің пайда болуының **патриархалдық теориясы** (Аристотель, Филмера, Михайловский) — жанұяның туындауына әкеліп соғатын өзара қарым-қатынасқа ұмтылатын, ұжымдық жағдайда өмір сүрушілер деген фактіге сүйенеді. Адамдардың қосылуының және осы жанұяларын санының өсуі, жанұяның дамуы және өсуі ең сонында мемлекеттің құрылуына әкеліп соғады. Осылайша, мемлекет басшысының билігі дегеніміз жанұядағы әкенің (патриархтың) билігінің жалғасы болып шығады, ол абсолюттік болады. «Патриархтың» билігінің ең алдымен құдайдың құдыреттілігінен пайда болды деп танылатындықтан, қамқорындағыларға мемлекет басшысына қарсылықсыз бағыну ұсынылады<sup>75</sup>. Мұндай билікке қандай да болсын қарсылық көрсету болмауға тиіс. Тек патшанын (корольін. т. б.) әкелік қамқоры ғана адамға қажетті өмірлік жағдайлармен қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Жанұядағы әке секілді мемлекеттегі монарх таңдалынып алынбайды, тағайындалмайды және қол астындағылармен араласпайды, себебі олар оның балалары.

Мемлекеттің жанұямен ұқсастығы мүмкін жағдай, себебі қазіргі уақыттағы мемлекеттіліктің құрылымы тез арада пайда болған жоқ, ол алғашқы кезеңдегі жанұяның құрылымымен салыстырылуы мүмкін қарапайым нысандардан келіп дамыды. Сонымен қатар, бұл теория құдыреттілікті, мемлекеттік билікке деген сыйластықты, бір тұтас елдегі адамдардың «туысқандықтарын» білдіреді. Сонымен қатар, осы доктринаның өкілдері мемлекеттің пайда болу процесін қарапайымдандырады, былайша айтқанда «жанұя» ұғымын «мемлекет» ұғымымен ауыстырады, ал «әке», «жанұя мүшелері» категориялары негізсіз түрлерге, соған сәйкес «мемлекет басшысы», «қол астындағылар» категорияларымен теңестіріледі. Сондай-ақ, тарихшылардың айтуынша, жанұя (әлеуметтік институт ретінде) алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы процессінде мемлекеттің пайда болуымен қатар туындады.

Патриархалды теория – мемлекеттің пайда болуын жанұямен байланыстырады, ал мемлекет басшысының билігін жанұя мүшелерінің алдындағы әке билігімен туындатады. Бұл теория патшаның абсолюттік билігін негіздеуге бағытталған, ал, бұл биліктің қайнар көзі ретінде құдайды емес, жанұядағы әкенің, патриархтың абсолюттік билігі орын алған жанұя нысанын таниды. Бұл теория ГрЕңияда пайда болған, өз негіздемесін Аристотельдің еңбектерінен иеленсе, өз дамуын ағылшын ғалымы Филмердің еңбектерінен тапты.

Мемлекеттің пайда болуының **келісімді теориясы** ХҮІІ-ХҮІІІғ.ғ. қисынды аяқталу түрінде Б. Спинөзаның. Т. Гоббстың, Ж.-Ж. Руссоның. А.

<sup>75</sup> Қараңыз: Советский энциклопедический словарь. — М., 1989. — С. 131.

Н. Радищевтың еңбектерінде өріс алды. Осы доктринаның өкілдерінің пікірі бойынша мемлекет алғашқы қауымдық құрылыс «табиғи» күйде болған адамдардың өзара шарт жасасқанының өнімі ретінде пайда болады. Мемлекет — адамдардың өзара келісіміне негізделген тиімді бірлестігі, осының нәтижесінде олар өздерінің бостандығы мен билігінің бір бөлігін мемлекетке артатын, өзара келісімге негізделген адамдардың тиімді бірлестігі. Бұған дейінгі жеке-жеке индивидтер біртұтас халыққа айналады. Осының нәтижесінде басқарушылар мен қоғамдар арасында өзара құқықтар мен міндеттер кешені, тиісінше оларды орындамағаны үшін жауаптылық пайда болады, осылайша, мемлекеттің заңдар қабылдауға, салықтар жинауға, қылмыскерлерді жазалауға және т.б. құқығы бар, алайда, сонымен қатар, өзінің аймағын, азаматтарының құқықтарын, олардың меншігін және т.б. қорғауға міндетті. Азаматтар заңдарды сақтауға, салықтар төлеуге және т.б. міндетті, өз қатарында олардың бостандығы мен меншігінің қорғалуына құқығы бар, ал басшылардың билік шектен тыс қолдануы жағдайында олармен келісім-шартты бұзуға құқығы бар. Бір жағынан, келісімді теория мемлекетті тануда алға жасалған ірі қадам болды, себебі мемлекеттің пайда болуының және саяси биліктің діни көзқарастарын жоққа шығарды. Бұл тұжырым терең демократиялық мазмұнға да ие, яғни, адамдардың қажетсіз басшының билігін құлатуға, көтеріліс жасау табиғи құқығын негіздейді. Басқа жағынан қарағанда, бұл теорияның әлсіз жағы өзінің дамуының нақты бір кезеңінде басшы мен халықтың арасындағы келісімнің өте қажеттігін түсінетін алғашқы қауымдастық туралы сұлбалық, идеалдандырылған және абстрактілі түсінігі болып табылады. Мемлекеттіліктің пайда болуының объективтік факторларын дұрыс бағаламау (ең алдымен әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси және т.б.) және осы үрдістегі субъективтік факторларды тым жоғары бағалау көрінеді.

**Күштеу теориясы** – мемлекеттің пайда болуы негізі ретінде күштеу әрекетін, бір халықтың екінші халықты жаулауын таниды. Жауланған халықтың үстінен билікті бекіту үшін, оған күштеу жүргізу үшін мемлекет құрылады. Күштеу теориясы ХІХғ. пайда болды, оның өкілдері – Л. Гумплович, К. Каутский, Е. Дюринг. Олар мемлекеттің пайда болуының себебін, экономикалық қатынастардан, құдайдың еркінен немесе өзара келісімнің нәтижесінен емес, яғни, әскери-саяси факторлардан күштеуден, бір тайпаның басқа тайпаны жаулап алуынан болған деп тұжырымдайды. Жаулап алған халықтарды және аумақтарды басқару үшін құрылатын мәжбүрлеу аппараты мемлекетке айналады. Бұл доктринаның өкілдерінің пікірі бойынша, мемлекет бір тайпаның екінші бір тайпаны басқару үшін «табиғи» (яғни күштеу нәтижесінде) түрде пайда болған ұйым. Ал, бұл зорлық пен жеңілгендердің жаулап алушыларға тәуелділігі экономикалық басқарушылықтың пайда болуының негізі болып табылады. Соғыстардың нәтижесінде тайпалар касталар, сословиялар және таптар болып қайта туындады. Жаулап алынғандарды құлдыкқа итермеледі. Яғни, мемлекет — қоғамның ішкі дамуының нәтижесі емес, оған сырттан берілген күш. Бір

жағынан, мемлекеттіліктің туындауындағы әскери-саяси факторларды толықтай жоққа шығаруға болмайды. Тарихи тәжірибе күштеу элементтері көптеген мемлекеттердің пайда болу үрдістерінде тән болғандығын көрсетеді (мысалға, ежелгі герман мемлекеті). Басқа жағынан, бұл үрдістегі күштеуді қолдану деңгейінің әртүрлі болғандығын үнемі есте ұстаған жөн. Сондықтан, күштеуді мемлекеттің пайда болуының себептерінің бірі ретінде ғана қарастыру керек. Сонымен қатар, кейбір аймақтар, біріншілікті саяси-экономикалық факторларға бере отырып, әскери-саяси факторлар көбіне, екінші рөлдерді атқарады.

**Органикалық теория** өкілдері Г. Спенсер, Вормс, Х. Прейс мемлекетті ағза ретінде түсіндіреді. Оның бөліктері арасындағы тұрақты байланыстар тірі ағзаның бөліктері арасындағы байланысқа теңестіріледі, яғни, мемлекет – биологиялық дамудың бір түрі ретінде көрініс табатын әлеуметтік даму өнімі. Биологиялық ағзаның бір түрі ретінде мемлекеттің өз миы (басшы) мен оның шешімдерін жүзеге асыру құралдары (халық) болады. Мемлекеттің пайда болуының органикалық теориясы ХІХ ғасырдың екінші жартысында Спенсердің, Вормстің, Прейстің және т.б. еңбектерінде кеңінен өріс алған. Тап осы дәуірде ғылым, оның ішінде гуманитарлық ғылымдар да Дарвинмен айтылған табиғи таңдау идеясының күшті әсерін сезінді. Бұл доктринаның өкілдерінің пікірі бойынша мемлекет организм, оның бөліктерінің үнемі байланыста болуы, тірі организмнің мүшелерінің өзара байланысына ұқсас, яғни, мемлекет — тек биологиялық эволюцияның бір түрі әлеуметтік эволюция жемісі<sup>76</sup>.

Мемлекет биологиялық организм бола отырып, өзіне тән миы (басқарушылар) және оның шешімдерін орындайтын құралдары (қол астындағылары) бар. Табиғи түрде іріктеліп, өмірге ең қабілеттісі ғана қалатын биологиялық организмдер ортасы сияқты, соғыс пен күрес процесінде нақты мемлекеттер жасалады, үкімет құрылады, басқару жүйесі жетілдіріледі. Осылайша мемлекет биологиялық организмге теңестіріледі. Мемлекет құрылу процесіне биологиялық факторлардың әсерін жоққа шығаруға болмайды, себебі адамдар — тек әлеуметтік емес, сондай-ақ биологиялық организмдер. Сонымен қатар, биологиялық эволюцияға тән барлық заңдылықтарды механикалы түрде таратуға болмас, барлық әлеуметтік мәселелерді биологиялық мәселелерге жатқыза беруге болмайды. Олар өзара байланысты болғанымен, өмір сүру дәрежесі әртүрлі, әртүрлі заңдылықтарға бағынады және өзінің негізінде пайда болудың әртүрлі себептері бар.

**Психологиялық теория** — мемлекеттің пайда болуын адам психикасының көріністерімен, бағыну қажеттігімен, еліктеумен, алғашқы қауымдық қоғамның жоғары топтарына тәуелділікті сезінумен, белгілі бір әрекет түрлерінің әділдігін түсінумен және т.б. байланыстырады. Психологиялық теориясының өкілдерінің қатарынан Л.Петражицкий мен

---

<sup>76</sup> Қараңыз: Комаров С. А., Малько А. В. Теория государства и права. Краткий учебник для вузов. — М., 1999. — С. 207-208.

Г.Тардты атауға болады. Мемлекеттің пайда болуының психологиялық теориясы (Л.И.Петражицкий, Фрейд) мемлекеттіліктің пайда болуын адам психологиясының ерекше қасиеттерімен байланыстырады адамдардың басқаларға билік етуге деген қажеттіліктер, бағынуға ұмтылу, еліктеу құлшыныстары. Мемлекеттің пайда болу себептерін алғашқы қауымдық адам тайпа көсемдерінің, бақсылардың, сиқыршылардың және т.б. қасиетіне жатқызды. Олардың сиқырлық күші, психологиялық энергиясы (олар аңшылықты сәтті еткен, аурумен күрескен, болашақты болжаған) алғашқы қауымдық адамдар санасының жоғарғы аталған элита тобына тәуелді болуына ықпал жасаған. Дәл осы элиталарға берілген билік түрінен бастап мемлекеттік билік туындайды. Сонымен қатар, билікпен келісе алмайтын адамдар бар, олар қандай да бір қарсылық, қайшы әрекеттер білдіреді. Жеке тұлғаның осындай психикалық бастамаларын бір уыста ұстау үшін мемлекет пайда болады. Осыған орай, көпшіліктің қажеттілігін қанағаттандыру үшін бағынуды, тыңдауды, қоғамдағы кейбір адамдарды кінәлауды, яки кейбір жеке адамдардың қарсылығын басып тастау үшін мемлекет қажет.

Мемлекет табиғат — адамзат санасы заңдылығының түбінде жатқан психологиялық сипатта. Аталмыш теория өкілдерінің пікірлерінше мемлекет жауапты шешім қабылдауға қабілеті бар, бастамалы (белсенді) тұлғалар мен берілген шешімді орындаушы, тек еліктеуші әрекеттерге қабілетті әлсіз көпшіліктің арасындағы психологиялық қайшылықтарды шешу өнімі.

Психологиялық заңдылықтар арқылы адамзат қызметі жүзеге асырылады, сондықтан, ол барлық әлеуметтік институттарға әсерін тигізуші, ешқашан бет бұруға болмайтын елеулі фактор екені даусыз. Мысалы, осыған дәлел ретінде харизм мәселелерін қарастыруға болады. Бірақ жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерінің (иррационалды бастамаларын) орнын мемлекет пайда болу процесіне асыра ұлғайтып көрсетуге бодмайды.

**Материалистік теория** — мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық факторларымен, яғни, жеке меншіктің пайда болуымен және қоғамның таптарға бөлінуімен байланыстырады. Бұл теорияның өкілдері — К. Маркс, Ф. Энгельс, В.И. Ленин — мемлекет бір таптың екінші таптың үстінен үстемдігін сақтау және бекіту, қоғамның біртұтас ағза ретінде өмір сүруі мен қызмет етуін қамтамасыз ету мақсаттарында пайда болған деп санайды. Экономика даму үшін, яғни содан шығып, және мемлекеттіліктің пайда болуы үшін ең бастапқы елеулісі еңбектің үш ірі бөлініске (жер шаруашылықтан мал шаруашылығы бөлінді, мал шаруашылықтан қол өнер бөлектенді, тек қана айырбаспен айналысатын адамдар тобы құрылды) бөлінуі. Осындай еңбек бөлінісі және осыған байланысты еңбек құралының жетілдірілуі оның өндірістік өсуіне түрткі болды. Артық өнімдер шыға бастауы жеке меншіктің пайда болуына әкеп соқтырды, осының нәтижесінде қоғам қанаушы және қаналушы деп бөлінетін, ауқатты және ауқатсыз тапқа бөлінді.

Жеке меншік пайда болудың маңызды салдарына қоғамға сәйкеспейтін әрі оның барлық мүшелерінің мүддесін білдірмейтін көпшілік билік бөлініп

шығуы жатады. Билік рөлі бай адамдарға берілді, олар басқарушылар санатына айналды. Олар өздерінің экономикалық мүддесін қорғау үшін жаңа саяси құрылымы - мемлекет құрады, яғни, бәрінен бұрын ауқаттылардың еркіне қызмет ететін құрал (аспап). Осылайша, мемлекет бір таптын басқа тапты басқаруын сақтау мен қолдау мақсатында, сондай-ақ, қоғамды тұтастай организм ретінде өмір сүруі мен қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында пайда болды.

Кластық күрестің шарттарына байланысты Ф.Энгельс рулық құрылыстың үйінділерінен мемлекеттің пайда болған үш негізгі -афиндік, римдік және ежелгі германдық нысандарын бөліп қарастырды<sup>77</sup>.

Афиндер - бұл мемлекеттің пайда болуының ең «таза», классикалық нысаны ол тікелей рулық құрылыстың ішінде дамитын таптық қарама-қайшылықтардан туындайды. Бұл үрдісте этаптық маңызға Тезейдін, Солонның, Клисфеннің реформалары ие болды.

Римдік мемлекеттің құрылуының ерекшелігі бұл үрдістің плебеилердің римнің атақты тайпасымен - патрициялармен күресімен жеделдетілгендігі болды. Плебейлер жаулап алынған аумақтардың халқының бостандыққа ие адамдары болды, алайда рим тайпаларынан шетте болып, рим халқының бөлігі болмады. Жерге ие бола отырып, плебейлер салық төлеуге және әскери қызмет атқаруға тиісті болды, бірақ та қандай да бір лауазымға ие болуға құқықтары болмады. рим жерлерін қолдана алмады және оларға билік ете алмады. Негізгі революциялық күш ретіндегі плебейлердің патрицияларға қарсы күресі туысқандық қатынастардан тұратын, ежелгі қоғамдық құрылысқа қарсы күрес болды. Бұл күрестегі плебейлердің жеңісі ескі, топтық ұйымды «құртып», аумақтық бөліске және мүліктік өзгешеліктерге негізделген мемлекеттік құрылысты туындатты.

Ежелгі германдық мемлекеттің пайда болуы, қандай да бір дәрежеде, герман тайпаларының Рим империясының батыс бөлігін жаулап алуымен байланысты. Сол уақытта рулық құрылысқа ие. Бұл тайпалар өздерінің ұйымдарының көмегімен римдік провинцияларды басқара алмады, себебі, топтық ұйым билік етуге қалыптастырылмаған еді. Мәжбүрлеу мен күштеудің арнаулы аппараты қажет болды. Қарапайым әскери бастық нағыз монархқа, ал халықтың игілігі корольдің меншігіне айналды, рулық құрылыс органдары мемлекеттік органдар болып қайта құрылды<sup>78</sup>.

Келесі тағы да бір теория **ирригациялық** — мемлекеттің пайда болуы шығыс аграрлық облыстарда ірі ирригациялық құрылымдарды салу қажеттілігімен байланыстырады. Бұл теорияның өкілдері — К.А.Виттфогель. Мемлекеттің пайда болуының бұл ерекше жолы шығыста туындады, онда «өндірістің азиаттық тәсілі» (Египет, Вавилон. Қытай, Үндістан және т. б.); нысаны көбірек қаралды, Мемлекеттің пайда болуының мұндай жолы бұл

<sup>77</sup> Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства // К. Маркс, Ф. Энгельс. Соч. Т. 21; Ленин В. И. О государстве. Полн. собр. соч. Т. 33.

<sup>78</sup> Қараңыз: Комаров С. А., Малько А. В. Теория государства и права. Краткий учебник для вузов. — М., 1999. — С. 207-208.

қоғамдардағы көлемді әлеуметтік жұмыстарды жүргізудің қажеттілігімен байланысты (ирригациондық құрылыстарды салу мен эксплуатациялау суармалы жер шаруашылығын ұйымдастыру және т.б.). Сондықтан бұл жерде рулық құрылыстың әлеуметтік-экономикалық құрылымдары жер қауымы, ұжымдық жеке меншік және осы тапсырмалардың сипатына сәйкес келетін өзге де құрылымдар берік, мығым болды. Ежелгі Шығыста пайда болған алғашқы мемлекеттер таптыққа дейінгі болды, олар бір уақытта селолық қауымдарды қанаумен және оларды басқарумен, яғни, өндірістің ұйымдастырушылар еді. Сонымен қатар, бұл теорияда экономикалық детерменизммен және таптық қарама-қайшылықтармен көбірек айналысып, бір уақытта ұлттық, діни, психологиялық, әскери-саяси және мемлекеттің пайда болу үрдісіне әсер ететін өзге де себептердің дұрыс бағаланбағаны көрініп тұр.

### **3.3. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні**

Мемлекет — басқару-қамтамасыз ету, қорғау қызметін жүзеге асыру мақсатындағы арнайы аппараты бар, өз әмірін елдің барлық халқы үшін міндетті ете алатын жария биліктің саяси-аумақтық егеменді ұйымы. Мемлекет белгілі бір аумақтың шегінде нақты бір мүдделердің (таптық, жалпы адамзаттық діни, ұлттық және т.б.) жүзеге асырылуына септігін тигізетін саяси биліктің ұйымы.

Мемлекеттік егемендік аумақтың бір тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, аумақтық шекараларға қол сұғылмау және ішкі істеріне араласпау секілді мемлекеттің тұғырын қалайтын принциптерді қамтиды. Егер қандай да бір шетелдік мемлекет немесе сыртқы күш бір мемлекеттің шекарасын бұзса немесе оны сол мемлекеттің халқының ұлттық мүдделеріне сәйкес келмейтін қандай да бір шешімді қабылдауға мәжбүр етсе, бұл жағдай оның егемендігінің бұзылғандығын білдіреді. Ал бұл дегеніміз осы мемлекеттің әлсіздігін және оның өзінің егемендігін және ұлттық-мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ете алмайтындығының белгісі. Мемлекет үшін «егемендік» ұғымы, адам үшін «құқықтар мен бостандықтар» ұғымының түсінігімен бірдей. Мемлекеттің егемендігі экономикалық, саяси және құқықтық аспектілерді қамтиды. Мемлекеттің егемендігінің экономикалық негізі аумаққа, белгілі бір меншікке, мәдени құндылықтарға және т.б. ие болу болып табылады. Егемендіктің саяси негізі-тұрақты, қалыптасқан мемлекеттің өмір сүруі, биліктің жеткілікті дамыған саяси ұйымының бар болуы.

Егемендіктің құқықтық негізі конституциялар, заңнамалар, декларациялар, мемлекеттердің тең құқылығын, олардың аумақтық тұтастығын, ішкі және сыртқы істеріне араласпаушылықты, ұлттардың өзін өзі белгілеу құқығын білдіретін халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қағидалары болып табылады. Мемлекеттің белгісі ретінде егемендік оны саяси қарым-қатынастардың ерекше субъектісі, қоғамның саяси жүйесінің басты бөлігі ретінде сипаттайды.

Мемлекет – бұл арнайы басқару және мәжбүрлеу аппараты бар, қоғамның өкілі бола тұра, оны басқаратын және оның дамуын қамтамасыз ететін, бұқаралық биліктің саяси-аумақтық, егеменді ұйымы<sup>79</sup>.

### **Мемлекеттің негізгі белгілері:**

1. Басқару органдары мен мекемелерінің ерекше жүйесі болуы (армия, полиция, сот, т.б.). Қоғамдық өмірдің дамып, күрделене түсуіне байланысты мемлекеттің механизмі де күрделене түседі.

2. Үстем таптың мүдделері мен мақсаттарына сәйкес қоғамдық қарым-қатынас ережелерін белгілейтін құқықтың болуы.

Мемлекеттің билік жүргізетін белгілі территориясының болуы, халықты руына қарай емес жеріне сәйкес бөлу. Аймақтық ұйым ретінде мемлекет сол көлемде белгілі бір ұлттың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы процесіне әсер етеді. Дамыған қоғамда мемлекеттік органдармен қатар әр түрлі партиялар, одақтар, бірлестіктер т.б., бұлардың жиынтығы қоғамның жалпы саяси ұжымын құрайды. Таптық қоғамдағы басқа саяси институттардан мемлекеттің ерекшелігі қоғамдағы жоғарғы өкімет билігіне (егемендік құқыққа) иелігі. Мемлекеттік өкімет билігінің күші сол елдегі бүкіл халықты және барлық қоғамдық ұйымдарды қамтиды, Мемлекеттің қоғамдағы бірлестіктерден, ұйымдардан айырмашылық белгілері:

- мемлекет қоғамдық көлемде бірден-бір билік жүргізетін ұйым; басқа бірлестіктердің билігі барлық халықты қамти алмайды, мемлекет қана барлық қоғамға күші бар нормативтік акты қабылдай алады;

- мемлекет қоғамдағы барлық құқықтық нормалардың дұрыс, уақытында іске асуын, орындалуын қадағалап, заңдылықты, тәртіпті бақылап отырады;

- мемлекеттің ішкі-сыртқы істердегі тәуелсіздігі, басымдылығы, үстемдігі.

**Мемлекеттің мәнін түсіну** мемлекет және құқық теориясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. **Мемлекеттің мәні** – бұл оның мазмұнын, мақсаттарын, қызмет етуін анықтайтын басты қасиеті. Мемлекеттің мәнін кең және тар мағынада түсінуге болады.

**Кең мағынада** мемлекеттің әлеуметтік мәнін биліктік-саяси ұйымдасқан қоғам, құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдар бірлестігі ретінде анықтауға болады. Мұндай бірлестіктердің тұтастығы сәйкес мемлекеттік-құқықтық институттар мен қатынастарда көрініс тапқан бұқаралық-биліктік құрылымдар негізінде қалыптасады.

**Тар мағынада** мемлекеттің әлеуметтік табиғатын қоғамнан бөлектенген, жекелеген топтар мен әлеуметтік топтардың да қоғамның да мүддесін білдіруші әрі қорғаушы басқару аппараты, бұқаралық биліктің әртүрлі мекемелерінің жүйесі ретінде анықтайды<sup>80</sup>.

<sup>79</sup> Теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Отв. ред. проф. М.Н. Марченко. Том 1. Теория государства. — М., 1998. — С.94; Венгеров А.С. Теория государства и права. — М., 1998. — С. 39-40.

<sup>80</sup> Комаров С. А., Малько А. В. Теория государства и права. Краткий учебник для вузов. — М., 1999. — С. 206-207.

<sup>2</sup> Юридический энциклопедический словарь / Гл. ред. А. Я. Сухарев. — М., 1984. — С. 183.



Осы аталғандардың негізінде мемлекеттің мәнін қарастыруда **екі аспектіні** ескерудің маңызы зор:

1. **Формальды** – қандай да болсын мемлекет саяси биліктің ұйымы екендігі.

2. **Мазмұнды** - осы ұйымның кімнің мүдделеріне қызмет ететіндігі. Мемлекеттің мәнін айқындауда келесі бағыттарды атап өтуге болады:

1. **Таптық** - тұрғыда мемлекетті экономикалық үстемдік етуші таптың саяси билігінің ұйымы ретінде қарастыруға болады. Бұл жерде мемлекет билік етуші таптың мүдделерін қамтамасыз ететін құрал ретінде қолданылады. Қандай да бір таптың мүдделерін қанағаттандыру басқа таптардың қарсылығы тудырмауы мүмкін емес. Осыдан барып, қарсылықтарды күштеу, диктатура арқылы басу мәселесі туындайды. Жалпы адамзаттық мүдделер де бар бұл жерде, бірақ олар екінші орынға қалдырылады.

2. **Жалпы әлеуметтік** - оның шегінде мемлекетті әртүрлі таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделеріне келісім жасауға жағдай жасайтын саяси биліктің ұйымы ретінде анықтама беруге болады. Бұл жерде мемлекет көбіне келісім тәсілін қолдана отырып, әртүрлі таптар мен әлеуметтік топтардың, мемлекет халқының басым көпшілігінің мүдделерін жинақтайтын қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ететін құрал ретінде кеңірек мақсаттарды қолданады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, көлік және байланыс құралдары және т.б.

Сонымен қатар, мемлекеттің мәнін қарастырудың бастысы ретінде діни, ұлттық, нәсілдік және өзгеде көзқарастарды атап көрсетуге болады, құзыреті шегінде соларға сәйкес діни, ұлттық, нәсілдік мүдделер нақты бір мемлекеттің саясатында басымырақ болады. Өзгеше айтқанда, мемлекеттің мәні санқырлы. Ол тек таптық және жалпы адамзаттық бастауларға ғана негізделмейді. Сондықтан мемлекеттің мәнінде тарихи жағдайларға байланысты бірінші орынға жоғарыда аталған бастаулардың қайсысы болса да шығуы мүмкін. Қорыта айтқанда, мемлекеттің мәні саяси билік аппаратының көмегімен қоғамның тұтастығын және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етуден көрінеді.

### **3.4. Мемлекет типологиясына негізгі көзқарастар**

Мемлекет типінің түсінігі мемлекет және құқық теориясының аса маңызды категорияларының қатарына жатады. Мемлекет типологиясы – мемлекеттің қалыптасуы **формациялық және өркениеттік көзқарастар** көмегімен жүргізілетін, оның өзіндік саралануы<sup>81</sup>. Осы уақытқа дейін жалғыз ғылыми көзқарас ретінде формациялық немесе марксистік танылды. Оның басты өлшемдері әлеуметтік-экономикалық белгілері болды. Осы көзқарасты қолдаушылардың пікірінше, қоғамдық дамудың шешуші факторы базис

<sup>81</sup> Қараңыз: Теория государства и права: Конспект лекций в схемах и определениях / Под ред. Л. В. Смирнова. — М., 2004. — С. 62.

<sup>2</sup> Қараңыз: Якушев А. В. Теория государства и права (конспект лекций). — М., 1999. — С. 70-72.

(өндірістік қатынастардың типі) және мемлекет пен құқықтың сай типтері болады<sup>82</sup>. Экономикалық базистердің типтеріне байланысты мемлекеттің келесі типтерін анықтайды:

- «азиаттық өндіріс тәсілі»;
- құлиеленуші;
- феодалдық;
- буржуазиялық;
- коммунистік (социалистік).

«Азиаттық өндіріс тәсілі» б.з.д 5 мың жылдықтан б.д. 1 ғасырда ірі өзендер жағасында орналасқан, Мысыр, Вавилон, Қытай елдерінде кеңінен етек алған. «Азиаттық өндіріс тәсілі» келесідей белгілермен сипатталады:

- экономика негізі ирригациялық жер иеленуден тұрды;
- жерге меншік және ирригациялық (жер суландыру) құрылыстар мемлекеттің қолында болды;
- алғашқы қауымдық қоғам жериеленушілік қауым болып табылды;
- тұрғылықты халықтың басым бөлігін жұмылдыру қажеттілігі мемлекетті басқарудың деспотиялық нысанына әкелді.

**Құлиеленуші (ежелгі) формация** б.з.д V ғасырдан б.д. III ғасырда ежелгі грек полистері мен Рим империясында орын алған.

Құлиеленуші формацияның негізгі белгілері:

- экономиканың көпжақтылығы, құлдардың еңбектері маңызды рөл атқарды;
- құлдар құқық субъектісі болып табылған жоқ, «еңбектің сөйлейтін құралы» болып есептелді;
- шаруа, қолөнерші секілді әлеуметтік топтардың бар болуы;
- басқарудың демократиялық және деспотиялық нысандарының бірігуі.

Мемлекеттің **феодалдық формация** орта ғасырда Еуропа да, сондай-ақ, Азия және Африканың бірқатар елдерінде (XXғ. дейін) орын алған.

Аталған тұрпаттың негізгі белгілері:

- экономикадағы ауыл шаруашылықтың жүргізуші рөлі;
- өндірістің басты құралы — жер — ірі жер иелерінің (феодалдар) қолына шоғырлануы;
- экономикалық және құқықтық бағыныштылық феодалдық қоғамның құрылысын (тігінен вассалдық байланыс) айқындап, ірі феодалдардан майда феодалдарға (вассалдар) және феодалдардан тұрғылықты халықтың негізгі басым көпшілігіне (вассалдар) байланысты болуы.

**Капиталистік формация** XVI-XVIIғ.ғ. бүгінгі күнге дейін әлемге таралған. Капитализм дамуында бірқатар кезеңдерден өтті:

- ертедегі;
- монополистік;
- индустриалдық;
- индустриалды (қазіргі) кезеңнен кейінгі.

Қазіргі капитализм былайша сипатталады:

- меншіктің көптүрлілік нысаны (жеке және мемлекеттік секторлардың үйлесуі);
- экономиканың нарқтық сипаты ;
- қоғамның түрлі саласын түгелімен қамтитын құқықтық регламенттеу;
- шындықтағы, демократиялық саяси режим;
- қоғам мүшелерін әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейі;
- күшті орта буынның болуы;
- меншіктің акционерлік (ұсақталған) нысандарының артықшылығы;

**Социалистік формация** XXғ. кеңінен (КСРО, Шығыс Еуропа) етек жайған, қазіргі уақытта Қытай, Солтүстік Корея (КНДР), Куба елдерінде жүзеге асырылып келеді.

Социалистік формацияның ерекшеліктері:

- мемлекеттік меншіктің басымдылығы;
- экономиканың жоспарлы сипаты;
- экономика және қоғамдық өмірді (коммунистік партияның басқаруы) тікелей басшылық жасайтын, саяси күштердің болуы;
- мемлекет тарапынан қоғамдық өмірге маңызды бақылау.

**Өркениет** — қоғам мен мемлекеттің ерекше тұрпатын қалыптастыратын қоғамдағы байланыс және ұлттық, табиғи климаттық, экономикалық, мәдени жағдайлардың жиынтығы.

Өркениеттік көзқарасты жақтаушылар: египеттік, қытайлық, батыстық, шығыстық, славяндық, арабтық және т.б. 15-20-дан 30-ға дейін өркениеттерге бөлген. Мұның жағымдысы, мемлекетті әлеуметтік-экономикалық факторлардың негізінде бөлу идеясының өзі өнімді, шын мәнінде олар қоғамға әсер етеді және мемлекеттің дамуының кезеңділігін, табиғи-тарихи сипатын көрсетеді. Әлсіз жағы, олар көбіне біржақты, артық бағдарлануымен сипатталады, ал, тарих сан нұсқалы әрі оған сызылған сызбалар әркезде сәйкес келе бермейді, сондай-ақ, рухани факторлар дұрыс бағаланбайды. Мемлекет типологиясының тағы бір көңіл аударарлық жағы **өркениеттік көзқарас** бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде рухани белгілер – мәдени, діни, ұлттық, психологиялық ерекшеліктер алынады. Мұның өкілдерінің бірі ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің пікірі бойынша «өркениет – діни, ұлттық, географиялық және өзге де белгілерінің жинақталуымен ерекшеленеді» дейді. Мұның маңыздысы, мәдениет факторлары мәнді ретінде анықталған, ал, осал тұсы, әлеуметтік-экономикалық факторлар дұрыс бағаланбаған. Өркениет көзқарасының негізі оның белгілері бойынша мемлекет тұрпатын көруге болады.

## 4. МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 4.1. Мемлекет нысаны

Мемлекеттің нысаны қоғамның экономикалық, мәдени, рухани мазмұнына байланысты. Яғни, қоғамда кім және қалай басқарады, қалай ұйымдасқан және ондағы мемлекеттік билік құрылымы қалай қызмет істейді, ол аумақтың тұрғындары қалай біріккен, әр түрлі аумақтық және саяси құрылымдар мемлекетпен қалай қатынаста, қандай әдістердің және жолдардың көмегімен саяси билік жүргізілетіндігін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанда екі жылдан кейін 1993ж. Конституцияның орнына екінші 1995ж. Конституция қабылданды. Бұл соңғы Конституция мемлекеттің сыртқы нысанын өзгертіп, Қазақстанда президенттік республиканың саяси режимі құрылды.

Мемлекеттің тарихи даму процесінде оның нысанына бірнеше жағдайлар әсер етеді. Бірінші жағдайға географиялық, климат, тарихи факторлар жатады. Егер мемлекет континентте (құрғақшылықта) қалыптасса немесе оның шекарасы теңізге, мұхитқа шықса, бұл екі жағдайда екі мемлекеттің нысаны екі түрлі болады. Аралда орналасқан мемлекеттердің континенттік мемлекеттермен салыстырылғанда демократиялық режимдері күштілеу екені байқалады. Шығыс мемлекеттерде бірінші ірі цивилизациялардың дамуы ұлы өзендермен байланысты болды. Мысалы, Қытайда – Хуанхэ, Египетте – Ніл, Вавилонда – Тигр және Евфрат, Үндістанда – Ганг. Шығыс мемлекеттерде – монархия, Европада – шектелген монархия немесе республика құрылған. Демократиялы мемлекеттер туралы айтатын болсақ, олар тек ғана республикалық немесе шектелген монархия түрінде өмір сүреді. Ал, шығыс мемлекеттерде көбіне монархиялық басқару болғаны жақсы мәлім.

Қазақстанның географиялық жағдайы екі бірдей – Ресей және Қытай сияқты ірі мемлекеттермен көршілес болуы, теңізге қашықтығы және ашық тікелей жолдың жоқтығы мемлекеттің дамуына едәуір нұқсан келтіріп отырғаны рас. Қорыта айтқанда мемлекет нысаны – мемлекеттік билікті құрудағы, ұйымдастырудағы мәнді жолдардың жиынтығы.

**Мемлекет нысаны** – бұл қоғамның басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастыру<sup>83</sup>.

Мемлекеттің нысаны — бұл билік етудің нысанын, мемлекет құрылымының нысанын және саяси режимді қамтитын саяси билікті ұйымдастырудың тәсілі. Бұл мемлекеттің ішкі ұйымының ерекшелігі. Осы теорияға сәйкес біздің алдымызда міндеттер тұр: мемлекет қалай құрылған, қандай нысанда қызмет жасайды және саяси аймақтық, құрылымдық қоғамдық ұйымдардың қызметтері жүзеге асырылады ма? Егер «мемлекет

<sup>83</sup> Теория государства и права: / Под ред. Венгерова А.Б. — М., 1995. Ч.1. — С. 21-48.

**мәні»** категориясы мемлекеттің басты, заңды, анықтаушысы не деген сұраққа жауап іздесе, «**мемлекет нысаны»** категориясы қоғамда билікті кімнің, қалай жүзеге асырып жатқанын, мемлекеттік-билік құрылымдар қалай ұйымдастырылып, қандай органдармен жүзеге асырылатынын, сол аймақтағы тұрғындар қалай бірлескен, қандай әдіс тәсілдер арқылы саяси билік жүзеге асырылады деген сауалдарды қамтиды.

Бүгінгі таңдағы теорияда мемлекет формасының астарында мемлекеттегі саяси үкіметті ұйымдастыру деген ұғым қалыптасқан. Оның үш элементі бар – мемлекетті басқару формасы, мемлекеттік құрылым және мемлекеттік (саяси) режим формасы<sup>84</sup>. Бүгінгі таңдағы ішкі белгілердің аталған жиынтығы бір мемлекетті басқа мемлекеттен айыруға мүмкіндік береді.

М.Н. Марченконың пікірінше мемлекет формасы оның мәні мен мазмұнының тікелей сипаты ретінде сипатталады. Мемлекеттің мәні мен мағынасы (қызметі) қандай болса оның формасы да сондай болуы тиіс. Профессор «Мәні мен мағынасы тұрғысынан алғанда мемлекетті зерттеу - қоғамның, топтардың және кластардың еркін, көзқарастарын және мүддесін анықтауды білдіреді, бұлар бірінші кезекте сипаттайды және қорғайды. Мазмұны жағынан алғанда мемлекетті қарастыру дегеніміз ол қандай бағытта әрекет ететінін белгілеуді білдіреді. Формасы тұрғысынан алғанда мемлекетті зерделеу – бірінші кезекте оның құрылымын, оның негізгі құрамдас бөлігін, ішкі құрылымын, қалыптасудың негізгі әдістерін және мемлекеттік билікті жүзеге асыру<sup>85</sup>.

Осы орайда мемлекеттің формасына және оның үш элементтеріне мынадай қысқаша анықтама берген жөн.

Мемлекеттің формасы – бұл басқару формасы, мемлекеттік құрылым және мемлекеттік (саяси) режим формасының жиынтығы болып табылады.

Басқару формасы дегеніміз – бұл жоғарғы мемлекет органдары қалай құрылған және олардың жергілікті халықпен өзара қарым-қатынас жасауы.

Мемлекеттік құрылым формасы дегеніміз – бұл мемлекет аумағының қалай ұйымдастырылғаны.

Мемлекеттік (саяси) режим дегеніміз – бұл мемлекеттегі билік қандай әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылатындығы.

Бірақ бүгінгі таңдағы мемлекет формаларының классификациясында неліктен тек көрсетілген үш элемент қана қолданылады? Осылардың әрқайсысы аталған классификацияға ықпал ететін барлық факторларды жоққа шығарады ма?

Мүмкін, бүгінгі таңдағы мемлекет және құқық теориясы өз мазмұны бойынша мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға ұқсас нақты форманы тек жалпы белгілерден шыға отырып толық қамти алмайтын шығар.

<sup>84</sup> Рассказов Л.П. Теория государства и права: Учебник для вузов. – 3-е изд. – М.: РИОР: ИНФРА-М, 2010. С. 88.

<sup>85</sup> М.Н. Марченко. Теория государства и права: учеб. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Москва 2008 г. С. 296

«Мемлекет формасы» - жоғарыда көрсетілген үш блок, мемлекеттің негізгі үш сипатына қоғамның саяси, құрылымдық және аумақтық ұйымдастырылуы ретінде біріктіріледі, осы аталған сипаттамаларды жеке қадағалауға, зерделеуге және пәндік тұрғыда ашуға болады. Міне сондықтан да мемлекеттің формасын «мемлекеттің құрылымында оның негізгі сипаттамасы және мемлекеттік биліктің, жергілікті халықтың аумақтық ұйымдастырылу жүйесінде, кешенінде қамтамасыз етіледі» деп айқындауға болады<sup>86</sup>.

В.Е. Чиркин мемлекеттік форманы зерделеудегі жүйелік ыңғай тек элементтердің тізбесі ғана емес (басқару формасы, аумақтық саяси құрылымдар және т.б.), сонымен қатар біртұтастықты қалыптастыратын (мемлекет формасын) олардың арасындағы байланыс және элементтердің байланысы немесе өзіндік білім беру өз элементтері арқылы ғана емес тұтастық жаңа түрде беріледі деп толықтырады<sup>87</sup>.

Профессормен келісе отырып және мемлекет формасының түсінігінен қол үзбей отырып осы мәселеге кеңінен тоқталып және оны қолдану мүмкіндігіне басты назар аудару қажет.

Мемлекет және құқықты дамытудың барлық тарихында мемлекет формасы туралы жүздеген болмаса да, ондаған әртүрлі теория алға тартылғанын айтып өткен жөн. Мысалы, антика дәуірінің ұлы ойшылы, ежелгі грек философы Платон «мәртебелі және жақсы» мемлекет ретінде «ең жақсы мемлекетті» басқарудың тамаша, ұтымды түрі аристократия – «аз адамдардың «аздардың заңдық билігі» болып табылады деп айтқан болатын. Сонымен қатар олар «заңдық монархия» - патшалық билік және «заңсыз» - олигархияны қарастырды. Өте жақсы мемлекет мәңгілік тұрмайды. Мемлекеттің құлдырауы және осы бағытта өзінің формасын өзгертуі де мүмкін<sup>88</sup>.

Платонның іліміне сәйкес аристократия бостандықта жүрген адамдардың құлдарға айналуы және жерді жеке меншікке айналдыруға әкелуі демократияға әкеліп соқтыруы мүмкін. Мемлекеттің крит-спартанский түрі және аса күшті, мықты әскерлердің үстемдік етуі біртіндеп олигархияға айналуы мүмкін. Олигархия – мүліктік ценза және аздаған байлардың билігі – демократияға негізделген. Демократия – халық үшін және халықтың билігі, бостандықтың шаралардан тыс масандану күшіне, «қосылмаған түрінде» өзінің қарама-қайшылық түрінде – зорлық-зомбылық түрінде көрінуі мүмкін. Тирания (зорлық-зомбылық) – мемлекеттің ең нашар формасы, онда озбырлық, зорлық-зомбылық, жергілікті халықтың басым көпшілігінің заңсыздығы, құқықсыздығы үстемдік етеді. Мемлекет басшысы – тиран билікті халықтың атынан жаулап алады және «халықтың қолшоқпары» ретінде көрінеді<sup>89</sup>.

<sup>86</sup> Р.В. Еншбарян, Ю.К. Краснов. Теория государства и права – Уч. пособие., Москва, 1999 г. С. 75

<sup>87</sup> Чиркин В.Е. Государствоведение: Учебник. – М.: Юристъ, 1999.С. 132.

<sup>88</sup> М.Н. Марченко. Теория государства и права: учеб. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Москва 2008 г. С. 297

<sup>89</sup> Там же

Аристотель – Платонның шәкірті және оның сыншысы, ол өз ұстазының жағдайын жан-жақты дамыта отырып, өзінің көзқарастарын, ұстанымын айтып отырған. Ол монархияны, аристократияны және полицияны (жалпы пайдасы, мүддесі үшін көпшілікті басқару, олигархия заңдарына демократияның жақсы, үздік кескін-келбетінің қоспасы) «мемлекеттің дұрыс формасы» деп атады, себебі онда билеушілердің жалпы мүддесі, пайдасы қарастырылды. Аталған әрбір «дұрыс» формалар тиісінше «дұрыс емес» формаларға – тиранға, олигархияға, охлократияға бұрмалануы және айналуы мүмкін. Аристотельдің пікірінше «дұрыс емес» формаларды билеушілер тек жеке мүддесі үшін қолданған<sup>90</sup>.

Бұндай жағдайда мынадай сұрақтар туындайды:

1. Аристотель ұсынған мемлекеттің «дұрыс» және «дұрыс емес» формаларының элементтері неліктен бүгінгі таңдағы мемлекет және құқық теориясында ескерілмейді?

2. Бізге билік формасы ретінде монархияның мәні мен мағынасы түсінікті, сонда антикалық дәуірдің философы аристократия, охлократия, тиран және олигархияның астарында не түсінді?

3. Осы элементтер алыс өткен дәуірлерде қалды ма немесе олар бүгінгі таңдағы мемлекеттің өмірінде көрініс тауып отыр ма?

Нақты мысалдарға жүгінейік. Бұл бүгінгі таңдағы мемлекеттің формаларын классификациялау барысында жоғарыда көрсетілген түсініктерді қолданудың өзектілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Аристократия – мемлекетті басқарудың формасы, билік атақты адамдарға ғана тән, мысалы, рим патрициялары.

В.Г. Графский және З.М. Черниловскийдің пікірлеріне сәйкес аристократияны сипаттайтын жоғарғы мемлекет органдарының құрылымы және олардың біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырдағы Римдегі тұрғылықты халықтың өзара қарым-қатынасы мынадай болған. Мемлекеттегі қалалардың жергілікті халқы негізгі екі топтан тұрған: римнің азаматтары, оларды патрициялар деп атаған және олардың антагонистері – плебеилер. Алғашқылары толыққанды азаматтар деп саналған. Олар үш тайпаға (ұлысқа) бөлінген. Әрбір тайпа (ұлыс) 100 рудан тұрған. Әрбір 10 ру курияны құраған. Куриялар мұрагерлікке сәйкес алынған жалпы жерлерге иелік еткен, атақты римдік рекс («патша») Ромул рим жерін куриялардың саны бойынша 30 бөлікке бөліп тастаған (оны жалпы барлық қалаға қалдырып отырған). Әрбір курияның өзінің жеке көсемі болған, олар ішкі мәселелерді, істерді шешу үшін жиналыстарда бас қосып және барлық 30 куриялардың жалпы жиналыстарында өздерінің ойларын ортаға салып отырған. Олардың әрқайсысы дәстүр бойынша бір дауыстан ие болған<sup>91</sup>.

Жалпы халықтық жиналыс, курияттық комиссиялар оларға ұсынылған заң жобаларын қабылдап немесе қабылдамай кері қайтарып отырған, барлық

---

<sup>90</sup> Там же С. 298

<sup>91</sup> Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права (история государства и права зарубежных стран): Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш.шк., 1983. С. 59

жоғары лауазымды тұлғаларды сайлап, соғыс жариялап және өлім жазасы туралы мәселелерді шешу барысында жоғары апелляциялық инстанциялар ретінде сөз сөйлеп отырған.

Тікелей басқару істері, заң жобаларын өңдеу және бейбітшілікті бекіту рим кеңесінің ақсақалдары – сенаттың құзыретіне енген. Ол барлық 300 рудың ақсақалдарынан құралған, сондықтан да осылай аталған («сенекс» - ақсақал). Ақсақалдар рим қауымының ақсүйектерінен ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған, салт-дәстүрлер нығайып, қалыптасқан, осыған сәйкес әрбір рудың бір отбасынан сайлап отырған<sup>92</sup>.

Плебейлердің шығу тегі түсініксіз және даулы мәселе. Олар рулық ұйымдардан тыс тұрған, сондықтан да қауымды басқаруға қатыса алмаған.

Бірақ б.д.д. VI ғасырда Сервия Туллия реформасы Римдегі ақсүйектердің билік ету формасының ыдырауына әкеліп соқты.

Осы мәселеге байланысты Ф. Энгельс: «Римде рулық қауым - құқықсыз, осы қоғамнан тыс тұрған, бірақ плебстардың міндеттерін атқаратын, жабық аристократияға айналып бара жатыр; плебстардың жеңісі ескі рулық құрылысты жарып шықты және оның қирандыларынан мемлекеттің іргетасын қалады, аз уақытта рулық аристократия және плебстер жойылды» деп жазды<sup>93</sup>.

Аристотельдің ұстанымын басқа да антикалық дәуірдің философтары қолдады. Сонымен қатар Сократ афин мемлекетінің жоғарғы органы – халықтық жиналысының құрамын мақұлдамады. Оның пайымы бойынша халықтық жиналыс «...оларға тек арзанырақ бірдеңе сатып беруге және қымбатырақ сатуды ғана ойлайтын», «...мемлекеттік істер туралы ешқашан ойланбаған» адамдар туралы» қолөнершілер мен саудагерлерден тұрады<sup>94</sup>.

Философ афин демократиясында жеребе тастау арқылы лауазымдардың орнын ауыстыру қабылданғанын айыптады<sup>95</sup>.

Жақсы ойды таңдау туралы мәселені әртүрлі жолдармен шешуге болады. Бірінші аристократияда бастаманың анықтаушысы ретінде ата-тегінің атақтылығы, тектілігі, басқасында әскери қаһармандық, жоғары ақыл-ойының дамуы, діни немесе адамгершілік артықшылығы, басымдылығы, сонымен қатар мүлік түрлері мен көлемі болып табылады. Аристократияның басым көпшілігінде осындай факторлардың бірнеше түрі бар немесе бұлардың барлығы мемлекеттік биліктегі құқықты айқындау үшін бірге біріктірілген<sup>96</sup>.

«Аристократия» деген термин мағыналық өзгеріске төтеп берді және басқару билігі емес, тұлғалық сапаны, қоғамның нақты қатпарларын белгілеу үшін қолданыла бастады. Мысалы, қоғамның жоғары қатпарының артықшылығына не жатады? Л. Толстой «Адам туралы таңдаулы, нәзік,

<sup>92</sup> Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права (история государства и права зарубежных стран): Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш.шк., 1983. С. 59

<sup>93</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд., т. 21 с. 128.

<sup>94</sup> Ксенофонт. Воспоминания о Сократе, III, 9, 10.

<sup>95</sup> История политических учений. Под. ред. проф. С.Ф. Кечекьяна и доц. Г.И. Федькина. Юр. Литература. М. – 1955. С. 54

<sup>96</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki>



көркем манералар, сонымен қатар таза, тәуелсіз пікірлер туралы айтады»<sup>97</sup>. «Мен – рух аристократымын!» - деп жазған болатын.

Осы тұрғыда «аристократия» терминінің мағынасының рудиментарлығы туралы оның бүгінгі таңдағы түсінігінде билік формасы қолданылатыны жайлы қорытынды шығаруға болады. Басқаша айтқанда Аристотель мен Сократ айтқан аристократия сияқты биліктің осындай формасы бүгінгі әлемде жоқ. Ол қазіргі таңдағы танымал демократияға орын берді (саяси режим).

Аристотельдің пікірі бойынша охлократия сияқты мемлекеттің «дұрыс емес» формасына көшейік.

Охлократия – бұл үнемі демагогтардың ықпалына түсетін, тобырдың ауысып тұратын орынсыз істеріне, тілектеріне негізделген демократияның тумас формасы<sup>98</sup>. Бүгінгі таңда аталған түсінік мемлекет және құқық теориясына қарағанда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда көбірек қолданылады.

Аристотельге сілтеме жасай отырып және охлократияны үлгі ретінде көрсете отырып кейбір танымал ақпарат көздері Периклдің билік ету кезеңдеріндегі Афинаға алып келеді. Сол уақытта жай, қарапайым халық үстемдік еткен, текті адамдар басқару істеріне қатысудан жүйелі түрде алынып тасталып отырған, лауазымдарды тағайындау барысында жеребе тастау шешуші рөл атқарған, осындай жүйенің шарасыз нәтижесі ретінде басқарудағы тәртіпсіздік пен одақтастарға деген қатынас бойынша деспотизм танылған<sup>99</sup>.

Охлократияның бүгінгі кезеңде де алатын орны зор. Мысалы, ол кейбір кеңестік кезеңнен кейінгі елдерде Кеңестер Одағының құлауынан туындаған. А.М. Цуладзе «Оның идеологиясы жария ету, әзілдесу, жануарлардың қажеттілігіне ықпал ету болып табылады» деп айтқан болатын. Оған көңіл-күй мен бағыт-бағдарды ауыстыру, бағынуға тырысу және қисынсыз бастауларға сәйкес әрекет ету тән<sup>100</sup>.

Охлократиялық үрдіс көршілес мемлекет – Ресейде Ельцин дәуірінде көрініс тапты. В. Никонов «Мемлекеттік билікті жоққа шығару, нөлдеу» осының нәтижесінде «саяси шешімдерді қабылдау және іске асыру, өңдеу жүйесі бұзылды, мемлекеттік механизм дұрыс қызмет етуін және жұмыс атқаруын тоқтатты» деп айтқан болатын<sup>101</sup>.

Бүгінгі таңдағы охлократияның көріністері туралы айтқанда Украинадағы танымал оқиғаларды айналып өтуге болмайды. Әлеуметтік желілерде кейбір блогерлер «демократияны» әзілдеп украинша «хохлократия» деп те атайды<sup>102</sup>.

<sup>97</sup> <http://popular.academic.ru/229>

<sup>98</sup> Водовозов В.В. Охлократия // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.).— СПб., 1890—1907.

<sup>99</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki>

<sup>100</sup> Цуладзе А.М. Политические манипуляции или покорение толпы. М., 1999. С. 25

<sup>101</sup> Никонов В. Безвластие // Известия. 1998. 20 октября.

<sup>102</sup> <http://forum.lvivport.com/threads/oxlokratija-hoxlokratija-chego-segodnja-v-ukraine.96024/>

Осы тұрғыда егер қолда бар анықтамаларды жинақтасақ, онда охлократия дегеніміз:

1) тұрғылықты халықтың бағдарын аса қарабайыр формасында және популистік көңіл-күйлерді қолданатын әлеуметтік-саяси топтардың билігі, бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларында бассыздыққа және құқықсыздыққа жағдай туғызады;

2) тәртіпсіздік, ойран салу, Бүлік шығару, опасыздыққа құштар болуға ықпал ететін жағдайлар, мәнсіз, мағынасыз бұзушылықтар, ессіз, пайымсыз адам өлтірушілік және озбырлық, адамның құқығы мен бостандығына берілетін барлық кепілдемелерін түзету.

Аталған құбылыс мемлекеттің дамуындағы дағдарыс кезеңіне тән. Осыған қарамастан охлократия тұрақсыз сипатта болады, ол бүгінгі таңдағы әлемде жиі көрініс табады. Сондықтан осындай ұғым тек әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда ғана емес, сонымен қатар мемлекет және құқық теориясында кеңінен қолданылуы тиіс. Әсіресе билік формасы туралы мәселені қарастыру барысында. Осындай жағдайда «охлократия» термині бүгінгі таңдағы мемлекеттердің даму процесінде жоғарыда айтылған келеңсіз құбылыстарды айқындау үшін қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар құл иеленуші мемлекеттердің тарихында, оның ішінде Көне Спартада диархия сияқты билік формасы да жиі айтылатынына назар аударған жөн. Бірақ өкінішке орай, бүгінгі таңдағы классификацияда бұндай билік формасы жиі еске алынбайды.

**Диархия** – бұл мемлекеттің екі жоғары лауазымды тұлғалары мәртебесінің теңдігі<sup>103</sup>.

Мысалы, б.д.д. XI ғасырдан бастап Спартаны дорий және ахей атты екі патша қатар басқарған<sup>104</sup>. Диархия нұсқаларының бірі бойынша дорийлер келген соң дорийлер және ахейлердің екі қауымы араласып кетті. Бұл теорияға I Клеомен патшаның сөздері куә бола алады. Ол өзін дорийлік емес, ахейлікпін деп айтқан болатын<sup>105</sup>.

Ресми әдебиет көздерінде жазылғандай бүгінгі таңда диархия Сан-Марино Республикасы, Андорра князьдігі және Бутан корольдігі сияқты елдерге тән<sup>106</sup>.

Сан-Маринода Конституцияға сәйкес республикалық билік формасы бекітілген (парламенттік республика). Мемлекет Басшысы екі капитан-регент болып табылады. Оларды Үлкен Бас кеңес сайлайды. Капитан-регенттерді әр жылдың 1 сәуірінен 1 қазанға дейін, 1 қазаннан 1 сәуірге дейін және 6 ай мерзімге билік балансын сақтау үшін қарсы бәсекеге түсетін саяси партиялар сайлайды. Олар мемлекет басшысының қызметін орындайды және атқарушы билікті жүзеге асырады. Үлкен Бас кеңес Республика парламенті болып

---

<sup>103</sup> Диархия // Конституционное право: Энциклопедический словарь / Отв. ред. С. А. Авакьян. — М.: «Норма», 2001.

<sup>104</sup> Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права (история государства и права зарубежных стран): Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш.шк., 1983. С. 54.

<sup>105</sup> Геродот. История V, 72

<sup>106</sup> <https://ru.wikipedia.org>

табылады, 5 жыл мерзімге тең өкілдік жүйесі бойынша жалпыхалықтық дауыс беруімен сайланған 60 депутаттан тұрады<sup>107</sup>. Аталған мемлекет Оңтүстік Европада орналасқан, оны барлық жағынан Италия аумағы қоршап тұр.

Андорра князьдігі де Европа мемлекеттерінің бірі болып табылады. Ол Франция мен Испания арасында орналасқан. 1993 жылға дейін андорралықтар өздерінің сюзерендеріне жыл сайын алым-салық төлеп тұрды: 960 франк - Француз Республикасының Президентіне, 460 песет, 12 бас ірімшік, 12 каплун, 12 құр, Урхель епископына 6 тауық<sup>108</sup>.

1993 жылғы Конституцияға сәйкес Андорра князьдігінде - парламенттік демократия (парламенттік князьдік). Мемлекет Басшысы Андоррада өздерінің өкілдерімен («вигье») ұсынылған князь-бірігіп билеуші болып қалады. Бірақ олардың билігі негізінен нақты, номинальды.

Біріншісі бірігіп билеуші — қазіргі Француз Президенті (бұл Франция мемлекетінің кез-келген басшысы, оның ішінде корольдар мен императорлар). Басқасы — ағымдық католик Урхель епископі. Өкіл-викария (вигье) епископын әр үш жыл сайын ауыстырып отырады, Франция Президентінің фигьесін өмір бойына Шығыс Пиренея француз департаментінің префекторы тағайындайды<sup>109</sup>.

Сонда қазіргі Француз Президентінің (алдағы уақыттағы, келешектегі сияқты) князьдік титулы бар. Екінші князь-бірігіп билеуші 2003 жылдан бастап Урхель епископі - Жоан Энрик Вивес Сисилия (Сео-де-Уржелль қаласының орталығындағы Рим-католик шіркеуінің епархиясы) (Каталония, Испания))<sup>110</sup>.

Наполеон Андорраны «саяси тұрғыда ерсі, бұны сақтау қажет» деп атады<sup>111</sup>.

1981 жылы үкімет басшысынан және жеті министрліктен тұратын Атқарушы орган бекітілді. Жалпыхалықтық сайлаудан кейін әрбір 4 жыл сайын Бас кеңес үкімет басшысын таңдайды, ол өз кезегінде Атқару кеңесінің басқа да мүшелерін таңдайды<sup>112</sup>.

Жоғарғы заң шығарушы орган — бір палаталы Долин Бас кеңесі (Бас кеңес) жалпыхалықтық және тікелей дауыс беру арқылы 4 жылда сайланатын 28 мүшеден тұрады (14 — жалпыұлттық округ бойынша, ал қалғандары — елдің әрбір 7 қауымынан 2-ден). Бас кеңестің басшысы — бас синдик (1993 жылға дейін — бірінші синдик), кеңес мүшелерінің қатарынан сайланады<sup>113</sup>.

Бутан корольдігінде (Үндістан мен Қытайдың арасында орналасқан, Оңтүстік Азиядағы мемлекет) барлығы біркелкі емес. Кейбір ақпарат көздері оны басқаруың дуалдық жүйесі бар бүгінгі таңдағы мемлекет деп қарастырса,

<sup>107</sup> <http://www.consigliograndeegenerale.sm/on-line/home.html>

<sup>108</sup> Государства и территории мира. Справочные сведения // Атлас мира / сост. И подгот. к изд. ПКО «Картография» в 2009 г.; гл. ред. Г. В. Поздняк. — М.: ПКО «Картография»: Оникс, 2010. — С. 14.

<sup>109</sup> Наталья Ильина. Удивительная Андорра/ <https://books.google.kz/books?id/>

<sup>110</sup> <http://www.bisbaturgell.org/index.php/ca/>

<sup>111</sup> <http://www.coprince-fr.ad/ca/>

<sup>112</sup> <https://www.govern.ad/>

<sup>113</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

басқа ақпарат көздері осы конституциялық монархиядағы екі (қос) билік бұрын артта қалған деп сипаттайды.

Бутанның мәдени тұрғыда дамуына басқарудың «Cho-sid-nyi» дәстүрлі тибеттік жүйесі үлкен ықпал етті, ол «саясаттың және діннің қос бірлілігі» деп аударылады<sup>114</sup>. Яғни мемлекетті бақылау зайырлы (әкімшілік) және рухани лидер (көшбасшы) арасында бөліске түсті. Бутан бүгінгі таңдағы тұңғыш тәуелсіз мемлекет болып табылады, онда Cho-sid-nyi басқару жүйесі жүзеге асырылғанмен, ол өзгертілген түрде болып келген<sup>115</sup>.

2008 жылы қабылданған Бутанның Конституциясы - Бутан Cho-sid-nyi жүйесін ұстанатынын куәландырады. Бірақ рухани лидердің (көшбасшының) титулы Конституцияда көрсетілмеген және барлық әкімшілік өкілеттіліктер Бутан Королы мен мемлекеттік мекемеге жүктелген<sup>116</sup>. Осыған қарамастан рухани лидердің (көшбасшының) ұстанымы берік және Бутанның жоғары діни иерархиясы Корольге мықты, күшті ықпал ететін ең жақын кеңесшісі ретінде қарастырылады<sup>117</sup>.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде біз Бутанның ресми емес диархиялық басқару жүйесі туралы қорытынды жасаймыз және аталған мемлекетті алдағы уақытта басқа мемлекеттерге үлгі ретінде қарастырамыз.

Жалпы, «Диархия» сияқты басқару жүйесі тарихта жоғалған жоқ, Сан-Марино және Андорра князьдігі сияқты мемлекеттердің бүгінгі таңда нақты өзіндік формасы бар. Бірінші жағдайда диархия жайлы республикалық басқару формасының әртүрлілігін, ал екінші жағдайда шек қойылған монархияның әртүрлілігін айтуға болады. Сондықтан оған ерекше назар аударуға болады және монархия мен республика қатарында бүгінгі таңдағы республикалық форманың классификациясы өзінің орнын алуы тиіс.

Қорытындылай келгенде, халықтың мәдени деңгейі, оның тарихи дәстүрлері, діни дүниетанымының сипаты, ұлттық ерекшеліктері, мемлекеттегі экономикалық жағдайы, өмір сүрудің табиғи жағдайы және көптеген басқа да факторлар мемлекет формасына ерекше ықпал етеді деп қорытынды жасауға болады. Мемлекет формасының құрылымын мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары және оның органдары азаматтық қоғамның институттары мен жергілікті халықтың сипатын айқындайды. Сонымен қатар революция, азаматтық соғыстар адамдардың мемлекет пен қоғамның құрылымын өзгертуге деген құштарлығымен байланысты, яғни мемлекеттің құрылымы олардың өмірі мен әл-ауқатына тікелей тәуелді болып келеді. Бірақ тарих көрсеткендей осыған ұқсас іс-әрекеттер өмірдің сапасын жақсартуға әкелмейді, керісінше охлократияның туындауына және мемлекеттік институттардың құлдырауына әкеліп соғады.

Мемлекет нысаны — әлеуметтік-экономикалық факторлармен қатар, табиғи, климаттық жағдайы, ұлттық-тарихи, діни ерекшеліктер, қоғамның

---

<sup>114</sup> Tibetan-English-Dictionary of Buddhist Teaching & Practice (англ.). Diamond Way Buddhism Worldwide. Rangjung Yeshe Translations & Publications (1996).

<sup>115</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

<sup>116</sup> Constitution of the Kingdom of Bhutan (English). Government of Bhutan (18 July 2008).

<sup>117</sup> <https://topwar.ru/102937-strana-drakona-migranty-povstancy-i-nacionalnoe-schaste.html>

мәдени деңгейіне ықпал ететін, оның құрылымы. Мемлекеттің нысанының элементтеріне мыналар жатады:

1. **Басқару нысаны** — жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның жоғарғы және орталық органдардың ерекшеліктері, олардың құрылымы, құзіреті, ұйымдастырылу тәртібі, өкілеттілігінің деңгейі, халықпен өзара қатынасы және олардың оны қалыптастыруға қатысу дәрежесін сипаттайды; мемлекетті басқару нысандары ерекшеліктеріне байланысты монархиялық және республикалық болып бөлінеді.

2. **Мемлекеттік құрылым нысаны** — тұтастай мемлекет пен оның бөлшектерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы; нысаны жағынан унитарлы (біртұтас), федералды және конфедеративті болып бөлінеді.

3. **Саяси (мемлекеттік) режим** — мемлекеттік билікті жүзеге асыратын құралдар, тәсілдер мен амалдардың жүйесі; мемлекеттік билік етуде қолданылатын тәсілдердің ерекшеліктеріне қарай демократиялық және демократиялық емес саяси (мемлекеттік) режим деп бөледі.

Мемлекет нысанының құрылымдық элементтері жөнінде ертедегі ғалым-ойшылдардың маңызды көңіл бөлгендігін айта кетуіміз керек. Атап айтсақ, Аристотель мемлекетті топтастырудың негізгі өлшемі ретінде басқару нысанын таңдаған. Тек осы нысан ғана мемлекеттік ұйымдасқан қоғамда мемлекеттік басқаруды жүзеге асырған. Аристотель мемлекет органдарының құрылу тәсілдерін саралау негізінде, мемлекеттік билікті іске асырудың амалдары және олардың арақатынасын өзекті ете отырып, басқарудың бірнеше нысандарын бөліп қарастырады: республика, монархия, деспотия. Сонымен қатар, ол демократиялық және аристократиялық республикалардың ара жігін ажырата білді, биліктің әртүрлеріне баға берді: демократия — халық билігі, аристократия — элита билігі, сайланған, охлократия — жиын билігі, геронтократия — көреген қарттардың билігі. Егер Аристотель дәуірінде аталған мәселені зерделеуде басқарудың түрлі нысанын сипаттау ғана болса, ХХғ. саяси-құқықтық ойшылдар мемлекет нысанын қоғамдық-экономикалық қалыптасумен, қоғамның сыныптық құрылымымен байланыстырып анықтайды, мемлекеттің көптүрлілік нысаны нағыз жаратылыстану құбылыстары деп табылады. Сондай-ақ, К.Маркс уақытында ... осы заманғы мемлекет әрбір мемлекеттік шекарамен ауыстырылады. Соған қоса, Августин, Гоббс, Монтескье, Локк, Руссо, Радищев және басқа да көптеген ғалымдар өз еңбектерінде мемлекет нысанын зерделеу, көптеген жылдар бойында оларды дамыту жөнінде түсінік берді. Мемлекет нысанының элементтері өз кезегінде өзара тығыз әрекетте және бір-біріне ықпал жасайды. Бұл аспекті мәселелерін біз мемлекет нысанының құрылымдық элементтерін байыппен зерделегеннен кейін ғана қарастыруымызға болады.

## Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері

**Мемлекетті басқару нысаны** – жоғарғы мемлекеттік органдардың құрылуы мен ұйымдасуының тәртібі<sup>118</sup>. Олардың бір-бірімен және тұрғындармен ара қатынасы сипатталады. Басқару нысаны ерекшеліктеріне таптық күштердің, билікте отырған әлеуметтік өкілдердің қарым-қатынасы, тұрғындардың ұлттық құрамы, мәдениет және салт дәстүр деңгейі әсерін тигізеді. Мемлекетті басқару нысанының ерекшелігіне байланысты **монархиялық және республикалық** болып бөлінеді.

**Монархия** – бұл жоғары мемлекеттік биліктің бір тұлғада ғана (король, патша, император, сұлтан және т.б.) монархта болуымен сипатталатын басқару нысаны. Монархияның белгілері:

- билік мұрагерлік жолмен беріледі;
- абсолюттік мерзімде жүзеге асырылады;
- тұрғындар санына байланысты емес.

Монарх абсолюттік билікке ие, яғни халықтың өкілетті мекемелері жоқ және мемлекет егемендігінің бірден-бір өкілі - монарх (мысалы, феодализм дәуірінің соңғы кезеңіндегі абсолютты монархтар, қазіргілерден - Сауда Арабиясы. Бруней) және монарх пен қатар мемлекеттік егемендікке ие болып табылатын мемлекет басшысының билігін шектейтін жоғарғы мемлекеттік органдары бар шектеулі монархтар да (Англия, Жапония, Испания, ШвЕңия, Норвегия және т.б.) болады.

Монарх билікті мұрагерлік бойынша өмір бойы иеленеді. Егер монарх мемлекеттік биліктің жалғыз органы болып табылса, бұл монархия **шектелмеген** деп аталады, ал жоғарғы билік монарх пен басқа бір органның арасында бөлінсе, бұл монархия **шектелген** деп аталады. Шектелген монархиялар, өз кезегінде, **өкілдік (дуалистік)** және **парламентарлық** болып екіге бөлінеді. Өкілдік монархияда монарх атқарушылық билікті жүзеге асырып, үкіметті құру, министрлерді тағайындау, вето және парламентті тарату құқықтарын иеленеді. Ал парламентарлық монархияда монархтың құқықтық жағдайы әлдеқайда шектелген болады, монарх тағайындаған министрлер парламенттің сенімсіздік вотумына тәуелді болады және монарх заңда көзделген жекелеген жағдайларда ғана парламентті тарата алады.

Республика — билік белгілі бір мерзімге сайланбалы органдарға берілетін басқару нысаны.

Республика белгілері:

- биліктің сайланбалылығы;
- мерзімділігі;
- сайлаушылардан тәуелділігі.

Үкіметті кім қалыптастырады, ол кімге есеп береді және кімнің бақылауында болады, соған байланысты республика президенттік, парламенттік және аралас болып бөлінеді. Президенттік Республикада (АҚШ,

<sup>118</sup> Теория государства и права: Уч. пос. — М., 1994. — Вып. 2. — С. 17.

Сирия) президент, парламенттікте (Германия, Италия) - парламент, ал араласта (Франция, Финляндия, Австрия, Португалия) президент және парламент рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы басқару нысаны бойынша президентік республика.

**Республика** – жоғары мемлекеттік билік белгілі бір мерзімге сайланатын сайланбалы органға тиесілі басқару нысаны<sup>119</sup>. Халықтың қай бөлігінің мемлекеттік биліктің жоғары органдарының сайлауға қатыса алатынына байланысты республика **аристократиялық** және **демократиялық** болып екіге бөлінеді.

**Аристократиялық** – мұнда нақты тұлғамен (таптың, партияның, элиталық топтың және т.б. өкілімен) халықтың аз бөлшегінің қатысуымен жүзеге асырылатын қоғамның саяси билігі.

**Демократиялық** – мұнда халық билігі, азаматтар бостандығы мен теңдігі қағидаларын мойындауға негізделген саяси құрылым нысаны. Олар өз кезегінде, төмендегідей түрлерге бөлінеді: 1) парламенттік – бұл мемлекетке саяси өмірдегі шешуші рөл парламент сайлауға үкіметке тиесілі болады; 2) президенттік, бұл мемлекетте сайланған ел басшысы үкіметтің де басшысы болып табылады, сол себепті, ол үкімет мүшелерін тағайындайды және оларды қызметінен босатады. 3) аралас, бұл мемлекетте үкіметті президент пен парламент бірлесе отырып құрайды.

Осы себепті, басқарудың нысанының республикалық түрі келесідей заңдылық қасиеттермен сипатталады:

- нақты мерзімге мемлекет басшысының, заң шығарушы және атқарушы мемлекет органдарының биліктерін шектеу;

- мемлекет басшысы және басқа да жоғары органдардағы мемлекеттік биліктің сайланбалылығы;

- заңмен айқындалған жағдайларда мемлекет басшысының жауаптылығы;

- сайлаушылардың тапсырмасы бойынша халықаралық қатынастардағы мемлекет мүдделеріне оның өкілдік етуі;

- барлық өзге де мемлекет органдары үшін жоғары мемлекеттік билікті шешу міндеттілігі;

- азаматтардың мүдделерін айрықша қорғау, жеке тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы.

Республикада мемлекет басшысы нақты бір мерзімге сайланады. Президенттік республикада дуалистік монархия секілді мемлекет басшысы, парламент, үкіметтің өзара қарым-қатынастарын еске түсіреді, бірақ, монархтың орнында халық сайлаған президент тұрады.

Парламенттік республикада да өзара қарым-қатынастар парламенттік монархия тәрізді болып келеді. Басқаша сөзбен айтқанда, теория нақты өмірдегі тәжірибемен сәйкес келе бермейді. Атап айтсақ, республикалық

<sup>119</sup> Комаров С. А. Теория государства и права. — С. 55.

мемлекеттерде тоталитарлық жүйе жүзеге асырылған жағдайда басқарудың монархиялық нысан белгісі — мемлекет басшысының орнын ауыстырмайтындығынан көруімізге болады (Индонезиядағы Сукарно, Югославиядағы И. С. Тито, Филиппиндегі Ф. Маркос). Орталық Африка Республикасының өмір бойғы президенті Бокасса, оның императоры немесе Корей Халықтық-Демократиялық Республикасының президенті Ким Ир Сен көзі тірісінде ұлын мұрагерлікпен таққа отырғызды.

### **Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі**

Мемлекет нысанының екінші элементі мемлекеттік құрылым болып табылады. Мемлекеттік құрылым нысаны бұл мемлекеттің ішкі құрылымын, оның саяси және аймақтық бөлімшелерін сипаттайтын, мемлекеттің барлық органдарының, оның құрамдас бөліктерінің органдарымен анықталған өзара қатынастарын оқшаулайтын мемлекет нысанының элементі. Онын саяси, аймақтық бөліну тәсілі, ол мемлекеттің барлық органдарының құрамдас бөліктерінің органдарымен арақатынасын көрсетеді.

**Мемлекеттік құрылым нысаны** – бұл мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипаты. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай және күрделі болып екіге бөлінеді.

**Жай немесе біртұтас** (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі болады. Унитарлы мемлекет қарапайым, біртұтас мемлекет, бөліктері әкімшілік-аймақтық бірлік болатын және мемлекеттік егемендік құқықтарға ие емес, біртұтас жоғары органдар жүйесі және біртұтас заңнама жүйесі бар мемлекет болып табылады.

Унитарлы мемлекет белгілеріне мыналар жатады:

- мемлекеттің біртұтас жоғары органдары;
- бір азаматтылық;
- бір конституция;
- заң шығару және сот жүйесінің біртұтастығы.

Унитарлы мемлекеттің аймағы әкімшілік-аймақтық бірліктерге бөлінеді, олардың құқықтық мәртебесі орталық органдармен анықталады. Жергілікті органдарға орталық органдардың бақылау дәрежесі мен нысанының айырмашылықтарын унитарлық мемлекет үш топқа бөліп қарастырады:

1) мемлекеттегі жергілікті органдарды тұрғылықты халық сайлайды, бірақ, орталық өкілдерінің (префектер, комиссарлар және т.б.) тікелей бақылауында болады (Франция, Италия, Турция, Индонезия);

2) мемлекеттегі жергілікті органдар сайланады және өздігімен жұмыс жасайды, орталық биліктің агенттері болмайды (Ұлыбритания, Венгер Республикасы, ҚХР);



3) мемлекеттің ұлттық-аймақтық автономиясы болады (Италия, Испания, Ұлыбритания, Финляндия, Судан және т.б.). Мысалы, Италияда ұлттық-аймақтық автономия неміс халқының тұрғындары — Трентино-Альто-Адижде, Финляндияда — шведтердің Аланд аралы, ал, Данияда — эскимостардың Гренландиясы, Испанияда — басқар, каталонцтар, галисийстер. Урезаң автономиясы — Солтүстік Ирландия мен Шотландия.

**Күрделі мемлекет** – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет. Оларға: федерациялар, конфедерациялар, империялар, достастықтар және одақтастықтар жатады.

**Федерация** – бұл күрделі, одақтас мемлекет, оның бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады және белгілі бір дәрежеде мемлекеттік егемендікке ие болады; федерацияда жоғарғы федералдық органдар және заңнамалармен қатар федерация субъектілерінің жоғарғы органдары мен заңнамасы да болады; федерацияда салықтың екі жүйесі пайдаланылады, оның белгілерінің бірі болып қос азаматтық табылады. Федерациялар аумақтық немесе ұлттық-мемлекеттік қағида бойынша құрылуы мүмкін. Мысалы, Ресей, АҚШ, ГФР және т.б. Федерациялар аймақтық (ГФР) немесе ұлттық-аймақтық (РФ) қағида бойынша құрылуы мүмкін. Бірдей құзыретке ие субъектілерден құралған федерация симметриялы деп аталады (АҚШ, ГФР), ал, құрамдас бөліктерінің құқықтық мәртебесінде айырмашылық болған жағдайда асимметриялы (РФ) федерация болып табылады. Федерация субъектілеріне мемлекет және мемлекет тектестер жатады, олардын саны әртүрлі болуы мүмкін (АҚШ-та елу штат, Швейцарияда жиырма үш кантон).

Федерация (қазақша - бірлестік, одақ) — мемлекет белгілерін меңгерген, екі және одан да көп мемлекеттердің одағы. Федеративтік мемлекет қатарына бірінші кезекте тұрғылықты халықтың көпұлттылығы жатады (Ресей Федерациясы, Канада, Үндістан және т. б.). Федерация субъектілерінің дербестілігі одақтық мемлекеттің арнайы нормативтік актілерінде немесе конституциясында анықталады.

**Конфедерация** – империяға қарағанда ерікті негізде құрылады. Бұл нақты бір тарихи кезең шегінде белгілі бір мақсаттарға жету үшін құрылған мемлекеттердің уақытша одағы. Конфедерацияны құраған егеменді мемлекеттер халықаралық-құқықтық қатынастар субъектісі болып қала береді, оларда өз азаматтығы, билік, басқару және сот әділдігі органдарының жүйесі болады. Конфедерация уақытша сипат алатын, қатаң анықталған мақсаттарға (саяси, әскери, экономикалық) арналған келіссөздер мен келісімдер негізінде құрылған одақтық мемлекет. Конфедерация нәтижесінде федерацияға алмасады (АҚШ, Швейцария) немесе жеке біртұтас (унитарлы) мемлекеттерге айналады (Австрия-Венгрия). Қазіргі кезде конфедерация Біріккен Араб Республикасы (БАР), оның құрамында Мысыр және Сирия, сондай-ақ, Сенегамбия мемлекеті, Сенегал мен Гамбия біріккен. Конфедерация ішкі мемлекеттік және халықаралық құқықтық ұйымдар

белгісімен көрінеді. Конфедеративтік бірлестіктер жоғары органдар құруға бағыттайды. Олардың шығарған шешімдері федерация субъектілері үшін міндетті болып саналмайды, өз аймақтарында конфедерация органдарының актілер күшін өзгертуі мүмкін (нуллификация құқығы). Мұндай міндеттерді өзіне жүктеген немесе оларды орындауға ерікті түрде келісімін берген жағдайда актілерді қабылдау барысында федерация субъектілері басшылық жасауы мүмкін. Конфедерация мемлекеттік егемендікті менгермейді, субъектілер оның құрамынан шығуына құқылы, ортақ Конституциясы, бірыңғай ақша жүйесі, бір азаматтылығы болмайды.

**Империялар** – күштеу арқылы құрылатын, күрделі мемлекеттер, бұларда құрамдас бөліктердің жоғары билікке бағыныстылық деңгейі әртүрлі болған. Империялардың басты ерекшелігі – олардың құрамдас бөліктерінің ешқашан ортақ мемлекеттік-құқықтық мәртебесі болмаған.

**Достастық** – бұл ортақ белгілермен, біртектіліктің белгілі бір деңгейімен сипатталатын мемлекеттердің ұйымдастырушылық бірлестігі (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы). Оларды біріктіретін белгілер экономикаға, құқыққа, тілге, мәдениетке, дінге қатысты болуы мүмкін. Достастықтың мүшелері – бұл толығымен тәуелсіз, егеменді мемлекеттер, халықаралық қатынастардың субъектілері.

**Одақтастық** – бұл қоғамды мемлекеттік ұйымдастырудағы ауыспалы нысан. Одақтастықтың негізінде көп жағдайда мемлекет аралық шарт болады. Ол одақтастыққа кіретін мемлекеттердің интеграциялық байланыстарын күшейте түседі және оларды конфедеративтік бірлестікке қарай итермелейді.

### **Саяси режим: ұғымы және оның түрлері**

Мемлекет нысанының үшінші элементі — саяси режим мемлекеттің қандай да бір әдіс-тәсілдері арқылы халық пен мемлекеттік биліктің өзара әрекеттесулеріне, яғни, топтық күштермен өзара қатынасуда саяси өрісті қалай көрсетуге болады, түрлі қоғамдық ұйымдардың саяси мәртебесі қандай, мемлекеттің аймағында тұратын халықтарды басқару жөнінде мемлекеттің нақты қандай органдары қызмет атқарады, жауап береді<sup>120</sup>. Бұл қоғамның саяси өмірі үшін маңыздылығы сол динамикалық санат деп айтса да болады, бірқатар заңгерлер және саясаттанушылар оны мемлекеттің нысанымен теңестіреді. Мемлекет кез-келген саяси жүйенің ортасында жүреді. Шын мәнісінде, мемлекет - мемлекет механизмі арқылы басқару шешімдерін іске асыра отырып, басқару қызметінің негізгі жұмысын атқарады. Мысалға айтсақ, мемлекет құқықтық актілерді қабылдау арқылы саяси партиялардың, ұйымдардың, көзғалыстардың қызметтерін реттейді.

**Саяси режим** – бұл мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер. Мемлекеттік биліктегі тәсілдер мен әдістердің жиынтығына қарай екі түрлі режимді бөліп атауға болады: демократиялық және антидемократиялық режимдер.

<sup>120</sup> Теория государства и права: Уч. поС. — М., 1994. — Вып. 2. — С. 27.

**Демократиялық режим** – барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болатын мемлекет. Мұнда әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, ал, барлық азаматтар сотпен қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Оның белгілері: - халық мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей (азаматтардың референдумға қатысуы) және өкілдік (халықтың билікті өзі сайлаған өкілдік органдар арқылы жүзеге асыруы) демократия арқылы қатысады; - шешімді көпшілік азшылықтың мүдделерін ескере отырып қабылдайды; - мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарының сайланбалылығы және ауыспалылығы, олардың сайлаушыларға есеп беруі, жариялылық; - сендіру, келісу, келісімге келу әдістері жиі қолданылады; - қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы заңның үстемдігі; - адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жарияланады және шын мәнінде қамтамасыз етіледі; - саяси плюрализм, соның ішінде көппартиялылық; - биліктің тармақтарға бөлінуі және т.б.

Демократиялық режим бүгінде әлем елдерінің көпшілігінде сипат алған, соның ішінде, біздің Республикамызда осы режимді қатаң ұстайды. Сондықтан да демократиялық режимнің белгілері біздің негізгі заңымызда көрініс береді.

**Антидемократиялық режим** - қоғамдағы азшылық мүдделердің есебімен өз бетінше ерікті негізде мемлекеттік билікті іске асырумен көрінеді. Өз кезегінде антидемократиялық режимнің бірнеше түрі болады: тирания, деспотизм, фашизм, тоталитарлық және авторитарлық режимдер. Мемлекет нысаны элементерінен ұлттық және тарихи дәстүрлер, мәдени, діни ерекшеліктеріне байланысты режим белгілері анықталады (мысалы, монархия мен унитарлы мемлекеттілік қатаңдылыққа орын алады, бұл басқарудың орталықтанған әдісімен, ал, парламенттік республика мен федеративтік мемлекет құрылымы — мейлінше демократиялық әдіспен әрекет етеді). Оларға тән белгілер: - бір саяси партияның үстемдігі; - бір ресми идеологияның болуы; - бір меншік түрінің болуы; - саяси құқықтар мен бостандықтарды жоққа шығару; - қоғамның сословиелік, касталық және т.б. белгілер бойынша бөлінуі; - халықтың төмен экономикалық деңгейі; - мәжбүрлеу және жазалау шараларының үстемдігі; - сыртқы саясаттағы агрессиялық сипаттағы әрекеттер және т.б.

Қазақстан мемлекеттік басқару нысаны бойынша — президенттік республика, мемлекеттік құрылым нысаны бойынша — унитарлы мемлекет, саяси режим бойынша — демократиялық мемлекет болып табылады.

## 4.2. МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Мемлекетті тану оның көп сырлығын зерделеумен тікелей байланысты болып келеді. Егер мемлекет өмір сүрген жағдайда, ол қызмет жасамай отыруы мүмкін емес. Ол үнемі қызмет етеді, өмір сүреді. Мемлекет және құқық теориясындағы «функция» термині мемлекеттің бағытын көрсетеді, сонымен қатар, пән қызметінің сол немесе өзге де саяси-құқықтық институттарын, сол қызметтердің мазмұны мен оларды қамтамасыз ету жағдайынан хабардар етеді<sup>121</sup>.

**Мемлекет функциялары** – бұл мемлекет қызметінің негізгі бағыттары, олардан мемлекеттің мәні мен мақсаты көрініс табады. Мемлекеттің функциялары оның міндеттерімен тығыз байланысты, олар мемлекеттің мәніне тәуелді болып келеді және оның өзгеруіне қарай өздері де өзгереді. Сонымен, мемлекет функциялары – ауыспалы сипаттағы категория. Олар мемлекет түрінің басқа түрге ауысу жағдайында да өзгереді.

**Функция** — бұл мемлекеттің немен шұғылданатынын айқындайды. **Мемлекет функциясының белгілері:**<sup>122</sup>

- бұл мемлекет қызметінің негізгі бағыттары. Мемлекет қызметінің сол және өзге де салаларда — экономикада, саясатта, табиғатты қорғауда, қорғаныс жағында және т.б. — қалыптасқан тұрақтылық болып табылады.

- мемлекет мәні оның функциялары арқылы жасалады. Мемлекет мәні екі аспектіден тұрады: кез-келген мемлекет — бұл әрқашанда қандай да бір мүдделерді жасайтын мемлекет және саяси билік ұйымы.

- мемлекеттің тікелей функциясы қоғамды басқару бойынша алда тұрған міндеттерді шешеді, мемлекет қызметі тәжірибелік бағыттарды меңгереді.

- мемлекет функциясы — басқару ұғымы. Олар мемлекеттік басқарудың мақсаттарын әрбір тарихи кезеңдерде дамуын байланысты нақтылайды.

- функция мемлекеттік әдістермен айқындалған нысанына және сипатына қарай іске асырылады.

Мемлекет функциясын іске асыру нысаны – мемлекет органдарының функцияларын іске асыру жөніндегі қызмет түрлері болып табылады. Осыдан **құқықтық және ұйымдастырушылық нысандар** бөлініп шығады. Алғашқысы соңғысынан айырмасы мемлекет органдарының құқықтық актілерді қабылдаумен және заңды салдарларды тартумен байланысты біртектес қызметтері болады. Құқықтық нысандарға жататындар:

- **Құқық шығармашылық** (нормативтік актілерді дайындау және шығару жөніндегі қызметтер);

- **құқыққолданушылық** (Құқықты қолдану актілерін қабылдау жолымен нормативтік актілерді іске асыру қызметі, бұл заңдарды орындау

<sup>121</sup> Теория государства и права: Уч. поС. — М., 1994. — Вып. 2. — С. 39.

<sup>122</sup> Қараңыз: Теория государства и права. Учебн. для юрид. вузов и факультетов / Под ред. В. М. Корельского и В. Д. Перевалова. — М., 1997. — С. 143.

және басқару сипатындағы түрлі мәселелерге рұқсат беру жөніндегі күнделікті жұмыстар);

- **құқықорғаушылық** (адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын-алу және кінәлілерді заңды жауаптылыққа тарту бойынша және т.б. қызметтер).

Ұйымдастырушылық нысандарға жататындар:

- **ұйымдастырушы-реттеуші** (бұл мемлекет органдарының құжат жобаларын дайындау, сайлау өткізу және т.б. қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі айқындалған құрылымдардың ағымдағы жұмыстары);

- **ұйымдастырушы-шаруашылық** (бұл бухгалтерлік есеп, статистикан, қамтамасыз етумен және т.б. қызметтермен байланысты жедел-техникалық және шаруашылық жұмыстар);

- **ұйымдастырушы-идеологиялық** (бұл жаңадан қабылданған нормативтік актілерді түсіндірумен, қоғамдық көзқарасты қалыптастырумен және т.б. байланысты мемлекеттің әртүрлі функцияларын орындауды идеологиялық қамтамасыз етудегі күнделікті тәрбие жұмысы).

Мемлекет функциясын іске асырудың әдісі — бұл мемлекет органдарының көмегімен функцияларды іске асыратын амал-тәсілдер болып табылады. Мұндай әдістердің қатарына: сендіру және көндіру, ынталандыру және жазалау және т.б.

Мемлекет функциясы объективтік және субъективтік сипатқа ие болады. Объективтік функция мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесу заңдылығының келісілуі. Атап айтсақ, егер мемлекет өмір сүруінде қаласын немесе қаламасын, ондай функциялар іске асырылуы керек, мысалы, елді қорғау, қоғамдық тәртіпті күзету, салық салу және т.б.

Субъективтік сипаттағы функция - қоғам мен мемлекет алдына қойған мемлекеттің мақсаттары мен міндеттеріне тікелей байланысты болып келеді.

Мемлекет міндеттері мен функциялары бөлінбейтін біртұтас, ажырамас ұғым болып келеді. Сондықтан да құқықтық ғылым мемлекеттің міндеттері мен функцияларын құрамдас өзара байланысты, бірақ бір мағыналы емес аралас санат ретінде толықтай негізде қарастырады. Мемлекет және қоғам алдында белгілі міндеттерді қою. Осыған сәйкес функцияларды жүзеге асыру қажеттілігін тудырады. Мемлекеттің міндеттері – объективтік фактор, олар оның мақсатымен байланысты болатын мемлекет типі, оның мәнімен және әлеуметтік тағайындалуымен негізделеді. Мемлекеттің міндеттеріне қол жеткізу тікелей функциялар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет міндеттері — бұл қоғамның түбегейлі мақсаттары, яғни, мемлекет өз функцияларын жүзеге асыру арқылы өз мақсаттарына қол жеткізеді. Қазақстанның міндеттері ҚР Конституциясында, нормативтік-құқықтық актілерінде, ел Президентінің жыл сайынғы жолдауларында нақты анық берілген.

## МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ТОПТАЛУЫ

**Мемлекет функцияларының топталуы** – мемлекет функцияларын түрлерге бөлуді әртүрлі негіздер бойынша жүзеге асыруға болады:

- қоғамдық қатынастарға мемлекеттің әрекеттесу сипатына байланысты — реттеуші және қорғаушы.

**Реттеуші функция** — бұл қызмет ететін қоғамдық қатынастардың дамуын бағытталған (экономикалық, әлеуметтік, мәдени) мемлекеттік қызмет.

**Қорғаушы функция** — қызмет ететін қоғамдық қатынастарды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған (адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау, елді қорғау және т.б.) мемлекеттік қызмет.

- әрекет ету ұзақтығына қарай функциялар тұрақты және уақытша болып бөлінеді.

**Тұрақты функциялар** мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылса, **уақытша функциялар** төтенше сипаттағы белгілі бір міндетті шешумен өз әрекетін жояды.

- қоғамдық өмірдің қай саласында жүзеге асырылуына байланысты – ішкі және сыртқы функциялар.

**Мемлекеттің ішкі функциялары** – мемлекет алдында тұрған ішкі міндеттерді шешудегі қызметінің негізгі бағыттары. Ішкі функцияларға мыналар жатады:

- **экономикалық функция** — мемлекеттің экономикалық қатынастарын басқару, нарықтық экономиканы қалыптастыру, өндіргіш күштер мен кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау жасау. Қазіргі уақытта экономикалық функцияларды іске асыруда салық салуға көп көңіл бөледі, себебі, салық - басқарудың жаңа жүйелік басты әдісі болып табылады, сондай-ақ, ол тек ғана экономикалық салада ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік, заңгерлік, сыртқы саяси салаларда да пайдаланылады.

- **саяси функция** — халық билігін қамтамасыз етуге, халықтың өзін-өзі ұйымдастыру және басқару үшін қажетті жағдай туғызуға, азаматтық қоғамды қалыптастыруға бағытталған мемлекет қызметі<sup>123</sup>;

- **әлеуметтік қорғау функциясы** — бұл мемлекеттегі бірқатар санаттағы азаматтардың, түрлі себептерге байланысты толық еңбек ете алмайтын мүгедектер, зейнеткерлер, студенттер және т.б., қалыпты жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ету, сонымен қатар, мемлекет таныған тұрғын үй құрылысы, денсаулық сақтау, қоғамдық көлік және т.б. қолдайтын мемлекет қызметі;

- **құқыққорғау функциясы** — бұл адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, меншіктіліктің барлық түрлерін қорғауға бағытталған мемлекет қызметі. Жеке тұлға мен қоғам мүдделерін қорғауға бағытталған мемлекет қызметі, ҚР Конституциясының 1-бап. «адам, оның өмірі, құқығы мен

<sup>123</sup> Смирнов Л. В. Указ. раС. — С. 68.

бостандығы ең асыл қазына болып табылады» деп бекітілген. Қазіргі уақытта құқыққорғау органдары тарапындағы мемлекет қызметі кез-келген құқық бұзушылықтың алдын-алу, бұлтартпау, анықтау, ашу және ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің қатаң, тез әрі шешімді шараларына бағытталған. ҚР азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады (ҚР Конституция. 26-бап. 1-тармақ.)

- **экологиялық функция** — мемлекеттегі заңдардың көмегімен табиғатты пайдаланудың құқықтық режимін анықтайды, азаматтары алдында таза қоршаған ортаны қамтамасыз етуді өз міндеттеріне алады.;

- **мәдени функция** – мемлекеттен қолдау тапқан, түрлі мәдени сала (әдебиет, өнер, театр, музыка, бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым, білім беру) мазмұнындағы қызмет түрі.

**Мемлекеттің сыртқы функциялары** – оның алдында тұрған сыртқы міндеттерді шешуге байланысты қызметінің негізгі бағыттары. Сыртқы функцияларға мыналар жатады: мемлекетті қорғау, бейбіт тәртіпті сақтау, басқа мемлекеттермен одақтасу және т.б. функциялар:

- **мемлекетті қорғау функциясы** (мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін, қоғамның қорғанысқа қабілеттілігінің жеткілікті деңгейін қалыпты ұстау қағидасына негізделеді, егемендігі мен аймақтық тұтастығын қорғау үшін тағайындалады);

- **өзге мемлекеттермен ынтымақтасу функциясы** (аталған мемлекеттің мүддесі өзге мемлекеттердің мүддесімен үйлесімді қосылған, экономикалық, саяси, мәдени, және басқа да қатынастарды орнатуға және дамытуға бағытталған, мемлекеттің трлі қызметі) және т.б.

Мемлекеттің сыртқы қызметі (оның ішінде Қазақстан) қазіргі жағдайда әлем қоғамдастығына кіретін, барлық халықтардың мүдделері мен ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және өзге ерекшеліктері жалпыға міндеттілік есебімен халықаралық-құқықтық актілерге негізделген жағдайда ғана тиімді әрі толыққанды болады деген сенімдеміз.

### **Қазақстан Республикасы ПО-ның мемлекет функцияларын жүзеге асырудағы рөлі**

Мемлекеттің барлық заңды ұйғарымдарының қоғамдық қатынастарға, қатынасушылар арқылы шын мәнісінде, толық қамтамасыз етілуін ұйымдастыруға бағытталған жұмысы. Құқықтық мемлекетте қоғамдық және мемлекеттік өмір адал заңдардың негізінде құрылып, қоғамның, мемлекеттің жеке адамның мүдделері әртүрлі заңсыз қылықтардан қорғалады. Мемлекеттің құқықорғау қызметінің ортасында, ең бірінші болып жеке адам, жеке адам азамат ретінде, қоғам мүшесі ретінде, еркін индивид ретінде, сонымен бірге мемлекеттің өзі және оның әртүрлі құрылымдары тұрады. Сондықтан жеке адамның заңды құқығы мен мүддесін қорғай отырып, мемлекет бір мезгілде өз мүддесін, барлық қоғам мүддесін қорғайды.

Құқық бұзушылармен күрес – мемлекеттің маңызды ісі, құқық қорғау қызметіндегі бастысы. Мемлекет шын мәнінде өзінің арнайы органдары

арқылы (сот, прокуратура т.с.с) құқықтық нормаларға кірген, еркіндік бастамасын, адалдықты қамтамасыз ету. Елдегі біркелкі құқықтық тәртіпті сақтау – мемлекеттің, барлық органдар жүйесінің мақсаты. Мемлекет жұмысындағы мәжбүрлеу біртіндеп азаматтардың және мемлекеттің бірқалыпты объективті эконмикалық, саяси, әлеуметтік және адамгершілік қатынастарына қарай өз күштерін жоғалта бастады. Ол қоғамның өркениетті құқықтық тәртібіне ауысады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мемлекет функциясын жүзеге асырудағы рөлін олардың алдына қойған міндеттері мен функцияларын тәжірибе жүзінде іске асыру арқылы қарастырылған.

Ішкі істер органдарының функциясы мемлекет функциясынан туындайды, яғни, бұл олардың белгілі құзырет шегінде тәжірибедегі қызметтередің негізгі бағыттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының ІІО өздеріне жүктелген міндеттерді орындай отырып, екі негізгі функцияларды атқарушы ретінде көрініс табады: құқықтық және саяси. Өз қызметі құқықтық нұсқаумен байланысты болған, ішкі істер органдары қандай да бір саяси конъюнктура пайымына қарамастан, бұлжытпай орындауға міндетті. Екінші жағынан қарағанда, ішкі істер органдары заңдарды қолдана отырып, олардың құрамдас бөлігі болып табылатын, біздің мемлекетіміздің жалпы саяси тұғырын қалаушы көзқарастарын жетекшілікке алуға тиіс.

Қазақстан Республикасы 1995ж. 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар жарлығымен бекітілген, ішкі істер органдарының міндеттері:

- адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқыққайшы қолсұғушылықтан қорғау;
- қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- құқық бұзушылық және т.б. құқыққайшылықтарды алдын-алу, анықтау, тойтару және ашу.

Тұтастай талдау жасағанда, ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, яғни, құқықорғаушылықты іске асыру (бірқатар құқықтық әдебиеттерде оны адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау функциясы деп атайды) - Қазақстан Республикасының негізгі функциясы болып табылады.

Міне, осы мақсаттарда ішкі істер органдары республикадағы қылмыс деңгейін төмендету сипатында тұрақты қызмет етіп келеді, әсіресе, құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыспен күресуді күшейту барысында оңтайлы шешімдер қабылдап, қызмет атқаруда.

Сонымен қатар, ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды ұйымдастыруда нақты шешімдер қабылдау жөнінде жүйелі әрі кешенді шаралар жүргізілуде.



Өзіндік қауіпсіздік қызметін нығайтып, оның мәртебесін көтерді және тікелей министрге бағыну құқына ие болды, жергілікті жерлерде тәртіп орнатылып, құқықтық қағиданы орнатты.

Аймақтық бөлімшелерде өзіндік қауіпсіздіктің «сенім телефондары» орнатылды, олардың бүгінгі күнге дейін 500-ге тарта азаматтардан хабарласулар келіп түскен, оның 150-ге жуығы нақты расталды. Қорытындысы бойынша тиісті шаралар қолданылды.

ІД басшылары жергілікті тұрғылықты халықпен есептік кездесулер өткізу жалғасын табуда. Полиция қызметі туралы барлық сыни материалдар бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына тұрақты мониторинг ұйымдастырылған, сол бойынша тексерістер жүргізіледі.

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының аймақтық филиалдары жанында құрылған іскерлік ынтымақтастық комиссиясымен тығыз байланыс жасайды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөнінде қоғамдық қабылдаулармен және қоғамдық кеңестермен, сондай-ақ, Қазақстандық мұсылмандар және Орыс православиялық шіркеу рухани басқарулармен бірлесіп, маскүнемдік және нашақорлықты алдын-алу, құқық бұзушылықты болдырмау мәселері жөнінде бірлесіп үгіт-насихат жұмыстарын өткізеді.

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сөзсіз сақтау жағдайын ішкі істер органдарында қалыптастыру бойынша нәтижелі және әрекетті құралдарының бірі болып табылатын, ішкі істер министрі жанындағы полиция қызметін қадағалау жөніндегі Қоғамдық кеңес жұмысы өзін тиімділігін көрсете білді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы ішкі істер органдары үшін құқықорғау қызметінің алдыңғы қатардағы бағыттарының бірі болып табылады. Бұл — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ, тұрғылықты халықтың белсен араласуынсыз нәтижелі болып табылмайтын, құқықбұзушылықтың алдын алу. Сонымен қатар, ішкі істер органдарында қараусыз балалар мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға әлі де көп көңіл бөліну керек деп ойлаймыз.

### 4.3. МЕМЛЕКЕТ (АППАРАТЫ) МЕХАНИЗМІ

**Мемлекет механизмі** – бұл мемлекеттің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі. Бұл шынайы материалды және ұйымдастырушылық күш, яғни осы арқылы мемлекет билікті жүзеге асырады, кез-келген саясатты жүргізеді.

Заң ғылымында «мемлекеттік аппарат» және «мемлекет механизмі» деген ұғымдар синоним ретінде қолданылады, бірақ мемлекеттік аппарат ұғымына тікелей басқару қызметін жүзеге асыратын және осы үшін билік құзыреттілігі берілген органдар жүйесін жатқызады, ал «мемлекет механизмі» түсінігіне мемлекеттік аппаратпен қоса, тағы мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерді, қарулы күш, полиция, түзеу мекемелері және т.б. жатқызады. Осыған орай мемлекет аппараты дегеніміз статистикадағы барлық мемлекеттік органдар, ал мемлекеттік механизм дегеніміз тек динамикадағы сол органдар. Мемлекет аппаратының, оның барлық бөлімшелерінің мазмұныны қоғамдық өмірдің барлық салаларының тиісті ұйымдасуы мен тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушылық қызмет құрайды.

Бұл қызметтің нысандары көп жағдайда басқарудағы заңдар мен құқықтық механизмдердің қолданылу шамасына байланысты. Осыған сәйкес мемлекеттік аппарат қызметінің келесі нысандарын бөліп қарастыруға болады:

1) тікелей басқарушылық – бұл ғылыми ұсыныстар жасаумен, тәжірибе алмасумен байланысты, құқықтық сипатты иеленбеген қызмет түрлері;

2) құқықтық нысандар – құқықтық заңды сипаттағы қызмет түрлері, яғни, олар барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады және мемлекеттік-міндетті салдарды туындатады. Мемлекет аппараты қызметінің негізгі құқықтық нысандарына мыналар жатады:

а) Құқық шығармашылық қызмет – бұл нормативтік актілер жобаларын дайындауға, оларды қаюылдау мен жариялауға байланысты қызмет;

ә) құқықолданушы қызмет – бұл құқықтық нормаларды жүзеге асырумен байланысты қызмет;

б) құқықорғаушы қызмет – бұл заңдардың сақталуын бақылаумен және қадағалаумен, кінәлі тұлғаларды заңды жауапкершілікке тартумен т.б. байланысты қызмет.

**Мемлекет механизмінің** құрылымына мыналар кіреді:

- өздерінің тікелей биліктік функцияларын жүзеге асыру барысында тығыз байланыстағы және өзара бағыныстылықтағы мемлекеттік органдар;

- биліктік өкілеттіктерге ие емес, алайда, экономика, білім беру, мәдениет, денсаулық қорғау, ғылым, т.б. салаларда жалпы әлеуметтік функцияларды атқаратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар;

- басқарумен арнайы айналысатын мемлекеттік қызметшілер;

- мемлекеттік аппараттың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық, қаржылық және күштеу құралдары.

## **Мемлекеттік аппарат мәні және олардың қызметтерін ұйымдастыру қағидалары**

**Мемлекеттік аппарат** - мемлекеттің басқарушылық қамтамасыз етушілік және қорғаушылық функцияларын іске асыру бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың біртұтас, иерархиялық жүйесі<sup>124</sup>. Яғни, бұл мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық ережелерге мыналар жатады:

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының артықшылығы қағидасы - бұл қағидаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілер аталған құқықтар мен бостандықтарды мойындауы және қорғауы тиіс;

- демократиялық қағидасы - бұл қағида мемлекеттік органдар қызметін қалыптастыру мен ұйымдастыруға азаматтардың кең көлемде қатысуын білдіреді;

- биліктің тармақтарға бөліну қағидасы - бұл қағида билік органдары мен лауазымды тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді болдырмауға негізделген;

- заңдылық қағидасы - бұл барлық мемлекеттік қызметшілердің Конституцияны, заңдар мен заңға сәйкес актілерді сақтау міндеттілігін білдіреді;

- жариялылық қағидасы - бұл қағида нақты бір мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметіне қатысты құқық субъектілерінің ақпараттармен танысуын білдіреді;

- кәсібилік қағидасы - бұл қағида мемлекеттік аппарат қызметінде мейлінше кәсіби қызметкерлерді пайдалануға қолайлы жағдайлар жасайды;

- алқалық пен жалғызіліктіліктің үйлесу қағидасы - бұл қағида мемлекеттік аппараттың демократиялық және бюрократиялық бастамаларының саналы сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- сайлаушылық пен тағайындаушылықтың үйлесу қағидасы - бұл қағида мемлекеттік басқарудағы орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді байланысын білдіреді;

- бағыныстылық қағидасы - бұл қағида мемлекеттік органдардың мемлекеттік органдардың мемлекеттік аппараттағы әртүрлі деңгейде орналасқанын білдіреді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік аппарат — бұл мемлекеттің көмегімен өздерінің міндеттері мен функцияларын орындайтын, органдар және мекемелердің өзара байланысқан жүйесі болып табылады. Бұл нақты өмірде ұйымдастырушы және материалдық күш, яғни, мемлекет билікті іске асыра отырып, сол немесе өзге саясатты жүргізеді.

Мемлекеттік аппаратты зерттеуде, қандай да болсын мемлекеттік органның тағайындалуы туралы, пайда болу тәртібі, құзыретті жайлы бірінші сөз көзғайды, ал мемлекеттік механизмін зерттегенде, мемлекеттік органдардың тікелей қызметі туралы, қандай да бір мемлекеттік функцияны

---

<sup>124</sup> Қараңыз: *Лазарев В. В., Литень С. В.* Теория государства и права. — М., 1998. — С. 83.

жүзеге асыру үрдісіндегі олардың өзара байланысы туралы айтылды. Мемлекет аппаратының мемлекет механизмімен өзара байланысу сипатына қарай былайша топтастыруға болады:

- ол өзара байланысқан мемлекеттік органдардың тәртіптік жиынтығы болып табылады. Мемлекет механизміне Президент, заң шығарушы органдар (Парламент, Конгресс, Сейм...), атқарушы органдар (үкімет, министрліктер, ведомствалар, мемлекеттік комитеттер, әкімшіліктер және т.б.), сот органдары (конституциялық, жоғары және өзге де соттар), прокурорлық және өзге де қадағалау органдары, полиция, қарулы күштер және т.б. осылардың барлығы бүтіндей билік жүйесін құрайды;

- олардың біртұтас мақсаттары мен міндеттерінің жинақылығын қамтамасыз етеді;

- билік өкілеттігін қолына алған, мемлекеттік органдар мемлекеттік аппараттың негізгі элементі;

- мемлекетпен өзінің билігін іске асыратын, нақты жетістіктерге қол жеткізетін ұйымдастырушылық және материалдық күштердің тірегі болып табылады.

Мемлекет аппараты — жалпы ұйымдастырушылық және қызметтік қағидалармен өзара байланысқан, мемлекеттік органдар жүйесі. Оның қағидалары — мемлекеттік органдардың қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі келісімдерін айқындайтын, бастапқы идеялары. Мемлекеттік органдардың құрылуында, сонымен қатар, олардың қызмет етуі үрдісінде бұл функциялар жан-жақты есепке алынып, қоғамдағы мемлекеттік басқарудың мейлінше тиімділігін қамтамасыз етеді.

### **Мемлекет органдарының түсінігі мен түрлері**

Мемлекеттік орган – бұл мемлекеттік міндеттерді орындаушы және осы мақсатта билік өкілеттіктерін иеленген ұйым немесе мекеме. Сондай-ақ, мемлекеттің айқындалған функцияларын және осыған байланысты бөлінген билік өкілеттігін жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік аппараттың буыны.

#### **Мемлекет органдарының белгілері:**

- біртұтас мемлекеттік организмнің құрамдас бөлшегі ретінде, соның ішінде өзінің айрықша орны бар, мемлекеттік аппаратын дербес бір элемент;

- мемлекет атынан және оның тапсырмасымен әрекеттенеді;

- нормативтік-құқықтық құжаттар (конституция, заңдар және заңға тәуелді актілер) негізінде құрылған және соған сәйкес әрекет етеді;

- өзіне ғана тән міндеттер мен функцияларды орындайды, ол үшін сәйкес келетін нысандар мен әдістерді (осыған орай билік өкілеттіліктері берілген, соның ішінде қажет болған жағдайда мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі бар) пайдаланады;

- құрылғандағы мақсатына жету үшін бірлескен мемлекеттік қызметкерлерден және оларға сәйкес бөлімшелерден (бөлім, басқарма, аппарат, кеңсе және т.б.) тұрады;

- оның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру талабына сай келетін, материалды базасының (ғимарат, транспорт, ұйымдастырушылық техника және т.б.) және қаражат құралының (банктегі есеп шоты, қажетті акша қорлары) болуы;

- аталмыш мемлекеттік органның ережесі және оның нақты әлеуметтік мазмұны айқындалған, белгілі құқықтық мәртебеге ие;

- тиісті шеңбердегі мемлекеттік немесе қоғамдық, мәнді міндеттерді орындауға және осыған сай функцияны жүзеге асыру мақсатында нақты органға немесе лауазымды тұлғаға берілген, заңнамаларда (құқық пен міндеттер) бекіткен өкілеттіліктердің жиынтығы ретінде түсіндірілетін, яғни, органдар тиісті құзыреттілігіне (басқару шеңбері) ие;

- өз құзыреттілігін үш тәсілмен жүзеге асырады:

- 1) нормативтік актілерді қабылдау (жалпы сипаттағы нұсқаулар);
- 2) құқыққолдану актілерін қабылдау (жеке сипаттағы нұсқаулар);
- 3) нақты ұйымдастырушылық қызмет жолдарымен

- мүліктік құқықты іске асыру үрдісінде заңды тұлға ретінде қатыса алады, яғни, өзінің міндеттемелері мен сеніп тапсырған мүліктерге жауап бере алады, сонымен қоса, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленеді және іске асырады, міндеттер жүктеледі, сотта талапкер және жауапкер болады;

- белгілі бір аймақта қызмет етеді (қызметінің аймақтық масштабы бар).

**Мемлекет органдары өлшемдер бойынша келесідей түрлерге бөлінеді:**

- құрылу тәртібі бойынша – тікелей халықпен сайланатын органдар (ҚР Президенті, Парламент, маслихаттар) және басқа мемлекеттік органдармен қалыптасатын органдар (ҚР Конституциялық Кеңесі, Үкімет жән т.б.);

- биліктің тармақтарға бөліну қағидасы бойынша – заң шығарушы (ҚР Парламенті), атқарушы (ҚР Үкіметі, министрліктер, ведомствалар, агенттіктер, әкімшіліктер) және сот органдары (ҚР Жоғары және жергілікті сот).

- өкілеттік мерзіміне байланысты – тұрақты (қызмет ету мерзімі шектеусіз, мысалы, прокуратура, сот полиция) және уақытша (қысқа мерзімді мақсаттарға жету үшін).

- шешім қабылдау тәсілі бойынша – алқалық (ҚР Парламенті, маслихаттар) және біркелкілік (ҚР Президенті, министр, әкім және т.б.).

- қызметінің құқықтық нысандары бойынша – құқықшығарушы (ҚР Парламенті, Үкімет), құқыққолданушы (ҚР Білім беру министрлігі әділет департаменті) және құқықорғаушы (ішкі істер органдары, қаржы полициясы, кеден, прокуратура ) органдар.

- бағыныстылық деңгейіне байланысты – республикалық және жергілікті органдар.

- мемлекеттік қызметті жүзеге асыру нысанына қарай мемлекет органдары өкілдік, атқарушылық, сот, прокурорлық және басқа да бақылаушы-қадағалаушы органдар болып бөлінеді.

- құзіретінің сипатына қарай – өзінің құзыреті шегінде кез-келген мәселелер бойынша шешім қабылдайтын, жалпы (ҚР Парламенті, Үкімет және т.б.) және қоғам өмірінің қандай да бір саласындағы қызметті жүзеге асыратын, арнайы (министрлік, ведомства, агенттік, және т.б.) құзіретті органдар.

### **Қазақстан Республикасы ПО-ның мемлекет аппаратындағы алатын орны**

Мемлекет аппаратында ерекше орын Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына берілген, заңды белгілі құзыретке және осы құзырет шегінде мемлекет атынан әрекет ету құқығына ие, қажет деп таныған жағдайда мәжбүрлеу аппаратының іс-қимылына жүгінетін, оның құрамдас бөлігі.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының мемлекеттік аппаратындағы орны ең алдымен, мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуын жүзеге асырудағы оның рөлімен сипатталады.

Ішкі істер органдары мемлекеттік билік өкілі ретінде арнайы функцияларды жүзеге асырады. Ішкі істер органдары қызметінің жан-жақтылы қоғамдық өмірдің сан салаларына таралады. Бұл органдар тұрғындардың барлық қабаттарының көпшілігімен тікелей және тұрақты қатынасты жүзеге асыратын мемлекеттік аппараттың бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күшіне ие «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» жарлығының 1-бабында мынадай анықтама берілген: «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын-алу, тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады».

Ішкі істер органдарының қызметіне деген функционалдық көзқарас әкімшілік-регламенттік, әкімшілік-атқарушылық, қылмыстық-процессуалдық, жедел-іздестірушілік нысандар мен қоса олардың қызметінің қағидалық мәнді жаңа нысанын бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады. Демек, құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ, денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз» (10-бап. 15-тарм.), «хабар ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіру ...» (10-бап. 9-тарм.), «өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асыруға жәрдем көрсетуге ...» (10-бап. 19-тарм.), «арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастыруға» (10-бап. 26-тарм.), «карантиндік ... іс шараларды өткізуге

катысуға» (10-бап. 27-тарм.), «азаматтар мен лауазымды тұлғалардың төлқұжат жүйесінің белгіленген ережелерін сақтауын, сондай-ақ, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, кету, болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті өту ережелерін сақтауын бақылауға» (10-бап. 25-тарм.) сияқты міндеттер ішкі істер органдарын қоғамдағы әлеуметтік қызмет ретінде қарастыруға негіз болады. Бұдан да басқа, ішкі істер органдарының қызметі басым мәжбүрлеу немесе жазалаушы сипатта болады, құқық нормаларын бұзушылықтан қорғау және бұзылған құқықты қалпына келтіруге бағытталған, қажет болған жағдайда - заңдық міндеттерді орындауы үшін мәжбүрлеумен қамтамасыз етіледі және құқық нормалары бұзылған үшін жазалау шараларын қолдайды. Жекелеп алғанда, қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау барысында әртүрлі құқықтық институттарды қолдануы бойынша әкімшілік құқық нормалары ішкі істер органдарының құқықтары мен міндеттерін нақтылайды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органы туралы» заңына сәйкес азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы, ішкі істер органдарының қызметкерлері күш пен арнайы құралдарды және атыс қаруын қолдануға; құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және қылмыстық процессуалдық заңнамаларға сәйкес қылмысқа сезіктілерді, сондай-ақ, заңға сәйкес жеке бостандықты шектеудің белгілі түрі қолданылған тұлғаларды уақытша оқшаулауға, құқық бұзушыларды ішкі істер органдарына жеткізуге, оларды ұстауға, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ, заттары мен көлік құралдарын тексеруге және заттары мен құжаттарын алып қоюға, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді жүргізуді қамтамасыз ететін заңмен қарастырылған басқа да шараларды қолдану.

Сондықтан да ПО қызметкерлері азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ПО-ның өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Қоғам мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау мақсатында өз құзыреті шегінде Конституцияға және өзге де нормативтік актілерге сәйкес ішкі істер органдарына қылмыстарды анықтау, алдын алу, ашу үшін жария және жасырын жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын реформалау, объективті себептермен байланысты. Тәуелсіздік алғаннан кейін республикадағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар ішкі істер органдарының функциясының дұрыс атқарылуына жаңа сапалы ерекше жағдайлар тудырды, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің тұрғындарымен өзара

катынастарына, мазмұнымен өмір салтына, өнегелік қағидаларына әсер етті. Сондай-ақ, саяси және экономикалық жүйенің терең өзгеруімен байланысты, қоғамның бір сапалық жағдайдан екіншісіне көшуі қоғамның әлеуметтік қабаттануы, жұмыссыздық, қылмыстылықтың өсуі сияқты тежемелік құбылыстарсыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Тәуелсіздіктің алғашқы сындарлы он жылы кезеңі қоғамдық өмірде қылмыстың өсу үрдісімен, ашық пайдақорлық және күш көрсету сипаты анық айқындалған қылмыстылық деңгейінің көтерілуімен сипатталады.

Жедел жағдайдың объективті және заңды күрделенуі ескірген ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымның тиімсіздігінің, жаңа жағдайда қызметкерлердің жұмысқа деген кәсіби дайынсыздығының салдарынан қалыптасқан ішкі істер органдары жүйесінің қылмыстылықпен және басқа да құқық бұзушылықтармен күресуде міндеттерінің нақты орындалуын қамтамасыз ету қабілетсіздігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын реформалау үрдісі синхронді және жүйелі түрде 1994ж. 12-ақпанда Қазақстан Республикасының Президентінің қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының құқықтық реформасының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес басталды.

1995ж. Қазақстан Республикасы Конституциясы қабылданғаннан кейін 1995ж. 6-қазада Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» жән «Қазақстан Республикасының тергеу және анықтауды жүзеге асыратын арнайы органдары туралы» жарлықтарына қол қойды. Осы жарлықтарға сәйкес ішкі істер органдарының жедел, тергеу бөлімшелеріне және прокуратураның тергеу органдарына сүйене отырып, 1997ж. 1-қаңтарынан бастап мемлекетте қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыратын арнайы орган (ҚР ҰҚК қатар) өз қызметін бастады. Ішкі істер органдарының заңда бекітілген міндеттері: қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу, өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, өрт қауіпсіздігі, өрт сөндіру жағдайын қадағалауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдар жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы» жарлығы ішкі істер органдарының және мемлекеттік тергеу комитеті органдарының құзыретіне нақты анықтап берді. Соңғылары тек ұйымдасқан және жемқорлық түріндегі қылмыстармен айналысты. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметінің объектісіне жалпы қылмыстық айналды. Жоғарыда айтылған Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының құрылымында криминалды және әкімшілік полиция, сондай-ақ, алдын ала тергеуді жүзеге асыратын бөлімшелер жасақталды. Ішкі істер органдарының статистикалық қызметі Қазақстан Республикасының Криминалды ақпарат орталығымен біріге



отырып, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының жанындағы құқықтық статистика орталығын құрады. Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелері Төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік комитетке өтеді.

«Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыстылықпен және жемқорлықпен қарсы күресті одан әрі күшейту шаралары туралы» 1997ж. 5-қараша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының жүйесін қысқартып және оның функцияларын пропорционалды ішкі істер органдарына, ҰҚК, Қазақстан Республикасының қаржы полициясы мен кеден қызметіне тапсырды. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының құрылымында ұйымдасқан және экономикалық қылмыстылықпен күрес жөніндегі бөлімшелері пайда болды.

Мемлекеттің Президенті және Үкіметі алдына қойған міндеттеріне қарай, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметтері күнделікті жылдамдықпен өзгеріп жатқан осы жағдайда реформалау үрдісі (дұрысырақ, жетілдіру) тұрақты және күні бүгінге дейін жалғасуда.

Сонымен, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мемлекеттік механизмнің бөлігі бола отырып, мемлекеттік басқару органдарының (атқарушы орган) жүйесіне кіреді және бір уақытта мемлекеттің құқық қорғау органдар жүйесінің және оның құқықорғау қызметінің бір тармақшасы болып табылады. Олар жалпы ережелерге, біздің қоғамның, мемлекеттің және құқықтың ұйымдастырушылық және функционалдық қағидаларына сәйкес оларды құру және жүзеге асыруы арқылы құқықтық қызметтің барлық нысандарын жүзеге асырады.

## 5. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

### 5.1. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет

Қоғамның саяси жүйесі — құқық және өзге де әлеуметтік норма институттар жиынтығы (мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық көзғалыстар және т.б.) негізінде тәртіпке келтірілген, белгілі бір елдің саяси өмірін қамтамасыз ететін және саяси билікті жүзеге асыратын мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы.

Қоғам – мүдделердің өзара сәйкестігі негізінде құрылады, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болады. Яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болады. Мысалы, К.Маркс қоғамды «адамдардың қарым-қатынасының жемісі» -деп қысқа анықтаған. Қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, қоғамдық билік болады. Ал қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның саяси жүйесі. Қоғамдық биліктің түрлері: саяси билік, мемлекеттік билік, ұжымдық билік, ұйымдық билік т.б. ірілі-ұсақты биліктер. Саяси жүйе мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау механизмін белгілеп, міндетті нұсқау бұйрықтар беріп, іске асуын бақылап отырады. «Саяси жүйе» түсінігі саяси процесстердің қалай реттелетіндігін, саяси биліктің қалай қалыптасатындығын және қызмет ететіндігін көрсетеді. Бұл саяси әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың механизмі.

Қоғамның кез келген жүйесі, соның ішінде саяси жүйе, өзара байланыстағы сол арқылы олардың құрамдас бөлшектеріне тән емес жаңа сапа тудыратын әртүрлі элементтердің бірлігін және тұтастығын көрсетеді.

«Саяси жүйе» категориясы таптардың, әлеуметтік топтардың, ұлттың мүддесіне кіруге және саяси құбылыстардың мүддесін айқындаушы, тәуелділігі мен өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Яғни, саяси жүйе мемлекеттік билікті пайдалану, оған қатысу, ол үшін күресу негізінде әлеуметтік қауымдастықтың өзара игіліктерін бөлу және өндірісін реттейді.

Саяси жүйе құрылымын оның элементтері және олардың арасындағы байланыстар құрайды. Саяси жүйе келесідей құрауыштармен танылады:

- қоғамның саяси ұйымы: оған мемлекет, саяси партиялар және көзғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т.б. жатады;

- саяси сана, саяси билік пен саяси жүйенің психологиялық және идеологиялық жақтарын сипаттайды;

- қоғамның саяси өмірін және саяси билікті іске асыру үрдісін реттейтін әлеуметтік-саяси және құқықтық нормалар;

- саяси билікке қатысты жүйе элементтерінің арасында қалыптасатын саяси қатынастар;

- саяси тәжірибе, ол саяси әрекет пен жинақталған саяси дағдылардан құралады.

Мемлекет саяси өмір құбылыстарын «жалпы міндеттілік» өлшемі арқылы өткізіп, өз бойына саяси мүдделердің көпшілігін шоғырландырады. Міне осы тұрғыдан мемлекет саяси жүйеде ерекше роль атқарады, оған тұтастық пен тұрақтылық береді. Ол қоғам ресурстарын пайдалана және оның өмір сүруін ретке келтіре отырып, басқару бойынша әрекеттердің басым бөлігін атқарады.

Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Мұндай институттардың қатарына қоғамдық өмірдің билікке байланысты саласына қатысушы мемлекет, партиялар, кәсіптік одақтар және басқа да ұйымдар мен қозғалыстар жатады. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталады:

- еңбек нәтижелері саналы түрде **мемлекеттік ұйымдасқан адамдардың ерекше тобымен бөлінетін** әлеуметтік орта. Мұндай ортада меншіктің рұқсат берілуі мүмкін, ал, жеке меншік мүлдем болмайды. Мұндай саяси жүйелерде мемлекеттік билік қоғамның экономикалық өміріне тоталитарлы түрде араласады, мемлекет идеологиясынан өзгеше ойлау басып-жаншылып отырады, мемлекетті идеология, дін, мәдениет, білім, ғылым қалыптасады. Билікке тек бір саяси партия болады.

- әлеуметтік ортаның екінші бір түрі **қоғамның экономикалық өмірінің нарықтық-ақшалық негізінде**, еркін кәсіпкерліктің тәжірибесі мен идеологиясына негізделеді. Мұндай саяси жүйелерде мемлекет нарықтық экономика үшін жағдайларды ұйымдастырушы ретінде көрініс табады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Мұндай жүйеде партиялар билікті сайлау компанияларына қатысу арқылы жаулап алуға тырысады, құқықтық нысандар саяси мақсаттарға жетудің негізгі құралына айналады.

- әлеуметтік ортаны ұйымдастырудың үшінші түрі – **аралас түрі**, ол конвергенция деген атқа ие болды. Конвергенциялық саяси жүйелер бір әлеуметтік ортадан екінші әлеуметтік ортаға өту кезінде пайда болады. Конвергенциялық саяси жүйелерге әртүрлі мақсаттағы және мазмұндағы көптеген саяси институттардың араласуы тән болып келеді.

**Саяси жүйелердің түрлері.** Саяси жүйелердің пайда болатын **әлеуметтік ортасының** сипатына қарай мынадай саяси жүйе түрлері болады: тоталитарлық, либералдық-демократиялық және аралас жүйелер, ал өзара байланысу сипатына қарай ашық және жабық саяси жүйелер болады.

### **Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет орны мен рөлі**

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты. Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық құрылымдық бөлік ретінде кіреді. Ол өз

функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқарады. Ол саяси жүйеде жетекші рөлді иеленген, себебі:

- а) оның аумақтық шекараларында азаматтық белгісі бойынша біріккен халықтың жалғыз ресми өкілі рөлін атқарады;
- ә) егемендіктің жалғыз иесі болып табылады;
- б) қоғамды басқаруға бағытталған әлеуметтік аппараты болады;
- в) қарулы құрылымдары болады;
- г) Құқық шығармашылыққа қатысты монополияға ие;
- д) материалдық құндылықтардың ерекше жиынтығына (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т.б.) ие.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктерді, одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, көмек жасап отырады.

### **Мемлекеттің саяси жүйе бағыттағы жұмыстарының түрлері:**

**Мемлекет және саяси партиялар** – бұл екеуі бірігіп қоғамды басқарудағы ең шешуші күш. Басқарудың сапалы немесе сапасыз болуы осы екі бірлестіктердің қызметіне байланысты. Сондықтан, олардың іс-әрекеті халықтың, үкіметтің үнемі бақылауында болады. Қоғамның саяси жүйесінде мемлекетпен қатар партиялар маңызды орын алады, олар билік үшін күрес барысында мемлекеттік аппаратмен өзара әрекет жасайды.

«Партия» термині латын тілінен аударғанда бөлік топ деген сөз. Ол Ежелгі Римнен бастау алған. Бірақ саяси партиялар парламентаризм қалыптасу (XVIII-XIX гг.) барысында пайда болған. Саяси партиялар өздерінің негізгі мүдделерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік билікті жеңіп алу, ұстап тұру және пайдалану мақсатын көздейтін идеологиялық және ұйымдық біріккен адамдардың ерікті қауымдастығы. Саяси партиялар қызметінің құқықтық реттелуі 2002ж. 15-шілдеде қабылданған, «ҚР саяси партиялар туралы» заңында белгіленген.

Саяси партиялар азаматтардың саяси өмірге қатысуының негізгі себепші әлеуметтендіру құралы болып есептеледі. Қоғамда ұйымдар, соның ішінде саяси ұйымдардың мүшелерінің саны мен сапасының көрсеткіші жоғары болған сайын, олардың саясатқа қатысу деңгейі де жоғары болып есептеледі. Бірақ, барлық уақытта солай болады деуге болмайды.

Қоғамның саяси жүйесіне кіретін саяси партиялар мен ықпалды топтардың іс-әрекеті мен әдістерінің арасында айырмашылық та жоқ емес. Мысалы, партиялар мемлекеттік аппаратты бағындырып, оларды басқаруға ұмтылады. Ал ықпалды топтар мемлекеттік аппараттардың шешім қабылдау ісіне ықпал жасаумен шектеледі. Бұлар кейде саяси партиялардың құрамына да кіреді. Партиялар азаматтардың саяси ерік-жігерін қалыптастыруға және оны білдіруіне жәрдемдеседі (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 56-бап). Бірақ ол шексіз емес – олардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіне араласуына жол берілмейді (54-бап). Сол сияқты мемлекет өз аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары қызметіне жол берілмейді.

Көп партиялылық – плюрализмнің бірден-бір тетігі емес, оның заманы өткен дейтін зерттеушілер де бар екенін айтпай кетуге болмайды. Олай деушілердің ойынша көп партиялылықты шұғыл енгізу жағдайында ішкі саяси ахуал қатты шиеленіседі, белгілі дәрежеде демократиялық дағды қалыптасып үлгермеген қоғамда бірден шексіз еркіндік беруге де болмайды. Егер басқа партиялар болмайтын болса, онда басқарушы партияның ішінде кең түрде саяси еркіндік қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл сияқты платформа идеясының жүзеге асып жатқанын жапондық либералдық-демократиялық партияның, үнді ұлттық конгресінің іс-әрекетінен көруге болады. Бір ғана саяси партия жағдайында ол проблемаларды талқылауға құқықты бірден-бір ұйым болмауға тиіс. Партияның деңгейінде дамымаған болса да, саяси майданда бәсекеге түсе алатын басқа саяси ұйымдар да болуға тиіс. Бұдан басқа да АҚШ-тағы сияқты екі партиялылықтың тиімді екенін жақтайтын пікірлер де бар. Азаматтардың саяси еркіндігі көп ретте осы жағдайлармен байланысты. Қазақстанда саяси партияларды жоғарыдан құру тәжірибесі кеңінен тараған. Бұл жағдайдың барлық деңгейде қалыптасып отырғандығын Отан партиясының кезектен тыс IV съезінде сөйлеген сөзінде Президент Н.Ә.Назарбаев «... Басшы партия органдары қаншалықты жасыруға тырысса да, аймақтық бөлімшелердің қалыптасуының өзі «жоғарыдан» дейтін классикалық схема бойынша жүреді. Сосын жергілікті жетекшілер, жұмсартып айтқанда, нұсқау бойынша сайланады» – деп ашық айтуы бекер емес.

Қазақстанда азаматтардың партиялар мен қоғамдық ұйымдар арқылы саясатқа қатысу еркіндігі де біркелкі бірдей деуге болмайды. Мысалы, азаматтар үшін «Нұр Отанның» беделі жоғары. Ал «Әділет», «Азат», «Ақ жол», «Ауыл», «Руханият», «Патриоттар», 2 компартия;

Саяси жүйенің өзге элементтері саяси әрекетпен айналысқан күннің өзінде де, басым түрде өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және өзге мүдделерін қорғауға назар аударса, партиялар әрекеті билікті жеңіп алуға және жүргізуге, мемлекеттік істерді басқару үшін күреске бағытталған.

Саяси партиялар адамдардың әр түрлі топтарының мүдделерін көрсетуге бағытталған, сондықтан да олардың түрлері де әр түрлі болып келеді. Партияларды парламенттік билікті демократиялық жолдармен, парламент жұмысына қатысу арқылы жеңіп алуды мақсат ететін және билікті күшпен басып алуды, қоғамдық құрылымды күштеп өзгерту міндетін қоятын партиялар деп ажыратуға болады.

Мемлекет ісіне қатысуына байланысты парламенттік партиялармен қатар, басқарушы партияларды — билікті жеңіп алған және жүзеге асырып отырғандарды да атауға болады.

Саяси партиялардың функциялары:

- ірі әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтау, қалыптастыру және қанағаттандыру;
- адамдардың кейбір бөлігін белсендендіру;

- саяси билік үшін оны пайдалану үшін күрес, осы күрестің өзгермелі жағдайына (легальды және легальды емес, революциялық және эволюциялық, реформашыл, қаруланған және күш көрсетпейтін және т.б.) байланысты күрестің нысанын, тәсілдері мен әдістерін анықтау;

- жоғарғы және жергілікті билік органдарын қалыптастыру үшін сайлау комиссияларын дайындау және өткізу, оларға өз жақтастарын ұсыну, олардың парламенттік қызметіне бақылауды ұйымдастыру;

- партиялық идеологияны дайындау, қоғамды дамыту саяси бағдарламасын құру және іске асыру, насихат жүргізу және қоғамдық пікірді қалыптастыру;

- қоғамды тұтастай немесе оның бөліктерін саяси тәрбиелеу;

- партия, мемлекеттік аппарат және түрлі қоғамдық ұйымдар үшін кадрларды дайындау және ұсыну, басқарушы элитаны қалыптастыру.

Саяси партиялар түрлі санаттағы адамдардың, қоғамдағы топтардың мүдделерін білдіру үшін шақырылған және осыған байланысты олар әлдеқайда көптүрлі. Оларды төмендегідей талаптар бойынша жіктеуге болады:

- саяси партиялар өзінің бағдарламасы мен қызметінің әлеуметтік бағыты бойынша әлеуметтік-демократиялық, либерал-демократия-лық, коммунист, кластық, ұлттық, нәсілдік, фашистік, діни, мемлекеттік-патриоттық және т.с.с болып бөлінеді;

- олардың қызметінің идеялық негізі бойынша — доктриналдық (ең алдымен өзінің идеологиясын қорғауға бағытталған), прагматикалық (әрекетінің тәжірибелік мақсаттылыққа бағытталуы) және хразиматикалық (нақты саяси лидерінің төңірегінде бірігетін);

- өз бағдарламасын жүзеге асыру тәсілі бойынша — революциялық (қоғамды радикалды сапалы қайта құруға ұмтылатын) және реформистік (қоғамдық өмірді құрылымдық қағидалық өзгеріссіз-ақ жақсартуға ұмтылатын);

саяси әрекетінің сипаты бойынша консервативті-реакцияшыл, радикалды-экстремалдық;

- жоғары мемлекеттік билік органдарындағы уәкілдігі және ресми саясатқа қатысы бойынша — билеуші және оппозициялық (соңғысы өз кезегінде легалды, жартылай легалды және легалды емес деп бөліну мүмкіндігі бар);

- саяси арнада алатын орны бойынша — центристік және оңшыл.

**Мемлекет және қоғамдық, ұйымдар мен бірлестіктер** – қазіргі заманда халықтың мүдде-мақсатын орындайтын тек мемлекет пен саяси партияға ғана емес, ол мүдде-мақсаттың басым көпшілігі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қолында. Слондықтан, мемлекет оларға көмек көрсетіп, іс-әрекеттерін, жұмыстарын бақылап отырады.

Қоғамдық саяси көзғалыстар — азаматтардың белгілі бір әлеуметтік тобының мүддесін көздеуге және маңызды саяси мақсатқа жетуге бағытталған қоғамның барынша белсенді тобы.

Қозғалысқа қандай да болмасын партияның әрекетіне көңілі толмаған немесе жарғылық нормалармен өздерін шектегілері келмеген, сондай-ақ, нақты анықталған саяси мүдделері қалыптаса қоймаған адамдар қатысады. Қоғамдық қозғалыстардың саяси партиялардан айырмашылығы:

- қозғалыстың әлеуметтік базасы өте кең, аморфтық, ала-кұла (бір қозғалысқа және сол қозғалысқа әр түрлі әлеуметтік, идеологиялық, ұлттық, конфессиялық және басқа да топтардың өкілдері кіреді);

- қозғалыстар тек бір саяси тұжырымды қолдайды және бір ірі саяси мәселені шешуді көздейді, бір мақсатта болады, ал, партия сияқты (мақсаттың кешені жоқ) осы мақсатқа жеткеннен кейін өзінің өмір сүруін тоқтатады;

- қоғамдық саяси қозғалыстар партия сияқты мәңгі емес;

- қоғамдық саяси қозғалыстар билікке ұмтылмайды оған әсер ету арқылы проблемасын шешуге «бағыттайды» (қоғамдық саяси қозғалыс билік үшін күресте саяси партияға ауысады);

- қоғамдық саяси қозғалыста саяси белсенділіктің орталығы болып ядросы (авангарды) — белсенді топтар, клубтар, одақтар және т.б. болып табылады;

- қоғамдық саяси қозғалыста формальды ішкі иерархия, нақты анықталған тұрақты мүшелік және тиісті құжаттар (бағдарлама, жарғы) болмайды.

Қоғамдық саяси қозғалыстарды да саяси партиялар тәрізді әр түрлі негіздер бойынша жіктеуге болады:

- әрекет ету аймағына байланысты әлеуметтік-саяси, этносаяси, конфессионалдык. экономикалық. экологиялық, ғылыми және т.б.;

- қатысушыларының санына байланысты бұқаралық, элитарлық;

- әрекет ету аумағына байланысты - жергілікті, аймақтық, республикалық, мемлекетаралық;

- әлеуметтік құрамына байланысты — кәсіби, әйелдер ұйымы, жастар одағы және т. б.;

- ұйымдасу тәсіліне байланысты — фронт, ассоциация, бірлестік, одақ, ұйым және т.б. деп бөлуге болады.

**Мемлекет және еңбек ұжымдары** - өндірісте, шаруашылықта мәселенің басым көпшілігі еңбек ұжымдарының құзыретінде: шаруашылықтың нәтижелі жұмыс жасауы, тәртіптің жақсы дәрежеде болуы, адамдардың бірлігі, достығы, мәдени, рухани білімі, денсаулығы және т.б. осы бағытта ұжымның атқаратын қызметінің маңызы, құндылығы ежелеп айтпаса да белгілі. Бұл мәселені ұжым мемлекетпен бірігіп іске асырады.

**Мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметі** жергілікті басқару мекемелері өзінің әкімшілік-территориясында мемлекеттік билікті жүргізуге құзыреті болады және ол үшін жауапты. Бұл жұмысқа сол территориядағы азаматтар белсенді қатысып, барлық мәселені реттеп-басқаруға міндетті. Жергілікті мемлекеттік басқару органы оларға жан-жақты көмек көрсетуге міндетті. Осы екі орган тығыз байланыста қызмет жасауға тиіс. сонда ғана нәтиже болады.

**Мемлекет пен азаматтар** – азаматтар мемлекеттің жұмысына тікелей қатысып немесе өздерінің өкілдері арқылы өз ой-пікірлерін білдіріп отыруға құқықтары бар және ақпарат, радио, теледидар да өздерінің тілектерін, талаптарын, сын-пікірлерін айтуға құзыреті бар. Мемлекеттік органдар көмек көрсетіп, толық бостандық беруге міндетті. Егерде бұл іс-әрекет екі жақты сапалы жүргізілсе қоғамға, халыққа тиетін жақсылығы көп болады деуге болады.

**Мемлекет пен дін.** Мемлекеттің дінмен қарым-қатынасына сәйкес үш түрлі мемлекеттер **зайырлы, теократиялық, клерикалдық:**

- **зайырлы** мемлекеттің дінмен тікелей байланысы болмайды, олар бір-бірінің жұмысына тікелей қатынаса алмайды, жай байланыс жасауға болады. Оның бағыттары – демократияны, бостандықты, әділдікті, теңдікті дамыту, халықтың мәдени, рухани білімін көтеру, жастарды инабабтылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттарды бірлікке, достыққа тәрбиелеу т.б.

- **теократиялық** – мемлекетті басқару церковь құзыретінде 1921ж. дейін Монғолия осындай мемлекетке жатты. Қазір – Ватикан осы жүйедегі мемлекет.

- **клерикалдық** - мемлекет зайырлы және теократиялық мемлекеттерінің ортасындағы мемлекет. Олар мемлекетпен бірікпейді, бірақ заң шығару процесіне қатысты мемлекеттің саясатына ықпал жасайды. Бұл мемлекеттерге жататындар: Ұлыбритания, Дания, Норвегия, ШвЕңия, Израиль, Италия және 20 шақты ислам мемлекеттері.



## 5.2. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

Мемлекет пен құқықтың келіскен әрекеттестігін іздеу моделі, құқықты саяси биліктің негізін іске асыратын құрал ретінде тануы, ерте заманнан басталады. Соған сай идеялардың бастамасы ертедегі қытайлардың Логистерінде (Шан Ян - IV ғ. б.э. дейінгі) заңды ғана сараптаған, құқықты мемлекеттің мәжбүрлеуінің нысаны ретінде емес, тек билікке оны орындаудың міндеттілігі ескертіледі. Құқықтық мемлекеттің негізгі идеяларының элементтері көне оқымыстылармен құрылған. Оларға: Солон, Гераклит, Пифагор, Платон, Аристотель, Демокрит, Сократ, Цицерон, сонымен қатар, софистер, стоиктер және рим заңгерлері жатады. Олардың басқару нысаны жөніндегі дұрыс және дұрыс емес ережелерге: табиғи және ерікті белгіленген құқықтық қатынастары, адамдардың теңдігі туралы табиғи құқық, мемлекетті "халықтың жұмысы" құқықты адалдықтың өлшемі ретінде есептеу, жеке және көпшілік құқық жатады. Жаңа кезеңде, табиғи құқық доктринасының теориялық дамуына ықпал жасады, екі мың жылдарға сөзылған кезеңдерде құқықтық мемлекет идеялары жетіле бастады. Континенталдық Еуропада құқықтық мемлекет тұжырымдамасы элементтерінің алғашқы кезеңі, құрылымына сай тарихи алғышарттардың жоқ кезінде өтті.

Жаңа кезең оқымыстылары (Н. Макиавелли, тирандармен күресушілер Э. Бозсси т.с.с.) бірінші болып, қоғамдық санаға ертедегі табиғи құқық доктринасын енгізе бастады, оның көптеген ережелерін жаңа тарихи жағдайда дамытты. Олардың егеменді тәуелсіз ғылыми, құқықтың шығуы, еркіндік тирандарға қарсы тұрудағы арналған халықтың құқығы, табиғи теңдік және барлық адамдардың еркіндігі, жаңа ғылыми принциптегі мемлекет проблемаларын зерттейтін теориялық негіз болды. Жоғарыдағы көрсетілген жағдайлар, белгілейтін элементтердің мемлекет пен адамға қатынасын табуға мүмкіндік берді - құқықтың принциптерінің артықшылығын көрсетті. Бірінші рет оны (толық емес құрастырған) көрсеткен, Гуго Гроций болды. Оның ойы бойынша жақсылықтың және мемлекеттің тағайынды болуы жетілген құқыққа байланысты, мемлекеттің қызметі құқық принциптеріне сай болуы керек - деген ой, И. Кантқа жатады. Халық егемендігінің қағидаларына сай, негізгі маңыздылығы, атқарушы биліктің, заң шығарушыдан айырылғандығын және оның қызметін тежейтін принципті белгілегенінде, яғни халық өзі туралы өзі шешім қабылдай алмайды, заң шығарушы халық жөнінде шешім қабылдай алады. И. Канттың мына ойына құлақ салуға болады: заңның құқыққа сай келуіне байланысты, мемлекет құқыққа мәжбүрлеуге мүмкіндік алады және құқықты өзінің өмір сүруі үшін сақтайды. Р. Фон Моль бірінші рет, құқықтық мемлекетке анықтама бере отырып, оны жаңа кейіпті конституцияда бекітілген азаматтардың құқығы және бостандығы бар индивидтердің, сот қорғауы қамтамасыз етілген конституциялық мемлекетке жатқызды.

Мемлекетті Конституция, заңдардың шегінде шектеу бағдарламасы ретінде құқықтық мемлекет ұғымы ХУІІІ-ХІХғ.ғ. аралығында пайда болды. Ал идеясы мен институттары құқықтың германдық және еуропалық дамуына жатады және құқықтың көмегімен мемлекетпен кепілдендірілген бейбіт тәртіпке жетуге бағытталады. Мұндай мемлекеттің тұжырымдамасын М. Падуанский, Д. Локк, Ш.Л. Монтескье, Д. Адаме, Д. Медисон. Т. Джефферсон, И. Кант, Г.В. Гегель және т.б. дамытқан. Құқықтық мемлекет туралы буржуазиялық ілімнің бастаушысы және классигі Имануил Кант еңбегінде орын алған құқықтық мемлекет — барлық органдарының, лауазымды тұлғаларының ұйымдастырылуы және қызметі құқыққа негізделген және онымен байланысты демократиялық мемлекет. Құқықтық мемлекет — адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық қамтамасыз ету үшін жағдай жасайтын, саяси билік ұйымы<sup>125</sup>.

Құқықтық мемлекеттің екі негізгі қағидасын (мәнінің екі жағы) бөліп көрсетуге болады:

- халықаралық талаптар деңгейінде адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету, жеке тұлғаның құқықтық ынталандыру (әлеуметтік жағы) режимін құру;
- құқықтың көмегімен мемлекеттік билікті жүйелі (заңды формалды жағы) байланыстыру, мемлекеттік құрылымдар үшін шектеудің құқықтық режимін қалыптастыру шектеу.

Бірінші қағида бойынша ҚР Конституциясының І-бабында белгіленген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялайды».

Екінші қағидаға келсек, құқықтық мемлекет ұғымы мемлекеттің құқыққа бағыну идеясынан туындайтындықтан, сол құқықтың өзі демократиялық, табиғи құқық, әлеуметтік әділеттілік, ізгілік қағидаларына және өзге де жалпы адамзаттық құндылықтарға қаншалықты сәйкес келуі жөніндегі мәселеге байланысты болмақ. Осы екі қағиданы, құқықтық мемлекет идеясының құндылығын, қажеттілігін көрсететін әлеуметтік жағы және аталған қажетті идеалдарға жету жолдарын бейнелейтін, формальді-заңи, талдасақ, онда адам мен азаматтың толық құқықтары мен бостандықтарының барынша толық қамтамасыз етілуіне қалайша жетуге болатындығы анық болмас еді. Егер де керісінше тек формальді-заңи аспектіні негізге алсақ, онда (кім үшін, не үшін) мемлекеттік билікті шектеу қажеттігі түсініксіз болады. Мұндай шектеу — мемлекетті өзінің бірде-бір қызметін орындай алмайтындай етіп шектеуден азаматтық қоғам ұтпайды, керісінше ұтылады. Құқықтық әдебиеттерде конституциялық бақылауды ұйымдастыру қағидасына негізделген құқықтық мемлекет үлгілері туралы пікірлер айтылады. Құқықтық мемлекеттің американдық, неміс және

<sup>125</sup> Омельченко О.А. Идея правового государства: истоки, перспективы, причины. — М. 1994. — С. 43.

француздық үлгілері бөліп қарастырылады. Біріншісінде, нормативтік актілердің конституцияға сәйкес еместігін жалпы юрисдикциялық соттар құрылады, екіншісінде квазисоттық орган — Конституциялық Кеңес құрылады. Құқық ғылымдарында табиғи құқық болып 1948ж. қабылданған адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы мен басқа да халықаралық актілерде баянды етілген жеке тұлғаның азаматтық (жеке), оның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының жүйесі танылады.

Екінші қағида дербес қағида ретінде келесі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- биліктің, оны асыра пайдалануды болдырмау мақсатында заң шығарушы, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуі;
- заңның үстемдігі (барлық конституциялық үрдістерді қатаң сақтаумен биліктің жоғарғы органы қабылдаған заңдарды атқарушы билік актілерімен тоқтатуға, өзгертуге жол бермеу);
- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі және т. б.

Бұлардан басқа аталмыш қағидалардан туындайтын өзге де қағидаларды атауға болады: қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғарғы деңгейі, азаматтық қоғамның болуы және оның тарапынан құқық субъектілерінің заңды орындауына бақылау жасау. Дегенмен, құқықтық мемлекеттің көптеген қағидаларының ішіндегі екеуі негізгі, шешуші ретінде қалады және оларды өзара байланыста қарастыру керек.

Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет деп жариялайтындығы белгіленген. Бұл ереже адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы нормалардан, конституцияда көзделген демократиялық қағидалар мен институттардан, конституцияның үстемдігінен және конституциялық нормалардың тікелей әрекет етуінен жалғасын табады. Бірақ, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы күрделі процесс. Ол қоғамдық сана, саяси өмір және мемлекет қызметінде орын алған құқықтық нигилизм стереотиптерін жеңу қажеттілігімен, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттырумен байланысты болып табылады<sup>126</sup>.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері:

- **адам құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау, қамтамасыз ету және қорғау.** Қазақстан Республикасының 1-бабында мемлекеттің ең басты құндылығы адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы деп бекітілген. Құқықтық мемлекетте осы бекітілген және өзге де мемлекеттік проблемаларды тікелей шешумен қатар, адамды ең басты құндылық деп тану мақсаты болуы тиіс. Жеке тұлға құқығы және оның еркін дамуын қамтамасыз ету өмірде шындыққа сай болуы керек. Адамның әлеуметтік-саяси өміріндегі бостандық, оның құқығындай еркін де шынайы

---

<sup>126</sup> Көзлехин И.Ю. Идея правового государства: история и современность — М. 1993. — С. 63.

болуы тиіс. Құқықтық мемлекет бостандықтың айқындалған аясында жекелікке және оның шегінде мемлекеттің араласуына жол берілмейді деп таниды. Қоғамдық өмірдің түрлі аясында жеке тұлға бостандығының құқықтық сипаты көрінеді. Мысалы, жеке тұлға мүдделеріне мемлекеттің қанағаттанарлық әрекеттесу құқығы, жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқығы, білім алу, әлеуметтік қамсыздану, соттық қорғау және т.б. құқығы. Жеке тұлға бостандықтарының дамуы және кепілділік дәрежесі құқықтық мемлекеттің көзқарасымен, экономикалық және рухани алғы шарттармен келісіледі.

– **қоғамдық өмірдің барлық саласында заңның жоғарлығы.** Құқықтық құндылық жүйесіндегі қалыптасқан, ұйымдастырылған және қорғалған, адам бостандығының жоғары нысаны заң болып табылады. Мемлекет заңдармен қоғам дамуындағы теңдік пен әділеттілік бастауларының объективтік қажеттіліктерін барынша ескере отырып, мінез-құлықтың жалпыға міндетті ережелерін белгілейді. Сондықтан да, заң жоғары заңды күшке ие болады. Барлық басқа құқықтық актілер заңға сәйкес келуі тиіс. Заң қоғам өмірінің мейлінше маңызды да ерекше жағын реттейді. Заңға тәуелді актілер, оның ішінде, ведомствалық актілер, қажеттілігіне қарай бірқатар заң ережелерін нақтылайды. Бірақ, олар заңдарды жасамайды және өзгерістер енгізбейді.

Мемлекеттің негізгі заңы – бұл Конституция. Онда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық қағидалары қалыптастырылған. Конституция ағымдағы барлық заңнамалармен сәйкестендірілген, қоғамның жалпы құқықтық моделі ретінде көрінеді. Өзге ешқандай құқықтық актілерді мемлекет Конституцияға қарама-қайшы қоя алмайды.

Заңның үстемдігі, бәрінен бұрын Конституция, құқықтық заңдылықтың мықты режимін, қоғамда әділ құқықтық тәртіптің тұрақтылығын мына негізде жасайды:

– мемлекеттің сыртқы және ішкі егемендігі;  
– жалпыға танылған ішкі заңнама қағидалары мен халықаралық құқықтық нормалардың сәйкес келуі (яки, халықаралық нормалардың тікелей әрекет жасауы). Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бап, 3-тарм. «Республика бекіткен, халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» - деп бекітілген.

– құқық негізде құрылған, мемлекеттік институттар жүйесіндегі барлық мемлекеттік биліктік өкілеттіктердің шоғырлануы;  
– биліктің бөлінуі (ҚР Конституциясы 3-бап);  
– соттың жоғары абыройы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сотпен қамтамасыз етілу мүмкіндігі;  
– мейлінше әрекетті тәсілдегі билік үшін қоғамдық бақылау барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарын халықтың жүйелі, еркін, демократиялық сайлауы болып табылады;

- саясат пен экономиканы жеке дара иемденуге жол бермеу;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының біртұтастығы;
- адам және мемлекеттің өзара жауаптылығы.

Саяси билікті иеленуші мемлекет пен оны қалыптастыру мен іске асыруға қатысушы азаматтардың арасындағы қатынастар теңдік пен әділдік бастауымен құрылуы тиіс. Мемлекет әрбір азаматпен қарым-қатынаста әділдіктің қамтамасыз етілуін өз міндеттілігіне алады. Мемлекеттік органдар құқыққа бағына отырып, оның қағидаларын бұзуға жол берілмейді, бұл міндеттерді орындамағаны және бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылады. Мемлекеттік билік үшін заңның міндеттілігі - әкімшілік жауаптылықпен тартылатын, кепілділік жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға жататындар: сайлаушылардың алдындағы депутаттардың жауаптылығы, өкілетті органдар алдындағы өкіметтің жауаптылығы, мемлекеттің кез-келген деңгейдегі лауазымды адамдардың нақты құқық субъектілерінің алдында өзінің міндеттерін орындамағаны үшін тәртіптік және қылмыстық жауаптылыққа тарту.

**Құқықтық мемлекет** – бұл адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

**Құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолдары мен проблемалары:** мемлекеттік биліктің барлық жүйесі биліктердің бөліну принципіне сай құрылуы; сот реформасын жүргізу; адамның ең жоғары қазына ретіндегі құқықтары мен бостандықтары жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіру және дамыту; дамыған азаматтық қоғам құру; қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейін көтеру және т.б.

Құқықтық мемлекеттің белгілері: құқықтың үстемдігі; биліктердің бөлінуі; тәуелсіз сот; адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау; демократия және т.б.

Құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар да жатады:

- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;
- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып, қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы мүмкін емес;
- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;
- азаматтық қоғамның болуы және ондағы құқық субъектілердің заңдардың орындауына бақылау жүргізілуі.

Осы қағидалардың ішінде ерекше орын алатыны – **биліктің тармақтарға бөлінуі**. Бұл қағиданы алғаш рет Д.Локк пен Ш.Монтескье ұсынған болатын. Қағиданың басты талабы – саяси бостандықты бекіту, заңдылықты қамтамасыз ету және белгілі бір әлеуметтік топтың, мекеменің

немесе жеке тұлғаның билікті асыра пайдалануын болдырмау үшін мемлекеттік билікті **заң шығарушылық** (халық сайлайтын және қоғамды дамытудызандар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған), **атқарушылық** (биліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралымдық-шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) және **сот** (бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің, кінәлілерді әділетті түрде жазалаудың кепілі болып табылатын) биліктері деп бөлу қажет. Конституцияда бекітілген, «тежемелік (билік тармақтарының қызметін заң шеңберінде ұстау әдісі) және тепе-теңдік (конституциялық өкілеттігін қорғау және оның бұзылуына жол бермеу үшін бір билік тармағының екінші билік тармағына қарсы әрекет жасайтын әдісі) жүйесі» заң шығару, атқарушы, сот билігінің нақты бір билік түріне қатысты құқықтық шектеулерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы, заң шығару билігіне қатысты тежемелік жүйесінде ерекше рөлді Президент иеленген, ол заң шығарушыға қатысты **вето** құқығын иеленеді, атқарушы билікке қатысты тежемелік сипатта болып, президент өкілеттіктерінің мерзімі, импичмент, сенімсіздік вотумы, атқарушы органдардың жауапты қызметкерлеріне заң шығарушылық құрылымға сайлануға, коммерциялық қызметпен айналысуға тыйым салу табылады, сот билігі үшін конституцияда көрініс тапқан құқықшектесуші құралдар болып мыналар табылады: кінәсіздік презумпциясы, қорғану құқығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, іс жүргізудің жариялылығы және жарыспалылығы, соттарға отвод жариялау және т.б.

Құқықтық мемлекеттің тағы бір дербес қағидасы – мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі. Бұл саяси билікті шектеудің өзінше бір тәсілі, ол саяси биліктің иесі ретіндегі мемлекет пен оны жүзеге асырудың қатысушысы ретіндегі азаматтың арасындағы қарым-қатынастардың адамгершілік заңды бастамаларын көрсетеді. Қоғам мен тұлғаның бостандығын заң шығарушылық нысанда бекіте отырып, мемлекет өз шешімдері мен әрекеттерінде белгілі бір шектеулерді иеленеді. Заң арқылы ол өзінің азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарындағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ететін міндеттемелерді өз мойнына алуы тиіс.

Құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдарындағы ережелерді бұза алмайды және осы міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі әкімшіліктік қателіктерді болдырмауға бағытталған кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға Үкіметтің өкілдік органдардың алдындағы жауапкершілігі, мемлекеттің кез-келген деңгейдегі лауазымды тұлғаларының нақты бір тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы, билікті асыра пайдаланғаны, қызметтік жағдайын асыра пайдаланғаны үшін тәртіптік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі, импичмент және т.б.

Жалпы қауымның мемлекеттік құрылымдардың өз міндеттерін орындауды бақылауының нысандары болып референдумдар, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруі және т.б. табылады.

Тұлғаның мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамалар негізделеді. Мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқықтық сипатта болуы, ол тұлғаның бостандығын бұзбауы және жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына сай болуы тиіс. Сонымен мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар өзара жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы бастаулардың негізінде жеке тұлғаның мемлекет алдындағы жауаптылығы қалыптасады. Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың құқықтық сипаты, жеке тұлға бостандығын бұзбай, жасаған құқық бұзушылықтың ауыртпалығына байланысты болуы керек. Мемлекет және жеке тұлғаның өзара жауаптылығының құқықтық сипаты – құқықтық қоғамда қалыптасқан, маңызды да қосалқы бөлігі – дамыған азаматтық қоғамның болуымен көрінеді.

### **Азаматтық қоғамның ұғымы және құрылымы**

**Азаматтық қоғам** – бұл әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған (дербес мемлекеттен тәуелсіз) қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесі<sup>127</sup>.

**Азаматтық қоғамның элементтері:** кәсіподақтар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, шығармашылық ассоциялар, діни бірлестіктер, тәрбие саласы, білім саласы, ғылым және мәдениет саласы, жанұя.

**Азаматтық қоғамның белгілері:** адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т.б.

"Азаматтық қоғам" деген атауды, түсінікті Аристотель айтқан Аристотель мемлекетті азаматтық қоғаммен салыстырмады, бірақ бір-біріне оларды қарсы қоймады, себебі олардың әр түрлі жолдары ескі полистегі қоғамдық өмірде тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, жоғарыдағы көрсетілгендей ол кісінің ойынша, азаматтық қоғам жетілген демократиялық организм, ретінде, тек саясатпен байланысты, яғни принципіалды жағынан, бұрынғы көне полистер сияқты: мемлекеттік органдардың қызмет мерзімі, биліктің бөлінуі, сөз бостандығы, баспасөз, елінде еркін жүріп-тұру және сырт жақта да еркіндікте болу, мемлекеттің жекелеген қатынастарға қол сұқпауы, азаматтардың заң алдындағы құқықтарының теңдігі. Азаматтық

<sup>127</sup> Ахметова С. Каким быть гражданскому обществу? // Мысль. — 2007. — № 7.

қоғамның көне модельге қайтып оралуы, жаңа уақытта жүргізіліп, өте үлкен оқымыстылардың зерттейтін пәніне айналды: Гроций, Гобс, Дж. Локк, Пейн, Руссо, Гельвеңии, Гольбах, Кант, Гегель және тағы басқалар.

XVII ғасырда азаматтық қоғам түсінігі әлі саяси қоғам түсінігінен айырылмаған кез болатын, бірақ олар сондағы мемлекеттік нысандармен салыстырылмаған. Оған куә болатын Дж.Локктың сөзі: "...Кейбіреулер айтып жүргендей абсолюттік монархия жалғыз ғана дүние жүзіндегі басқару нысаны емес, шын мәнісінде азаматтық қоғаммен қосылмайды, сондықтан жалпы алғанда азаматтық қоғамның басқару нысаны болуы мүмкін емес". Локк және басқаларда мемлекеттің пайда болуындағы келісім-шарт теориясын қолдаған, себебі ол қоғамдық келісім негізінде пайда болады, азаматтардың мүдделерін көрсетеді.

"Азаматтық қоғамның түсінігі тек индивидтердің жиынтығы және олардың арасындағы қатынастар емес, кеңістік соның ішінде қызмет істейтін қоғамдық институттар", - деп, Гегель дәлелдеген болатын. "Құқық философиясы" еңбегінде ол, азаматтық қоғамның тарихы келісімділігін айта отырып былай деген: "атомдар құсап әр түрлі жекелеген адамдарға бөлініп кетпей және жекелеген уақытша жағдай үшін бір сәтке жиылып әрі қарай байланыспай, ертеде құрылған серіктестік, қауым, корпорациялар негізінде саяси қатынастықты алғандығын" талдап береді.

Гегель азаматтық қоғамның еркіндігін мемлекетке қарсы қойып «саяси дене» - деп дәлелдеді. Сонымен бірге, Бұл ски жүйенің қарым-қатынаста және бір медальдің екі жағы екендігін де мойындады. Гегель оның басқа да қызмет принциптерін: жеке меншікті, еркін калыптасатын қоғамдық пікірді, адал заңдарды және сол жолмен жүруді атап айтады.

Азаматтық қоғам проблемаларын өзінің зерттеулерінде Маркс те айналып өткен жоқ, белгілі болғандай Гегельден де аз алмағаны мәлім. Егер ол бұрынғы ғылыми жұмыстарында, шын мәніндегі оның маңыздылығымен сол түсінікті пайдаланған болса, кейін ол ойынан бас тартқан болар еді. Болжамы бойынша "азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономиядан іздеу керек" - деді Маркс, іс жүзінде азаматтық қоғамды базиспен бірдей ілестірді. Себебі, Маркстің моделі бойынша қоғам, мемлекет, құқық, мораль, өнер және дін қондырмаға жатады, азаматтық қоғам түсінігі бөлшектеніп, өзінің еркіндік маңызын жоғалтты (ол туралы Гегель сақтандырған болатын). Кейіннен ортодоксалды марксизм-ленинизмге азаматтық қоғам туралы белгісіз болуы кездейсоқ емес. Кеңестік гуманитарлық билік, толығымен тоталитарлық режимнің міндетіне және максатына сай келді.

Азаматтық қоғамның мемлекетпен қатынасындағы еркіндігін мойындамау, оның әлеуметтік бағалылығын да мойындамағандығы, ол жағдайдың қиындыққа тірелетіні сөзсіз. Кеңестік тоталитаризмнің агрессивтік анықтаушысы (қоғам мүдделерінің алдындағы таптық мүдделердің артықшылығы, таптық күрсс, меншікті мемлекеттендіру, жеке адамдардың өзіндік бағалылығын ссепке алмау т.с.с.) арқылы азаматтық қоғамды мемлекетке сіңіру болды. Соның нәтижесінде адам, жеке адам



ретінде қабылданбады, табиғи бөлінбейтін құқық және еркіндіктің маңызы жойылды, себебі барлығы мемлекет арқылы жойылды. Адам тоталитарлық жағдайда өз еркімен өмір сүріп, ойын айтуға, саяси көзқарастарын білдіруге құқығы болмады, соның салдарынан саясатсыз "бағынушыға" айналдырылды.

Адам баласы қоғамында, әр түрлі мүдделермен өмір сүретін орталар араласып кетеді. Олар өздерінің ерікті жүйесін құрады, әрқайсысының өзіне тән сипаттары бар: өндірістік экономикалық-шаруашылық), материалдық қажеттілікті қамтамасыз ету, саяси тағы сол сияқты өмір сүруге қажетті жағдайларды іске асыратын (оған қосымша); әлеуметтік және рухани құралдар ретінде азаматтық қоғамның жиынтығын құрайды.

Көптеген институттар бір мезгілде, азаматтық қоғамның және мемлекеттің құрамды бөлімдері болып табылады. Оларға - саяси партиялар және олардың арасын байланыстыратын қызмет ортасын белгілейтін ұйымдар жатады.

Саяси партиялар жекелеген азаматтардың, әлеуметтік топтардың көп салалы мүдделерін қолдап жүреді және олардың саяси өмірге араласуын қамтамасыз етеді.

Азаматтық қоғамның құрылымы (дәстүрлік жағдайда құрылған) адамға жақын болса, сол құрылым оның мүддесін іске асыруға мүмкіндік болады, қоғам түгелімен бір калыпта болады, рухани бағалылық арта түсседі. Осы жөнінен Францияны айтуға болады. Яғни, онда 36 коммунаның 200-ден 3600-ге дейін тұрғындары болған. 80 жылдардағы жергілікті басқаруды ірілендіру үшін реформа жүргізілген кездесе коммуналарға тиіспеген. Соның нәтижесінде қоғамдастық-әлеуметтік және француз ұлтының рухани негізі сақталып қалды.

Қысқаша айтсақ, мынандай қорытынды дұрыс болады, яғни азаматтық қоғамның сипаты даму деңгейі және нысаны, мемлекеттің нысанымен даму деңгейін белгілейді. Осы туралы белгілі француз заңгері М. Ориудың мына сөзін келтіруге болады: "Айтқаным артық болмас, себебі сол үшін (азаматтық өмірге, азаматтық қоғам - Т.А.) барлық мемлекеттік машина құрылды. Өсімдік әлемі бізге қызығарлық ұрықтар: бидай, басқа да әдемі ағаштарға өте қиын табиғи қорғалу жүйесінде, өсіп жетілуіне жағдайлар туғызылады және соның негізінде дамуға мүмкіншілік алады. Сол сияқты азаматтық қоғам да мемлекеттің саяси институтының қорғану кеңістігіне кіреді және сол өзі тұрған ортаның мақсаты өркениетті жеке адамның пайда болуы мен дамуы".

Жалпы айтқанда, азаматтық қоғам институттарын бөліп алып жеке зерттейтін объект. Ондай зерттеулерді Шығыстағы ғалым-гуманитарлары бастады, себебі оның қоғам дамуындағы объективті рөліне байланысты болды. Азаматтық қоғамның көптеген түсініктемелері бар. Біз мұнда К.С.Гаджиевтің тұжырымдамасын келтіреміз: "Бұл еркін және мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық институттар және жеке адамдардың қатынастары, олар жекелеген индивидтердің және ұжымдардың өздерін-өздері дамытуға жағдай

жасайды және солар арқылы жекелеген мүдделер, қажеттіліктер жекелеген және ұжымдықтар іске асырылады".

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой-пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері қоғамдағы барлық тараптардың, ұлттардың топтардың мүдде-мақсаттарына қатысты болуы. Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе, Кеңес дәуірінде елімізде марксистік мемлекеттік теория тұрғысынан зерттеп, түсініп келдік. Ол кезде қоғам мен мемлекетті таптық тұрғыдан зерттеуге тырыстық, басқа теорияны, басқа бағытты сырып тастап отырдық. Қазір ол теорияларға көзқарас түзелді, дұрысталды. Тарихи теориялардың бәрінде аздап болсада шындық және тарихи нақты дәлелдер болады. Сондықтан, ол теорияларды білу, дұрыс жағын алу, пайдалану өте қажет. Сол деректерді ескере отырып, жүргізілген зерттеудің ғылымға, қоғамға пайдасы мол.

Тағы бір ескеретін мәселе «азаматтық қоғам» деген алғашқы қауымдық қоғамда да, құлиелену формациясында да, феодалдық формацияда да болған жоқ. Себебі ол қоғамдарда «азаматтық» деген ұғым болған емес. Бұл ұғым тек буржуазиялық қоғамда өмірге келді. Сондықтан, біз теорияны тек құқықтық мемлекет туралы қарастырамыз.

Азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген, ол туралы қомақты бірде ғылыми еңбек жоқ. Оның себебі ғалымдар азаматтық қоғам мен мемлекеттің мазмұны ұқсас деп түсініп келеді. Расында ұқсастық бар, бірақта айырмашылық басым. Адам қоғамының қалыптасқанына 1,5 млн. жыл өтті, ал мемлекеттің өмірге келгеніне 6 мың жыл ғана болды. Мемлекет қоғамның санқырлы көршісінің бір ғана нысаны. Қоғам туралы ой-пікірлер көне дәуірде де болды, ал «азаматтық қоғам» толық мағынада бұл ұғым өмірге тек XVIII ғасырда келді. Басында азаматтық қоғам деп меншік, жанұя, рынок, мораль салаларындағы қатынастарды түсініп келеді. Мемлекет бұл қатынастарға толық бостандық берді. Гегельдің ойынша азаматтық қоғам жеке меншіктің, діннің, жанұяның, моральдік т.б. талаптарының іске асырудың жүйесі<sup>128</sup>. Азаматтық қоғамда әр адам өз мүддесін көздейді, басқаларды көрмейді... басқаларсыз ол өз мүддесін іске асыра алмайды, - деген Гегель<sup>129</sup>. К. Маркстің пікірі-бір саяси жүйені алып мазмұнына қарасаң, ол азаматтық қоғамның санқырлы көршісінің бір нысаны болып шығады<sup>130</sup>.

Біз өткен ғасырдағы ірі ғалымдардың пікірін әдей келтіріп отырған себебіміз азаматтық қоғам мәселесі сол кездегі өмірдің объективтік даму процессінің алдына қойған талабы дегіміз келеді. Сол себепті Гегель мен Маркс тағы басқа ғылымдар азаматтық қоғамды біраз зерттеп құнды теориялық ғылыми мұра қалдырып кетті. Енді осы құнды ғылыми мұраға сүйене отырып, қазіргі заманның талабына сәйкес азаматтық қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеуді жалғыстіру керек. Біздің пікіріміз-азаматтық қоғамның мазмұнының санқырлы көрінісі төмендегідей болуға тиіс:

<sup>128</sup> Гегель Г.В. Работы разных лет. Т.2.М, 1973. С. 50.

<sup>129</sup> Гегель Г.В. Философия права. М., 1990. С. 228

<sup>130</sup> Маркс К. Энгельс Ф. Соч. Т.3.

- экономикалық бостандық, әр түрлі меншік, нарықты қатынас;
- адамдардың табиғи бостандағы мен құқықтарын қалыптастырып, қорғау;
- заңды, демократиялық билік, ақпаратқа бостандық беру;
- заңның, соттың алдында адамдардың теңдігі болу;
- таптық, ұлттық бірлік, достық, келісім болу;
- адамдардың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын, мәдени, рухани білімін, санасын көтеру, жақсарту.

**Азаматтық қоғамның құрылымы.** Қоғамды өзінің табиғи мүдде-мақсаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы - адам. Адам қоғамы құрылымының негізгі элементі - дінгеі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары - азаматтық қоғамның элементері.

Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер:

Әлеуметтік жүйе – объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы бұл жүйеге азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйесі үш топқа бөленеді: бірінші тобы -қоғамның үзілссіз өмір сүру негізін жасаушы дамытушы топ: жанұя, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғыстыру; екінші тобы – адамдардың өзара, бір-бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы - қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың ара қатынастары.

Экономикалық жүйе - қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері, жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермелік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе - мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектерлерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолдануы қажет.

Рухани-мәдени жүйесі - осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық органдар мен ұйымдар, олардың ара қатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана-сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе - осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен ара қатынастары. Бұл бағытта іс-әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет.

Осы көрсітілген азаматтық қоғамның жүйелерінің жақсы, саналы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық, қоғамдық ұйымдар мен партиялар және қоғамды демократияның жоғарғы дәрежеде болуы.

Азаматтық қоғамның белгі-нысандар:

- адамдардың экономикалық, әлеуметтік, саяси бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуі;
- қоғамда бостандықтың, жариялықтың болуы, ақпараттың жұмысына азаматтардың қатысуы, ішкі-сыртқы байланыстарға қатысуға, жүріп-тұруға толық құқықтарының болуы;
- азаматтардың қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер құрып, өз мүдде мақсаттарына орындауға, іске асыруға және шет елдердің сондай ұйымдарымен байланыс жасауға құқықтарының болуы;
- жергілікті өзін-өзі басқаруға толық бостандық болуы, оның жұмысына мемлекеттің араласпауы, қажет болса тиісті көмегін көрсетуі;
- жергілікті өзін-өзі басқаратын мекеме жергілікті мемлекеттік органмен тығыз байланыста жұмыс жасауы;
- азаматтық қоғам-толық бостандық, демократия қалыптасқан қоғам болуы қажет, ол болашақ құқықтық мемлекеттің талаптарын іске асырып, сол мемлекеттің объективтік тұрғыдан негізі болуға тиісті.

### **5.3. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы**

Азаматтық қоғам - қоғамдық, үрдістердің басты әрекет етуші тұлғасы және субъектісі болып өз сұраныстарының, мүдделері мен құндылықтарының бүкіл жүйесімен адам көрінетін қоғам түсініледі. Қоғам өз дамуының белгілі бір кезеңінде ғана азаматтық қоғамға айналады және елдің экономикалық, саяси дамуына, әл-ауқаттың, мәдениет пен халық сана-сезімінің өсуіне қарай қалыптасады. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың аса маңызды алғышарты жеке тұлға ретінде адам мәнінің өсуі болып табылады. Азаматтық қоғам жоғары даму деңгейіне тек демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана жетеді. Демократия жағдайында билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынас көпшілік келісімінің негізінде құрылады. Азаматтық қоғамдағы демократиялық ресімдер билік қызметінің сапасын бағалауға деген көпшілік құқығына және қоғам мүддесі тұрғысынан билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді<sup>131</sup>. ҚР Азаматтық қоғамның дамуы сонау КСРО заманына басталған.

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ынталандырды.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды. "Невада-

<sup>131</sup> О концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы: Указ Президента Республики Казахстан от 25 июля 2006 г. № 154 // САПП Республики Казахстан. 2006. № 26. Ст. 270.

Семей" қоғамдық қозғалысы азаматтық сана-сезімнің анағұрлым жарқын көрінісі болды, ол өз алдына ядролық полигондарды жабу міндетін қойды.

Елдегі азаматтық қоғам мен оның институттарын белгілі бір дәрежеде дамытуға мемлекеттің осы процесс үшін тиісті саяси, құқықтық және өзге де жағдайлар жасау жөніндегі қызметі жәрдем етеді.

1991 жылғы 27 маусымда "Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақ ССР-інің Заңы қабылданды. Нәтижесінде елде "Қазақстанның халық конгресі", Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (ҚСДП), Қазақстанның социалистік партиясы, Қазақстанның республикалық партиясы, "Лад" республикалық славян қозғалысы және "Азат" Қазақстанның азаматтық қозғалысы, "Мемориал" қоғамдық-ағарту қоғамының филиалы, Алматы-Хельсин тобы, "Бірлік" қозғалысы, "Әділет" тарихи-ағарту қоғамы, "Поколение" зейнеткерлер қозғалысы және басқалары пайда болды.

1990 жылдардың басында Әлеуметтік қорғау коалициясы құрылды, оның аясына қоғамдық өткір проблемаларды талқылау, оларды шоғырланған негізде шешудің тетіктерін іздестіру жолымен еңсеру жөнінде бірлескен жұмыс үшін 28 түрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстар бірікті.

1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік жөнінде республикалық үшжақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды, бұл сындарлы үшжақты қатынастарды дамытуға және әлеуметтік серіктестік жүйесін құрудың бастауы болды.

Партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және тиісінше, елдің партиялық жүйесінің одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1996 жылы Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және "Саяси партиялар туралы" заңдарының қабылдануы ықпал етті. Бұдан басқа, Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дами бастады. Этносаралық келісім елде реформалар жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргетасқа айналды.

1998 жылғы 07 қазанда ел Парламентінің Қазақстан Республикасының Конституциясына елдің сайлау жүйесіне партиялық тізімдер бойынша сайлау енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі партиялық құрылыс процестерін жеделдетті. Сөйтіп, 1998 жылғы желтоқсаннан бастап 1999 жылғы тамызды қоса алғанда, Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), "Азамат" демократиялық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), "Отан" республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, "Руханият" партиясы, "Алаш" Қазақстанның ұлттық партиясы құрылды. 2000 жылғы желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы атқарушы билік органдарының өкілдері, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің бірлестіктері арасындағы мүдделердің келісілуін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерді.

2002 жылғы шілдеде қабылданған және күшіне енген "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы елдің партиялық жүйесіндегі одан арғы сапалық құрылымдық өзгерістерге алып келді. 2001 жылы "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылы - Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы қабылданды. 2003 жылы ел Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, соған сәйкес облыстық (қалалық) бағдарламалар әзірленді. Сол жылдың өзінде-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі өткізіліп, оған көптеген көрнекті дін қайраткерлері, әртүрлі конфессиялардың өкілдері қатысты, "Бейбітшілік пен келісімге" декларациясы қабылданып, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы құрылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен бірінші Азаматтық форум өткізілді. Ол үкіметтік емес сектордың саяси танылуын белгіледі және азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының жүйелі тетіктері қалыптасуының бастауы болды. 2005 жылы екінші Азаматтық форум өткізілді, ол елдің қоғамдық өміріне қатысуға бизнес-қауымдастықтардың тартылуына ықпал етті.

2006 жылғы наурызда Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның жұмысына саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысады. 2006 жылдан бастап қоғам дамуының ерекше кезеңі басталды. 2006-2007 жылдар. Заңнамалық жұмыстар кешені жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдардың, бизнестің және азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық тетіктері нығайтылады.

2007-2010 жылдар. Азаматтық қоғам институттарын дамытуда көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде сапалық өсуге қол жеткізіледі. Азаматтық қоғам институттарында жұмыс істеу арқылы халықтың құқықтық санасы қалыптасады. Азаматтық қоғамның нормалары мен құндылықтары қоғамдық санада орнығып, күнделікті практикаға кіреді.

2011 жылдан бастап, азаматтық қоғамның дамуы жаңа кезеңге көшеді. Азаматтық қоғам институттарының дамуы жүйелі сипатқа ие болады. Қазақстан қоғамын дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы тыңдаулар өткізіледі. Сөйтіп, өткен жылдары елде азаматтық қоғам институттары – саяси партиялар, коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдар, кәсіподақтар, ұлттық-мәдени бірлестіктер, мемлекеттік емес БАҚ және тұтастай алғанда мемлекеттік емес секторды білдіретін басқа да институттар қалыптасып, қазіргі уақытта мейілінше тез дами бастады.

Адами әлеуетті, азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғамды одан әрі қалыптастыру негізінде ғана Қазақстанды өмір сүру сапасының стандарттары жоғары, қазіргі заманғы, серпінді мемлекет ретінде дамытуға болады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына Жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді.

Бұл Тұжырымдамада қазіргі кезеңде Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың негізгі үрдістері талданады, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудың алдағы жылдарға арналған жолдары мен нақты тетіктері баяндалған.

Тұжырымдама азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі бағыттары мен азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін айқындайды. Ол азаматтық институттардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған мақсатты бағдарламалар, заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу үшін негіз болады.

Бүгінгі күні Қазақстанда 12 саяси партия, түрлі бағыттағы 5820 ҮЕҰ, 3340 қоғамдық қор, 1072 заңды тұлғалар қауымдастығы, 471 ұлттық-мәдени бірлестік, 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды білдіретін 3340 діни бірлестік, түрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ ресми тіркеліп, жұмыс істеуде. Осы және басқа да азаматтық қоғам институттары елді одан әрі демократияландырудың маңызды ресурсына айналды. Сонымен бірге, қоғамда азаматтық қоғамның одан әрі өсуіне ғана емес, елді әлемдік жаһандану процесіне барған сайын тартып бара жатқан қыр көрсетулерге де байланысты бірқатар проблемалық мәселелер көрініс бере бастады.

Азаматтық қоғамды дамыту құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін қажет. Әлеуметтік прогрестің, демократиялық дамудың, экономикалық өрлеудің қоғам тарапынан белсене қатысу болмаса, іске асуы қиынға соғады. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, көптеген салаларда әлеуметтік саясатты іске асырудан мемлекеттік басқару саласына дейін нақ осы қоғамдық қатысу үлкен тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғам қатынасының мәселелеріне жаңа көзқарас нақ осыған бағдарланған. Демек, осындай көзқарастың бейімделуі, заңнамалық, институттық, кадрлық және басқа базаларды талдап жасау ол үшін бүгінде Қазақстанның саяси дамуының негізгі бір мақсаты болып табылады.

Құқықтық мемлекеттік парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, арнамысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Міне, қоғамның алдында тұрған осы мүдде-мақсатты орындау мемлекеттің міндеті, ал осы бағытта қалыптасқан құқықтық нормаларды орындау, сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға үлес қосу адамдардың міндеті<sup>132</sup>. Қазіргі заманда құқықтық мемлекет туралы пікір жан-жақты

<sup>132</sup> Якушев А. В. Теория государства и права. — М., 1999. — С. 40-41.

дамып, дүние жүзінің ғалымдары бір тұжырымға келіп, ортақ ғылыми көзқарас қалыптасты деуге толық болады.

Қазіргі заманда дүние жүзінің балық мемлекеттері капитализмнің жаңа экономикалық саясатын қабылдап нарықтық эканомиканы дамытып жатыр. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы советтік республикалар да осы жолға бет бұрып отыр.

Әлемдік стандарт жолына Қазақстан да бет бұрып, нарықтық эканомиканы дамытуға кірісті. Кеңестік жүйенің жақсылығы да аз болған жоқ: 20-60 ж.ж. эканомиканың, мәдениеттің, қорғаныстың жетістіктері дүние жүзіне белгілі болды. Бірақ Кеңес Одағының жетістіктерінен гөрі кемшіліктері басым болды. Сондықтан Одақ ыдырады... Сонымен, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін барлық тәуелсіздік алған республикалар, соның ішінде Қазақстанда реформаторлық процесс арқылы қоғамның саяси-эканомикалық құрылысында көп өзгерістер болды. Қоғамдық ғалымдарда жаңаша ғылыми зерттеулер басталды.

Қазақстандағы азаматтық қоғам біздің еліміздің нақты жағдайларында пайда болып, дамуда. Сонымен бірге азаматтық қоғамның негізгі белгілерін және оның мемлекетпен өзара қарым-қатынасын анықтауда біздің Республикамыздың Президенті адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы. 1966ж. әлеуметтік, эканомикалық және саяси құқықтар туралы пактілер тәрізді бірқатар халықаралық тәжірибелерді ұтымды пайдаланды. Азаматтық қоғам тіршілігіне негіз болатын қағидалар, оның мемлекеттен дербестігі және тәуелсіздігі болып табылады. Онсыз азаматтық қоғамның өзі де болмас еді. Сонымен бірге азаматтық қоғамның дербестігі және еркіндігі мемлекет үшін де қалыпты жағдай болып табылады. Өйткені мемлекетпен қудаланбаған қоғам ғана сол мемлекеттің беріктігін, демократиялық және құқықтық мемлекетті тудырады. Қоғамға үстемдік орнатқан мемлекет қаншалықты берік болып келгенімен. оның ғұмыры ұзақ болмайды. Бұны барлық әлемдік тарих дәлелдеген. Бірақ, бұл мемлекетпен азаматтық қоғамның мүлдем алшақтығын білдірмейді. Мемлекет азаматтық қоғам элементтері қызметінің құқықтық негіздерін, олардың неке мен жанұя. қоғамдық бірлестіктер, кәсіпкерлік қызмет туралы және т. б. нормативтік актілердегі өзара қарым-қатынасын бекітеді. Яғни белгілі бір ііектерде азаматтық қоғам өмірінің құқықтық реттелуін қамтамасыз етеді Бұндай белгіленген тәртіп жалпы сипатқа ие және азаматтық қоғамның ішкі бостандығына нүксан келтірмейді. Тіпті бұнсыз азаматтық қоғамның өміршендігі болмас еді және өзіндік сипатын сақтай алмас еді. Мемлекет тарапынан белгіленген тәртіпсіз (регламентация) азаматтық қоғам мемлекеттің өзінен, оның органдары мен шенеуніктерінің аталмыш қоғам өміріне заңсыз араласуынан қорғалмаған болар еді. Жалпы алғанда, өзінің реттеушілік ролінсіз мемлекет қоғамды басқарудағы мәнін жоғалтар еді. яғни мемлекет мемлекет болмас еді. Белгіленген тәртіп азаматтық қоғам элементтерінің қалыпты қарым-қатынастарын қамтамасыз етеді. әрбір азаматтық қоғам



әлемінің дербестігі бұзылуының алдын алады. Азаматтық қоғамның негізі жеке меншік болып табылады. Сондықтан, Қазақстан Республикасында жеке меншіктің құқықтық реттелуіне көп көңіл бөлінеді, оның дамуы ынталандырылып, кәсіпкерлік еркіндігі қамтамасыз етіледі. Қазақстанда азаматтық қоғамның осындай негіздерінің бекітілуі экономикалық реформаларды жүзеге асыру кезеңдерімен сәйкес келеді. Бұл жеке меншікті, оның мемлекеттік теңдігін тану, мемлекет меншігіне алу, жекешелендіру шағын және орта бизнесті қолдау және т.б.

Азаматтық қоғам дамуының бір белгісі азаматтардың, соның ішінде кәсіпкерлердің азаматтық қоғам элементтері ретінде өздерінің мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін орындау болып табылады. Азаматтық қоғамның маңызды элементінің бірі жанұя екендігі белгілі. Қазақстан Республикасы жанұя мен мемлекеттің өзара қатынасының барлық халықаралық стандарттарын танып, аналар мен балаларды қолдау саясатын жүргізіп келеді. Азаматтық қоғамның тағы бір элементі қоғамдық бірлестіктер болып табылады. Қоғамдық бірлестіктер — бұл заңдарға қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға жету үшін еріктілік негізде құрылған саяси партиялар, кәсіп-одақтар және азаматтардың өзге де бірлестіктері. Олар коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Мемлекет қызметін қоғамдық бірлестіктерге жүктеу немесе керісінше жағдайға Қазақстан Республикасы Конституциясы жол бермейді. Соңғы жылдары Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың, соның ішінде, құқық қорғаушы ұйымдардың қызметіне көп көңіл бөлінуде. Біздің еліміздің азаматтық қоғамының субъектісі болып БАҚ табылады. Мемлекет басшысы журналистердің ақпаратқа қол жеткізу және сөз бостандығына кедергі болатын кез келген кедергілерді жою бойынша мәселелерді үнемі бақылап отырады. Республикада қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, оның ішінде ұлтаралық және діни-наным аралық келісімдерін сақтау, нығайтуға, сол сияқты халықтың рөлін арттыру үшін жағдай туғызылады. Біздің мемлекетіміздің қазіргі саясаты және елбасымыздың жеке саясаты мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі ретіндегі халықтың шешуші рөлінен және конституциялық мәртебесінен туындайды. Президент мемлекет өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін халықпен бірлесіп шешеді.

## 6. ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТЕХНИКА

### 6.1. Құқық шығармашылық ұғымы, түрлері және негізгі қағидалары

Құқық шығармашылық — бұл заңды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың заңды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процесінің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметін айтамыз<sup>133</sup>. Бұл қолданудағы құқықты, қоғамдық қатынастарды реттейтін, жалпыға міндетті нормалардың біртұтас және іштей үйлестірілген жүйесі ретінде құру және дамыту үрдісі. Құқық шығармашылықтың басты қызметі жаңа нормативтік-құқықтық актілерді өңдеп шығару және бекіту. Құқық шығармашылықтың басқа да көріністері (қолданыстағы нормаларды өзгерту және жою; олардың басылуын жетілдіру) кең таралған, нақты өрнектелген және іштей үйлескен жүйе құруда бағынышты, көмекші мәнге ие<sup>134</sup>.

Әрбір мемлекет қоғамдық қатынастарда құқық нормасында реттелетін, қамтамасыз етілетін, қорғалатын және сақталатын заңдылық және құқық шығармашылық көмегі арқылы анықталған тәртіп орнатады. Мемлекеттің құқық шығармашылық қызметі экономикалық және басқа да қоғамдық қатынастардың ерекше әлеуметтік сипаттағы, шамамен жалпы, формальды анықталған сипатқа ие заңдық нормалардың, жалпы нормалар түріндегі көрінісі. Демек, құқық шығармашылық қызметі конституцияда, регламентте, ережеде және т.б. нормативтік актілерде баяндалып, процессуалдық нормалар (процедура) шегінде бекітіліп жүзеге асырылады. Құқықшығармашылық жаңа нормалар қабылдау, жою немесе бұрынғыдай өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен жетілдіру болып табылады<sup>135</sup>.

Құқық шығармашылыққа тән сипат белсенді шығармашылық, мемлекеттік әрекет болып табылады, нәтижесінде басым түрде нормативтік-құқықтық актілерде орын алатын заңдық нормалар қалыптастырылады, сондай-ақ, қоғамды басқарудың маңызды құралы және Құқық шығармашылық деңгейі мен мәдениеті қоғамдағы демократия мен өркениеттіліктің бейнесі болып табылады.

Құқық шығармашылық қызметі қазіргі өркениетті мемлекеттерде басты идеяны, ұйымдастырушылық бастауларды өрнектейтін, яғни, мемлекеттің құқық шығармашылық қызметінің жалпы бағытын, мәнін және сипатты белгілерін анықтайтын, нақты қағидалардың базасына негізделе отырып жүзеге асырылады.

#### **Құқық шығармашылық қағидалары:**

<sup>133</sup> Халфина Р. О. Проблемы советского правотворчества // Сов. государство и право. — 1980. — № 11. — С. 33.

<sup>134</sup> Теория государства и права: Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. — М., 1999. — С. 368.

<sup>135</sup> Теория государства и права: Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. — М., 1999. — С. 368; Марксистско-ленинская общая теория государства и права. Основные институты и понятия. — М., 1970. — С. 576; Шибанов А. Ф. Форма советского права. — М., 1968. — С. 69-77.

- **зандылық** – бұл қызмет Конституцияның және басқа да заңдардың негізінде және шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл қағида нормативтік-құқықтық актіні қабылдау процедурасы, онын мазмұнына қатысты туындайды. Жаңа нормативтік-құқықтық шешімдерді дайындауда, қабылдауда және жариялауда бекітілген тәртібін қатаң сақтау, қабылданатын актінің нысанын қатаң ұстау. Нормативтік актілер конституцияға сәйкес тиісті құқық шығармашылық органның құзырет шегіне қатаң сай келе отырып қабылдануы тиіс. Нормативтік актілер мазмұны аңсаған құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам мұратына, гуманизм бастамасына, жалпы қабылданған нормаға және халықаралық құқық қағидаларына сәйкес келуге тиісті. Құқық шығармашылық заңдылығы дегеніміз заңды техника ережелерінің қатаң орындалуын, соның ішінде, ең бастысы құқықтық актілер субординациясын сақтауды көздейді (Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 4-бабында нормативтік-құқықтық актілердің иерархиясы берілген, аталмыш қызмет конституция, басқа да заңдар және заңға бағынышты актілер негізінде жүзеге асырылуы тиіс);

- **демократиялық** – азаматтардың бұл процеске қатысу дәрежесін, қоғамдағы процедуралық нормалар мен институттардың даму деңгейімен сипаттайды. Бұл қағида мемлекеттік және қоғамдық істерді басқарудағы азаматтардың белсенді қатысуы арқылы көрініс табады. Демократиялық тәртіп нормативтік актілерді дайындау және бекіту барысында демократияның ең тікелей нысаны референдум, қоғамдық пікірдің көпшілігін, тұрғындардың әртүрлі қабатының мүдделерін есепке алу болып табылады;

- **кәсібилік** – мұндай қызметпен құзыретті тұлғалар – заңгерлер, экономистер және т.б. айналысады. Бұл талаптарға құқық шығармашылық үрдісте мән беріп, есепке алмауы жат салдарға әкеп соғады және әзірленген қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің сапасына әсерін тигізеді. Біздің Парламенттің тұрақты негізде жұмыс жасайтыны оның кәсіби өсуіне үлкен әсерін тиіс. нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді тарту кәсібилік қағиданын іске асуына маңызды рөл атқарады. Заң ғылымының ғалымдары К. Анатолий, А.К. Котовтардың пікірінше: «Құқықтық реттеудің тәсілдері мен амалдарын айқындаудағы маңызды рөл мемлекет қайраткерлерінің, әсіресе, заң шығарушылардың құқықтық ойлау қасиеттерімен тығыз байланысты болу керек. Шындығында, олардың кәсіби ойлау қабілеттері қоғамдық қатынастардағы заңды нормалардың тиімді әрекеттесуі және оларды оздырмай немесе тоздырмай уақытымен айқындап, заңнамалардағы, заңнамалық актілердегі айтарлықтай маңызды өзгерістер мен толықтырулар жасап отыру қажет»<sup>136</sup> - деп атап өтеді. Сонымен қатар, кәсіби қағидаларды іске асыруда айтарлықтай рөл атқаратын, ғалымдар, ғылыми қызметкерлердің нормативтік-құқықтық актілерді дайындауда еңбегі зор. Мұндай үрдістер ҚР ІІМ Қарағанды

<sup>136</sup> Котов А. К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. — Алматы: Издательство КазГЮА, 2000. — С. 122.

Академиясының жекелеген кафедраларында бұл тәжірибе өз жалғасын тауып, отандық заң ғылымында үлес қосып келеді.

- **ғылыми** – нормативтік актілерді дайындау процесінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдайларды, қоғамның дамуының объективтік қажеттіктерін және т.б. зерттеудің маңызы зор болады;

- **жариялылық** – құқық шығармашылық процестің көпшілік қауым үшін жасырын емес, шынайы көзқарастың бар екендігін білдіреді.

- **жоспарлау** – құқық шығармашылық үрдісте айқын мақсаттарға қол жеткізу үшін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауды жоспарлау қажет. Заң жобасының жоспары ҚР Үкіметімен бекітіліп, ҚР Президенті және Үкіметінің актілер жинағында жарық көреді.

Бірқатар заңгерлік әдебиеттерде Құқық шығармашылық қағидаларына мына төмендегілерді де жатқызған<sup>137</sup>:

- ізгілік — адам, оның мүддесі заңшығару қызметінің басты мақсаты болуы тиіс;

- жеделділік — нормативтік-құқықтық актілердің уақытында жобалардың жарыққа шығуы және қабылдануы;

- мұқияттылық — заң жобаларын дайындаудағы тиянақтылық;

- қабылданған актілердің техникалық жетілдірілуі.

Құқық шығармашылық заңды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың заңды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процесінің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметі болып табылады. Құқық шығармашылықтың басты мақсаты – жаңа нормативтік-құқықтық актілерді өңдеп шығару және бекіту. Әрбір мемлекет қоғамдық қатынастарда құқық нормасында реттелетін, қамтамасыз етілетін, қорғалатын және сақталатын заңдылық және құқық шығармашылық көмегі арқылы анықталған тәртіп орнатылады. Құқық шығармашылық қызметі Конституцияда, регламентте, ержеде және т.б. нормативтік актілерде баяндалып, процесуалдық нормалар шегінде бекітіліп жүзеге асырылады және ол жаңа нормалар қабылдау, жою немесе бұрынғыдай өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен жетілдіру болып табылады.

**Құқық шығармашылық** - бұл құзыретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметі.

**Құқық шығармашылық белгілері:**

- ол белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызметті білдіреді;

- негізгі өнімі нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары;

- бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы; мұнда оның даму бағдарламасы қалыптасады, маңызды мінез-құлық ережелері қабылданады;

- құқық шығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы – бұл қоғамның өркениеттілігі мен демократиялығының көрсеткіші.

<sup>137</sup> Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Под ред. М. Н. Марченко. Т. 2. Теория права. — М., 1998. — С. 162-163.

### **Субектілердің түріне қарай құқық шығармашылық түрлері:**

- халықтың мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша жалпыхалықтық дауыс беруін референдум жүргізу кезіндегі **халықтың тікелей құқық шығармашылығы** (1995ж. ҚР Конституциясы);

- өкілетті мемлекеттік органдардың тікелей құқық орнықтырушы қызметі - **өкілетті органдардың құқық шығармашылығы** (мысалы, Президент, Парламент, Үкімет және өзге де мемлекеттік органдар);

- әдет түрінде қалыптасқан немесе мемлекеттік емес ұйымдар қабылдаған нормаларды мемлекеттік санкциялауы - **жергілікті құқық шығармашылық**. Бұл қоғамдық ұйымдардың құқықшығармашылығы немесе санкцияланған құқық шығармашылық. Мемлекет белгілі бір жағдайларда қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы мүмкін.

Құқық шығармашылық маңыздылығына байланысты заң шығару және заңға бағынышты актілерді шығару деп екі үлкен топқа жіктеледі. Заң қабылдау құқығына мемлекеттегі ең жоғарғы өкілді орган құзыретті болады және оның актілерінің жоғарғы заңдық күші танылады.

Заңға бағынышты нормативті актілерді қабылдау Президентке, Үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік комитеттерге, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшыларына берілетін құқық.

### **6.2. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі**

Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығарушылық процесс мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық еркіндігінің қалыптасуын білдіреді және заң шығару қызметінің сатылары арқылы көрініс табады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы (61, 62 бап.), 1995ж. 16 қазанда қабылданған «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 3-тарауымен және «Қазақстан Республикасының құқықтық актілері туралы» ҚР 2016ж. 06 сәуірдегі заңымен реттеледі және заң шығару процесі бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- **заң шығару бастамасы** – заң шығару бастамасына құқығы бар Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және нормативтік акті шығару туралы ұсыныс немесе актінің дайындау жобасы тек мәжілісте ғана жүзеге асырылады. Заң шығару құқығына ие субъектілер шеңбері заңнамада қатаң түрде анықталған.

Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

- **заң жобасын талқылау** – бұл кезең құжатты қажетті сапаға жеткізу, қарама-қайшылықтарды, олқылықтарды, түсініксіз мәселелерді және т.б. жою үшін Парламент Мәжілісінде қаралады. Ерекше маңызды заң жобалары жалпыхалықтық талқылауға ұсынылады. Мәжіліс қаулысының негізінде

оның тиісті тұрақты комитеттері заң шығару бастамасы субъектісінің енгізген заң жобасын алдын-ала талқылайды. Заң жобасы бойынша мәжіліс комиссиясының қорытындысы болған жағдайда ғана пленарлық отырыс өткізіледі. Мұнда заң жобасы бірнеше рет, әдетте, екі рет, кейде одан да көп рет пысықталады.

Мемлекеттің кірісін қысқарту немесе мемлекеттік шығындарды ұлғайтуды қарастыратын заңдардың жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болса ғана енгізіледі. Заң актілерінің жобаларын қарау кезектілігін Парламент, оның Палатасы және Конституцияның 61-бап. 2-тарм. «ҚР Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 17-бап. 2-тарм. сәйкес заң жобалары жедел қаралуының басымдығын айқындауға, жариялауға құқылы (мұндай жағдайда Парламент оны енгізген күннен бастап бір айдың ішінде қарауға міндетті), оны Президент анықтайды.

Мәжіліс бюросы заң жобасы жұмысының қорытындысын тұрақты комитетте қарап, оны Мәжілістің пленарлық отырысының қарауына беру жөнінде шешім қабылдайды. Мұнда заң жобасы бірнеше рет, әдетте, екі рет, кейде одан да көп рет пысықталады (Конституциялық заңдардың жобасы).

Мәжіліс депутаттары қарастырып, жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы, сонымен қатар, осы палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заңның жобасы Сенатқа беріледі.

**Заң жобасының Сенатта қаралуы.** Сенатта Мәжіліс берген заң жобасы оны алған күннен бастап 60 күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналып, Президенттің қол қоюына беріледі. Егер заң жобасы тұтастай Сенат депутаттарының көпшілік даусымен құпталмаса, ол Мәжіліске қайтарылады. Егер жобаны Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен қайтадан мақұлдаса, ол Сенаттың қайта қарауына беріледі. Егер заң жобасы Сенатта қайтадан мақұлданбаса, ол сол сессияда қаралмайтын болады. Сенат депутаттарының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер төменгі палата ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларға (депутаттардың көпшілік даусымен) келіссе, заң қабылданған болып саналады, ал, келіспеген жағдайда Мәжіліс пен Сенат арасындағы заң жобасы бойынша қайшылық келісімдік әдістер арқылы шешіледі (Конституцияның 61-бап. 5-тарм. «ҚР Парламент депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 18-бап. 2-тарм.).

Егер Үкіметтің енгізген заң жобасы Парламентте қабылданбаса, Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру жөнінде мәселе қоюға құқылы. Бұл мәселені дауысқа салу 48 сағаттан кейін жүргізіледі. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Конституцияда белгіленген қажетті дауыс санын жинамаса, заң жобасы дауысқа салусыз қабылданған болып саналады. Үкімет мұндай құқықты жылына екі реттен артық емес пайдалана алады.

Заң шығарушылық тәжірибесінде мұндай жағдай 1996ж. «ҚазКСР-да азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚазКСР заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасын талқылағанда қолданылған болатын.

Конституцияның 72-бап. 2-тарм. сәйкес Конституциялық Кеңес Президент қол қойғанға дейін Парламент қабылдаған заңның ҚР Конституциясына сәйкестілігін қарайды.

- **заңды қабылдау** - бұл сатының заң жобасын талқылау сатысымен тығыз байланыстығын ескерген жөн. Жоба Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданғаннан кейін заңға немесе осы палата депутаттарының үштен екісінің дауысымен қабылданса, Конституциялық заңға айналады. Алайда, заңның қабылдануы оның заңды күшіне енуін білдірмейді.

Мәжіліс депутаттары қарастырып, жалпы санының үштен екісінің дауысымен мақұлданған, заң жобасы Сенатқа 60 күн ішінде қаралуға жіберіледі. Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған жоба заңға айналып, Президенттің қол қоюына 10 күн ішінде беріледі. Президент 15 күннің ішінде ұсынылған заңға қол қойып, оны жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта қарап дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады. Егер 15 күннің ішінде заң Парламентке қайтарылмаса, қол қойылған деп саналады. Егер заң Парламент сессиясының жабылуына дейін қайтарылмаса, ол кезекті сессияның бірінші күні Парламентке қайтарылады. Республика заңдары оған Президент қол қойғаннан кейін ғана заңды күшіне енеді. Дегенмен, бұл Президенттің жоғарғы заң шығарушы органның уәкілеттігін пайдаланады деген сөз емес. Президенттің вето құқығы тек заңның күшіне енуін тоқтата тұрады, өйткені Парламент заңды екінші рет қабылдауға құқылы. Бұл биліктің бөліну қағидасы «тежеу» жүйесінің қолданылуын білдіреді.

Президенттің қарсылығын тудырған заң немесе оның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салу қарсылық жіберілген күннен бастап бір айдың ішінде жүргізіледі. Бұл мерзімді сақтамау Президент қарсылығының қабылдануын білдіреді. Егер Парламент оның әр палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын өздері қабылдаған заңды толығымен немесе оның жекелеген баптарын қолдаса Президенттің қарсылығы жоққа шығарылады.

Мұндай жағдайда заң немесе оның тиісті баптары Парламентпен бірінші рет мақұлданған редакциясында қабылданған болып саналып, Президент оған жеті күннің ішінде қол қояды (Парламент туралы Конституциялық заңның 20-бап. 5-тарм.).

- **заңды жариялау**- қабылданған актінің мазмұнын көпшілікке жеткізу. Заңдарды жариялау процесі және олардың күшіне енуі «Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы» 2016ж. қабылданған заңымен реттеледі. Біздің Республикамызда заң актілері Парламент жаршысы басылымында жарияланады. Заңдардың күшіне ену мерзімі – аталмыш

заңның 36-бап. 1-тарм. сәйкес, егер сол актіде немесе оны күшіне енгізу жөніндегі актіде өзге мерзімдер көрсетілмесе, олардың ресми жарияланғанынан 10 күнтізбелік күн болып табылады.

### **6.3. Заңды техника**

«Құқық шығармашылық» тақырыбына тағы да бірқатар маңызды теоретикалық аспектілер жатады — заңды техника, заң тілінде, нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру.

Заңды техника — бұл заңды құжаттарды құрастыру, ресімдеуге дайындау және оларды жүйелендіру мен есепке алудың ережелері, амалдары, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Шындығында, осы ережелер мен әдіс-тәсілдерді қолдана білудің өзі сапалы акт жасауға ықпал етеді.

Заңды техника — актілерді құрастыру (преамбула, бөлім, тарау, бап), терминдерді анықтау, формулярды пайдалану (айқын, біржақтылық, сауаттылық және т. б.) мәселелерін қамтиды.

Заңды техника — бұл тек нормативтік-құқықтық актілерді дайындау тәсілі ғана емес (логикалық, грамматикалық, құрылымдық және т.б.), сонымен қатар, әлеуметтік тапсырыс беру, кемшіліктерді болдырмау, сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтарға жол бермеу, келісімге келу болып табылады.

Мысалы, «заң азаматтық (жеке) тұлғаларға таратылады» деп жазуға болмайды, себебі, мұнда логикалық қатеге ұрындырады: жеке тұлға — бұл тек азаматтар ғана емес; бір заңда депутаттыққа кандидат сайлау кезеңінде мемлекеттік қызметтен кетуі тиіс (демалысқа шығу), ал екіншісінде — өзінің шешімі бойынша оны істеуі мүмкін деп жазуға да болмайды.

Өкінішке орай, заңдардағы қарама-қайшылықтар, қателіктер, түсінбеушіліктер шаш етекпен болып жатады. Бірақ мұндай шынайы Құқық шығармашылық — құқық теориясында құқық жүйесінің жай-күйін және оны жетілдірудің жолдарын жазып та, түсіндіріп те келеді. Осындай мәселерді шешу жолдардың бірі заң шығарудағы заңды техниканың рөлі зор болмақ.

Заңды техниканың мақсаты — заң қызметін оңтайландыру, заң құжаттарының анықтылығы, қарапайымдылығы, нақтылығы, анық стандарттылығы, бірізділігі болып табылады



#### 6.4. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу

Нормативтік актілер мемлекеттік түрлі органдармен, түрлі уақытша, кеңістік шегінде және түрлі негіздер бойынша қабылданады. Мұндай жағдай заңдар мен заңға бағынышты актілердің өзара қайшылықта болуына әкеп соғады. Сондықтан қоғамдық қатынастардың тәртіпте болуы үшін алдымен нормативтік актілердің өзі ретке, тиісті жүйеге келтірілуі керек. Ендеше, жүйелеу — нормативтік актілерді тәртіпке, белгілі бір жүйеге келтіру. Ол заңдардың тиімді қолданылуын қамтамасыз ету, ескірген және тиімсіз құқық нормаларын жою, құқықтық дауларды шешу, кемшіліктерді болдырмау үшін қажет.

Жүйелеу – бұл нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіру. Ол заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін қажет. Жүйелеудің түрлері:

- **инкорпорация** – бұл нормативтік актілердің мазмұнын өзгертпестен олардың әрқайсысы өзінің дербес заңдық мәнін сақтап қалатындай етіп, бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Мұндай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін сақтап қалады. Инкорпорацияның қағидалары: хронологиялық (оларды қабылдау уақыты бойынша), тақырыптық (белгілі бір тақырып бойынша) және т.б. Инкорпорацияны кім жүзеге асырғанына байланысты жинақтардың үш түрін бөліп қарастырады: ресми, официозды және бейресми. **Ресми жинақ** құқықшығарушы орган өзі жинақты дайындап, жариялаған кезде орын алады. **Официоздық жинақ** болып құқықшығарушы органның (мысалы, әділет министрлігі) тапсырмасы бойынша бірақ оның ресми көрініс таппаған қолдауы арқылы шығарылған жинақтар табылады. **Бейресми жинақ** болып ғылыми мекемелердің, баспалардың өз ынтасы бойынша құқықшығарушы органның арнайы өкілеттіктерінсіз шығарған заңнама жинақтары табылады.

- **консолидация** – бұл нормативтік актілердің мазмұнын өзгертпестен бірыңғай жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Инкорпорациядан айырмашылығы – мұндай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін жоғалтады. Мұнда нормативтік актілер олардың белгілі бір қызмет түріне қатыстылығы белгісі бойынша біріктіріледі (табиғатты қорғау, білім және т.б.). Консолидацияның ерекшелігі – онда инкорпорация мен кодификацияның белгілері табылады және ол кодификация мүмкіндігі болмаған жағдайда аралық кезең ретінде қолданылады.

- **кодификация** – мазмұнын өзгерте отырып, нормативтік актілерді бірыңғай логикалық біртұтас актіге біріктіру жолымен жүйелеу нысаны. Кодификация процесінде ескірген материалдар мен нормалардағы қарама-қайшылықтар жойылады, жаңа мінез-құлық ережелері қалыптасады, олардың өзара келісуі мен логикалығы қамтамасыз етіледі. Кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі болып кодекс табылады, ол – бір сипатты қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын жан-жақты реттеуге мүмкіндік беретін ірі акт, Құқық шығармашылық әдісі, барынша күрделі және жүйелеудің қиын түрі. Заңдарды кодификациялау жалпылай (заңдардың

елеулі бөлігі қайта өңделеді), салалық (белгілі бір сала заңдарының нормалары қайта өңделеді), арнайы (қандай да бір құқықтық институттың нормалары қайта өңделеді) болуы мүмкін. Кодификация құқық нормаларын мазмұны бойынша және олардың жаңа заңдағы (кодекс, заңдар жинағы және т.б.) жүйеленген, ғылыми негізделген мазмұнын қайта өңдейді. Оның белгілері: бірінші, онымен тек арнайы органдар айналысады, екінші, оның нәтижесінде жаңа нормативтік акт пайда болады – кодекс, үшінші, кодификацияланған акт белгілі бір салада әрекет ететін басқа барлық актілердің ішіндегі негізгісі болып табылады.

Қазіргі уақытта заңгерлік әдебиеттерде нормативтік актілерді есепке алуға көңіл бөлініп жүр.

Нормативтік актілерді есепке алу қолданыстағы нормативтік актілерді жинақтау, оларды өңдеу, айқындалған жүйе бойынша орналастыру, мемлекет органдарында, кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда сақтау, сондай-ақ, мүдделі органдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың және азаматтардың сұрауы бойынша анықтама беру.

Нормативтік актілерді есепке алудың негізгі қағидалары оның толыққандылығында, жеткілікті әрі ыңғайлы болуында болып отыр.

Есепке алудың ең көп тараған түрі: журнал және картотекалық.

Журналдық есепке алу хронологиялық және алфавиттік-пәндік қағидалар бойынша жүргізіледі.

Пәндік-тақырыптық журналдық есепке алу мейлінше қолайлы нысан болып табылады (актілер құқық саласы бойынша жүйелендіріледі).

Картотекалық есепке алуда оның басты жүргізу нысаны - нормативтік-құқықтық актілердің негізгі реквизиттері белгіленген, карточкалар жүйесі болып табылады.

Карточкалар әдетте, хронологиялық, алфавиттік-пәндік және пәндік-салалық қағидалармен орналастырылады.

Нормативтік-құқықтық актілер алынып тасталғанда, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде тиісті карточкаларға да өзгерістер жасалады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдуллаев М. И., Комаров С. А. Проблемы теории государства и права: Учебник. — СПб.: Питер, 2003.
2. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы оқулық. Қарағ. 2003.
3. Алексеев С. С. Теория права. — М., 1994.
4. Алексеев С. С. Философия права: история и современность: Проблемы. Тенденции. Перспективы. — М., 1999.
5. Атжанов Т. Ж., Роднов М. М. Теория государства и права (схемы и комментарии): Учебное пособие. — Астана, 2000.
6. Бабаев В. К. Теория современного советского права. — Н. Новгород, 1991, 1994 гг.
7. Биекенов Н.А Шапаққызы У. Салкебаев Т С. Мемлекет және құқық теориясы сұрақ жауап. Қарағанды -2004ж.
8. Бұлғакова Д. А. Мемлекет және құқық теориясы. Алм. - 2004
9. Венгеров А. С. Теория государства и права: Часть 2. Теория права. Т. 1-2. — М., 1996.
10. Годжаев К.С. „Концепция гражданского общества“ М. 1998ж.
11. Жоламан Д.Қ. Мемлекет және құқық теориясы оқулық. Алм. 1999ж.
12. Ким В.А. „Жасампаз жылдар“ Алматы. 2001ж.
13. Казлюхин И.Ю. „Идея прав. гос: история и современность“ 1993ж.
14. Комаров С. А. Общая теория государства и права. — М., 1994, 1995, 1996, 1997.
15. Лазарев В. В., Липень С. В. Теория государства и права: Учебник для вузов. — М., 1998.
16. Лившиц Р. З. Теория права. — М., 1994.
17. Малько А. В. Экзамен по теории государства и права: 100 ответов на 100 возможных вопросов: Учебно-методическое пособие. — М., 1996.
18. Марченко М. Н. Источники права: Учебное пособие. — М., 2006.
19. Марченко М. Н. Теория государства и права: учет. — 2-е изд., перераС. и доп. — М., 2006.
20. Матузов Н.И. „Правовая система и личность“. Саратов. 1987ж.
21. Мухтарова А.Н . Мемлекет және құқық теориясы оқулық
22. Мюллерсон Р.А. „Права человека: идеи, нормы, реальность“ М - 91.
23. Назарбаев Н.Ә. „Ғасырлар тоғысында“ Алматы. 1996ж.
24. Назарбаев Н.Ә. „Әділеттің ақ жолы“ Алматы. 1991ж.
25. Назарбаев Н.Ә. „Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде“ Алматы. 1993ж.
26. Назарбаев Н.Ә. „Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасы мен дамуының стратегиясы“ Алматы. 1992ж.
27. Назарбаев Н.Ә. „Қалың елім қазағым“ Алматы. 1998ж.
28. Назарбаев Н.Ә. „Сындарлы он жыл“ Алматы. 2003ж.
29. Назарбаев Н.Ә. „Тарих толқынында“ Алматы. 1999ж.
30. Нерсисянц В. С. Философия права: Учебник. — М., 1999.
31. Нысанбаев Ә. „Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару“ Алм. 1999.

32. Общая теория государства и права. Академический курс: В 2-х т. / Отв. ред. проф. М. Н. Марченко. Т. 1. Теория государства. — М., 1998.
33. Общая теория права и государства: Учебник / Под ред. В. В. Лазарева. — М., 1994, 1996.
34. Общая теория права: Учебное пособие для юридических вузов / Под ред. А. С. Пиголкина. — М., 1994, 1995.
35. Омельченко О.А. „Идея прав. государ: перспективы и причины“
36. Проблемы теории государства и права. Учебное пособие / Под ред. М. Н. Марченко. — М., 1999.
37. Проблемы теории государства и права: Учебник / Под ред. С. С. Алексеева. — М., 1987.
38. Проблемы теории государства и права: Учебное пособие. М., 1999.
39. Рассказов Л. П. Теория гос. и права: Учебник для вузов. М. 2008.
40. Сапарғалиев Ғ. «Мемлекет және құқық теориясы» Алм. 1998ж.
41. Салкебаев Т.С., Түсіпбеков С.С. «Мемлекет және құқық теориясы» Қарағ. 2011ж.
42. Спиридонов Л. И. Теория государства и права: Курс лекций. 1995.
43. Теория государства и права: Курс лекции / Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. — М., 1999.
44. Теория государства и права: Учебник / Под ред. В. М. Корельского и Перевалова. — М., 1997.
45. Теория государства и права: Учебное пособие. Конспект лекций в схемах и определениях / Под ред. Л. В. Смирнова. — М., 2004.
46. Теория государства и права: Ч. 1. Теория государства / Под ред. А. С. Венгерова. — М., 1995.
47. Теория права и государства: Учебник / Под ред. В. В. Лазарева. — М., 1996-2007.
48. Хропанюк В. Н. Теория государства и права. — М., 1999.
49. Хропанюк В. Н. Хрестоматия по теории государ. и права. М. 1998.
50. Черниловский З.М. „Гражданское общество: опыт исследования“ 1996.
51. Шаймерденұлы Е. „Елтану әліппесі“ Алматы. 1998ж.
52. Якушев А. В. Теория государств а и права. М. 1999.

### **Нормативтік-құқықтық актілер**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 1995ж. 30.08. (2017ж. 10.03 өзгерістер мен толықтырулар)
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 2014ж.
3. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексі. 2015ж.
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014ж.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014ж..
6. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 2014ж.
7. Қазақстан Республикасы Еңбек туралы кодексі. 2015ж.

8. Қазақстан Республикасының 1995ж. 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заңы.
9. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» заңы 26.12.1995ж. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
10. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Заңы 16.10.1995ж. (06.05.99ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
11. Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” Заңы 18.12.1995ж. (06.05.99 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
12. Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” Заңы 25.12.2000ж.
13. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» Заңы 23.04.2014ж.
14. Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы” Заңы 30.06.2017ж.
15. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы республикалық референдум туралы» Заңы 16.10.1995ж.
16. Қазақстан Республикасының «Бейбіт жиындар, митингтер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Заңы 17.03.95ж.
17. Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы 09.04.1993ж.
18. Қазақстан Республикасының «Өндірістік кооператив туралы» Заңы N 2486 – 05.10.1995ж.
19. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы N 3 – 31.05.1996ж.
20. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы N 344 – 15.07.2002ж.
21. Қазақстан Республикасының “Құқықтық актілер туралы” заңы 06.04.2016ж.
22. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Заңы 23.01.2001ж.
23. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Заңы 28.09.95ж. өзгерістер және толықтырулармен.
24. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы Заңы 23.07.99ж.
25. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы 23.07.99ж.
26. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заңы 20.12.91ж. өзгерістер және толықтырулармен.

**Қазақстан Республикасының Конституциясы**  
Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық  
референдумда қабылданды  
(Қазақстан Республикасының 07.10.1998ж. № 284-I; 21.05.2007ж. №  
254-III; 02.02. 2011ж. № 403-IV; 10.03.2017ж. № 51-VI Заңдарымен  
өзгертілген)

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген  
Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде  
мемлекеттілік құра отырып,  
өзімізді еркіндік, теңдік және татулық  
мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық  
қоғам деп ұғына отырып,  
дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын  
алуды тілей отырып,  
қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы  
жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып,  
өзіміздің егемендік құқығымызды негізге  
ала отырып  
осы Конституцияны қабылдаймыз.

**МАЗМҰНЫ**

I-бөлім. Жалпы ережелер

II-бөлім. Адам және азамат

III-бөлім. Президент

IV-бөлім. Парламент

V-бөлім. Үкімет

VI-бөлім. Конституциялық кеңес

VII-бөлім. Соттар және сот төрелігі

VIII-бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі  
басқару

IX-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

## **I бөлім** **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап**

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Ескерту. 1-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.12.21 N 18/2 қаулысымен.

### **2-бап**

1. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады.

*3-1. Астана қаласының шегінде конституциялық заңға сәйкес қаржы саласында ерекше құқықтық режим белгіленуі мүмкін.*

4. Қазақстан Республикасы және Қазақстан атауларының мәні барабар.

Ескерту. 2-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.04.23 N 4 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3-бап**

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.04.12 N 1/2 қаулысымен.

#### **4-бап**

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

3. *Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.*

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Ескерту. 4-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.10.11 N 18/2, 4-бапқа түсіндірме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2009.11.05 N 6 қаулыларымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **5-бап**

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.



4. Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-баптың 4-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.07 N 4/2 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **6-бап**

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Ескерту. 6-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.11.03 N 19/2, 6-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.04.13 N 2/2, 2003.04.23 N 4, 6-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.04.12 N 1/2 қаулыларымен.

### **7-бап**

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

### **8-бап**

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Ескерту. 8-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.04.12 N 1/2 қаулысымен.

## **9-бап**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

## **II бөлім АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ**

### **10-бап**

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

2. *Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі.*

3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Ескерту. 10-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.01 N 12 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **11-бап**

1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

### **12-бап**

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада

азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Ескерту. 12-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.01 N 12, 2007.04.18 N 4 Қаулыларымен.

### **13-бап**

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Ескерту. 13-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.22 N 7/2, 2002.02.15 N 1 қаулыларымен.

### **14-бап**

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Ескерту. 14-баптың 1 және 2-тармақтарына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 N 2/2, 14-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.22 N 7/2 қаулыларымен.

### **15-бап**

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Ескерту. 15-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 N 10 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **16-бап**

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану

құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Ескерту. 16-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.31 N 13 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **17-бап**

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

### **18-бап**

1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 18-бабы 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2009.08.20 N 5 Нормативтік қаулысы

### **19-бап**

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы бар.

### **20-бап**

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

## **21-бап**

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

## **22-бап**

1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

## **23-бап**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

Ескерту. 23-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.05 N 13/2 қаулысымен.

## **24-бап**

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Ескерту. 24-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 N 2/2 қаулысымен.

## **25-бап**

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

## **26-бап**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

2. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлкінен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

4. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Ескерту. 26-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.16 N 6/2, 2000.12.20 N 21/2, 2005.07.01 N 4, 2007.05.28 N 5 Қаулыларымен.

## **27-бап**

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

## **28-бап**

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

Ескерту. 28-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.12 N 3/2 қаулысымен.

## **29-бап**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

## **30-бап**

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

### **31-бап**

1. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

### **32-бап**

Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

### **33-бап**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.

2. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

4. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

### **34-бап**

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **35-бап**

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

### **36-бап**

1. Қазақстан Республикасын қорғау - оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

### **37-бап**

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

### **38-бап**

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

### **39-бап**

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. *Ұлтаралық және конфессияаралық* татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. *Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 11, 13-15-баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.*

Ескерту. 39-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.05.28 № 5 Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **III бөлім**

## **ПРЕЗИДЕНТ**

### **40-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.



## 41-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. *Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады. Конституциялық заңда Республика Президенттігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.*

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіппен мерзімде өткізіледі.

4. алып тасталды

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 41-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1998.10.09 N 9/2, 41-баптың 1 және 3-тармақтарына түсініктеме берілді - 2005.08.19 N 5 қаулыларымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254, 2011.02.02 N 403-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін", - деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне

қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.

3. Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

4. алып тасталды

5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 Заңдарымен.

#### **43-бап**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

2. алып тасталды

Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

#### **44-бап**

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды;

2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; облыстар, республикалық маңызы бар

қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

5) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

8) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды;

11) келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

12) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады;

13) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

14) Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

15) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

16) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше

жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

17) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

18) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды;

19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;

20) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

21) Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 № 284, 2007.05.21 № 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ескерту. 44-баптың 13) тармақшасына - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.06.30 № 10/2, 2) тармақшасына - 2000.07.03 № 15/2, 9) тармақшасына - 2001.11.12 № 14/2, 44-баптың 2) тармақшасына түсініктеме берілді - 2010.10.18 № 3 Қаулыларымен.

#### **45-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Республиканың Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президенттің актілері тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасының Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын ала қолдары қойылып тиянақталады.

Ескерту. 45-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 № 15/2, № 5 Нормативтік қаулыларымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **46-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

2. Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Республиканың экс-Президенттеріне қолданылады.

4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.

Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

#### **47-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілігімен қабылданады.

2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдамау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады. Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.

3. Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды.

Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

#### **48-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда

Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерде және тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

#### **IV бөлім ПАРЛАМЕНТ**

##### **49-бап**

1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару *билігін* жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

2. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 49-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.07.14 N 13/2 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

##### **50-бап**

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.

3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 50-баптың 5-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.15 N 1/2, 1999.11.29 N 24/2, 2003.02.11 N 1, 50-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - 2004.02.12 N 1 қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **51-бап**

1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

2. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі.

6. Парламенттің депутаты Қазақстан халқына ант береді.

Ескерту. 51-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 51-баптың 4-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.18 N 5/2, 51-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - 1999.11.29 N 24/2, 51-баптың 5-тармағына түсініктеме берілді - 2003.02.11 N 1 қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **52-бап**

1. алып тасталды

2. Парламент депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте депутаттың жеке өзі ғана дауыс береді. Депутаттың Палаталар

мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқа біреуге беруі депутатқа заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

3. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

4. Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

- 1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;
- 2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

6. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 3-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және өкілеттігінен әрі депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді әзірлеу Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

Ескерту. 52-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 52-баптың 3 және 5-тармақтарына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.05.17 N 7/2, 2003.05.12 N 5, 52-баптың 1 және 5-тармақтарына



түсініктеме берілді - 2001.12.13 N 19/2, 52-баптың 4-тармағына түсініктеме берілді - 2003.01.30 N 10, 52-баптың 4 және 5-тармақтарына түсініктеме берілді - 2003.02.11 N 1 қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **53-бап**

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

3) *алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;*

4) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

5) Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

7) палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;

8) Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 53-баптың 3) және 4) тармақшаларына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2008.06.26 N 5 Нормативтік қаулысы.

### **54-бап**

1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:

1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;

3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;

4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;

5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;

6) рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;

7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

2. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақшада көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшіннің даусымен еңсереді;

3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен, 54-бабына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2008.10.15 N 8 Нормативтік Қаулысымен.

## **55-бап**

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

*1-1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату;*

2) Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

4) алып тасталды

5) Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

6) Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 55-баптың 1-тармақшасына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.05 N 11/2 қаулысымен, өзгерістер енгізілді – ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **56-бап**

1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;

2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

4) Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **57-бап**

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

3) Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

4) Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан Палаталардың депутаттарын айыру мәселелерін шешеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері

жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. *Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы.* Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

7) Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

8) өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **58-бап**

1. Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

2. Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

3. Парламент Палаталарының төрағалары:

1) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;

2) Палаталардың қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;

3) Палаталар төрағаларының орынбасарлары қызметіне сайлау үшін Палаталарға кандидатуралар ұсынады;

4) Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;

6) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;

7) палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

8) өздеріне Парламент регламенті жүктейтін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Мәжіліс Төрағасы:

1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

5. Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **59-бап**

1. Парламент сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі.

2. Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Парламент сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады және сессия Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында жабылады. Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

5. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады. Регламенттерде көзделген реттерде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

Ескерту. 59-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.07.14 N 13/2, 59-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - 1999.06.30 N 14/2 қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **60-бап**

1. Палаталар әр Палатада саны жетіден аспайтын тұрақты комитеттер құрады.

2. Палаталардың бірлескен қызметтеріне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы.

3. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

4. Комитеттер мен комиссияларды құру, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен белгіленеді.

## 61-бап

1. Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

2. *Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.*

3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүлктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.

4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылауға және дауысқа салуға беріледі. Қайта қабылданбаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды.

5. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгертулермен және толықтырулармен келіссе, заң қабылданды деп есептеледі. Егер Мәжіліс нақ сондай көпшілік дауыспен Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.

5-1. Мәжіліс депутаттары қараған және олардың жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заң жобасы

Сенатқа беріледі, онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданған жоба конституциялық заңға айналады және он күн ішінде Республика Президентіне қол қоюға ұсынылады. Конституциялық заң жобасын тұтастай қабылдамауды Мәжіліс немесе Сенат Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады.

Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен конституциялық заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келіссе, конституциялық заң қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс, Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дауыс беру кезінде олармен депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен келіспесе, онда палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Ескерту. 61-баптың 7-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.12 № 3/2, 1999.09.27 № 18/2, 2003.05.13 № 6, 61-баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына түсініктеме берілді - 1999.11.03 № 19/2, 61-баптың 6-тармағына түсініктеме берілді - 2000.06.15 № 9/2, 61-баптың 2) тармағына түсініктеме берілді - 2000.07.03 № 15/2, 61-баптың 1 және 4-тармақтарына түсініктеме берілді - 2001.06.08 № 8/2, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларына түсініктеме берілді - 2008.10.15 № 8 қаулыларымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 № 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **62-бап**

1. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

2. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен енгізіледі.

4. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

5. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

7. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

8. Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі.

Ескерту. 62-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 № 15/2, 2007.04.18 № 4 Қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 № 254 Заңымен.

### **63-бап**

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

Ескерту. 63-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 № 254 Заңымен.

## **V бөлім ҮКІМЕТ**

### **64-бап**

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

2. *Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты.*

3. Конституцияның 57-бабының б)-тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент палаталарына есеп береді.



4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 64-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **65-бап**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

#### **66-бап**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды;

9-1) Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

10) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 66-баптың 4) тармақшасына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.17 N 4/2, 66-баптың 5) тармақшасына түсініктеме берілді 2001.04.12 N 1/2 қаулыларымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **67-бап**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

- 1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
- 2) алып тасталды
- 3) Үкімет қаулыларына қол қояды;
- 4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және *Парламентке* баяндап отырады;
- 5) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

Ескерту. 67-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **68-бап**

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаттары болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік іспен шұғылдануға, заңнамаға сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 Заңдарымен.

## **69-бап**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады.

2. Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады.

3. Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң актілеріне, Республика Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

## **70-бап**

1. Үкімет жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады.

Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселе қояды. Мәжіліс сенім

білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдамаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді.

2. Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы.

3. Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

7. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Ескерту. 70-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.11.19 N 11 қаулысымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **VI бөлім** **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

### **71-бап**

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші болып табылады.

3. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін - Республика Президенті, екі екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

Ескерту. 71-баптың 5-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 N 10 қаулысымен, 71-бабы 3-тармағы екінші абзацына ресми түсіндіру берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.03.16 № 3 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

### **72-бап**

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді.

2. Конституциялық Кеңес *Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін*, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.

Ескерту. 72-баптың 1-тармағының 2) тармақшасына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 N 15/2, 72-баптың 1-тармағының 4) тармақшасына түсініктеме берілді - 2001.12.13 N 19/2 қаулыларымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **73-бап**

1. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған

депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Кеңес өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

4. Алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **74-бап**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді.

2. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

3. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Ескерту. 74-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.12.13 N 19/2 қаулысымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **VII бөлім**

## **СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ**

#### **75-бап**

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

4. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 75-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2002.02.15 N 1, 2006.04.14 N 1 қаулыларымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

#### **76-бап**

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Ескерту. 76-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.22 N 7/2, 2000.12.20 N 21/2, 2007.04.18 N 4 Қаулыларымен.

#### **77-бап**

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Ескерту. 77-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 № 2/2, 2007.04.18 № 4 Қаулыларымен.

### **78-бап**

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

### **79-бап**

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірілуі мүмкін.

2. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, - Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Ескерту. 79-баптың 2-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 № 10, 79-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2004.06.23 № 6 қаулыларымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **80-бап**

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

#### **81-бап**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда- ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **82-бап**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

Ескерту. 82-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

#### **83-бап**

*1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.*

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа



мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. *Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.*

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

Ескерту. 83-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.12.26 № 23/2, 83-баптың 3-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 № 10, 83-бапқа түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.31 № 13 қаулыларымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **84-бап**

Ескерту. 84-бап алынып тасталды - ҚР 2007.05.21 № 254 Заңымен.

### **VIII бөлім**

## **ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ**

#### **85-бап**

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

#### **86-бап**

1. Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті *Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін* тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді.

Ескерту. 86-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **87-бап**

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің *әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен* қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде

тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылуы және олардың қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

Ескерту. 87-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **88-бап**

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер - тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

2. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Ескерту. 88-баптың 4-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.05.31 N 3/2 қаулысымен.

### **89-бап**

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

Ескерту. 89-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

## ІХ бөлім ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

### 90-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

### 91-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгертулер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.

3. Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен, 91-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1998.12.04 N 13/2 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **92-бап**

1. Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып қойған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келтіріледі де, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептеледі.

2. Конституцияда аталған өзге заңдар Парламент белгілейтін тәртіп пен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

3. Республика Президентінің өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шыққан және заң күші бар Жарлықтары Республика заңдарын өзгерту, толықтыру немесе күшін жою үшін көзделген тәртіппен ғана өзгертілуі, толықтырылуы немесе күшін жоюы мүмкін. 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақтарымен көзделген мәселелер бойынша өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде шыққан Республика Президентінің Жарлықтары Республика Парламентінің бекітуіне жатпайды.

4. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

Ескерту. 92-баптың 4-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.15 N 8/2 қаулысымен.

### **93-бап**

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

## 94-бап

1. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Конституция белгілеген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктеріне ие болады және оларды 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдумда қабылданған шешім бойынша белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.

2. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өзі сайланған мерзім аяқталғанға дейін өкілеттігін сақтайды.

Ескерту. 94-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

Ескерту. 94-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005.08.19 N 5 қаулысымен.

## 94-1-бап

Конституцияның 41-бабы 1-тармағының Республика Президентінің өкілеттік мерзімін белгілейтін ережесі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылатын болады.

Ескерту. 94-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.21 N 254 Заңымен.

## 95-бап

1. Бірінші сайланған Сенат депутаттарының жартысы төрт жыл мерзімге, депутаттардың екінші жартысы екі жыл мерзімге конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Мәжілісі депутаттарын партиялық тізімдер негізінде сайлау туралы ережелері екінші шақырылатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.

Ескерту. 95-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

Ескерту. 95-баптың 1-тармағына түсініктеме берілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.11.29 N 24/2 қаулысымен.

### **96-бап**

Конституция күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті онда белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтарына, міндеттері мен жауапкершілігіне ие болады.

### **97-бап**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің бірінші құрамы былайша құрылады: Республика Президенті, Парламент Сенатының Төрағасы мен Парламент Мәжілісінің Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден үш жыл мерзімге, ал Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден алты жыл мерзімге тағайындайды, Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды.

### **98-бап**

1. Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады. Олар құрылғанға дейін жұмыс істеп тұрған сот төрелігі мен тергеу органдары өз өкілеттіктерін сақтайды.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Жоғары Төрелік Сотының, жергілікті соттардың судьялары Конституцияда көзделген соттар құрылғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды. Судьялардың бос орындары Конституцияда белгіленген тәртіппен толықтырылады.

## Құқықтық актілер туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату, тоқтата тұру және оларды жариялау тәртібіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

#### 1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші орган – Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар;

2) ереже – қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

3) жеке-дара қолданылатын құқықтық акт – жеке-дара айқындалған тұлғалар тобына (жеке және (немесе) заңды тұлғаларға) қолданылатын, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын және құқық нормаларын қамтымайтын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

4) заң – аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

5) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер – заңнамалық және сатысы бойынша өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің негізінде және (немесе) оларды орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнамалық актілер болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

6) заң жобасының тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша заң жобасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесін, оны қабылдау мақсаттарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де ережелерді қамтитын құжат;

7) заңнамалық акт – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы, кодекс, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары;



8) заң сараптамасы – нормативтік құқықтық актінің жобасын не қабылданған нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан тексеру;

9) заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы;

10) заң ұқсастығы – ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдардың нормаларын реттелмеген қоғамдық қатынастарға қолдану;

11) кодекс – осы Заңның 8-бабында көзделген біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары біріктірілген және жүйеге келтірілген заң;

12) конституциялық заң – Қазақстан Республикасы Конституциясы 62-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша қабылданатын заң;

13) қағидалар – қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

14) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі – нормативтік құқықтық актілердің деректемелерін және осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алудың бірыңғай жүйесі;

15) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне олар туралы мәліметтер енгізілген, қағаз жеткізгіштегі нормативтік құқықтық актілер жиынтығы және электрондық құжат нысанындағы нормативтік құқықтық актілердің электрондық жүйесі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасы – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы;

17) Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң – Қазақстан Республикасы Конституциясы 62-бабының 3-тармағында және 91-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен қабылданатын заң;

18) құқық нормасы – реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы;

19) құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті органдар қабылдаған, құқық нормаларын немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтитын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

20) құқықтық мониторинг – осы Заңның 50 және 51-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және

оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау, жинау, талдау жүйесі;

21) құқық ұқсастығы – заңнаманың мәнін, құқықтың жалпы қағидаттарын және құқықтың нақты салаларының қағидаттарын реттелмеген қоғамдық қатынастарға қолдану;

22) мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын сақтау жөніндегі талапты белгілейтін және көрсетілетін қызметті берушілердің қызмет ету тәртібін, оның ішінде өзге де көрсетілетін қызметтерді берушілермен, халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

23) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт;

24) нормативтік емес құқықтық акт – құқық нормаларын қамтымайтын, уәкілетті орган өз құзыреті шегінде шығарған (қабылдаған), жеке-дара айқындалған тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын не нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін жазбаша ресми құжат, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілер;

25) нормативтік құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және сонымен бірдей электрондық құжат;

26) нормативтік құқықтық актілерді кейіннен ресми жариялау – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне сәйкестігі тұрғысынан сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілерді баспа басылымында жариялау;

27) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі – осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу нөмірі мен деректемелері қамтылған жазбаша тізбе;

28) нормативтік құқықтық актінің деңгейі – нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысында өзінің заңдық күшіне қарай алатын орны;

29) нормативтік құқықтық актінің заңдық күші – нормативтік құқықтық актінің тиісті қоғамдық қатынастарға қолданылу міндеттілігін, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге қатысты басымдығын немесе қоса бағыныстылығын айқындайтын сипаттамасы;

30) нормативтік құқықтық актіні ресми жариялау – осы Заңда көзделген жағдайларда, нормативтік құқықтық актінің толық мәтінін жалпыға бірдей мәлімет үшін электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде, ресми баспасөз басылымдарында, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялау;

31) нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі – осы Заңның 13-тарауында көрсетілген талаптар мен шарттарға сай келетін, нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

32) нұсқаулық – қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында заңнаманың қолданылуын тиянақтайтын нормативтік құқықтық акт;

33) техникалық регламент – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын, өнімге және (немесе) олардың өмірлік циклі процестеріне қойылатын міндетті талаптар белгіленетін нормативтік құқықтық акт;

34) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, сондай-ақ осы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыретіне сәйкес құқықтық актілерді қабылдауға құқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары (Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Парламент Палаталары, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, әкімдер, өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар);

35) уәкілетті ұйым – әзірлеуші орган әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуге жататын заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

36) шоғырландырылған заң – осы Заңның 9-бабында көзделген салалардағы (аядағы) сипаты жағынан кешенді қоғамдық қатынастарды реттейтін заң.

## **2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының құқықтық актілері жүйесін айқындайды, нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік емес құқықтық актілердің құқықтық мәртебесінің аражігін ажыратады.

2. Осы Заң:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау, өзгерту, толықтыру және оның қолданылуын тоқтату тәртібін;

2) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қабылдау, өзгерту, толықтыру және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту, толықтыру және тоқтату тәртібін;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық процестік заңнамасында белгіленген жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді қабылдау, өзгерту, толықтыру және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін реттемейді.

### **3-бап. Құқықтық актілерге қойылатын жалпы талаптар. Құқықтық актілердің түрлері**

1. Құқықтық актілер мынадай жалпы талаптарға сай келуге:

1) нормативтік немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтуға;

2) республикалық референдумда не осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қабылдануға;

3) айқындалмаған тұлғалар тобына немесе жеке-дара айқындалған тұлғаларға арналуға;

4) қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталуға;

5) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің туындауына, оларды өзгертуге, толықтыруға немесе тоқтатуға бағытталуға тиіс.

2. Құқықтық актілер мынадай түрлерге:

1) нормативтік құқықтық актілерге;

2) нормативтік емес құқықтық актілерге бөлінеді.

## **2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ**

### **4-бап. Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйесі, оның тұтастығын қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясы, оған сәйкес келетін заңнамалық актілер, өзге де нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құрайды.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесінің тұтастығы:

1) нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін сақтау;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Заңда бекітілген нормативтік құқықтық актілер сатысын сақтау;

3) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау арқылы қамтамасыз етіледі.

### **5-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана негізделеді және барлық өзге де нормативтік құқықтық актілер оларға қайшы келе алмайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары оларды қабылдауға негіз болған Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының заңдық күшіне ие болады.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер қамтылады.

### **6-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары**

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту, толықтыру және тоқтату тәртібі арнайы заңмен айқындалады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдары алдында басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады.

## **2-БӨЛІМ. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

### **3-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **7-бап. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі және туынды түрлері**

1. Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды болып бөлінеді.

2. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, Қазақстан Республикасының заңдары;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары; Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтары; Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де нормативтік құқықтық жарлықтары;

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік құқықтық қаулылары;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық қаулылары;

7) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

8) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

9) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

3. Нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлеріне мыналар жатады:

1) ереже;

2) техникалық регламент;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) қағидалар;

6) нұсқаулық.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілердің өзге де нысандары көзделуі мүмкін.

4. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілер негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен біртұтастықты құрайды.

5. Уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген жергілікті атқарушы органдар нормативтік құқықтық актілер шығаруға құқылы емес.

6. Орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының басшылары құрылымына осы ведомство кіретін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде нормативтік құқықтық бұйрықтарды бекіту жөнінде тікелей құзырет болған кезде нормативтік құқықтық бұйрықтарды қабылдайды және олар адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қозғай алмайды.

## **8-бап. Қазақстан Республикасының кодекстерімен реттелетін қоғамдық қатынастар**

Қазақстан Республикасының кодекстері мынадай:

- 1) бюджеттік;
- 2) азаматтық;
- 3) азаматтық процестік;
- 4) неке-отбасы;
- 5) экологиялық;
- 6) су;
- 7) жер;
- 8) орман;
- 9) салық;
- 10) кеден;
- 11) еңбек;
- 12) қылмыстық жазаларды орындауға байланысты;
- 13) әкімшілік жауаптылыққа тартуға байланысты;
- 14) қылмыстық жауаптылыққа тартуға байланысты;
- 15) қылмыстық-процестік;
- 16) денсаулық сақтау саласындағы;
- 17) кәсіпкерлік саласындағы;
- 18) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы біртектес

аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады.

## **9-бап. Шоғырландырылған заңдармен реттелетін қатынастар**

Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары заңнаманың құрылымын жетілдіру мақсатында қабылданады және:

- 1) мемлекеттік мүлік;
- 2) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару;
- 3) білім және ғылым;
- 4) азаматтық қорғау;
- 5) тұрғын үй қатынастары;
- 6) қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу, бақылау және қадағалау;
- 7) көлік;
- 8) рұқсаттар және хабарламалар;
- 9) оңалту және банкроттық;
- 10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы (аясындағы)

өзінің сипаты жағынан кешенді қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды біріктіреді.

## **10-бап. Нормативтік құқықтық актілер сатысы**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясын қоспағанда, өзге нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшінің арақатынасы мынадай төмендей беретін деңгейлерге сәйкес болады:

- 1) Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар;
- 2) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары;
- 3) Қазақстан Республикасының кодекстері;
- 4) Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтары;
- 5) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік қаулылары;
- 6) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;
- 7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;
- 8) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;
- 9) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;
- 10) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

3. Төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс.

4. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары осы бапта белгіленген нормативтік құқықтық актілер сатысынан тыс тұрады.

#### **11-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тікелей қолданылуы**

1. Егер нормативтік құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше ескертілмесе, барлық нормативтік құқықтық актілер тікелей қолданылады.

2. Қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да болсын қосымша нұсқаулар талап етілмейді.



3. Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде оның қандай да бір құқық нормасы қосымша нормативтік құқықтық акт негізінде қолданылатындығы көрсетілсе, онда бұл норма негізгі және қосымша нормативтік құқықтық актіге сәйкес қолданылады.

Қосымша нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін тиісті қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

### **12-бап. Әртүрлі нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларының қайшылықтары**

1. Әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде неғұрлым жоғары деңгейдегі актінің нормалары қолданылады.

2. Заңдар нормаларының Қазақстан Республикасы кодекстерінің нормаларымен алшақтығы болған жағдайларда, олар кодекстерге тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

3. Бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде қолданысқа кешірек енгізілген акт нормалары қолданылады.

### **13-бап. Заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын пайдалану тәртібі**

1. Нақты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған кезде заң ұқсастығы немесе құқық ұқсастығы қолданылуы мүмкін.

2. Нақты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, заң ұқсастығы қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда заң ұқсастығын пайдалану мүмкін болмаған кезде құқық ұқсастығы пайдаланылады.

4. Заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын қолдану процесінде жеке немесе заңды тұлғалардың жаңа міндеттерін белгілеуге немесе құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Заңнаманың нақты салаларымен реттелетін қатынастарда заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын қолдану мүмкіндігі тиісті заңнамалық актілермен айқындалады.

### **14-бап. Мерзімдерді есептеу**

1. Заңнамада белгіленген мерзім күнтізбелік күнмен немесе басталуы сөзсіз болатын оқиға көрсетіле отырып айқындалады. Мерзім жылдармен, тоқсандармен, айлармен, апталармен, күндермен (тәуліктермен) немесе сағаттармен есептелетін уақыт кезеңі ретінде де белгіленуі мүмкін.

2. Жылдармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде аяқталады. Егер

мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде (соңғы тәулігінде) аяқталады.

Айлармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде (күні) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде (соңғы тәулігінде) аяқталады.

Апталармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде (тиісті тәулігінде) аяқталады.

Күндермен (тәуліктермен) есептелетін мерзім Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген оқиға басталған күннен басталатын конституциялық мерзімдерді қоспағанда, оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күнінде (тәулігінде) аяқталады.

Сағаттармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған оқиға басталған минуттан басталады және белгіленген кезеңнің соңғы минутында аяқталады.

3. Уақыт кезеңімен айқындалатын мерзімнің өтуі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген оқиға басталған күннен басталатын конституциялық мерзімдерді қоспағанда, оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталғаннан кейінгі келесі күні басталады.

Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзімнің аяқталу күні сол күннен кейінгі таяудағы келесі жұмыс күні болып есептеледі.

#### **4-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫН ДАЙЫНДАУДЫ ЖОСПАРЛАУ**

##### **15-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары**

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары бір жылға жасалатын ағымдағы және неғұрлым ұзақ мерзімге жасалатын перспективалық болып бөлінеді.

Перспективалық жоспарларда неғұрлым маңызды нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ оларды дайындау бір жылдан астам мерзімге жоспарланатын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу көзделеді.

2. Дайындау жоспарларында:

1) нормативтік құқықтық актінің деңгейін, нысанын және реттеу нысанасын көрсететін атауы;

2) дайындау мерзімдері;

3) жобаны әзірлеуге жауапты органдар мен ұйымдар көрсетіледі.

3. Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасында өзгеше көзделмесе, нормативтік құқықтық актілерді дайындау

жоспарларын тиісті актілерді қабылдауға құзыретті уәкілетті органдар жасап, бекіте алады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасаған кезде мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың, оның ішінде ғылыми ұйымдардың ұсыныстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де мүдделі тұлғалардың құқықтық мониторинг қорытындылары бойынша дайындалған ұсыныстары ескеріледі.

5. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасайтын және бекітетін уәкілетті органдар жоспарларға осы актілердің дайындалуын көрсететін басқа көрсеткіштерді де енгізе алады.

6. Қазақстан Республикасының Президенті шығаратын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау тәртібі мен нысандарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

#### **16-бап. Заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау**

1. Заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды перспективалық жоспарлау Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті сайланымы кезеңіне қабылданады және Қазақстан Республикасы Парламентінің сессиялары бөлінісінде заңнамалық актілердің жобаларын (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда) дайындау солардың шеңберінде болжанатын заңнама салаларын (аясын) көрсетеді.

3. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоғырландырылған ұсыныстары негізінде жасалады.

4. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағаларымен келісуге енгізеді және Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі бір жылға жасалатын заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын бекітеді.

6. Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді және олар Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарлары:

1) әзірленуі алдағы жылы болжанатын, оның деңгейін, нысанын және реттеу нысанасын көрсететін заң жобасының атауын;

2) заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну мерзімдерін;

3) заң жобасын әзірлеуге жауапты органдар мен ұйымдарды қамтуға тиіс.

8. Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайтын заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау тәртібі мен нысандарын Парламент және оның Палаталары Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 3-тармағында белгіленген өз құзыреттеріне сәйкес айқындайды.

9. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобаларын дайындауға қолданылмайды.

## **5-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ**

### **17-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеушілер**

1. Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері бола алады.

Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

Орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын әзірлеу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына оның Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы және өкілді органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар енгізе алады.

3. Өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар өз бастамасымен немесе жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың тапсырмалары бойынша әзірлейді.

4. Өзге де органдар, ұйымдар мен азаматтар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге немесе мұндай актілердің бастамашылық жобаларын әзірлеуші органдардың қарауына беруге құқылы. Әзірлеуші органдар оларды өздері әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары үшін негіз ретінде қабылдауы немесе олардың одан әрі әзірленуін және жобалардың қабылдануын орынсыз деп тануы мүмкін.

#### **18-бап. Нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу тәртібі**

1. Әзірлеуші орган жобаны дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды өз бөлімшелеріне тапсырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауды өзіне ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдарға тапсыра алады немесе бөлінген бюджет қаражаты мен гранттарды осы мақсаттарға пайдалана отырып, оны дайындауға шарттық негізде мамандарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға және ұжымдарға, оның ішінде шетелдіктерге, тиісті салалардағы сарапшыларға тапсыра алады.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актілердің балама жобаларын дайындауды бірнеше мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыруға немесе оларды әзірлеуді шарттық негізде, оның ішінде конкурс бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, бірнеше ғылыми мекемелерге немесе ғалымдарға тапсыруға құқылы.

Нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауға нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауға жауапты әзірлеуші органның заң бөлімшесі қызметкерлерінің қатысуы міндетті.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері өкілдерінің қатысуы міндетті.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген сатыда қатысуға құқылы.

2. Уәкілетті орган заң жобасын әзірлеу басталғанға дейін оның тұжырымдамасын әзірлейді.

Осы талап заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірлеу жағдайларына қолданылмайды. Заң жобалары тұжырымдамаларын қарау тәртібі және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру қағидаларымен айқындалады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобасының тұжырымдамасы осы Заңның 19-бабында көзделген тәртіппен сараптамалық қорытынды алу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберілуге тиіс.

3. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулыларының жобаларын және басқа да уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылуы мүмкін.

4. Уәкілетті органдардың бір деңгейдегі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын бірнеше уәкілетті орган әзірлеуі, ал қажет болғанда – қабылдауы мүмкін.

Бірнеше уәкілетті органның заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын олар осы Заңда көзделген тәртіппен бірлесіп әзірлейді және уәкілетті органдардың басшылары қол қоятын бірлескен нормативтік құқықтық актілер түрінде қабылдайды.

Бірлескен нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлері туынды нормативтік құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті органдардың негізгі нормативтік құқықтық актілері арқылы бекітіліп, онда туынды актіні қабылдауға арқау болған негізгі нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен заңнамалық актінің жобасын әзірлеу тапсырылған Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі немесе Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары, егер Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы өзгеше мерзім белгілемесе, заңнамалық актінің жобасын әзірлеуді бір ай мерзімде жүзеге асырады.

6. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша заң сараптамасын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізеді.

7. Егер Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулысының дайындалып жатқан жобасының құқық нормаларын іске асыру үшін бір деңгейдегі немесе төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болса, онда негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актінің жобасымен бір мезгілде көрсетілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары бар актілердің жобалары дайындалуға немесе тиісті органдарға осындай актілерді дайындау туралы тапсырмалар берілуге тиіс.

8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қоспағанда, заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары түсіндірме жазбаларымен және оларға салыстырма кестелерімен (заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына көпшілік талқылауы үшін орналастырылады.

Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына заң жобалары тұжырымдамаларының жобалары мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және оларды көпшілік талқылауы тәртібін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісу бойынша белгілейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары көпшілік талқылауы үшін олар қабылданғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн мерзімде уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылады.

9. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы құқығымен байланысты қатынастарға қолданылмайды.

### **19-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау ерекшеліктері**

1. Әзірлеуші органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде түсіндірме жазбаны міндетті түрде қоса бере отырып, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жібереді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытынды ұсыну үшін әзірлеуші орган белгілейтін мерзім жоба жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауы керек.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сараптамалық қорытындыны белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертпесіз келісілді деп есептеледі.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбада нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азаятынын және (немесе) ұлғаятынын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері қамтылуға тиіс.

3. Сараптамалық қорытындылар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мүшелерінің ортақ пікірін білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және нормативтік құқықтық актінің жобасына ол қабылданғанға дейін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде міндетті қосымша болып табылады.

Сараптамалық қорытындылар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4. Әзірлеуші орган сараптамалық қорытындымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Әзірлеуші орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда, сараптамалық қорытындыны алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына келіспеуінің себептерін негіздей отырып, жауап жібереді.

Мұндай негізделген жауаптар нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына міндетті қосымша болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертпелері бар сараптамалық қорытынды берген және сараптамалық кеңестің мүшесі сараптамалық кеңестің отырысын өткізуді талап еткен жағдайларда, мұндай отырыстың өткізілуі міндетті болып табылады.

Бұл ретте сараптамалық кеңестің отырыстары сараптамалық кеңестің мүшелерін тікелей шақыру не нақты уақыт режимінде интернет-конференция өткізу арқылы жүргізілуі мүмкін.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін талаптарға байланысты қызметін жүзеге асыруға дайындалу үшін жеке кәсіпкерлік субъектісіне қажетті мерзімдер негізге алынып белгіленуге тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Осы бапта көзделген рәсімдер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарттары болып табылады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары, олар сараптамалық кеңестің отырысында



каралғанға дейін, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға (таратылуға) жатады.

**20-бап. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау ерекшеліктері**

1. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу процесіне коммерциялық емес ұйымдарды, азаматтарды тарту мақсатында «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қоғамдық кеңестер құрылады.

2. Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылатын қоғамдық кеңестерге жібереді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ұсынымдарды беру үшін белгіленетін мерзім ол Қоғамдық кеңеске келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауы керек.

Қоғамдық кеңес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде ұсынымдар бермеген жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Ұсынымдар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдармен осы жобаны әрбір келесі келісу кезінде оған міндетті қосымша болып табылады.

Ұсынымдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

3. Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган Қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган ұсынымдармен келіспеген жағдайда, тиісті Қоғамдық кеңеске он жұмыс күні ішінде келіспеуінің себептерін негіздей отырып, жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін оған міндетті қосымша болып табылады.

**21-бап. Нормативтік құқықтық актінің жобасын мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісу**

1. Нормативтік құқықтық актінің дайындалған жобасы, ал қажет болған кезде оны іске асыру мақсатында қабылданатын басқа нормативтік құқықтық актінің жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуге жіберіледі.

Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қаржы-экономикалық есеп-қисаптар қоса беріледі.

Егер заң жобасында қамтылған құқық нормаларын іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдау қажет болса (егер ондай қажеттілік болмаса, онда ол ілеспе хатта көрсетіледі), заң жобасына заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары қоса беріледі. Егер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, онда осы мемлекеттік орган заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын әзірлеуші органға ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын және Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң шығару бастамасы тәртібімен енгізетін заңнамалық актілердің жобаларын қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің жобалары міндетті түрде келісілуге жататын мемлекеттік органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалған заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы айқындайтын жағдайларда Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісіледі.

4. Нормативтік құқықтық актінің жобасы келісілуге жіберілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар, егер Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше белгілемесе, оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын дайындауға немесе олардың жоқтығы туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеген әзірлеуші органға хабарлауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасының Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының келісілу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы өзге, неғұрлым қысқа мерзім белгілемесе, он жұмыс күнінен аспауы керек.

Мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертулері кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды қамтуға, негізделген және тиянақты болуға, жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.

5. Әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасын алынған ескертулер бойынша пысықтап, қабылданған және қабылданбаған ескертулер, ескертулерді қабылдамау уәждері туралы анықтама жасайды.

6. Жұмыс тобын құрған әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасына жұмыс тобында талқылануға тиісті өзгерістер және (немесе)

толықтырулар енгізе алады немесе нормативтік құқықтық актінің жобасын жұмыс тобына пысықтауға қайтара алады.

7. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **22-бап. Нормативтік құқықтық актінің деректемелері**

Нормативтік құқықтық актілердің мынадай деректемелері болуға тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;
- 2) актінің нысанын көрсету: Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы; Қазақстан Республикасының кодексі; Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңы; Қазақстан Республикасының заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы; Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы; министрдің бұйрығы; орталық мемлекеттік орган басшысының бұйрығы; ведомство басшысының бұйрығы; орталық мемлекеттік органның қаулысы; мәслихат шешімі; әкімдік қаулысы; әкімнің шешімі; тексеру комиссиясының қаулысы және осы Заңда көзделген нормативтік құқықтық актінің өзге де нысаны;
- 3) нормативтік құқықтық актінің реттеу нысанасын білдіретін тақырып;
- 4) нормативтік құқықтық актінің қабылданған жері мен күні;
- 5) нормативтік құқықтық актінің тіркеу нөмірі;
- 6) нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның немесе адамдардың қолтаңбалары;
- 7) осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірін көрсету;
- 8) елтаңбалы мөр.

## **23-бап. Нормативтік құқықтық актінің құрылымы**

1. Құқық нормаларын қамтитын абзац, бөлік, тармақша, тармақ және бап нормативтік құқықтық актінің негізгі құрылымдық элементтері болып табылады.

Нормативтік құқықтық акт бабының, тармағы мен тармақшасының ішінде бөлік – қисынды аяқталған, абзац арқылы бөлініп көрсетілген, бас әріптен басталатын құқықтың жеке нормасы болуы мүмкін. Егер тармақшада бірнеше бөлік болса, тармақшаның бірінші бөлігі кіші әріптен басталады.

Бөліктің бас әріппен басталатын бірінші абзацын қоспағанда, мәтіннің кіші әріптен басталатын, бірінші жолда абзац арқылы бөлініп көрсетілетін және мағыналық біртұтастықты білдіретін бөлігі абзац деп есептеледі. Абзацтар (бөліктің бірінші және соңғы абзацтарынан басқасы) нүктелі үтірмен аяқталады.

Заңнамалық актілер, әдетте, «бап» деген атауы бар баптардан тұрады, олар бөлікті, тармақты, тармақшаны және абзацты қамтуы мүмкін.

Өзге де нормативтік құқықтық актілер олардың атауында «тармақ» деген сөз жазылмайтын тармақтардан тұрады, олар тармақшаларды, бөліктерді, абзацтарды қамтуы мүмкін.

2. Көлемі ауқымды нормативтік құқықтық актілердің мазмұны жағынан жақын баптары (тармақтары) тарауларға біріктірілуі мүмкін. Мазмұны жағынан жақын бірнеше тарау – бөлімдерге, ал бөлімдер нормативтік құқықтық актінің бөліктеріне біріктірілуі мүмкін. Көлемі жағынан үлкен тараулар мен бөлімдерде тиісінше параграфтар және кіші бөлімдер бөлініп көрсетілуі мүмкін. Кодекстерде ішкі құрылымның басқа да белгілемелері пайдаланылуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілердегі тарау, параграф, бөлім, кіші бөлім тиісінше «тарау», «параграф», «бөлім», «кіші бөлім» деген сөздермен белгіленеді.

3. Кодекс, әдетте, атауында «бөлік» деген сөз жазылмайтын бөліктерге бөлінетін баптардан тұрады, олар араб цифрларымен нөмірленеді.

4. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тармағы, бабы, параграфы, тарауы, кіші бөлімі және бөлімі араб цифрларымен нөмірленеді. Нормативтік құқықтық акт баптарының, тарауларының, бөлімдерінің және бөліктерінің нөмірленуі тұтас болып табылады. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тарауындағы параграфтардың нөмірленуі және әрбір бөліміндегі кіші бөлімдердің нөмірленуі дербес болып табылады.

5. Нормативтік құқықтық актілердің тармақтарындағы (баптарындағы) тармақшаларының, баптарындағы тармақтардың, сондай-ақ жекелеген кодекстер баптарындағы бөліктердің нөмірленуі әрбір бап үшін дербес болады. Тармақтардағы тармақшалардың нөмірленуі араб цифрларымен жақша арқылы мынадай түрде белгіленеді: 1), 2), 3) және одан әрі қарай.

6. Заңды қабылдау мақсаттарына және оның алдында тұрған негізгі міндеттерге түсіндірме беру қажет болған жағдайларда, құқық нормаларын жазудың алдынан кіріспе бөлік (кіріспе) беріледі.

Кіріспе бөлік (кіріспе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында жазылмайды.

7. Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларды нақтылау қажет болғанда, онда олардың мәніне түсіндірме беретін бап (тармақ) болады. Қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады. Орыс

тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар қазақ тілінде жазылған ретке сәйкес болуға тиіс.

Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жоғары тұрған нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.

8. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі тиісті нұсқауларды нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құқық нормасының мәніне нұқсан келтірмей жазу мүмкін болмаған кезде ескертпемен толықтырылуы мүмкін.

9. Пайдалануға ыңғайлы болу үшін нормативтік құқықтық актінің әрбір бабының, тарауының, бөлімінің, бөлігінің, сондай-ақ тарауының параграфы мен бөлімінің кіші бөлімінің тақырыптары болуға тиіс.

Бұл талап республикалық бюджет туралы заңға және заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актілердің баптарына қолданылмайды.

Нормативтік құқықтық акт бөліктерінің, бөлімдерінің, кіші бөлімдерінің, тарауларының және параграфтарының тақырыптары алдыңғы мәтіннен – екі, ал келесі мәтіннен бір жоларалық интервалмен бөлінеді.

Нормативтік құқықтық актінің, оның бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының тақырыбы нормативтік құқықтық актінің өзінің, сондай-ақ тиісті бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының реттеу нысанасын көрсетуге тиіс.

10. Кодекстің құрылымына мазмұн кіреді. Баптың тақырыбына өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізген кезде, сондай-ақ кодексті баптармен толықтырған немесе кодекстен баптарды алып тастаған кезде мазмұнға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет.

11. Нормативтік құқықтық актінің құрылымына қосымшалар енгізілуі мүмкін.

#### **24-бап. Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар**

1. Мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті, функциялары мен міндеттері нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару деңгейі бойынша аражігі нақты ажыратылып белгіленуге тиіс.

Мемлекеттік органдардың типтік функцияларын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні бірыңғай қаріппен басылуға тиіс.

3. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның

ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.

4. Заңнамалық актіде құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары, оның мәтінінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар, заңнамалық акт күшіне енгеннен кейін өзге нормативтік құқықтық актілердің қолданылу тәртібі мен шарттары белгіленуі мүмкін.

Заңнамалық актінің өтпелі ережелерінде ол қолданысқа енгізілгенге дейін қатынастарды реттеу тәртібі көрсетіледі, жаңа құқық нормаларына ауысу мерзімдері мен тәсілдері белгіленеді.

Заңнамалық актінің қорытынды ережелерінде осы актіні қолданысқа енгізу туралы, бұрын шығарылған актінің күші жойылды деп тану туралы, оның күшін жою туралы нормалар бекітіледі. Осы актіні орындау және дамыту мақсатында қажет болғанда басқа да мемлекеттік органдардың актілерді шығаруы туралы талаптар белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларына қолданылмайды.

5. Нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар мемлекеттік органдарға не қажет болғанда олардың басшыларына жолдануға тиіс.

Тапсырма беруші тұлғаға бағынысты емес мемлекеттік органдарға қатысты, нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар ұсынымдық нысанда не олармен келісім бойынша жазылуға тиіс. Соңғы жағдайда мемлекеттік органның атауынан кейін «(келісім бойынша)» деген белгі көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады.

Нормативтік құқықтық акт мәтінінің қарапайым және ықшам болуын қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде қысқартудың не аббревиатураның мағынасын таратып жаза отырып, мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға жол беріледі.

7. Нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде абзацтарды сызықшалармен немесе өзге де белгілермен белгілеуге, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және астын сызуға жол берілмейді.

## **25-бап. Нормативтік құқықтық актілерде сілтеме жасау және жазып келтіру**

1. Қажет болғанда нормативтік құқықтық актілерде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтеріне сілтеме жасалуы, сондай-ақ жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасала отырып, осындай актілерден жекелеген құқық нормалары жазып келтірілуі мүмкін.

2. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінде оның басқа құрылымдық элементтеріне сілтеме жасауға құқық нормаларының өзара байланысын көрсету не қайталауды болғызбау қажет болатын жағдайларда ғана жол беріледі.

3. Мәтін жолдарына және сөйлемдерге сілтеме жасау кезінде олардың нөмірленуі реттік сан есімдермен (жазумен) белгіленеді.

4. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құрылымдық элементке сілтеме жасау оның реттік нөмірін жазумен немесе цифрлармен көрсету арқылы келтіріледі (оларды белгілеу үшін сын есімдерді пайдалануға жол берілмейді).

5. Нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде мынадай кезектілікпен осы нормативтік құқықтық актінің нысаны, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және тақырыбы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

Заңнамалық актілерге сілтеме жасау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң не заң күші бар жарлықтарын қоспағанда, олардың тіркелген нөмірлерін көрсету талап етілмейді.

6. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде бір ғана нормативтік құқықтық актіге екі және одан да көп сілтеме қатарынан келтірілсе, онда осы нормативтік құқықтық актінің толық тақырыбы оған кейіннен сілтеме жасала отырып, бір рет (мәтінде алғаш рет аталған кезде) көрсетіледі.

7. Егер нормативтік құқықтық актіде қосымшаларға сілтеме болса, онда нормативтік құқықтық актіге бір қосымша болатын жағдайларды қоспағанда, қосымшалардың нормативтік құқықтық актінің мәтінінде олардың аталу реті бойынша берілетін нөмірлері көрсетіледі.

## **26-бап. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу**

1. Заңдарды қоспағанда, нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актінің тақырыбында актінің нысанына, қабылданған күніне, тіркеу нөміріне және тақырыбына сілтеме қамтылуға тиіс.

Нормативтік құқықтық актіге немесе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актінің тақырыбында бірінші кезекте «өзгерістер» немесе «өзгеріс» деген сөз көрсетіледі.

2. Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда – тиісті заңнамалық актілердің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өзге де нормативтік құқықтық акт жобасының мәтінінде аталған нормативтік құқықтық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі, сондай-ақ жақша ішінде – олардың «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы» жинағында жарияланған жылы, нөмірі және құжаты не егер нормативтік құқықтық акт ресми жариялануға жатқызылған болса, осы Заңға сәйкес алғашқы ресми жарияланған күні және ресми жарияланымның өзге де дереккөзінің атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

3. Өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актімен қабылданған, бірақ қолданысқа енгізілмеген құқық нормасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

4. Үш және одан да көп нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жекелеген қосымшамен ресімделетін тізбе жасалады.

Аталған талап заңнамалық актілерге қолданылмайды.

5. Бір ғана нормативтік құқықтық актіге енгізілетін барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар бір тармақпен немесе тармақшамен көзделеді. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілер олардың заңдық күшінің арақатынасына қарай, сондай-ақ қабылданған (шығарылған) күні бойынша хронологиялық ретпен орналастырылады.

Бір ғана күннің шегінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер олардың тіркеу нөмірлеріне немесе ресми жарияланым дереккөздеріндегі құжат нөмірлеріне сәйкес көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде мұндай құрылымдық элемент жаңа редакцияда жазылады.



Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген заң жобаларын қарау кезінде, сондай-ақ заң жобаларына және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына қатысты қолданылмауы мүмкін.

7. Жаңа құрылымдық элементтер, сондай-ақ қосымшалар нормативтік құқықтық актінің мәтініне нақ сондай соңғы құрылымдық элементтен кейінгі келесі реттік нөмірлерімен немесе нақ сондай құрылымдық элементтер арасына нормативтік құқықтық актінің соңынан келетін сол құрылымдық элементтерінің нөмірлерін қайталайтын қосымша нөмірлермен енгізіледі, мысалы: 2-1, 2-2-тармақтар; 8-1), 8-2) тармақшалар; 5-1-бөлім; 3-1, 3-2, 3-3-қосымшалар.

Егер нормативтік құқықтық акт қосымшамен толықтырылса, нормативтік құқықтық актінің мәтініне нормативтік құқықтық актіні қосымшамен немесе туынды түрдегі нормативтік құқықтық актімен толықтыру туралы тармақ (тармақша) енгізіледі.

8. Құпиялылық белгілері немесе «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жариялаусыз», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер тізбеге олардың тақырыбы көрсетілмей енгізіледі.

9. Нормативтік құқықтық актінің мәтініне нормативтік құқықтық акт мәтінінің жартысынан асатын көлемде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде оның жаңа редакциясы қабылданады.

Заң жобаларын жаңа редакцияда ресімдеу кезінде бап көлемді айқындау бірлігі болып табылады.

Өзге нормативтік құқықтық актіні жаңа редакцияда ресімдеу кезінде тармақ көлемді айқындау бірлігі болып табылады.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген заң жобаларын қарау кезінде қолданылмайды.

## **27-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу**

1. Нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты, егер нормативтік құқықтық актілер немесе олардың құрылымдық элементтері жаңа нормативтік құқықтық актіге енгізілген құқық нормаларына қайшы келсе немесе солармен қамтылса, күші жойылды деп тануға жатады.

2. Жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған кезде оны іске асыру үшін қабылданған төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тануға жатады.

Бұл талап жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актінің жекелеген құқық нормаларын іске асыру үшін төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер қабылданып, одан сондай құқық нормалары алып тасталған жағдайларда да қолданылады.

Күші жойылды деп тануға жататын нормативтік құқықтық актілер олардың заңдық күшінің арақатынасына қарай, сондай-ақ қабылданған күні бойынша хронологиялық ретпен орналастырылады.

3. Заңнамалық актілердің күші жойылды деп тану туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың алғашқы ресми жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, тиісті заңнамалық актілердің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық акт жобасының мәтінінде аталған нормативтік құқықтық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі, сондай-ақ жақша ішінде – олардың «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы» жинағында бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты не егер нормативтік құқықтық акт ресми жариялануға жатқызылған болса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланған күні және ресми жарияланымның өзге де дереккөзінің атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

4. Нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты күші жойылды деп танылуға жататын нормативтік құқықтық актілердің немесе олардың құрылымдық элементтерінің тізбесі не нормативтік құқықтық актінің өзінде немесе оны қолданысқа енгізу тәртібі туралы актіде қамтылуға тиіс.

5. Үш және одан да көп нормативтік құқықтық актінің немесе олардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде жекелеген қосымшамен ресімделетін тізбе жасалады.

6. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде мұндай элементтер алып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады. Сақталған нөмірге нормативтік құқықтық актінің (немесе оның құрылымдық элементінің) күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актіге сілтеме қосылады. Сақталған құрылымдық элементтердің нөмірленуі өзгермейді.

7. Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актінің көлемі бойынша үлкен бөлігінің күші жойылды деп танылса, онда күші жойылды деп тануға арналған тізбеге өзінің заңдық күшін сақтайтын құрылымдық элементтер туралы ескертпе жасалып, бүкіл нормативтік құқықтық акт енгізіледі.

Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актінің көлемі бойынша кіші бөлігінің күші жойылды деп танылса, онда күші

жойылды деп тануға арналған тізбеге жаңадан қабылданған нормативтік құқықтық актіге қайшы келетін не онда қамтылатын құрылымдық элементтер ғана енгізіледі.

Мұндай жағдайларда нормативтік құқықтық актінің көлемі осы Заңның 26-бабының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

8. Басқа нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларын қайталайтын және жаңа құқық нормаларын қамтымайтын нормативтік құқықтық актілер де күші жойылды деп тануға жатады.

9. Негізгі нормативтік құқықтық актінің өзі де, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген нормативтік құқықтық актілер де (немесе олардың құрылымдық элементтері) күші жойылды деп тануға жатады. Күші жойылды деп тануға жататын қандай да бір нормативтік құқықтық актінің немесе оның құрылымдық элементінің редакциясы бірнеше мәрте өзгертілген және (немесе) толықтырылған жағдайда тізбеге негізгі нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген барлық нормативтік құқықтық актілер дербес тармақтар түрінде енгізіледі.

Аталған талап заңнамалық актілерге қолданылмайды.

10. Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану көзделген басқа нормативтік құқықтық актінің немесе оның құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылса, бірінші айтылған актілердің қолданысы қайта жалғаспайды.

11. Күшіне енбеген нормативтік құқықтық актілер күші жойылды деп таныла алмайды. Қажет болғанда мұндай нормативтік құқықтық актілер жойылуы мүмкін.

12. Қолданылу мерзімі өткен нормативтік құқықтық актілер және нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері күші жойылды деп тануға жатпайды.

Нормативтік құқықтық актіде қолданылу мерзімі өткен құқық нормаларымен қатар күші жойылды деп тануға жататын құқық нормалары қамтылған жағдайда, тізбеге бүкіл нормативтік құқықтық акт енгізіледі.

13. Егер нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде күші жойылды деп тануға жататын қосымша көрсетілсе, онда тізбеге осы құрылымдық элемент қана енгізіледі, ал қосымша бөлек ескертілмейді.

Егер нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде қосымшаны бекітумен қатар өз қолданысын сақтайтын құқық нормасы қамтылса, ал қосымша күші жойылды деп тануға жататын болса, онда тармақ қосымшаға қатысты бөлігінде тізбеге енгізіледі, ал қосымша бөлек ескертілмейді.

14. Егер нормативтік құқықтық актінің жекелеген құрылымдық элементтері толығымен, ал басқа құрылымдық элементтері ішінара күші жойылды деп тануға жататын болса, онда ең алдымен толығымен күші жойылды деп тануға жататын құрылымдық элементтер көрсетіледі.

## **28-бап. Нормативтік құқықтық актілерге қосымшаларды ресімдеу**

1. Қосымшалар нормативтік құқықтық актінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Қажет болғанда нормативтік құқықтық актіге графиктер, кестелер, схемалар, карталар, тізбелер және басқа да қосымша құжаттар жекелеген қосымшалармен ресімделеді.

3. Қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышында өзі соған сәйкес бекітілген нормативтік құқықтық акт, актінің қабылданған күні мен тіркеу нөмірі көрсетілуге тиіс.

4. Егер нормативтік құқықтық актіге бірнеше қосымша болса, әрбір қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышында оның реттік нөмірі, сондай-ақ өзі соған сәйкес бекітілген нормативтік құқықтық актінің түрі, актінің қабылданған күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі. Егер нормативтік құқықтық актіге қосымша біреу болса, онда ол нөмірленбейді.

5. Құпиялылық белгілері немесе «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жариялаусыз», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерге қосымшаларды ресімдеу осы бапқа және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **29-бап. Заңнамалық актінің жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу және кері қайтарып алу**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі және тек қана Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде іске асырылады.

Заңнамалық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қағаз және электрондық жеткізгіштерде қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі.

2. Заңнамалық актінің жобасы бойынша ұсынылатын материалдар мынадай қосымшаларды қамтуға тиіс:

1) заңнамалық актінің жобасына жобаны қабылдаудың қажеттігі негізделген, мақсаттары, міндеттері, негізгі ережелері кеңінен сипатталған түсіндірме жазба, ал Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін – арнайы жолдау;

2) жұмыс тобы құрылған жағдайда оның құрамы;

3) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары келісу рәсімінен өтпеген жағдайларды, сондай-ақ заңнамалық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті

депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайларды қоспағанда, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағы;

4) осы Заңның 30-бабына сәйкес ғылыми сараптаманың қорытындысы және бар болған жағдайда өзге де сараптамалық қорытындылар, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қорытындылары;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын қоспағанда, егер заң жобасы мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін болса, қаржы-экономикалық есеп-қисаптар, заңды қолданудың ықтимал экономикалық, әлеуметтік, заңдық, экологиялық салдарларының болжамдары, сондай-ақ бар болса, статистикалық деректер.

Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актінің жобасына енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесі бар, заңнамалық актінің құрылымдық элементтерінің қолданыстағы және ұсынылып отырған редакциясының салыстырма кестесі ұсынылады.

3. Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

4. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасы тәртібімен өздері енгізген заңнамалық актінің жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінен оны қараудың кез келген сатысында кері қайтарып алуға құқылы.

## 6-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ЖОБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ САРАПТАМАСЫ

### **30-бап. Ғылыми сараптаманың міндеттері**

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша осы актілерде реттелетін құқықтық қатынастарға қарай ғылыми (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, экономикалық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізіліп, ғылыми сараптама жүргізілмеуге болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға қарай ғылыми сараптама жүргізілуі міндетті.

2. Ғылыми сараптама:

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақтылығын, құқыққа сыйымдылығын, жобада Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтарының сақталуын бағалау;

2) нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау;

3) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарларын анықтау үшін жүргізіледі.

3. Қабылдау салдары экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қатер төндіруі мүмкін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндетті ғылыми экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

4. Ғылыми сараптаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

### **31-бап. Сараптаманы жүзеге асыратын адамдар мен ұйымдар**

1. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын қаралатын жобаның мазмұнына қарай тиісті бейіндегі ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары, ғалымдар мен мамандар қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді. Сараптама жүргізу бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптамалық комиссияға) тапсырылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйым жүргізеді.

3. Жоба бойынша мамандықтары әртүрлі сарапшылардың кешенді сараптамасы немесе алуан түрлі дербес сараптамалар, ал қажет болғанда – қайталама сараптама жүргізілуі мүмкін.

4. Сарапшылар ретінде жобаны дайындауға тікелей қатыспаған ұйымдар мен адамдар тартылады.

5. Сарапшылар ретінде басқа мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан мамандар тартылуы мүмкін.

Ғылыми сараптама жүргізу үшін жоба шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

### **32-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамаға жіберу кезіндегі бастамашылық**

1. Нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптама жүргізу туралы шешімді:

1) заң шығару бастамасы тәртібімен жобаны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) егер әзірлеуші органның регламентінде немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерде осы тұлғаларға және құрылымдық бөлімшелерге осындай құқық берілген болса, әзірлеуші орган қабылдай алады.

2. Нормативтік құқықтық актінің жобасы шарттық негізде дайындалатын жағдайларда жобаның сараптамасы жобаға тапсырыс берушінің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

### **33-бап. Нормативтік құқықтық актілердің ғылыми лингвистикалық сараптамасы**

1. Ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша жүргізіледі.

2. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **7-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІНІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

### **34-бап. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін айқындау**

1. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Заңда айқындалады.

2. Алуан түрлі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібінің ерекшеліктері мыналарда да:

1) кодекстер үшін – осы Заңда.

Кодекстер, оларға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бөлек отырыстарында рет-ретімен қарау арқылы кемінде екі оқылымда қабылданады;

2) шоғырландырылған заңдар және заңдар үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Президенті туралы, Қазақстан Республикасының Парламенті туралы, республикалық референдум туралы заңнамалық актілерде, өзге де заңнамалық актілерде, оның ішінде Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерінде;

3) Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Парламенті туралы заңнамалық актілерде;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Президенті туралы заңнамалық актіде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің осы тәртіпті реттейтін актілерінде;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы заңнамалық актіде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін де және кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік

органдардың және орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік құқықтық актілері үшін – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осы органдар туралы заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы органдардың қызметін реттейтін қаулыларында;

7) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы заңнамалық актіде;

8) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының соттары туралы заңнамада;

9) Орталық сайлау комиссиясының (Орталық референдум өткізу жөніндегі комиссияның) нормативтік қаулылары үшін – сайлау туралы және республикалық референдум туралы заңнамалық актілерде;

10) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың және тексеру комиссияларының нормативтік шешімдері үшін – осы органдар туралы заңнамалық актілерде, өзге де заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалады.

3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіні қабылдау жөніндегі құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана уәкілетті органның осы актіні қабылдауына жол беріледі.

### **35-бап. Нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар**

1. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндеріне мына лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдарына, конституциялық заңдарына, кодекстеріне, шоғырландырылған заңдарына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына, оның ішінде конституциялық заң немесе заң күші бар жарлықтарына – Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;



4) мәслихат шешімдеріне – мәслихат сессиясының төрағасы және мәслихат хатшысы;

5) әкімдік қаулыларына, әкімнің шешімдеріне – әкім;

6) өзге де нормативтік құқықтық актіге – оны қабылдаған (шығарған) органның басшысы қол қояды.

2. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актіні негізгі түрдегі нормативтік құқықтық акт арқылы қабылдаған кезде уәкілеттік берілген адам негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актіге ғана қол қояды.

**36-бап. Уәкілетті орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру жөніндегі құқықтар**

Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығы берілген уәкілетті орган қайта ұйымдастырылған не таратылған жағдайда, құқықтық мирасқорға немесе таратылған уәкілетті органның функциялары берілген уәкілетті органға оның құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығымен бірге нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

**8-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ**

**37-бап. Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау міндеттілігі**

1. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы» ресми басылымдар болып табылады.

2. Заңнамалық актілерді ресми жариялауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, конкурстық негізде осындай құқық алған мерзімді баспа басылымдары да жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде де электрондық түрде жүзеге асырылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың үшінші бөлігі 01.01.2017 дейін қолданыста болады - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста жүзеге асырылады.

3. Нормативтік құқықтық актілерді алғашқы ресми жариялау олар күшіне енген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды баспа басылымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және өздері жариялайтын мәтіндердің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізілген жағдайда жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялаудың белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауды әділет органдары жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды жүзеге асыру құқығын беру тәртібі осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау қажеттігі туралы шешімді дербес қабылдайтын ресми басылымдарға қолданылмайды.

5. Құқық қолдану практикасында нормативтік құқықтық актілердің ресми жарияланымдары пайдаланылуға тиіс.

6. Нормативтік құқықтық актілер ресми жарияланғаннан кейін ғана оларды бейресми жариялауға жол беріледі.

### **38-бап. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілерін ресми жариялау**

1. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жүзеге асырылады.

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау осы Заңның 37-бабында айқындалатын тәртіппен, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында да жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Әділет органдары тіркеген нормативтік құқықтық актілерді осындай тіркеуге ұсынған органдар оларды Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмелерін электрондық құжат және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіш нысанында ресми жариялауға жібереді.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақ 01.01.2017 дейін қолданыста болады - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

3. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста, қол қойылған

төлнұсқаларға толық сәйкес келетін графикалық форматта да жүзеге асырылады.

**39-бап. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау**

1. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жүзеге асырылады.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау осы Заңның 37-бабында айқындалатын тәртіппен, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында да жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Әділет органдары тіркеген нормативтік құқықтық актілерді осындай тіркеуге ұсынған органдар оларды Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмелерін электрондық құжат және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіш нысанында ресми жариялауға жібереді.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақ 01.01.2017 дейін қолданыста болады - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

3. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста, қол қойылған төлнұсқаларға толық сәйкес келетін графикалық форматта да жүзеге асырылады.

**40-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін толық жарияламауға жол бермеу**

1. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жариялаусыз», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін ресми түрде толық жарияламауға жол берілмейді.

2. Егер нормативтік құқықтық акт көлемінің ауқымды болуына байланысты оның мәтіні мерзімді баспасөз басылымының бірнеше нөмірінде жарияланса, онда нормативтік құқықтық актінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтінінің қорытынды бөлігі жарияланған күн ресми жарияланған күні болып есептеледі.

**41-бап. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылау**

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

## **9-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ УАҚЫТ, КЕҢІСТІК ЖАҒЫНАН ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛУЫ**

**42-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күшіне ену және оларды қолданысқа енгізу уақыты**

1. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілер оларға қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

Осы Заңның 44-бабына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

2. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданысқа енгізудің міндетті шарты болып табылады.

3. Нормативтік құқықтық актілер мынадай мерзімдерде:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары – егер актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулылары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулылары – қабылданған күнінен бастап;

4) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Нормативтік құқықтық актілерде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөлімдерін, кіші бөлімдерін, параграфтарын, тарауларын, баптарын, баптарының бөліктерін, тармақтарын, тармақшаларын және абзацтарын қолданысқа енгізудің тұтастай бүкіл акт үшін белгіленгеннен өзге мерзімдері көрсетілуі мүмкін.

5. Бұрын мұндай жауаптылыққа алып келмеген әрекеттер (әрекетсіздік) үшін заңдық жауаптылықты көздейтін не бұрынғымен салыстырғанда неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

6. Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік немесе рұқсат беру талаптарын және біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ экспорты мен импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлардың тізбелерін бекітетін нормативтік құқықтық актілер алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

7. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілер қабылданған күнінен бастап немесе актінің өзінде көрсетілген мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.

8. Барлық нормативтік құқықтық актілерде осы баптың нормалары ескеріле отырып, оларды қолданысқа енгізу мерзімі көрсетілуге тиіс.

#### **43-бап. Нормативтік құқықтық актінің кері күші**

1. Нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

2. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген, сондай-ақ кейінгісі азаматтарға жүктелген міндеттерді алып тастайтын немесе олардың жағдайын жақсартатын жайттар осы баптың 1-тармағының қағидаларына кірмейді.

3. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайды.

4. Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңнамалық актілердің кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін

сол үшін жауаптылық заңмен жойылса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады.

**44-бап. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, сондай-ақ, мәслихаттардың, әкімдіктердің және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін олардың күшіне енуінің шарты ретінде мемлекеттік тіркеу**

1. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады. Мұндай тіркеу олардың күшіне енуінің қажетті шарты болып табылады.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу әділет органдарының актіде құқық нормасының болуы және оны мемлекеттік тіркеудің қажеттігі туралы шешім қабылдау тұрғысынан заң сараптамасын жүргізуін, нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін айқындауды және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, оны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізуді қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына;

2) уәкілетті органдардың басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейтін және үшінші тұлғаларға қолданылмайтын нормативтік құқықтық актілерге;

3) мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерге;

4) мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткерлерге (кандидаттарға) қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін және үлгілік біліктілік талаптары негізінде әзірленген нормативтік құқықтық актілерге;

5) мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды.

3. Егер мұндай акт:

1) азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе;

2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзса;

3) жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келсе;

4) нормативтік құқықтық актіні шығарған орган құзыретінің шегінен шықса;

5) мүдделі органдармен келісілмесе;

6) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындыларынсыз қабылданса;

7) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты болса және осы Заңның 20-бабы 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамдық кеңестің ұсынымдарынсыз қабылданса;

8) мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу, ресімдеу және келісу қағидалары бұзылып қабылданса, Қазақстан Республикасының әділет органдары нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Мүдделі мемлекеттік орган мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актіні тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасай алады.

4. Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелмеген мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілердің күшін оларды шығарған орган жоюға тиіс.

5. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### **45-бап. Нормативтік құқықтық актінің қолданылу мерзімі**

1. Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы актіде өзгеше көзделмесе, мұндай акт мерзімсіз қолданылады.

2. Бүкіл нормативтік құқықтық акт немесе оның жекелеген бөлігі (жекелеген бөліктері) үшін уақытша қолданылу мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда нормативтік құқықтық акт немесе оның бір бөлігі қандай мерзімде қолданысын сақтайтыны көрсетілуге тиіс. Актіні шығарған орган бұл мерзім өткенге дейін актінің қолданылуын жаңа мерзімге ұзарта алады немесе оған мерзімсіз сипат бере алады.

#### **46-бап. Нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату**

1. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады.

2. Нормативтік құқықтық акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) мынадай жағдайларда:

1) акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) қабылданған мерзім өткенде;

2) бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актінің, оның бөліктерінің (бір бөлігінің) ережелеріне қайшы келетін немесе бұрын шығарылған актіні немесе оның бір бөлігін (бөліктерін) қамтитын жаңа нормативтік құқықтық акт қабылданғанда;

3) қабылданған акт Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен конституциялық емес деп танылғанда;

4) осы актіні қабылдаған орган немесе қабылдауға уәкілеттік берілген өзге де орган актінің немесе оның бір бөлігінің (бөліктерінің) күші жойылды деп танығанда, өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Басқа нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру туралы нормативтік құқықтық актіні жариялау осы Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **47-бап. Нормативтік құқықтық актілердің кеңістік жағынан қолданылуы**

1. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар қабылдаған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің күші, егер нормативтік құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, тексеру комиссиялары қабылдаған нормативтік құқықтық актілер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылады.

#### **48-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тұлғалар тобы бойынша қолданылуы**

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына, сондай-ақ оның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, шет мемлекеттердің заңды тұлғаларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қолданылады.

2. Шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық өкілдері мен мемлекеттік органдарының кейбір басқа да қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері халықаралық шарттарда және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларында көзделген шектерде қолданылады (дипломатиялық иммунитет).

#### **49-бап. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шаралары**

1. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығы мынадай шаралармен:

1) нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге сәйкес келтірумен;

2) нормативтік құқықтық актінің қолданылуын белгіленген тәртіппен тоқтата тұрумен;

3) нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізумен;



4) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге сәйкестігі тұрғысынан тексерумен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да заңнамалық актілерде белгіленген құзыретке сәйкес мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі;

2) соттар;

3) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар;

4) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары;

5) төмен тұрған органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге қатысты – уәкілетті органдар;

6) өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қатысты – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған және (немесе) олардың әзірлеушілері болып табылатын уәкілетті органдар нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ететін мемлекеттің органдары мен лауазымды адамдары болып табылады.

3. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіде әділет органдары осы Заңның 44-бабы 3-тармағының 1) — 4) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды анықтаған кезде әділет органдары тиісті нормативтік құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті органды бұзушылықтарды жою қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру жөніндегі шараларды қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әділет органдары тиісті қорытынды шығарады және осындай нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы ақпарат ресми жарияланым дереккөздерінде жариялануға жатады.

Мемлекеттік тіркеудің күші жойылған нормативтік құқықтық акт қолданылуға жатпайды.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жоюға сот тәртібімен шағымдана алады.

## **10-тарау. МОНИТОРИНГ**

### **50-бап. Құқықтық мониторинг**

1. Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімді іске асырылмайтын құқық нормаларын анықтау, сондай-ақ, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу арқылы заңнаманың тиімділігін бағалау мен болжау мақсатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік органдар өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асырады және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдайды.

3. Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тартуға құқығы бар.

4. Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **51-бап. Нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингін жүргізеді.

2. Қоғамдық мониторингтің нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми интернет-ресурсына жыл сайын орналастырылады.

## **11-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛУ**

### **52-бап. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу**

1. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдайтын уәкілетті органдар осы актілерді есепке алуды және жүйелеуді жүргізеді, өздері қабылдаған актілердің бақылау даналарын жүргізіп, оларға ағымдағы өзгерістер мен толықтырулардың барлығын уақтылы енгізеді.

2. Уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізуінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **53-бап. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік есепке алу**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді қамтиды.

2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

3. Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оларды жүргізуге жауапты мемлекеттік кәсіпорынға нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін қағаз түрінде және осы Заңның 35-бабына сәйкес

нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық түрде жібереді.

Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін әділет органдары арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жібереді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу тәртібін айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін құрады, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарға анықтамалық-ақпараттық жұмыста көмек көрсетеді.

#### **54-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жариялылығы**

Барлық уәкілетті органдар, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитындардан басқа, қабылданған нормативтік құқықтық актілермен танысу үшін мүдделі тұлғаларға оларды қолжетімді етуге міндетті.

### **3-бөлім. НОРМАТИВТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

#### **12-тарау. НОРМАТИВТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

#### **ТУРАЛЫ**

#### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **55-бап. Нормативтік емес құқықтық актілердің түрлері**

Нормативтік емес құқықтық актілерге:

- 1) нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері;
- 2) жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер;
- 3) мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілер

жатады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілердің түрлері мен оларды әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

#### **56-бап. Нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдау шарттары**

1. Нормативтік емес құқықтық актілер нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды іске асыру мақсатында қабылданады.

2. Нормативтік емес құқықтық актілерді осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген уәкілетті органдар қабылдайды.

3. Нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдау ерекшеліктері басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленуі мүмкін.

**57-бап. Нормативтік емес құқықтық актілерге шағым жасау және наразылық білдіру**

Нормативтік емес құқықтық актілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

**13-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ РЕСМИ ТҮСІНДІРМЕ БЕРУ АКТІЛЕРІ**

**58-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері туралы жалпы ережелер**

1. Нормативтік құқықтық актілердің анық болмауы мен әртүрлі түсінілуі, оларды қолдану практикасында қайшылықтар анықталған жағдайларда, нормативтік құқық актіде қамтылған нормаларға ресми түсіндірме берілуі мүмкін.

2. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері құқық нормаларын белгілемейді және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы олқылықтардың орнын толтырмайды.

3. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру құқық нормаларының мазмұнын түсінікті ету, нақтылау мақсатында ғана беріледі, ол құқық нормаларының мәнін өзгерте алмайды және түсіндірме берілетін норманың шегінен шыға алмайды.

4. Нормативтік құқықтық актілерде қамтылатын нормаларға ресми түсіндірме беру осы Заңның 60-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органдардың не жеке және заңды тұлғалардың бастамасы бойынша «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Осы Заңның 60-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, ресми түсіндірме беру актілері өздерінде қамтылған нормаларды іске асыру, оның ішінде оларды қолдану кезінде және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде міндетті сипатқа ие болады.

**59-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме берудің шарттары**

1. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің мәні оларға түсіндірме беру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге толық сәйкестікте ашылуға тиіс.

2. Заңнамалық актілердің нормаларына Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен толық сәйкестікте түсіндірме берілуге тиіс.

3. Осы Заңның 61, 62-баптарының ережелері нормативтік құқықтық актілерге прокуратура ресми түсіндірме берген жағдайларға қолданылмайды.

## **60-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар**

1. Жеке не заңды тұлғалардың заңнамалық актілерді (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда) білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі заңнамалық актілерді не адамның және азаматтың немесе тұлғалардың шексіз тобының құқықтары мен бостандықтарын бұзуға алып келуі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болғанда, прокурор заңнамалық актінің мазмұнына түсіндірме береді.

Мұндай түсіндірме беру прокурорлық қадағалау актісі болып табылады және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беруді Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының б), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірмені соларды қабылдаған (шығарған) уәкілетті органдар немесе лауазымды адамдар береді.

4. Мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады.

Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар ұсынымдық сипатқа ие.

## **61-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерінің құрылымы**

1. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі кіріспе, сипаттау және қарар бөліктерінен тұрады.

2. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің кіріспе бөлігінде:

1) нормативтік құқықтық актінің нормасына түсіндірме беруші уәкілетті органның атауы;

2) түсіндірме берілетін норма қамтылған нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, түсіндірме берілетін норманы қамтитын нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні мен нөмірін көрсете отырып, ресми түсіндірме беру актісінің атауы;

3) нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қабылданған жері мен күні;

4) нормативтік құқықтық актінің нормасына соның бастамасы бойынша түсіндірме беріліп отырған органның не жеке немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

3. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің сипаттау бөлігі түсіндірме берілетін норманың сипаттамасы мен мазмұнын талдауды қамтуға тиіс.

4. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қарар бөлігі нормативтік құқықтық акт нормасының мәні мен мазмұнын түсінікті ететін уәкілетті органның қорытындысын қамтуға тиіс.

#### **62-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау**

1. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме берген уәкілетті органның (лауазымды адамның) интернет-ресурсында жүзеге асырылады.

2. Осы баптың талаптары осы Заңның 60-бабының 1 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларда қолданылмайды.

### **14-тарау. ЖЕКЕ-ДАРА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

#### **63-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер туралы жалпы ережелер**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат болып табылады және:

1) жеке-дара айқындалған тұлғалар тобына (жеке және заңды тұлғаларға) қолданылады;

2) құқық нормаларын қамтымайды;

3) жеке-дара айқындалған тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асырады.

2. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер Қазақстан Республикасының заңнамасына кірмейді және нормативтік құқықтық актілерге жатпайды.

#### **64-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерге және оларды ресімдеуге қойылатын талаптар**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт мынадай талаптарға сай болуға:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаға және жоғары тұрған мемлекеттік органдардың құқықтық актілеріне қайшы келмеуге;

2) оның құрылымы реттеу нысанасының толық ашылуын қамтамасыз етуге тиіс, ал мазмұны біркелкі түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуге, белгіленетін шаралар мазмұнын анық баяндауға, құқықтық актінің күші қолданылатын және (немесе) оларды белгіленген мерзімдерде іске асыруға жауапты болатын тұлғалар тобын тиянақты айқындауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер қабылданған кезден бастап жарамсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылмауға тиіс.

3. Әртүрлі деңгейдегі уәкілетті органдар қабылдаған жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер бір-біріне қайшы келген кезде, егер мұндай актіні қабылдау өз құзыретіне кірген болса, жоғары тұрған уәкілетті органның құқықтық актісі қолданылады.

4. Бір деңгейдегі уәкілетті органдар қабылдаған жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер бір-біріне қайшы келген кезде осы шешімді қабылдау өз құзыретіне кіретін органның құқықтық актісі қолданылады. Мүдделі тұлғаның өтініші бойынша бір құқықтық актінің басқалардан басымдығы туралы шешімді жоғары тұрған уәкілетті орган немесе сот қабылдайды.

5. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт осы баптың 1-тармағында көзделген талаптармен бірге мынадай деректемелерді де:

- 1) құқықтық актінің атауын;
- 2) осы актінің қарау нысанасын білдіретін тақырыпты;
- 3) актінің қабылданған жері мен күнін;
- 4) тиісті актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) қолтаңбасын (қолтаңбаларын);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, органның мөрін қамтуға тиіс.

Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді қабылдау рәсімдері, оларды ресімдеуді, орындауды және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыру осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

### **65-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілердің күшіне енуі және қолданылуын тоқтатуы**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт, егер онда неғұрлым кешірек мерзім белгіленбеген болса, қабылданған кезден бастап күшіне енеді.

2. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт оның талаптарын немесе онда қамтылған тапсырмаларды осы құқықтық акт өздеріне арналған тұлғалар орындаған кезден бастап қолданылуын тоқтатады.

3. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің қолданылуы тоқтатылғанға дейін осы құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті орган, одан жоғары тұрған мемлекеттік орган не сот оны тоқтата тұра алады, өзгерте алады және (немесе) толықтыра алады не оның күшін жоя алады.

4. Мүдделі тұлғалардың жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің күшін жою, оны өзгерту, толықтыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы өтініш беруі тиісті шешім қабылданғанға дейін құқықтық актінің (Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) олардан айыру, қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу жөніндегі құқықтық актісін, оның жазбаша нұсқамаларын, сондай-ақ бюджет қаражатын мақсатсыз және негізсіз пайдаланудың анықталған фактілеріне байланысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының құқықтық актілерін қоспағанда) қолданылуын тоқтата тұрады.

## **15-тарау. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **66-бап. Өтпелі ережелер**

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын:

1) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қабылданған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін қалыптастыруды электрондық-цифрлық нысанда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурстан қамтамасыз етеді;

2) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қабылданған қалыптастырылған нормативтік құқықтық актілерді баспа нысанындағы нормативтік құқықтық актілермен электрондық-цифрлық нысанда сәйкес келтіруді 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қамтамасыз етеді.

### **67-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 37-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі, 38-баптың 3-тармағы және 39-баптың 3-тармағы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

3. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 21-I, 121-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 145-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев**